

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 81'1:811.512.1

Қолжазба құқығында

ЕСБЕРГЕНОВА ГУЛЬНАР ИСАМАДИНОВНА

Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера

8D02304 - Филология

Философия (PhD) докторы
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Шоқым Г.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Йылдыз Н.
(Анкара
Қажы Байрам Вели университеті)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1 ҒАЛАМНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІН КОНЦЕПТУАЛДАУДЫҢ ЛИНГВОМИФОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ.....	13
1.1 Гендерлік зерттеулердегі ғаламның гендерлік тілдік бейнесінің концептуалдану сипаты.....	13
1.2 Аталық және аналық бастау: гендерлік-мифтік тілдік модель.....	23
1.3 Тәңір мен Ұмай - гендерлік лингвомифологема.....	31
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	40
2 ТҮРКІ ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТОСФЕРАСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МОДЕЛІ.....	42
2.1 Гендерлік концептосфераның құрылымдық моделі.....	42
2.2 Түркі маскулиндік/еркектік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі.....	57
2.3 Түркі фемининдік/әйелдік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі	74
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	95
3 ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТОСФЕРАНЫҢ ТҮРКІ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ ВЕРБАЛДАНУ СИПАТЫН АССОЦИАТИВТІК ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....	98
3.1 Ассоциативтік зерттеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістемесі.....	98
3.2 Гендерлік концептосфераның ассоциативтік зерттеу нәтижелерін талдау.....	108
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	151
ҚОРЫТЫНДЫ.....	154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	157

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста қолданылған терминдердің анықтамалары:

Гендер (ағыл. *gender* – тек (род), жыныс) – «әлеуметтік жынысты» биологиялық жыныстан айыру үшін қолданылатын термин. Өткен ғасырдың 80-жылдары жыныстық айырманың әлеуметтік қырын бөліп көрсету үшін феминистер қолданды, феминизм теориясы дамуының жаңа кезеңін білдіреді, қазіргі кезде әйел мен еркекке бірдей мәдени таптаурындармен байланыстырылады.

Гендеризм – жыныстың институттандырылуы мен жоралануы, дәстүрленуі (ритуалдануы).

Гендерлект – бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер).

Гендерлік концепт – санада танылу деңгейі мен ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай, метафизикалық (*аталық-аналық бастау*), адамзаттық (*еркек, әйел*), мәдени (*маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік)*) деп шартты түрде жіктеледі.

Гендерлік концептосфера – халықтың дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» орын алған жыныс өкілдеріне негізделген кешенді білім жиынтығы.

Гендерлік қарама-қарсылық (оппозиция) – жыныстық негізде қалыптасқан мәдени еркек – әйел бастауларын жұптық қатынастарда қарастыру дәстүрі. Әлемде қалыптасқан бірінші мәдени ажыратушылық гендерлік қарама-қарсы қоюдан басталады.

Гендерлік лингвистика – (ағылшын тілінде *gender* – грамматикада тек (род) және француз тілінде *linguistiques* латын тілінде *lingua* – тіл) гендер мен тілдің қатынасын зерттейтін гендер мен лингвистика арасындағы ғылым саласы.

Гендерлік метафора – мәдени, саяси және әлеуметтік реалийлердің концептуалдануын бейнелейді. Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты болып табылатын аталық және аналық бастау жансыз заттар мен құбылыстардың адам санасында еркектік пен әйелдік белгілермен ассоциациялануы яғни байланысуы арқылы айқын көрінеді.

Гендерлік таптаурындар – «әйелдік» және «еркектік» мінез-құлық, олардың мақсаты, қызметі мен әлеуметтік рөлдері туралы қоғамда жалпыға бірдей қабылданған орнықты көзқарастар.

Ғалам бейнесі – әлемді сезінуге, түсінуге, қабылдауға негізделген адам қауымдастықтары мен жеке адамның (ойлаушы субъектінің) әлем және ғалам туралы білімдері мен пікірлерінің жиынтығы.

Ғаламның гендерлік бейнесі – адам санасында ақиқаттың, яғни заттардың, қасиеттердің, қатынастардың жұптық қарама-қарсылығы арқылы категориялануы мен жұптардың аталық (еркектік), аналық (әйелдік) бастаумен ассоциацияланатынын білдіретін таным-түсініктер жиынтығы.

Ғаламның концептуалды бейнесі – ақиқат болмыстың интерпретацияланған түрі, ол концептілер жүйесінен тұрады және вербалды формаға ие бола алады. Ғаламның концептуалды бейнесінің вербалданған бөлігін ғаламның тілдік бейнесі деп атайды.

Ғаламның тілдік бейнесі – дүниені концептуалдаудың белгілі бір амал-тәсілі және сол бір тілдік ұжымның қарапайым санасында тарихи қалыптасып, ғалам жайындағы көзқарастар жиынтығының тілдегі көрінісі.

Жыныс – адамзат бойына туа біткен айырым белгі, әйелдер мен ерлер арасындағы психологиялық және әлеуметтік айырмашылықтарды танудың түп негізі. Жыныс категория ретінде екі компоненттен тұрады: биологиялық жыныс және әлеуметтік-мәдени жыныс (*gender*).

Маскулиндік – еркек жынысына байланысты қалыптасқан еркектік пен ерге тән мінездемелер немесе қоғамда еркектік деп танылатын белгілер (іс-әрекет, мінез-құлық, жүріс-тұрыс т.б.).

Маскулиндік гендерлік концептосфера – тіл, әлеумет, гендер, дүниетаным, мәдениет тоғысында қалыптасатын, *еркектік* пен *ерге* тән мінез-құлық, әлеуметтік рөл, құндылықтық бағдарлар мен бейнелі (символдық) сипаттамаларды біріктіретін күрделі семиотикалық құрылым

Маскулиндік / фемининдік концептілер – бұл белгілі бір лингвомәдени кеңістікте ер / әйел адамға тән еркектік / әйелдік қасиеттерді, әлеуметтік және рөлдік функцияларды, моралдық нормаларды, эмоциялық-психологиялық сипаттамалар мен мінез-құлықтық кұтулерді бейнелейтін менталды-тілдік бірліктер.

Маскулиндік / фемининдік семантикалық мән – бұл ер / әйел адамға тән мінез-құлық, қасиеттер мен қоғамдық рөлдерге қатысты тілдік және сөйлеу бірліктерінде қалыптасқан тұрақты мағыналар.

Маскулиндік / фемининдік концептуалдық мән – бұл тілдік және сөйлеу бірліктері арқылы берілетін ер / әйел адам бейнесінің танымдық моделі, яғни мәдениет пен сананың деңгейінде қалыптасқан ер / әйел бейнесі.

Фемининдік – әйел жынысына байланысты қалыптасқан мінездемелер, қоғамда әйелден күтілетін, әйелдік деп танылатын белгілер (мінез-құлық, іс-әрекет, жүріс-тұрыс т.б.).

Фемининдік гендерлік концептосфера – белгілі бір лингвомәдени кеңістікте әйелге тән деп саналатын әлеуметтік-мәдени, моралдық және этностық рөлдер мен құндылықтарды бейнелейтін күрделі иерархиялық гендерлік концептілер жүйесі.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны (маскулиндік және фемининдік концептілер жүйесін) кешенді түрде талдауға бағытталады. Теориялық тұғыр ретінде гендерология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және лингвомифологиялық парадигма негізге алынып, түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесі, оның ішінде аталық/аналық бастау ұғымдары мен олардың мәдени-символикалық корреляттары («Тәңір – Ұмай» моделі) іргелі ұстаным ретінде қарастырылады. Соған сәйкес гендерлік концептуалдық ұғымдардың ұлттық-мәдени кодтары, олардың тілдік бейнелену құралдары (тілдік көрінісі) мен концептуалдық құрылымы анықталып, түркі тілдері деректері арқылы салыстырылып зерделенеді.

Бұл зерттеу түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны – маскулиндік пен фемининдік ұғымдардың көпдеңгейлі, өрістік-деңгейлік (иерархиялық) жүйесін – тұтас модель ретінде сипаттап, теориялық үлгілеу, эмпирикалық деректерді талдау мен ассоциативтік тәжірибені тоғыстыруға бағытталады. Теориялық бөлімде ғаламның гендерлік тілдік/концептуалдық бейнесі ұғымдары талдау өзегіне алынып, гендерлік категориялаудың мәдени-символдық тіректері мифологиялық дүниетаныммен (аталық/аналық бастау, «Тәңір – Ұмай» мифологемдері) сабақтастырылады; мұның өзі гендерлік мән-мағыналардың онтологиялық әрі аксиологиялық (құндылықты) қабаттарын ашуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың аналитикалық арқауы – гендерлік концептосфераны құрылымдық-типологиялық сипаттау және оны графикалық негізде (сызбалар, суреттер, кестелер, диаграммаларды құру арқылы) үлгілеу. Зерттеуде гендерлік концептосфераның көп деңгейлі құрылымы мен концептуалдық мазмұны (мысалы, үстем жүйелері, гипер/макро/микро деңгейлері) белгіленіп, маскулиндік және фемининдік концептілердің бейнелік, ұғымдық, аксиологиялық және әлеуметтік-психологиялық құраушы бөліктері айқындалады; кластерлік жіктеу арқылы архетиптік, этикалық, әлеуметтік, эмоциялық, физикалық және дискурсивтік қабаттары жүйеленеді. Осылайша, гендерлік сананың ішкі ұйымдасуы өрістік байланыстар мен иерархиялық қатынастар негізінде лингвомәдени модель сипатында зерделенеді.

Эмпирикалық валидация кезеңінде түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі қазіргі тілдік сана деректерімен анықталды: Қазақстан мен Түркияда жүргізілген кең ауқымды ассоциативтік экспериментте (тәжірибелік зерттеу кезеңінде) респонденттердің (N=1197) жас-жыныстық құрамы теңгеріліп, тілдік сәйкестілік межеленді. Нәтижелер түркі қауымдастықтары үшін ортақ таптаурындармен бірге этностық бірегей ерекшеліктерді де көрсетті – бұл модельдің мәдени-прагматикалық негізділігін дәлелдеді.

Зерттеудің дереккөздер кешені екі арнадан тарқатылады. Біріншісі – лексикографиялық және паремиологиялық материал: маскулиндік/фемининдік семантиканы бейнелейтін лексемалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер.

Екіншісі – ассоциативтік жауаптар корпусы; бұл екі арнаның тоғысуы семантикалық типологияны, өрістік-когнитивтік құрамды, аксиологиялық өзекті және лингвомәдени мазмұнды дәл айқындауға мүмкіндік береді. Аталған зерттеу әдіснамалық тәсілдер нәтижесінде түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі ұсынылып, оның аксиологиялық өзегі анықталады: «ер» бейнесіне – ерлік, жауапкершілік, қорған болу; «әйел» бейнесіне – қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп деген құндылықтық векторлар тұрақты түрде бекігені көрсетілді. Лингвомәдени модельдің қолданбалы әлеуеті білім беру үдерісін гендерлік сезімтал мазмұнмен байытуға, мәдени-әлеуметтік және ұлттық-мәдени дискурсты сараптауға, лексикографиялық практикада гендерлік маркерлеуді (бүгінге дейін жүйеленбеген, ғылыми тұрғыдан негізделмеген) жетілдіруге ғылыми-әдіснамалық негіз қалайды.

Зерттеу мақсаты: түркі тілдеріндегі маскулиндік және фемининдік гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделін құрастыру, оның лингвомәдени, құрылымдық-семантикалық, аксиологиялық, типологиялық сипаттарын айқындау және ассоциативтік эксперимент материалдары негізінде қазіргі концептуалдық вербалдануын эмпирикалық тұрғыда анықтап негіздеу, салыстырмалы талдау.

Зерттеу барысында белгіленген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі **міндеттерді** шешу көзделді:

- гендерлік теорияның өзекті постулаттары, ғылыми айналымға салыстырмалы категориялар ретінде енгізілген «гендерлік болмыс» және «ғаламның гендерлік бейнесі», «ғалам бейнесі» мен «ғаламның концептуалды бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі» мен «ғаламның гендерлік тілдік бейнесі» «гендерлік концепт» пен «гендерлік концептосфера» ұғымдарын және маскулиндік/фемининдік макро- және микроөрістерге, лингвомәдени мазмұнға қатысты ұғымдарды теориялық-терминологиялық тұрғыдан нақтылап негіздеу;

- ғаламның гендерлік тілдік бейнесін концептуалдаудың лингвомифологиялық негізі аталық/аналық бастаудың («Тәңір мен Ұмай» мифологемасының) жұптық қатынастары негізінде мифологиялық ғалам үлгісіндегі (түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесіндегі), маскулиндік пен фемининдіктің көріністерін зерделеу, гендерлік-мифтік тілдік моделін белгілеу.

- гендерлік концептосфераны сипаттайтын талдау категорияларын және деңгейлік (иерархиялық) моделін айқындау (супер-, гипер-, макро-, микро-концептілер; бейнелік, когнитивтік, аксиологиялық, мәдени-әлеуметтік, эмоционалдық құраушы бөліктер);

- маскулиндік және фемининдік гендерлік концептілердің семантикалық және құрылымдық типологиясын қалыптастыру, лексемалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер (паремиялар) бойынша семантикалық және концептуалдық өрістік құрылымдарын белгілеу, өзара сәйкестіктері мен айырмашылықтарын сипаттау;

- концептуалдық және кластерлік жіктелім, графикалық үлгілеу әдіс-тәсілдері арқылы гендерлік сана құрылымын тілдік бейнелеу, түркі гендерлік концептосферасының моделін үлгілеу;

– түркі тілдері (қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар) деректерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік негізде салыстырмалы талдап, маскулиндік/фемининдік концептілердің лингвомәдени сипаттарын анықтау;

– Қазақстан мен Түркияда жүргізілетін ассоциативтік эксперимент деректерін (тіл иелерінің жауаптары) талдау негізінде гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделін үлгілеу және ортақ/этностық таптаурындарды айқындау.

Зерттеу нысаны: түркі лингвомәдени жүйесіндегі гендерлік концептосфера (маскулиндік және фемининдік) мен оның тілдік көрінісі.

Зерттеу пәні: түркі гендерлік концептосферасының (маскулиндік және фемининдік) құрылымдық-семантикалық, лингвомәдени, аксиологиялық және типологиялық сипаттары, олардың лингвокогнитивтік үлгілері мен мәдени кодтары; қазіргі тілдік санада ассоциациялық байланыстар арқылы көрінетін концептуалдық вербалдану арналары.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі. Жұмыс гендерология мен ғаламның тілдік/концептуалдық бейнесі тұжырымдамаларын, когнитивтік және лингвомәдени әдіснаманы, этнолингвистикалық және лингвомифологиялық ұстанымдарды (аталық/аналық бастау, «Тәңір – Ұмай» мифологемдері) біріктіре отырып жүзеге асырылды; гендерлік нормалар, идеалдар мен таптаурындардың тілдегі көріністері, категориялау мен метафоралық модельдер талданды. Түркі әлемінің мифологиялық бейнесіндегі аталық (маскулиндік), аналық (фемининдік) бастаумен ассоциацияланатын таным-түсініктер ерекшелігін анықтауда Л. Гумилев, С. Малов, М. Қашқари, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, М. Орынбеков, С. Қондыбай, М. Ескеева, Ж. Тектіғұл т.б. ғалымдардың пікір-байламдарын негізге ала отырып зерттеу жүргіздік.

Гендерлік зерттеулер теориясы мен гендерлік лингвистика, гендерлік оппозиция, гендерлік концептосфераға (гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар) қатысты Дж. Лакофф, И. Гоффман, М. Фуко, Д. Таннен, Д. Камерон, П. Эккерт, С. Макконнелл-Гинет, П. Бурдые, Дж. Батлер, М. де Серто, М. Бухольц, Дж. Холмс, М. Талбот, К. Холл, М. Мейерхофф, П. Бурдые, А.В. Кирилина, О.В. Рябов, Е.И. Горошко, О.А. Воронина, С.А. Зыкова, Е.С. Гриценко, С.А. Питина, Д.В. Минец т.б. және түркі тілдеріндегі гендерлік зерттеулер негізіне Б. Хасанұлы, Г.Т. Шоқым, Р.Р. Замалетдинов, Л.К. Ишкильдина, Н. Йылдыз, Б. Сагынбаева, Ш.Х. Шахобиддинова, Э.С. Хузина, З.Қ. Темірғазина, Д.А. Салеева, Б. Райхан, Э.Т. Буранкулова, К.Б. Жумашева, А. Байғұтова, Р.С. Тұрдалиева, А.Ш. Тажикеева, Г.А. Әбдімәулен т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

«Концептосфера» мен «концепт» теориясы бойынша ғылыми тұжырымдамалар келесі шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде орын алып, негіз болды: Д.С. Лихачев, Ю.С. Степанов, З.Д. Попова, И.А. Стернин, В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин, В.А. Маслова, Ю.С. Холод, М.В. Никитин, М.В. Пименова, М.А. Пащенко, Е.С. Кубрякова, Г.У. Арапова, З.Т. Таджибова т.б.

Түркі тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық және лингвоконцептологиялық зерттеулер саласына қатысты пікір-байламдар мен тұжырымдар келесі авторлардың негізгі еңбектері бойынша шолу жасалып, қаралды: Ә. Қайдар, З.Қ. Ахметжанова, Ж.А. Манкеева, Г.Н. Смағұлова, С.Р.Боранбаев, А.О. Тымболова, А.Қ. Бакытжанова, Қ.Б. Күдерінова, М.М.Қосыбаев, М.Т. Куштаева, А. Әмірбекова, З.Ф. Шайхисламова, Л.Х.Самситова, Г.Р. Мегьтәсимова, М.Е. Әділов, А. Әлметова, С. Сансызбаева, А.К. Пирниязова, Ф.Ш. Нуриева, Г.М. Исмаилов т.б.

Ассоциативтік зерттеудің әдіснамалық негізін құраған еңбектердің авторлары ретінде сүйенетініміз: В.П. Абрамов, Ю.А. Борисова, К.А. Бурнаева, А.В. Коногорова, Е.Ф. Тарасов, Ж.А. Джамбаева, Н.В. Дмитрюк, Д.А.Молдалиева, В.Д. Нарожная, Ж.И. Молданова, Е.С. Мезенцева, Н.А.Сандыбаева, Г.И. Абрамова, Г.Т. Мұхамеджанова т.б.

Зерттеу дереккөздері: лексикографиялық және паремиологиялық қор: маскулиндік/фемининдік концептуалдық семантиканы бейнелейтін лексемалар, фразеологизмдер және мақал-мәтелдер (түркі тілдері бойынша этимологиялық және түсіндірме сөздіктер, екі тілді аударма сөздіктер, фразеологиялық сөздіктер, аймақтық\диалектологиялық сөздіктер, мақал-мәтелдер жинақтары); 2) Қазақстан (Астана, Ақтөбе, Орал) және Түркия (Анкара) базаларында жиналған ассоциативтік эксперимент (тәжірибелік зерттеу) материалдары: барлығы 1197 респондент (724 қазақтілді, 473 түріктілді), әр жастағы ер/әйел қатысушылар.

Зерттеу жұмысында төмендегідей **әдістер мен тәсілдер** қолданылды: когнитивтік талдау – концепт құрылымын, оның өзегі мен шеткі өрістерін (жақын, алыс перифериясын), түркі тілдік санада қалыптасқан когнитивтік модельдерді ашу; когнитивтік модельдеу – гендерлік концептосфераның құрылымын, семантикалық өрісін, бейнелі және иерархиялық қатынастарын диаграмма, сызба түрінде бейнелеу; лексика-семантикалық талдау – тілдік бірліктер мен олардың мағыналық құрылымын, сөздер арасындағы семантикалық байланыстарды жүйелеу; фразеологиялық талдау – тұрақты тіркестер арқылы мәдени және гендерлік таптаурындарды анықтау; типологиялық талдау – түркі тілдеріндегі ұқсас/айырмашылығы бар гендерлік (маскулиндік, фемининдік) концептілердің құрылымын, семантикасын, тілдік көрінісін салыстыру; компоненттік талдау – маскулиндік және фемининдік концептілердің мағыналық құрамды бөліктерін – компоненттерін (семалар, бағалауыштар, бейнелі белгілер) талдау және жүйелеу; лингвомәдени талдау – тіл, мәдениет пен гендерлік болмыс арасындағы өзара байланысты зерттеу арқылы маскулиндік пен фемининдік концептілердің түркі ұлттық мәдениетіндегі рөлін анықтау; салыстырмалы талдау – екі немесе бірнеше тілдегі маскулиндік және фемининдік концептілердің тілдік, мәдени және мағыналық құрылымдарын салыстырып бағалау; этимологиялық талдау – маскулиндік пен фемининдік концептілерді білдіретін негізгі сөздің тарихи даму жолын, семантикалық өзгеруін зерттеу арқылы мәдени және гендерлік сипаттағы негіздерді ашу; эмпирикалық әдістер – нақты тілдік материалды

жинақтау, корпустық талдау, сауалнама жүргізу, тілдік бірліктердің жиілік сипаттамасын есептеу; ассоциативтік эксперимент – тіл иелерінің (респонденттердің) белгілі бір гендерлік атауға (сөзге) немесе ұғымға байланысты тікелей және жанама ассоциацияларын анықтау арқылы концептінің менталды құрылымын, мәдени және гендерлік маркерлерін айқындау; алынған жауаптарды жүйелеу, мағыналық өрістер мен семантикалық өзегін бөлу, нәтижелерді статистикалық өңдеу арқылы маскулиндік пен фемининдік концептінің түркі тілдік санадағы орны мен құрылымдық байланыстарын модельдеу.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

1. Түркі гендерлік концептосферасын зерттеу әдіснамасының тұғыры лингвомифологиялық негізі жүйеленді. Аталық/аналық бастаудың «Тәңір – Ұмай» мифологемдермен байланысы гендерлік категориялаудың мәдени-символдық тірегі ретінде көрсетілді; бұл негіз ұлттық кодтағы маскулиндік/фемининдік гендерлік концептілерде тікелей көрініс тапты.

2. Гендерлік концептосфера, маскулиндік және фемининдік түркі гендерлік концептосферасы, маскулиндік және фемининдік гендерлік концептілер, маскулиндік/фемининдік концептілердің құрылымдық белгілері мен сипаттары, маскулиндік/фемининдік семантикалық мән және маскулиндік/фемининдік концептуалдық мән, маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық домендері, маскулиндік/фемининдік концептілердің когнитивтік матрицасы, түркі маскулиндік/фемининдік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі сынды терминологиялық ұғымдар мен зерттеу категориялары белгіленіп, ғылыми тұрғыдан нақтыланып негізделді.

3. Түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі, модельдің деңгейлік семантикалық құрылымы (суперконцепт → гиперконцепт → макроконцепт → микроконцепт жүйесі) және құраушы бөліктері (когнитивтік, аксиологиялық, эмоциялық, әлеуметтік компоненттер) нақтыланды; модельдің барлық құрылымдары графикалық түрде (сызба-суреттер ретінде) ұсынылды.

4. Түркі гендерлік концептосферасының құрылымдық типологиясы қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар тілдері үлгісінде қалыптастырылды. Түркі гендерлік концептосферасының *құрылымдық типологиясы* (бір деңгейлі, көп деңгейлі, сегменттік (салалық) құрылымдық концептілер) ғылыми тұжырымдамалар арқылы сипатталып, құрамдас компоненттері негізделді;

5. Семантикалық типология және өрістік-когнитивтік құрылым қалыптастырылды. Маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық типологиясы жасалып, олардың лексема – фразеологизм – паремия бойынша өрістік құрылымы концептуалдық когнитивтік матрицаға түсірілді; кластерлік модельдеу арқылы гендерлік сананың ішкі ұйымдасуы визуалдандырылды.

6. Гендерлік концептілердің аксиологиялық өзегінің дәлелді сипаттамасы жасалды. «Ер» образы үшін – ерлік, жауапкершілік, қорған болу; «әйел» образы үшін – қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп деген аксиологиялық (құндылықтық) домендер тілдік деректер арқылы негізделді және сараланды.

7. Эмпирикалық валидация (қос елдік корпус) Қазақстан мен Түркиядағы ассоциативтік эксперимент (N=1197; KZ/TR) нәтижелерімен ұсынылған түркі гендерлік лингвомәдени модель тексерілді; деректер ортақ таптауындарды және ұлттық-мәдени айырмашылықтарды айқын көрсетті; сонымен қатар, *дәстүрлі және қазіргі ғаламның* гендерлік бейнесінің тілдік көрінісі мен гендерлік лингвомәдени жүйесі құрылымдалып сипатталды.

Зерттеу жұмысының **теориялық мәні**. Бұл гендерлік лингвистикалық зерттеу түркі тілдерінің лингвомәдениеті мен когнитивтік лингвистикасына жүйелі үлес қосады: гендерлік концептосфераны сипаттайтын терминологиялық-ұғымдық құрылымы ғылыми негізделген, зерттеу тәжірибесінде тексерілген түрде ұсынылып, талдаудың қағидаттық-өлшемдік негізі бекітіледі.

Лингвомифологиялық «Тәңір – Ұмай» сұлбасы гендерлік рөлдердің мәдени-символдық кодталуын түсіндіретін шеңбер өзегі ретінде қарастырылып, архетиптік деңгей мен концептуалдық дискурсивтік деңгей арасын жалғайтын теориялық көпір қалыптастырады. Осы шеңбер арқылы гендерлік семантикалық және гендерлік концептуалдық мәндердің қалыптасу тетіктері, ұлттық кодтағы нормалар мен бағалау үлгілері тілдік дерекпен ұштасқан түрде айқындалады.

Біріздендірілген терминологиялық аппарат (гендерлік концептосфера, маскулиндік/фемининдік концепт, семантикалық домен, когнитивтік матрица, деңгейлік модель т.б.) критериалды-өлшемдік құрал ретіндегі функцияда қолданылып, салыстырмалы талдаудың репликациялануын (қайталанып тексерілуін) қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану мен лингвоконцептология және түркі тілдеріне арналған интегративті үлгіні ұсынады; гендерлік концептосфераны формалды-құрылымдық қағидаттармен сипаттау (иерархиялық деңгейлер, өрістік ұйымдасу) ғаламның тілдік/концептуалдық бейнесі теорияларын нақтылап, ұлттық және әмбебап қабаттарды салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының **практикалық мәні**. Зерттеу нәтижелері білім беру, лексикография, аударма және дискурс-сараптама практикасы үшін қолданбалы құралдар жиынтығын ұсынады. Деңгейлік модель мен аксиологиялық домендерінің матрицасы негізінде түркі лингвомәдениеті бойынша гендерлік оқу модульдерін жобалауға, паремиологиялық және фразеологиялық материалдарды, мәтіндерді құндылықтық қағидаты тұрғысынан оқытуға, «құндылықтық оқу» дағдыларын қалыптастыруға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1) Түркі гендерлік концептосферасының лингвомифологиялық өзегі «Тәңір – Ұмай» маскулиндік-фемининдік бинарлығымен анықталады және ұлттық кодтағы гендерлік концептілердің тұрақты мәдени-символдық реттегіші болып табылады; лингвомифологиялық негіз – гендерлік концептосфераны зерттеудің әдіснамалық тұжырымдамасының тірегін құрайды.

2) Гендерлік талдаудың ұғымдық-терминологиялық қаңқасы (гендерлік концептосфера; маскулиндік/фемининдік концепт; семантикалық домен; когнитивтік матрица; лингвомәдени модель; концептологиялық деңгейлік құрылым мен құрамдас бөліктер) бірізді талдау бірлігі ретінде қабылданады және салыстырмалы сипаттаманы өлшеп-бейнелеуге бағытталған критериалды-өлшемдік құрал ретінде қолданылады.

3) Гендерлік концептосфераның деңгейлік моделі (супер → гипер → макро → микро) түркі лингвомәдени кеңістігіне балама құрылым болып табылады; әр деңгей когнитивтік, аксиологиялық, эмоциялық, әлеуметтік компоненттермен өзара тығыз байланыста және концептуалдық-семантикалық «өзек – шеткі өріс» қағидатымен ұйымдасады.

4) Түркі тілдерінің деректері бойынша ұсынылатын құрылымдық типология (бір деңгейлі, көп деңгейлі, сегменттік) типтік ұйымдасу формаларының толық жиынтығы ретінде танылады және бейнелік, семантикалық, прагматикалық өлшемдермен айқындалады.

5) Маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық типологиясы «лексема → фразеологизм → паремия» тізбегінде біртұтас өрістік-когнитивтік құрылым құрайды; кластерлік конфигурация гендерлік сананың ішкі ұйымын сипаттайтын гендерлік дүниетанымдық модель (эвристикалық модель) ретінде бекітіледі.

6) Гендерлік бағалау жүйесінің аксиологиялық өзегі домендік матрицада тұрақты сипатқа ие: «ер» регистрінде – ерлік, жауапкершілік, қорған; «әйел» регистрінде – қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп басым; бұл домендер мәдени-әлеуметтік, ұлттық-мәдени дискурстық нормаларды бағдарламалайтын және бейнелейтін тұрақты код ретінде қызмет атқарады. Лексикографияда сөздік мақалаларды гендерлік және аксиологиялық белгілермен жүйелі маркерлеу, сондай-ақ семантикалық домендер мен деңгейлік сипаттамаларды енгізу – дефинициялардың (сөздіктерде берілетін) түсіндірмелік әлеуетін («күшін») арттырып, пайдаланушының концептуалдық өрістер бойынша бағдарлануын жеңілдетеді.

7) Қазіргі түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфера құрылымы мен құрамы, жүйелік ұйымдасуы және тілдік құралдары мен дискурсы ғылыми негізделген (валидациясы қамтылған) түрде тек қазіргі тіл иелерімен жүргізілген эмпирикалық (ассоциативтік/сауалнамалық) тәжірибелер арқылы айқындалады.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлданыуы:

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 6 мақала жарық көрді, соның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) ғылыми деректер базасына кіретін журналда, 1 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланды.

Скопус (Scopus) ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. *Linguo-Cultural Image of a Woman in the Turkic Gender Conceptosphere* // Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 9, №2, 2023. – Pp. 237-245. Процентиль 81, Q1. <https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/578/176>

2. Особенности фразеологического моделирования гендерных стереотипов в тюркских языках // *Oriental Studies*. Том 9, №5, 2023. – С. 1367–1381. Процентиль 54, Q2. <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-69-5-1367-1381>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Intellectual Representation of Gender Concept ‘Ayl’ In Turkic Paremiological Picture of The World // *Bulletin of Yassawi University*. – 2025. – №2 (136). – Pp. 155–166. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.200>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Түркі дүниетанымындағы гендерлік концептілердің лингвомәдени сипаты // “Yangi renessans istiqbolida filologik-pedagogik tadqiqotlarning nazariy va amaliy ahamiyati” тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (20 қыркүйек). – Ташкент, 2024. – 15-26 бб. (Сертификат).

2. Linguocultural aspect of the masculine gender conceptosphere // *Proceedings of the 11th International Scientific Conference “Theoretical Hypotheses and Empirical results”* (September 3-4). – Oslo, 2025. – Pp. 55-61.

<https://ojs.publisher.agency/index.php/THIR/article/view/6787> (Сертификат).

3. Gender semantic features of the feminist conceptosphere in Turkic languages // *Proceedings of the 11th International Scientific Conference “Modern scientific technology”* (September 11-12). – Stockholm, 2025. – Pp. 97-102.

<https://ojs.publisher.agency/index.php/MSC/article/view/6785> (Сертификат).

Диссертациялық зерттеу жұмысы **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы);

2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы);

3) Тарихи-мәдени мұра // Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы);

4) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы).

Жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Диссертациялық жұмыс құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамадан тұрады. Ғылыми зерттеудің жалпы көлемі 168 бетті құрайды.

1 ҒАЛАМНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІН КОНЦЕПТУАЛДАУДЫҢ ЛИНГВОМИФОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Гендерлік зерттеулердегі ғаламның гендерлік тілдік бейнесінің концептуалдану сипаты

Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдар (әлеуметтану, мәдениеттану, антропология, психология, мәдениетаралық және бейвербалды қарым-қатынас (коммуникация), лингвистика т.б.) мен философияда неғұрлым өзекті, басым бағыттардың бірі – гендерлік зерттеулер.

Бастапқыда әлеуметтану саласында қолданбалы сипатта пайда болған «гендер» категориясы қазіргі заманғы ғылыми және теориялық пәндерде кеңінен қолданыла бастады және қазір теориялық-әдіснамалық және эвристикалық әлеуетті гендерлік бағыттың қалыптасуы ғаламның гендерлік бейнесін ғылыми және философиялық концептуалдауға мүмкіндік беретін кешенді пәнді – гендерологияны (гендеристиканы) қалыптастырды [1].

Қоғамдық-мәдени институттардағы (отбасы, саясат, мәдениет, білім беру т.б.) және әлеуметтік ортадағы әйел мен ер жынысының орнын гендер анықтайды. Әлеуметтік ұйымның маңызды қыры гендерлік қатынастар болып табылады, бұл дегеніміз, қоғам дамуын айқындайтын мәдени-әлеуметтік қатынастарға ықпал етеді. Олар тілде мәдени концептілер түрінде бейнеленеді және тұлғаның сөйлеу ерекшелігі, мінез-құлқы, тілдік әлеуметтенуіне ықпал етеді [2, б. 34].

Ғаламның гендерлік бейнесі гендерология (гендеристика) пәні аясында зерделенеді. Философияның міндеті ғаламның гендерлік бейнесін ғаламдық концептуалдаудың және оны гендерология аясында барабар сипаттаудың қажетті тәсілдерін анықтау болып табылады [3].

Гендерлік бейне әртүрлі мәдениеттерде екі бастаудың бар екендігі туралы ұғымға негізделеді: бір-бірімен тығыз байланысты және бір мезгілде өзара бәсекелес, өзара бірін бірі толықтыратын және бір-біріне оппозициялық сипатта болатын – ерлер мен әйелдер.

Диссертацияның өн бойында жүргізілген ғылыми зерттеулер мен шолу еңбектерге және тәжірибелік талдауларымызға тірек болатын гендерлік теорияның өзекті постулаттары, ғылыми айналымға салыстырмалы категориялар ретінде енгізілген «гендерлік болмыс» және «ғаламның гендерлік бейнесі», «ғалам бейнесі» мен «ғаламның концептуалды бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі» мен «ғаламның гендерлік тілдік бейнесі» «гендерлік концепт» пен «гендерлік концептосфера» ұғымдарының өзара қатысына алдымен осы тараушада талдау жасап өткенді жөн көрдік.

Гендерлік болмыс адам мен қоғамның гендерлік табиғатына негізделген қоғамдық шындықтың ерекше құрамдас бөлігі ретінде түсініледі. Гендерлік болмыс ғаламның гендерлік бейнесінде көрініс табады; сонымен қатар ғаламның гендерлік бейнесі гендерлік болмысты қалыптастыруға әсер етеді. Ғалам бейнесі – болмысты түсіндірудің қандай да бір ұстанымдарын қолдану

негізінде реттелген көріністер жүйесі. Бұл ретте «ғалам бейнесі» термині не жеке тұлға әлемінің бейнесі ретінде, не жалпы дүниетаныммен сабақтастырылған белгілі бір топтың немесе тұтастай алғанда қоғамның әлемдік бейнесі ретінде түсініледі [3, б. 14].

Қоғам дамуына қарай ғалам бейнесінің жаңа түрлері (жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық, ақпараттық және виртуалды т.б.) пайда болады. Ғаламның гендерлік бейнесінің ерекшелігі осы адам қоғамдастығында жыныстар мен жас-жыныстық топтардың мәдени-әлеуметтік қатынастарының сипатына байланысты.

Ғаламның гендерлік бейнесінің негізгі категориялары маскулиндік (еркектік) пен фемининдіктің (әйелдік) концептуалды сипатын тану гендерлік болмыстың мәдени-символдық өлшемдерін, «аталық» және «аналық» бастаудың онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық мәнін, жалпы адамзаттың гендерлік келешегін зерделеуге мүмкіндік береді.

Кез келген тілде ғаламның ұйымдастырылуы (концептуалдануы) мен қабылдануының белгілі бір амалын көруге болады. Ондағы барлық мағыналар тұтас көзқарастар жүйесін құрай келе, сол тіл иелеріне міндетті ұжымдық философияға айналады. Бұл өз кезегінде, сол тілге тән ақиқат болмысты концептуалдаудың амалы бір жағынан, әмбебап болады, ал екінші бір қырынан алғанда, ұлттық ерекше сипатқа ие болып келеді. Бұған себеп, түрлі тіл иелері ғаламды өз тілдері арқылы түрліше қабылдайды.

Ғаламның тілдік бейнесі ұғымы белгілі ғалым В.фон Гумбольдтың идеясынан бастау алады. Ғалымның пайымдауынша: «...әр халықтың тіліне бірқалыпты субъективтік бастама ықпал етеді, яғни әрбір тілге өзіндік көзқарас, дүниетаным, ғалам көрінісінің жүйесі тән; сондықтан, кез-келген тіл өзіне тиісті халық шеңберінде ғана сипаттайды және бұл шеңберден басқа ортаға ауысқан жағдайда ғана шығуға болады» [4].

Ғаламның тілдік бейнесінің концептуалдануын ғалым Ю.Д.Апресянның тұжырымына негіздесек: «Табиғи тіл ғаламның концептуалдану (қабылдау және бойға сіңіру) тәсілдерін бейнелейді. Ақиқат шындықтың тілдік концептуалдану тәсілдері әмбебап және ұлттық жағынан өзіндік сипатқа ие, сондықтан әр тілдің өкілдері ғаламды өз тілі арқылы танып қабылдайды. Ғаламның тілдік бейнесі «қарапайым» болып, ғаламның «ғылыми» бейнесінен ерекшеленуі де мүмкін, алайда ғаламның «қарапайым» тілдік бейнесі сондайлық қарапайым деуге болмайды (мыс., адамның ішкі жан-дүниесінің тілдік концептуалдануы – көптеген мыңжылдықтар бойындағы ұрпақтық сабақтастық тәжірибесінің жемісі). Ғаламның тілдік бейнесін қайта жаңғырту – қазіргі лингвистикалық семантиканың аса маңызды мәселелерінің бірі, нақты бір мәдениет үшін негізгі болып саналатын концептілер, ғалам туралы түсініктердің тұтас жүйесін қайтадан қалпына келтіреді...» [5, б. 40].

«Ғаламның концептуалды бейнесі идеалды, менталды құрылым болып табылады және ол тілдік мағыналар мен құрылымдарды терең талдауға алу нәтижесінде ғана талданып көрініс береді. Өз кезегінде, аталған лингвистикалық талдау тілдің белгілі бір концептілер жүйесімен сәйкес

келетінін ескеру қажет. Бұл концептілер арқылы тіл иелері қоршаған орта туралы ақпарат ағынын қабылдап құрылымдайды, жіктейді, өзгертеді т.б. үдерістерді жүзеге асырады» [6, б. 40]. Санадағы ғалам бейнесін құрайтын концептосфераны түгелдей тіл арқылы беру мүмкін емес. Концептосфераға негізделген ғаламның концептуалды бейнесі ауқымды.

Ғаламның тілдік бейнесі мен концептуалды бейнесі бір-бірімен тығыз байланыста болады, бірақ бірдей емес. Ғаламның тілдік бейнесі концептуалдық бейненің бір бөлігі болып табылады. Ғаламның тілдік бейнесі мәселесін зерттеу де, өз алдына ғаламның концептуалды бейнесімен тығыз байланысты болып, соңғысы адам мен оның болмыс-тіршілігінің ерекшелігін, оның дүниемен қарым-қатынасы, өмір сүру және қызмет ету жағдайын айқындаса, ғаламның тілдік бейнесі адамның түрлі ғалам бейнелерін, сондай-ақ ғалам бейнесінің жалпы сипатын көрсетеді.

Ғалам бейнесі үнемі өзгеріске ұшырап тұратын объективтік шындық, ал ғаламның концептуалды бейнесі (концептосферасы) – ақиқат болмыстың интерпретацияланған түрі, ол концептілер жүйесінен тұрады және вербалды формаға ие бола алады [6, б. 42].

«Гендерлік лингвистика үшін маңыздысы – ғаламның гендерлік тілдік бейнесі ұғымының енгізілуі. Ғаламның гендерлік тілдік бейнесі әрбір мәдениетке тән. Ғалам бейнесі гендерлік нормалармен, идеалдармен, таптаурындармен байланыстырылады. Гендерлік метафора алуан түрлі қоғамдық және табиғи құбылыстарға баға беруде қатысады және оларға үнемі ықпал етіп отырады» [7, б. 74]. Ғаламның гендерлік бейнесі – адам санасында ақиқаттың, яғни заттардың, қасиеттердің, қатынастардың жұптық қарама-қарсылығы арқылы категориялануы мен жұптардың аталық (еркектік), аналық (әйелдік) бастаумен ассоциацияланатынын білдіретін таным-түсініктер жиынтығы [8, б. 38-39].

«Гендерлік лингвистиканы қалыптастыратын жәйт – адам тілінің синкретті үш қыры: бірі – тілдің ішкі құрылысы, екіншісі – тілге әсер етуші сыртқы жүйе, әлеуметтік факторлар, үшіншісі – тілде көрініс беретін ментальді құрылым, әлемнің жанама түрдегі бейнесі. Бұл – әлемнің тілдік бейнесі, тілдік тұлғаның прагматикасы, тіл қолданушының тілдік санасы, ойлаудың этникалық құрылымы, қалыптасу үстіндегі өмір салты, ұлттық мінез-құлық, менталитет деп тұжырымдайды» [9, б. 267].

«Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, гендерлік лингвистиканың теориялық базасы – гендеризм тұжырымдамасы (И. Гоффман), билік (М. Фуко) және қоғамның жыныстық жіктелімінің мәдени байланыстылығы тұжырымдамасы (М. Мид). Еркек пен әйелдің мінез-құлық ерекшеліктері тек биологиялық жынысқа қатысты деген көзқарастың қате екендігі дәлелденді. Бір мәдениетте еркектік, әйелдік деп танылған гендерлік белгілердің екінші бір мәдениетке тән еместігі айқындалды. Дегенмен барлық мәдениетте жыныстар арасындағы айырмашылықтар сақталады» [10, б. 43].

Тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің басым бөлігі ауқымдылығы Дж. Лакофф [11], Д. Таннен [12, 13], Д. Камерон [14], М. Мейерхофф [15],

П. Эккерт [16], С. Макконнелл-Гинет [17], П. Бурдые [18], Дж. Батлер [19], М. де Серто [20], М. Бухольц [21], Дж. Холмс [22], М. Талбот [23], К. Холл [24] т.б. ғалымдар назарына іліккен.

Эккерт пен МакКоннел-Гинет пікіріне сүйенсек, тіл мен гендердің ара-қатынасын жергілікті қауым арасында күнделікті тәжірибеде зерттеу керек. Бұған төмендегідей себептер бар: бірінші, гендерді әлеуметтік сәйкестендіру мен әлеуметтік қатынастардан бөлек алып қарастыру мүмкін емес; екінші, гендер әр қауымда/мәдениетте бірдей мағына бере алмайды; үшінші себеп, гендердің лингвистикалық сипаты әр қауымда/мәдениетте түрленеді және өзгереді [17, б. 63-67].

Д. Камерон ұсынуы бойынша, тіл мен гендерді *нақты* (еркек пен әйелді нақты мәнмәтіндерде зерттеу) және *кешенді* (гендерлік өлшемдерді әлеуметтік қатынас типтерімен және сәйкестендірудің басқа да түрлерімен өзара байланыста зерттеу) түрде зерттеуге болады. Бұндағы талдау үлгілері тәжірибе мен құрылымдауға бағытталады [14, б. 539].

Гендерді әлеуметтік құрылымдау тұрғысынан қарасақ, бұл еркек пен әйелдің әдеттегі қарым-қатынас әлемі; бұнда әлеуметтік-мәдени нормалардың жүйелі сипаты орын алған, қарсы тұруға келмейтін, бас тартуға болмайтын тәртіп бар; ол сана құрылымында әрдайым өңделеді және қалыптасады. Бұл ретте еркек пен әйел қарым-қатынасындағы осы нормалардың қалай қалыптасатынын анықтау зерттеушінің міндеті болып табылады.

Пьер Бурдые теориясы әлеуметтік-мәдени нормалардың сақталу динамикасын түсіндіруге бағытталды. Ол әлеуметтік-мәдени шарттар мен жеке адам тәжірибесі, яғни габитус, хабитус (лат. *habitus*) адамның гипотетикалық мүмкіндіктері мен іс-әрекеттерін қалай шектейтінін анықтауды көздеді. Тіл мен гендерді зерттеу тұрғысынан хабитус жеке адамның сөйлеу әрекетін оның жеке тұлғалық ниеттері мен мақсаттарын ескере отырып танытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ол әр түрлі әлеуметтік-мәдени өлшемдер арасындағы байланысты белгілейді (класс, этика, қызмет түрі, гендер).

Мишель де Серто күнделікті әлеуметтік-мәдени тәжірибені зерттеу қатарына жағдаяттық билік ұғымын енгізді. Егер П. Бурдые жеке адамды әлеуметтік ортада қарастырса, М.де. Серто жеке адамдар мен топтардың мәдени нормаларды өздерінің мақсат-мүддесіне қарай қолданатынын айтады. Ол екі түрлі тәжірибе типі (стратегия мен тактика) мақсат-мүдде мен оны жүзеге асыру тәсілі арқылы көрініс табады.

Тәжірибе деп белгілі бір мәнмәтін арқылы түсіндірілетін жағдаяттық сөйлеу актілерін айтады. Мәдениеттану мен философиядағы әлеуметтік тәжірибеге негізделген релевантты теориялық үлгілерді тіл мен гендерді зерттеуге ұсынған П. Бурдые [18], Дж. Батлер [19] және М. де Серто болатын [20].

Джудит Батлердің пікірінше, гендер перформативті білім, жеке адамның перформативті әрекеттерінің нәтижесі болып танылады. Кейбір зерттеушілер перформативтілікті стиль ұғымымен байланыстырады. Өйткені, гендерлік сөйлеу стилі бір ізге салынған, бірыңғайланған немесе детерминденген және

тілдік белгілердің (маркерлердің) біржақты жиынтығы болып саналмайды, ол белгілі бір жағдаяттағы нақты шарттарды жеткізу үшін лингвистикалық ресурстарды пайдалану болып табылады [25].

Әр түрлі тілдер мен мәдениеттерді зерттеуден алынған әмбебап деректердің әлеуметтік лингвистикалық универсалийлерге толық дәлел бола алатынына қарамастан, гендерлік лингвистикалық зерттеулерде әйелдер мен ерлердің нақты бір мәнмәтіндердегі қарым-қатынас тілінің ерекшеліктерін анықтау басты нысана болуы тиіс [13].

Осылайша тіл мен гендердің әлеуметтік-мәдени тәжірибеде орыны берік деуге болады. Бұл жерде, жеке тұлға өз мақсаттарына жету үшін тілдік таңдау жасауымен қатар, белгілі бір шектеулерді (институционалды және идеологиялық) ескеріп, әрекет етеді.

Патриархалдық дәстүрлер мен қоғамдық өмірдің барлық салаларында маскулиндік үстемдікпен күрес толқынында пайда болған гендерлік теорияның негізгі ережелерін қалыптастыру үдерісінде «маскулиндік» (еркектік) және фемининдік (әйелдік) ұғымдары ғаламның гендерлік бейнесінің негізгі категориялары ретінде қазіргі ғылымда мәдени метафора, гендерлік концепт түрінде зерттеліп келеді. Алайда бұл категориялар қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өзгерістердің әсерінен динамикалық түрде өзгереді, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік және тарихи жағдайларда қарым-қатынас үдерісінде модельденеді және тілде көрініс табады.

Этно-лингвомәдениеттанымдық, лингвоконцептологиялық бағыт - гендерлік лингвистикалық зерттеулердің ішінде аз зерттелгені. Тілдің атауыштық жүйесінде маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік) концептілері әр тілде түрліше сипатталады. Еркектер мен әйелдердің сөйлеу әрекеті де, белгілі бір мәдениетте қалыптасқан нормаларға сәйкес түрліше белгіленеді, яғни әрбір мәдениетті ерекшелеп тұратын гендерлік қарым-қатынас түрлері болуы мүмкін. Бұл жөнінде О.В. Рябов [26], А.В.Кирилина [27, 28], Е.И. Горошко [29, 30], Е.С. Гриценко [31] т.б. секілді ғалымдар еңбектерінде атап айтылған.

А. Вежбицкая ойлауынша, мәдени концептілерді контрастивтік лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан салғастырмалы зерттеудің маңызды зор. Олай болса, маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік) мәдени концептілердің мәнін ашып, түсіндірудің қажеттілігі басым. Гендерлік тілдік ерекшеліктер мәдениетаралық салыстырулар жолымен түсіндірілгендігі туралы біршама болса да А. Вежбицкая [32] мен В.Н. Телия [33] еңбектерінде кездеседі.

«Түркі мәдениетінде гендерлік факторлар ұлттық-мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этникалық салалардың маңызды категориялары ретінде қарастырылады. Түркі тіл біліміндегі гендерлік лингвистикалық зерттеулер когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика сияқты ғылыми салалар парадигмасында кешенді сипатта ашылады. Сонымен қатар жаңа заман, ХХІ ғасырдың жаңаша өмір сүру салттары, әлеуметтік-философиялық тұжырымдары, жаһандану мен

интеграцияланудың (бірігу стратегиясы) талаптары мен ұрандары, заманауи қоғамдық жүйе мен тұлғаның дербестік стратегиялары ғылыми салаларға, атап айтқанда, адам факторына қатысты зерттеу бағыттарына, түркі дүниетанымына да өз ықпалын тигізгені анық. Осы факторлардың салдарынан түркі тілдерін зерттеуге деген жаңаша ғылыми көзқарастар мен әлеуметтік сұраныстар қалыптасты. Бұл факторлар заман талабына сай түркі тілдерінің бұрынғы зерттеу тәжірибесін кеңейтіп, жаңа ғылыми-зерттеу қағидаттары мен әдіснамалық бағыттарын өз құзыреттілігіне ала бастады» [34, б. 32].

Түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер бүгінгі таңда жоғарыда аталған бірқатар проблемалар аясында өзектілігін сипаттаумен қатар, гендерлік лингвоконцептология саласындағы зерттеулердің қолға алынуын да негіздейді.

Гендерлік теория тұрғысынан ғалымдар Б. Хасанұлы [35], Г.Т. Шоқым [2, 7, 10, 36, 37], Р.Р. Замалетдинов [38], Л.К. Ишкильдина [39], Н. Ыылдыз [40, 41, 42] түркі халықтарының мәдени-әлеуметтік болмысына тән гендерлік дүниетанымының құрылымдық модельдерін типологиялық салада айқындап, гендерлік концептілердің мәдени-әлеуметтік категория ретіндегі түркі лингвомәдениетіндегі көрінісіне назар аударып, тілдер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтардың табиғатына сипаттама беріп, гендерлік лингвистиканың ғылыми негіздерін зерттеп, іргелі еңбектер жариялады.

XXI ғасырдағы қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың бастауында тұрған ғалым Б. Хасанұлы қазақ тіл білімінде гендерлік бағыт салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика, гендерлік паралингвистика, гендерлік лексикография, гендер және тіл игеру бағытында дамыту қажеттігіне назар аударды [9].

Г.Т. Шоқым «Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры» [2], «Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері» [36] атты монографияларында гендерлік лингвистика ғылымын дамыту аясында маскулиндік пен фемининдік концептілердің ерекшеліктерін айқындап, гендерлік концептосфераны бөліп қарастырудың бағыттарын көрсетіп, қазақ гендерлік концептосферасының моделін ұсынған.

Р.Р. Замалетдинов «Татар мәдениетінің тілдегі көрінісі» [38] атты монографиясында татар тілі материалы негізінде негізгі мәдени концептілерге кешенді талдау жасай келіп, әлеуметтік қарым-қатынас сегменттері мен туыстық терминдерінің гендерлік маркерленуіне назар аударған.

Л.К. Ишкильдина «Гендерлік лексиканың этномәдени сипаты (орыс және башқұрт тілдері материалдарын салыстырмалы-салғастырмалы талдау үлгісінде)» атты монографиясында [39] башқұрт және орыс тілдерінің гендерлік лексикасын зерттей келе, ғаламның паремиологиялық бейнесіндегі гендерлік концептосфераны лингвомәдени қырынан зерттеген.

Н. Ыылдыз еңбектерінде [40, 41, 42] түрік халық әдебиетінің (халық әндері, өлеңдері, анекдоттары, халық ертегілері, рифмалары) жанрларындағы ғаламның гендерлік бейнесін концептуалдайтын «қалыңдық\келін моделі, Алтай эпостарындағы «әйел» типологиялық моделі сипатталған.

Б. Райхан «Қытай және қазақ тілдерінің гендерлік айырмашылықтарын салғастырмалы зерттеу» атты монографиясында тіл деңгейлеріндегі (фонетика,

лексика, грамматика, стилистика) гендерлік лингвистикалық айырмашылықтарды салғастыра зерттей келіп, лингвомәдениеттанымдық сипатын ерекшелеген [43].

Гендерлік лингвистика бағытында арнайы диссертациялық зерттеулер жүргізген Э.Т. Буранкулованың «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» атты ғылыми жұмысында [34] ғаламның гендерлік тілдік бейнесін концептуалдаудың таптаурындық сипаты түркі лингвомәдени феноменін бейнелеуші категория ретінде айқындалып, қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, түрік тілдеріндегі гендерлік таптаурындардың тілдік сипаттамасы, лингвомәдени ерекшеліктері зерделенген.

К.Б. Жумашеваның «Тілдегі гендерлік оппозиция» докторлық зерттеуінде [44] гендерлік оппозицияны құрайтын еркек-әйел, еркектік (маскулиндік) – әйелдік (фемининдік) ұғымдарының оппозициялық, асимметриялық қатынастағы тілдегі категориялануы мен концептуалдануының гендерлік маркерленген, маркерленбеген семантикасының метафоралық моделі ұсынылған.

М.М. Қосыбаевтың зерттеуінде М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» еңбегіндегі «еркек-«әйел» концептілерінің көрінісі зерттеледі, гендерлік концептілерді танытатын этномәдени бірліктердің мазмұны ашылады. Ескерткіш тіліндегі «әйел» концептілерін зерделей келе, «әйел – қыз», «әйел – қалыңдық», «әйел – жар», «әйел – келін», «әйел – ана», «әйел – отбасының өзегі», «әйел – сұлулықтың символы», «әйел – ханшайым», «әйел – үй қызметкері», «әйел – күң» тілдік модельдерін анықтаған [45] және әйелді сипаттауда оның жасы, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қатысты атаулар жиі қолданылатындығы айтылған. Ал ескерткіш тіліндегі «ер адам» тезаурусын түзетін «ер», «жігіт», «ұл бала», «әке», «бек», «алпауыт, батыр», «күйеу жігіт», «хан» сөздері «еркек – ұл», «еркек – жігіт», «еркек – ер», еркек – күйеу жігіт», «еркек – батыр», «еркек – ел билеуші», «еркек – әке», «еркек – баба» когнитивтік модельдерін құрайтындығын көрсетеді [45, б. 58] және ескерткіш тіліндегі этнолингвомәдени концептілердің мазмұны жалпытүркілік танымдық сипатта екені айтылады.

Л.Х. Самситованың «Культурные концепты в башкирской языковой картине мира» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында [46] әлемнің гендерлік тілдік бейнесі «әйел» концептісін зерттеу арқылы қарастырылған.

Г.А. Әбдімәуленнің зерттеуінде [47] еркек/әйел, үлкен/кіші, жас/кәрі, қыз/ұл, жат/жақын т.б. оппозициялардың метафоралануына байланысты әлеуметтік-мәдени сипаттағы ұғым-түсініктерді біріктіретін бинарлық жұбы бойынша қазақ және ағылшын халықтарының дүние бейнесінде тіркелген «Адам және оның ортасы» туралы байырғы білім қорының тілдік репрезентациясы зерделенеді және қазақ, ағылшын фразео-паремиологиялық дүние бейнесінде бекіген «Адам» макрожүйесі және оның «Еркек-Әйел» жұптық жіктелісін «Мәдениет:Тіл:Қоғам» контекстінде қарастыра отырып, «Еркек-Әйел» бинарлық жұбына қатысты таптаурынданған ұғым-түсініктердің

қазақ және ағылшын тілдері арасындағы салғастырмалы сипаттамасы жасалады.

А.М. Байғұтова «қазақ әйелі» концептісін ғаламның тілдік бейнесіндегі және антропоэектілік бағыт аясында қоғамдық ғылымдар, психофизиологиялық және лингвомәдениеттану тұрғысынан зерделеген [48].

Р.С. Тұрдалиева диссертациялық зерттеуінде [49] көркем мәтіннің гендерлік сипатталуын психолингвистикалық тұрғыдан қарастыра келіп, гендерлік концептосфераның ассоциативтік-концептуалдық топтарын айқындап, оларды көркем мәтін тілінің психолингвистикалық парадигмасы негізінде бейнелейді. Сонымен бірге көркем мәтін тілінің гендерлік сипаттамасын этнолингвистикалық талдау арқылы құрылымдайды. Мұндай ғылыми әдістеме, яғни гендерлік деректердің этнолингвистикалық сипатын айқындау түркі тілдеріне қатысты зерттеулерде жиі қолданылатынын байқадық.

А.Ш. Тажикееваның [50] зерттеуінде гендерлік мәндегі қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріне концептуалдық талдау жүргізіліп, олардың ұлттық ерекшеліктері мен әмбебап қасиеттері еркектік және әйелдік таптаурындық белгілерімен сипатталған.

Түркі тіл білімінде гендерлік лингвоконцептологияның кейбір аспектілері Э.С. Хузина [51], Д.А. Салеева [52], Г.М. Исмаилов [53], Ш.Х. Шахобиддинова [54], Г.Р. Мегътэсимова [55], С.Р. Боранбаев [56], Б. Сагынбаева [57, 58] еңбектерінде де қарастырылады.

Соның ішінде С.Р. Боранбаевтың зерттеулерінде түркі тілдеріне ортақ мұра «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі лингвомәдени бірліктердің танымдық сипаты, бинарлы оппозициялардың (әйел-еркек жұптық қарама-қарсылығының) концептуалдануы талданған [56].

Б. Сагынбаеваның лингвоконцептологиялық бағыттағы еңбектеріне назар салсақ, қырғыз дүниетанымындағы «әйел» концептісі, қырғыз және британ ер\әйел саясат қайраткерлерінің саяси сөйлеу стиліндегі маскулиндік\фемининдік таптаурындардың гендерлік концептуалдануы бағамдалған [57, 58].

Сонымен, гендерлік белгілердің тіл деңгейлеріндегі көрінісін сипаттау, ғаламның гендерлік тілдік бейнесінің (гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар) концептуалдануын сипаттайтын тілдік тәсілдерді анықтау және соларға сәйкес мәдениетаралық салыстырулар жүргізу гендерлік зерттеулерде өзекті мәселелер қатарында қарастырылады [27, б. 79-81].

Ендеше гендерлік концепті мен гендерлік концептосфераны қалай зерттейміз? Алдымен, гендерлік концептілік ерекшеліктерді анықтау үшін гендерлік лингвистикалық талдаулар қалай жүргізілуі тиіс деген мәселелердің басын ашып алу қажет. Бұл жөнінде ғылыми зерттеуіміздің 2-бөлімінде теориялық-аналитикалық талдаулар жасалып, арнайы зерттеу ұстанымдары белгіленеді. Осы ретте зерттеудің бағдарын айқындайтын базалық ұғым категориялардың мән-мағынасына қысқаша тоқтала өткенді жөн көрдік.

Сонымен, гендерлік концепт санада танылу деңгейі мен ақиқат дүниенің болмысына, өзіндік ерекшелігіне қарай, метафизикалық (аталық-аналық

бастау), адамзаттық (еркек, әйел), мәдени (маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік)) деп шартты түрде жіктеледі. Гендерлік концептосфера – халықтың дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» орын алған жыныс өкілдеріне негізделген кешенді білім жиынтығы.

А.В. Кирилинаның пайымдауынша, «егер жыныс ұғымы «еркек» пен «әйел» категориялары арқылы ұғынылса, гендер «маскулиндік» (*еркектік*) және «фемининдік» (*әйелдік*) категориялары арқылы түсіндіріледі. Дегенмен бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты» [27, б. 90]. Аталған категориялар бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан ара жігін ажырату қиын. гендерлік концептінің сөз жүзінде көріну (вербалдану) ерекшелігіне зерттеу барысындағы жыныстың тілдегі көрінісіне талдауы арқылы назар аударылады.

Фемининдік және маскулиндік концептілер әр мәдениетте кездесіп, салт-дәстүр, тіл, фольклор, мифологиялық санада т.б. көрініс табады. Гендердің аксиологиялық шкаласы мен таптаурындануы барлық мәдениетте бірдей емес болып келеді. Сонымен қатар, еркек пен әйелдің әлеуметтік рөлі де әр мәдениетте әр түрлі болып келеді. Олар қоғамдағы түрлі нормаларға сай реттеліп отырады. Сөйтіп, реттелген мінез-құлық әрекеті адам санасында таптаурынданады, кейін ол «дұрыс/дұрыс емес» жүйесі бойынша ұжымдық санада жүзеге асады [36].

Концепт термині ғылыми әдебиеттерде түрліше түсіндіріледі: бірінде, концепт «ұғымның» синонимі ретінде қолданылса, екіншісінде, концепт «қарапайым дүние бейнесінің» ментальді құрылымын білдіреді. Оның негізінде салт-дәстүр мен фольклордың, идеология мен діннің, адамның жеке тәжірибесі мен құндылықтар жүйесінің арақатынасы анықталады; концепт – жеке және ұжымдық сананың көрінісі. Ол лексикалық мағынаға қарағанда, едәуір кең мазмұнды бейнелейді [59, б. 4].

Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде концепт ұғымы адам ойлау әрекеті мен тәжірибесін, білімін білдіретін, дүниені танып-білудің адамзаттық тәжірибесі мен білім «квантын» танытатын мағыналар делінген [60, б. 90].

Н.Д. Арутюнованың пікіріне сүйенсек, концепт ұлттық дәстүр, фольклор, өнер, дін, құндылықтар жүйесі, өмірлік тәжірибе т.б. факторлардың өзара қатынасы нәтижесінде туындайды. Нәтижесінде, концепт адам мен әлем арасындағы мәдени ортаны бейнелейді [61]. Оның мазмұн межесі – нысан туралы ұжымдық және жеке санадағы білім ақпараттарының шоғыры болса, тұрпат межесі – тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.).

Б. Хасанұлы еңбектерінде *концепт* терминінің қазақша баламасы ретінде *тұжырым* сөзі қолданылған. Ол *тұжырым* (концепт – латынша *conceptus* мысль, понятие) терминінің мағыналық астарын, *тұжырымдама* (концепция – латынша *conceptio* понимание, система) ұғымымен байланыстыра қарастырып, *тұжырым* – адам санасына тән, ойлау қызметінің ғаламдық бірлігі, ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы, жинақталған түсінік, *тұжырымсаланың* (концептосфераның) бірлігі деген анықтама береді. *Концептосфера* деген – халықтық ретке келтірілген концептілер жиынтығы,

ойлаудың ақпараттық негізі (базасы). Концептінің ұлттық, әлеуметтік, жеке және топтық адамдық ерекшелігі болады, ал тұжырымдама – белгілі бір құбылысты түсіндірудің нақты тәсілі және оны баяндаудың негізгі идеясы туралы көзқарас пен сындарлы ұстаным. Ғалымның 2008 жылы жарық көрген ««Қазақ тілі» тұжырымы: пайымдаулардағы көрінісі» атты еңбегінде *концепт* (тұжырым), *концептосфера* (тұжырымсала) терминдерінің мән-мағынасы жете түсіндірілген [9, б. 12-13].

Тіл білімінде қолдануға тиімді деп танылатын концептінің құрылымдық үлгісін Ю.С. Степанов ұсынған болатын: «1) негізгі, өзекті белгісі; 2) қосымша (тарихи) белгісі; 3) сөз формалар арқылы берілген мағынасы (ішкі формасы)» [62, б. 40]. Ол әрбір мәдениеттің өз ішінде концептінің танылу деңгейі бірдей емес, сондықтан концептінің негізгі белгісі тілді қолданушылардың барлығы үшін маңызды болып саналады; қосымша (тарихи) белгісін кейбір әлеуметтік топ өкілдері ғана тани алады, ал ішкі формасын немесе этимологиясын тану ғалымдарға тиесілі [62, б. 44].

Бірқатар ғалымдар (В.Н. Телия [33], Д.О. Добровольский [63]) концептінің ішкі формасын кең не тар көлемде болсын тілді қолданушылардың да тани алатындай мүмкіндігі бар екенін айтады. Ол әсіресе идиоматикалық саладан айқын көрінеді.

Концептінің құрылымдық үлгісін қалыптастыру зерттеудің сәйкесті (адекватты) әдістемесін жүзеге асыруға септігін тигізеді. Мәселен, «ішкі форма деңгейін анықтау үшін халықтық салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен фольклорлық деректерге сүйену керек», - дейді Ю.С. Степанов [62, б. 42]. Бұл әдіс Д.О.Добровольский еңбегінде де көрсетілген. Оның пікірінше, тілдің мәдени ерекшеліктерін анықтау фольклор, мифология, ертегі, салт-дәстүр, тіл секілді мәдени кодтардың негізінде жүзеге асады. Мәдени мазмұны бар символдар бірнеше мәдени кодтарда параллель айқындалған болса, жеткілікті түрде анықталған болып есептеледі. Алайда, тіл үнемі басқа мәдени кодтармен параллель дами бермейді [63, б. 42]

Концептінің пассив қабатын зерделеу үшін тарихи (диахронды) әдіс тиімді. Актив қабаты бірінші, әлеуметтік қырынан, яғни синхронды талдау жолымен (ұжымдық санада қалыптасқан білім негізінде) анықталады. Бұл жерде БАҚ мәтіндері, қоғамда болып жатқан түрлі жағдайлардың тілдік түсіндірмесі (интерпретациясы) т.б. өзекті болып саналады [27, б. 87-89].

Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдары болады. Концептінің ішкі құрылымына концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: когнитивтік үлгі (дүниенің ассоциациялық, таптаурындық, этикеттік, эталондық, символдық, бейнелік үлгісі) және оның санада бейнеленген типтері (фрейм, сценарий, ойсурет, сұлба); сыртқы құрылымына сөз, сөз тіркесі, сөйлем, фразеологизм, метафора, метонимия т.б. тиесілі.

Ассоциация – дүниені тануда адам санасындағы алғаш пайда болатын бейнелі ойлы (ментальді) сигналдар мен білім алудың бір тәсілі. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланысты ұғу. Таптаурын – білім алудың қайнар көзі,

когнитивтік үлгі қалыптастырушы ментальді әрекет, яғни адам санасында туындайтын дүние бейнесінің бір үзігі. Символ ақиқат дүниенің аса дәріптеліп, құрметтелетін, ерекше қасиетімен танылған үзіктерін таңбалайды. Бейне – көркем мәтіндерде когнитивті үлгі қалыптастырушы таңба.

Г.Т.Шоқым пайымдауынша, еркек пен әйел бейнесі тілдегі бір лексемамен берілетін қарапайым фреймдер емес, тақырыпқа сай күрделеніп фразеологизмдер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, сөйлем құрылымдас типтермен танылады. Мысалы, «еркек» концептісі батырлық, ерлік, төзімділік, азаматтық, ал «әйел концептісі» сұлулық, мейірімділік, нәзіктік т.б. фреймдік тармақтар арқылы да толығырақ түседі. Түркі халықтарының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» гендерлік концептосфераға енетін **«еркек»** концептосферасын жігіт, күйеу, аға, әке, ата т.б., ал **«әйел»** концептосферасын қыз, келін, ана, қатын, тоқал т.б. ұғымдар мен олардың өрісіне енетін гендерлектілер аясында қарастыруға болады [64, б. 67].

Сәйкесінше, келесі бөлімдерде түркі тілдеріндегі маскулиндік пен фемининдікке (еркек, әйел бейнесіне) қатысты гендерлік концепт қалыптастыратын лексемаларды семантикалық жағынан топтастыра келіп, кешенді білім жүйесін, яғни концептосферасын ұсынуға тырыстық.

Гендерлік концептілердің тілдік-әлеуметтік мәнін ашып, лингвомәдени сипатын зерделеу маскулиндік (еркектік) пен фемининдік (әйелдік) концептуалдандырудың ұлттық және мәдени ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Ғаламның гендерлік тілдік бейнесінде көрініс тапқан гендерлік концептілерді динамикалық зерттеу – түркі тілдерінің заманауи идеяларын зерделеуге, диахрониядағы ұжымдық тәжірибенің нәтижелерін көрсететін мәдениеттің концептуалдық көзқарастарын вербализациялау тәсілдерін анықтауға көмектеседі.

1.2 Аталық және аналық бастау: гендерлік-мифтік тілдік модель

Адам мен табиғат туралы ғылымның барлығында да дерлік күрделі негіздерінің бірі – мифология. Миф туралы ілімнің философия, лингвистика, психология, әдебиеттану, антропология, археология, өнертану, теология, логика т.б. көптеген ғылымдармен тоғысып жататындығы да содан болса керек. Адамды түсіну үшін оның дүниетанымын, мұраттарын, көзқарасын, яғни рухани әлемін білу қажет.

Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздікте: «Мифология – а) адамның өзін таныту құралы, адамның шығармашылық қабілеттерін айқындаудың ежелгі және мәңгілік бітімі. Оның негізінде адамзат мәдениетінің барлық типтері мен бітімдері жатыр; ә) миф теориясы яки түсініктемесі. Мифтің жалпыға ортақ бір теориясы жоқ, бірақ мифті түсіндіру мен зерттеу үздіксіз жалғасып келеді деседі. Сонымен, миф ұғымына үш түрлі мағына беріледі: бірінші, көне аңыз, әңгіме; екінші, мифошығармашылық (миф тудыру), мифологиялық космогенез; үшінші, тарихи-мәдени шартталған сана күйі» [65].

Адамзаттың негізгі мифтерінің бірі – уақытты цикл ретінде қабылдайтын мифологиялық санамен байланысты мәңгілік айналымдар туралы миф. Мифтік шығарма космогенез ретіндегі мифтің екінші мағынасы – әлемнің хаостан жаралуы. Бұл космогониялық мифтерге бастау береді. Олардың басты тақырыбы – «қасиетті (киелі) тарих», дүниенің, адамның және т.б. жаралуы. Әдетте, мифте жаратылыс уақыты киелі сипатқа ие болады, ол үлгі ретінде құрметтеледі. Үшінші мағынасына оның бейнелі-рәміздік түсіндірмесі, қайта жаңғыру ретінде анықталады. Миф өзі пайда болған дәуірдің дүниетүсінігін бейнелейді, ол адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы бітімі» [66, б. 186-187].

Әлем халықтарының ежелгі мифологиясы аталық және аналық бастаудың карама-қарсылығы, сонымен қатар олардың бірлігі мен өзара бір-біріне кірігуі туралы идея төңірегінде өрбіп келеді. Әлемді игеру жіктеуші материал ретіндегі архетиптік ұғымдардан бастау алады. Жіктеудің алғашқы сатысы – таңбалық жүйелерді құруға әкелетін бинарлық оппозициялар; таңбалық белгілер архетиптік түсініктерді кодтайды. Бұл үдерісті адам жасайды. Бұл жерде адам актив және пассив рөл атқарады – жеке әлем моделін құрады және өзі модель болып құрылады [44, б. 23].

Тілде де осындай үдеріс жүреді: адам тілге әсер етеді, тілді «қалыптастырады» және өзі оның әсеріне ұшырайды. Мұндай бір-біріне әсер ету әрекеттері лингвомифологиялық клишелерде ізін қалдырды.

Гендерлік түсінікті ерекшелеу мифологиялық танымның өзінде аталық және аналық бастау символикасы арқылы берілген. Мифтік дүниетанымның мазмұндық-формалық негізін құрайтын, мифологиялық жүйеге тұтастық сипат беретін онтологиялық бастау – мифтің қалыптасуындағы **аталық** және **аналық негіз**. Аталық және аналық бастау әлем жүйесіндегі рух пен материяны білдіретін «біртұтас негіздің екі жағы» болып табылады. Рух пен материяның және әке мен ананың біртұтастығы әлемнің негізгі заңдылығы, ғаламның жаратылуы, дамуы және өмір сүруі осы заңдылықтың негізінде жатыр [67].

Ғалым Г.Т. Шоқым «еркек – әйел» жұптық карама-қарсылығы – адамзат мәдениетінің түп негізі, мәдени-рухани әлемнің ең байырғы үлгісі ретіндегі мифтік сананы, мифтік танымның көріністерін зерделеу барысында мифологиялық ғалам үлгісіндегі еркек пен әйелдің орнын анықтау, сол арқылы әлеуметтік өмірдің гендерлік тіндерінің бастауларын саралаудың мәні зор екендігін айта келе, мифтік дүниетанымның мазмұндық-формалық негізін құрайтын, мифологиялық жүйеге тұтастық сипат беретін онтологиялық бастау – мифтің қалыптасуындағы аталық – аналық негіз екендігін көрсетеді [64, б. 44].

«Онтологиялық бастамалар ретінде аталық пен аналықтың (маскулиндік пен фемининдік) басқа базалық категориялармен қатар қызмет етуі олардың алғашқы табиғи-биологиялық мәнін өзгертеді, гендердің мәдени-символикалық табиғатын негіздейді», – дейді О.В. Рябов [8, б. 39]. Аталық бастау форманың, идеяның, белсенділіктің, ұсыныс-бастаманың, биліктің, жауапкершіліктің, мәдениеттің, тұлғаның, зерденің, абстрактілік ойлаудың, сана мен ақылдың,

әділдіктің бастамасы ретінде түсіндіріледі. Ал аналық бастау материяның, әлсіздіктің, бағынушылықтың, табиғаттың, ұрықтанудың, сезімнің, санадан тыс болудың (бейсаналылықтың), нақты ойлаудың, қайырымдылықтың бастамасы деп ұғынылады. Бұл белгілерді еркек пен әйелге тән қасиет ретінде түсіндіру философия үшін де, жалпы бұқаралық таным үшін де қалыптасқан түсінік болып табылады [25]. Бұл қалыптасқан алғышарттар көп жағдайда біздің шындықты қабылдауымызды анықтайды. Біз өзіміз көргіміз келіп күткен нәрсені қабылдаймыз және құбылыстарды олардың мәдени құндылығына сәйкес топтастырамыз.

Маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік) ұғымдары аталық-аналық бастаудың жұптық қатынастарын өз бойына жинақтаған. Жыныстық ерекшеліктер негізінде әлеуметтік ортаның тарихи даму барысында мәдени-әлеуметтік талаптар, ұйғарымдар, мінез-құлық, іс-әрекет, жүріс-тұрыстағы белгілі жұптық қасиеттер қалыптасады [68, б. 17]. Мәселен, «ер адам» ұғымы руханилық, белсенділік, күштілік, мәденилік, ұтымдылық, толыққандылық ұғымдарымен теңдестіріледі, ал «әйел адам» ұғымы заттық, табиғилық, әрекетсіздік, әлсіздік, сезімталдық, маңызсыздық түсініктерімен сабақтастырылады. Ежелгі мифологиялық шығармаларда ай, жер, су – әйел адам дегеннің бастауы болса, от, күн, жылу ұғымдарының астары – ер адам. Сөйтіп, еркек – әлеуметтік қозғаушы күш, әйел – табиғат жаратылысы деп тану үстемдік алған [69, б. 71-72].

Құндылық, нұсқамалар қатарында «ер адамдық» деген сөз жүрген жерде жағымды (позитивті), мәнді, басым мәнінде түсініледі, ал «әйелдік» деген жағымсыз (негативті), екінші (реттік) және бағынышты мәнінде ұғынылады [70, б. 145].

Дж. Лакофф: «Когнитивтік тіл білімінің дамуы тілдік таңбаның «адамилығын» сезінуге негіз болды», – дей отырып, – тілде адамның бірқатар қағидаларға негізделген категориалды ойлау әрекеті бейнеленетінін анықтады. Ол: «...дүниенің идеалды үлгісі болады (оның қатарына аңыздар, (мифтер) мен түрлі наным-сенімдер енеді). Бұл үлгілер категориалды тізбектегі байланысты орнатады. Сондықтан миф пен наным-сенім қағидалары категориялауда маңызды болып саналады», – дейді [11, б. 147].

Кез келген халықтың мифологиясында және көптеген философиялық еңбектерде еркектік пен әйелдік ұғымдары космогониялық және метафизикалық категориялар ретінде түсініледі. Мәселен, «халықаралық бәсекелестікте бір халықтарға әйелдік қасиет таңылса, екіншілеріне еркектік қасиет таңылады. Неміс философы Фридрих Ницше мұны еркек пен әйелге тән белгілердің метафоралануы деп түсіндіреді» [8, б. 47-50].

Әрбір халық өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде архетиптеріне жиі оралады. Белгілі бір мәдениеттің архетипіне оның өзіндік болмысын неғұрлым бойына толығырақ жинаған салт-дәстүрлік және өзіндік сана ерекшеліктерін қалыптастырған, дербес жүйе ретінде өркениеттер сұхбатында орын алған мәдени түпнұсқа жатады.

Әлем халықтарының ежелгі мифологиясы аталық және аналық бастаудың қарама-қарсылығы, сонымен қатар олардың бірлігі мен өзара бір-біріне кірігуі туралы идея төңірегінде өрбіп келеді. Гендерлік түсінікті ерекшелеу мифологиялық танымның өзінде аталық және аналық бастау символикасы арқылы берілген. Әлем бейнесін және әлемнің тілдік бейнесін пайымдауда гендерлік оппозиция маңызды түсінік болып табылады.

Гендерлік оппозиция маскулиндік (еркектік) – фемининдік (әйелдік) категориялары арқылы құрылымданады. Мұның негізінде «аталық – аналық» дихотомиясы мәдени-символикалық категория ретінде қаралып, әлеуметтанудың, философияның, психологияның, әдебиеттанудың мәселелерін гендерлік қырынан қарауға мүмкіндік береді [44, б. 25].

Маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік) ұғымдарының күрделілігі мен әртүрлілігі олардың метафоралы мағынада ұғынылуында болса керек, себебі олардың түп төркіні мифологиялық ойлаумен байланысып жатыр. Бұл ұғымдар барлық халықтардың космогониялық таным-түсініктерінде кездеседі. Оларда адамзат болмысының, яғни еркек пен әйелдің изоморфтық ипостасиясы көрінеді.

Адам танымындағы табиғи және қоғамдық қарама-қарсылықтар тілде ежелгі мифтердегі алғашқы оппозициялар түрінде көрініс тапты. Белгілі француз антропологы және этнологы К.Леви-Стросс адам ақыл-ойының құрылымы мифтің құрылымында анық көрінетіндігін атап көрсетеді. Мифемаларды іздеу мен модельдеудің ерекше әдістерін қолдана отырып, зерттеуші мифтің құрылымындағы негізгі өмірлік қарама-қарсылықтарды анықтайды және алғашқы адамның ойлауы қазіргі адаммен бірдей, яғни ол әлі де бинарлы екендігін айтады. Осылайша, ғылыми және мифологиялық ойлаудың арасында сапалық айырмашылықтар жоқ, себебі екі жағдайда да бірдей логика жұмыс жасайтындығын көрсетеді [71].

Дүниенің мифологиялық бейнесінде орын алған жұптық қарама-қарсылықтар: жоғары-төмен, жарық-қараңғы, оң-сол т.б. сол сияқты философиялық жүйедегі биполярлық қарама-қарсылықтар: мәдениет-табиғат, белсенділік-әлсіздік, рационалдық-иррационалдық, ой-сезім, рух-тән, мазмұн-форма, билік-бағыну т.б. белгілі. Аталған қарама-қарсылықтардың сол жағы – еркектік, оң жағы – әйелдік ұғымдарымен байланыстырылады. Атап өтетін жайт: қарама-қарсы жұптар адам жынысына тәуелсіз, олар өз алдына екі жақты, амбивалентті (екі ұшты) құрылымдарды бейнелеуде қолданылады. Солай бола тұрса да, адамзат болмысына тән жыныстық диморфизм еркектік/әйелдік қырынан қарастырылып келеді. Әрбір жыныс өкіліне қоғамдық және жеке адамдық санада еркекке, әйелге тән деп саналатын түптүлға белгілер таңылады. Мәселен, ежелгі Қытай мифологиясы мен натурфилософиясында екі қарама-қарсы бастаманың негізгі анықталған болатын: олар – қараңғы *инь* мен жарық *ян* болды. Бұл екеуі үнемі қарама-қарсы жұп құрып, үйлесімдікте танылып отырады. Осы ұғымдардың қалыптасу тарихына үңілер болсақ: «Бастапқыда инь таудың күңгірт, көлеңкелі (солтүстік) жағын білдірген болса керек, келе-келе жұптық қарама-қарсылықтар

тобына еніп, инь әйелдік (аналық) бастаудың, яғни солтүстіктің, қараңғылықтың, өлімнің, жердің, айдың, жұп сандардың рәмізі ретінде түсініледі. Ал ян бастапқыда таудың жарық (оңтүстік) жақ бетін білдіріп, кейін еркектік (аталық) бастаудың, яғни оңтүстік, жарық, өмір, аспан, күн, тақ сандар ұғымын нышандаған. Болжам бойынша, бұл рәміздердің негізінде ұрықтану, көбею, фалликалық культ туралы архаикалық таным-түсініктер жатыр» [72, б. 547]. Еркектік (аталық) пен әйелдік (аналық) бастаулардың дуализмін білдіретін бұл нышандар жазуға дейінгі кезеңде болған, сол кезде ол иконографиялық көрініс тапқан.

Зерттеуші О.Л. Сохацкая ежелгі Русь «аталық – аналық» (мужское – женское начало) оппозициясындағы үндіевропалық және праславяндық жұрнақтарды айқындап, гендерлік оппозицияны лингвомәдениеттанымдық бағытта зерттейді. Автор көне славян халқының мифологиялық бейнесіндегі «аталық – аналық» оппозициясының көрінісіне, оны құрайтын ұғымдардың этимологиясына үңіле келе, бұл оппозициялар басқа да оппозициялармен привативті қатынасқа түсетіндігін көрсетеді: жақсы – жаман, рухани – дене (телесный), от – су, күн – ай, оң – сол, қозғалыс – тыныштық, жасампаздық – бұзу, жоғары – төмен, аспан – жер, шығыс – батыс, күн – түн, жаз – қыс, жұп – тақ, өмір – өлім, сакральды – бұқара, құдай – күнә, жарық – қараңғы. Тізбектелген жұптардың оң жағы маскулиндік, сол жағы фемининдікпен байланыстырылады.

Автор осы жұптық белгілер арқылы әмбебап таңбалық кешендер құрылымданатындығын және олардың көмегімен қоршаған орта шындығы сипатталатындығын көрсетеді. Сонымен қатар орыс тіліндегі «еркек – әйел» концептілерін, көне орыс тіліндегі адам атауларындағы гендерлік қатынастарды, зат есімдердің грамматикалық тегіндегі «аталық – аналық» оппозициясын зерттеу арқылы төмендегідей қорытынды жасайды:

– «Еркек» концептісі оппозициялық қатынаста белсенді және жағымды мағынада, ал «әйел» концептісі белгілі бір қызмет саласында ғана жағымды жағынан сипатталады (үй, жанұя, шаруашылық);

– «Еркек – әйел» концептілеріне этимологиялық талдау жасау «еркектік – әйелдік» бинарлық оппозициясының сипатын көрсетеді.

– «Еркек – әйел» концептілерінің түрлі компоненттерін бейнелейтін лексикалық және фразеологиялық бірліктер түрлі семантикалық өрістерде ұйымдасады: «еркек» – *жоғары, аспан, күн, жарық, от* т.б., «әйел» – *төмен, жер, тозақ, түн, су* т.б. Тілдік бірліктер қарама-қарсы түсінікті білдіре отырып (аналық бастаудың көрініс беруі аталық бастауды жоққа шығару болып есептеледі), оппозициялық корреляттарды құрады [73].

Қытай тіліндегі «Ай, әйел қуаты – Инь, жұбай, ханым» дегенді білдіретін «юэ» сөзі мен «Юэчжи» гендерлектісін байланыстыра зерттеген С.Қондыбай қазақтағы (түркідегі) «жеңге», «жеңгей» (йенг), «жеңеше» (йенг-ше), «жиен» гендерлектілерін осы «юэчжи» сөзінің түп төркінімен сабақтастырады.

«Славян тілдеріндегі «жен / жин» (жена, женщина, жинька), грек тілінде "gyne" (gynaikos) «женщина» (гинекология, гиногенез т.б.), "genes" –

«рождающийся, рожденный» (генеалогия, генезис, генетика т.б.), “genos” – «род, происхождение» (геном), латын-роман тілінде “genos” – «род, происхождение» (-ген, эндоген, экзоген), “genitalis” – «детородный» (гениталия) сияқты гендерлектілердің болуына қарап осы «жин / гин» немесе «жен / ген» түбірін «ортақ үндіеуропалық түбір» деушілерді де, қазақтың (жалпы түркінің «жеңге» , «жеңгей» (йенг), «жеңеше» (йенг-еше), «жиен» (йеген, йиген, йигян) сөздерінің арғы тегі «үндіеуропалықтардан ауысқан» деушілерді де түсінуге болады, бірақ бұл түбірдің де, арғы түбірінің де «үндіеуропалық» бола алмайтынын айтамыз», – дей келіп, ғалым – Қытайдағы Инь дәуіріндегі (б.з.д 13-11-ғасырлар), яғни қытайлық қола заманының өнерінде сапалық және күрт өзгерулердің себебі, дөңгелекті көліктің пайда болуы б.з.д. 2 мыңжылдықтағы дей-түркілердің миграциясына байланысты. ...Қытай тіліндегі «тянь» сөзі мен ұғымының пайда болуы... т.б. дей-түркі-қытай тілдік ауысымының болуы үндіеуропалық қисыннан гөрі дей-түркілік нұсқаны қисындырақ ететін сияқты», – дейді [74, б. 97-98].

Үндіеуропалық мифологияда «аспандағы әкеге, яғни жарқырап тұрған аспанға, әйелдік құдірет ана ретіндегі Құдай-Жер-Ана сәйкес, үйлесімді келеді (жарық құдайға «түнек», «қараңғы» ұғымдары қарама-қарсы қойылады)». Сондай-ақ аспан мен жердің өзара біртұтастық уәжі (мотиві) барлық ақиқат болмыстың арғы ата тегі, ежелгі ерлі-зайыпты жұп ретінде бейнеленеді.

Дүниетанымның бастауыш күші ретінде еркектік және әйелдік (аталық-аналық) бастауларға қатысты мифология басқа да мәдениеттерде белгіленген (полинезиялық мифологияда: Ранга – Әке-аспан, Папа – Жер-Ана т.б.). Сол сияқты андрогиндер туралы аңыз да еркектік пен әйелдік бастаулардың бірігуі барысында орныға бастайтын үйлесімділікті сипаттай отырып, жыныс дихотомиясын бейнелейді [72, б. 528].

Мифологиялық дәстүрлердің басым көпшілігінде Ұлы Баба немесе Құдай-Ана – («Тәңірлердің Ұлы Анасы», «Табиғаттың Ұлы Анасы», «Түп Ана», «Ұлы Құдай-Ана», «Ана-Құдай» деп те атала береді) ең басты әйел (ұрғашы) сипатты тәңіриенің гендерлектісі. Ол табиғаттағы ұрғашылық жасампаздық бастауды білдіреді.

Ана-Құдайларға табынуды көрсететін ең ежелгі гендерлектілі жәдігерлер ретінде жоғарғы палеолиттік (ориньяк кезеңі, 3019 – мың жыл) «Венераларды» айтуға болады. Жұмсақ тастан және пілдің азу тістерінен жасалған әйел мүсіндерінің жыныстық белгілері айрықша бейнеленген. Палеолит әйелдерінің («Венераларының») 150-ден астам мүсіндері дүние жүзінің әр елдерінен Австралиядан, Чехиядан, Ресейден табылған [66, б. 74-75]. Осы үлгідегі әйел кескіндемелері неолиттік, энеолиттік тұрақтарда да кездескен.

Аспан мен жер туралы мифтік танымдағы жұп архетиптік бейнелер адамзаттық философия мен мәдениетте еркеше орын алғаны белгілі. Ғылымға архетип ұғымын енгізген ғалым К.Г.Юнг атап көрсеткендей, Анима (аталық бастау) және Анимус (аналық бастау) - күллі әлем халықтары мифологиясына тән архетиптік бейнелер. Ғалымның пайымдауынша, Анима мен Анимус әйел мен еркек психологиясының өзіндік ерекшеліктерін тануда маңызды қызмет

атқарады. Анима өмірдің архетипін танытып, еркек рухы түрінде қабылданса, Анимус әйелдің рухани бейнесі түрінде танылады. Дүниетанымның ең алғашқы, мәдени сананың тарихи формасы саналатын мифологиялық ойлау жүйесінде дуалистік сипат еркек пен әйел, ақ пен қара, ізгілік пен зұлымдық түрінде танылып, өмір осы екі жүйедегі қарама-қарсы ұғымдардың күресі мен бірлігіне негізделеді [75, б. 89].

Түркі мифологиялық дәстүрлерінің басым көпшілігінде кездесетін тәңіриенің гендерлектісі – *Ұлы Баба* (Ұлы Әке мен Ұлы Ана). Ұлы бабалар бейнесі Жермен, жер қойнауымен, табиғаттағы ұрғашылық (әйелдік) шығармашылық-жасампаздық бастаумен сәйкестендіріледі [74, б. 9-10].

Ұлы Баба бейнесінің фольклорлық сарқынды бейнелері құпия білімге (сиқырлық күшке, емшілік қасиет, дуагерлік т.б.), астам текті күшке, киелі қасиет көзі мен құралдарға ие болып көрсетіледі. Тағы бірі – алдыңғыларға керағар болып шығатын зұлымдық, қиратушылық функцияларын иемденуі: ілкі төрлік танымның ұмытылуы мен басқаша түсіндірілуінде; «еркек-әйел» қарама-қарсылығы немесе «аталық бастау мен аналық бастау» (космос пен хаос, мәдениет пен тағылық, қайырымдылық пен зұлымдық, жағымды мен жағымсыз) қарама-қарсылығына орай әйелге осындай жұптанған керағарлықтардағы хаос, зұлымдық, жағымсыз сияқты сипаттардың меншіктелуі әсер етсе керек.

Аталық және аналық бастау туралы мифологиялық танымда табиғат пен қоғамның екіге бөліну қағидатын көрсететін түпкі архетип жатыр. Ежелгі түркілердің мифологиялық дүниетанымындағы аталық және аналық бастау көне түркі мәдениетінде ежелгі көшпенділер өмірінің барлық деңгейінен айқын көрінеді. Ол ең бірінші кезекте Тәңір және Ұмай есімдерімен тығыз байланысты. Аталық және аналық бастау ұғымдары түркі мифологиясында «Тәңір – Ұмай» мифологемдері арқылы беріліп, түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетіндегі гендерлік рөлдерді анықтаудағы басты негіз болып табылады. Бұл мифологиялық таным халықтың тұрмыстық деңгейдегі көзқарасынан бастап, дүниеге деген философиялық көзқарасына дейінгі өмірдің барлық саласында маңызды орынға ие болған [7].

«Тәңір» ұғымы Хунну (Сюн-ну, Гун) дәуіріне дейін орнығып (б.з.б. III ғасырға дейін), кейіннен осы көшпелі Ұлы дала империясының идеологиясына айналып, кейінгі түркі империяларына да идеологиялық алтын қазық болғаны анық. Бұл жайында қытай деректерінде хуннулардың билеушілерін «Танг-ли күтү» (Тәңірікүты), «Тәңірі текті Шаньюй» (Мао-тун) деп ұлықтағанын білеміз. Тәңір сөзін: алтайлықтар – тенгри, тенгери; моңғолдар – тэнгэр; шорлар – тегри; хакастар – тигир, тер; чуваштар – тура; сахалар – тангара; буряттар – тэнгэри; тувалар – дээр; қалмақтар – тэнгер деп атаған.

«Ұмай» («Ұмай-ана») – түркі тілдес халықтардың ұрпағын жалғастырушы, береке-бірліктің, молшылықтың иесі, отбасының берік сақталуының қорғаушысы саналған. Ұмайға түркі халықтарында қазақтар, хакастар, қырғыздар, алтайлықтар, тывалықтар, шорлар және түріктер табынған [76].

Сондықтан да «Тәңір – Ұмай» мифологемдері аталық және аналық бастаудың символы ретінде түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесінің лингвомифологиялық моделін үлгілеуде басты ұстаным болып табылады.

Мәдени-рухани әлемнің ең байырғы үлгісі ретіндегі мифтік сананы, түркі тілдерінде сақталып қалған мифтік танымның көріністерін зерделеу барысында мифологиялық ғалам үлгісіндегі маскулиндік пен фемининдіктің орнын анықтау, сол арқылы әлеуметтік өмірдің гендерлік тіндерінің лингвомифологиялық бастауларын саралаудың мәні зор.

Қорыта келгенде, зерттеу деректерін түйіндеп, аталық және аналық бастаудың гендерлік-мифтік тілдік моделін төмендегідей үлгіледік:

Гендерлік болмыс – ғаламның концептуалды бейнесі:

Аталық және аналық бастау – әлем жүйесіндегі рух пен материяны білдіретін біртұтас негіздің екі жағы, әлемнің негізгі заңдылығы, ғаламның жаратылуы, дамуы және өмір сүруі.

Аталық және аналық бастау – космогониялық және метафизикалық категориялар, оларда адамзат болмысының, яғни еркек пен әйелдің изоморфтық ипостасиясы көрінеді.

Ғаламның гендерлік бейнесі – ғаламның гендерлік- мифологиялық бейнесі:

Аталық және аналық бастау – мифтік дүниетанымның мазмұндық-формалық негізі, мифологиялық жүйеге тұтастық сипат беретін онтологиялық бастау.

Аталық және аналық бастау – ғаламның мифологиялық бейнесінде орын алған бинарлық (жұптық) қарама-қарсылықтар, гендерлік оппозиция.

Аталық және аналық бастау – мифологиялық таным, халықтың тұрмыстық деңгейдегі көзқарасынан бастап, дүниеге деген философиялық көзқарасына дейінгі өмірдің барлық саласында маңызды орынға ие.

Аталық және аналық бастау – мифологиялық танымда табиғат пен қоғамның екіге бөліну қағидатын көрсететін түпкі архетип.

«Анима» (аталық бастау) мен «Анимус» (аналық бастау) - күллі әлем халықтары мифологиясына тән архетиптік бейнелер (К.Г.Юнг).

Аталық және аналық бастау – түркі мифологиялық дәстүрінде тәңіриенің гендерлектісі *Ұлы Баба* (Ұлы Әке мен Ұлы Ана). Ұлы бабалар бейнесі Жермен, жер қойнауымен, табиғаттағы ұрғашылық (әйелдік) шығармашылық-жасампаздық бастаумен сәйкестендіріледі (С. Қондыбай).

Ғаламның гендерлік тілдік бейнесі – гендерлік метафора – лингвомифологема:

«Тәңір мен Ұмай» – түркі мифологиясында аталық-аналық бастаудың символы, гендерлік лингвомифологема.

Аталық және аналық бастау – маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік) гендерлік метафора, лингвомифологиялық модель.

1.3 Тәңір мен Ұмай - гендерлік лингвомифологема

Мифология, миф - ойдан шығарылған қиял емес, ол - өткен заман адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Миф – ақиқаттың бастау алар нүктесі және ақиқатты тануға деген адамзат санасының алғашқы талпынысы. Мифологема — мифологиялық, ғаламдық кеңістікте сипатталатын және әлем халықтарының мәдениеттерінде кең таралған сюжеттер, көріністер, образдар. Мифтің лингвистикалық теориясын қалыптастырған Ф. Шеллинг: «Тіл - мифологияның жаңғырығы» - деп миф пен тіл байланысының дүниетанымдық мәніне назар аударған болатын [77, б. 52]. XX-XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылымда мифке көзқарас қатты өзгерді, ұлттың санасын, түпсанасын да миф арқылы зерттеуге болатыны анықталды.

Ғаламның гендерлік тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде бірқатар мифологиялық концептілерді - лингвомифологемдерді зерттеу ғаламның мифологиялық бейнесі мен мифологиялық ойлау жүйесінің көрінісі ретінде жалпы мәдени және ұлттық ерекшеліктерді айқындауға жол ашады [78].

Ежелгі түркілердің мифологиялық дүниетанымындағы аталық және аналық бастау дуализмі көне түркі мәдениетінде ежелгі көшпенділер өмірінің барлық деңгейінен айқын көрінетін Тәңір және Ұмай есімдерімен тығыз байланысты. Тәңір – Ұмай мифологемдері түркі халықтарындағы «еркек – әйел» оппозициясын білдіретін, табиғат дуализмін сипаттайтын базалық бинарлық жүйелердің бірегейі. Аталық және аналық бастау ұғымдары түркі мифологиясында «Тәңір – Ұмай» мифологемдері арқылы беріліп, түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетіндегі гендерлік рөлдерді анықтаудағы басты негіз болып табылады. Бұл мифологиялық таным халықтың тұрмыстық деңгейдегі көзқарасынан бастап, дүниеге деген философиялық көзқарасына дейінгі өмірдің барлық саласында маңызды орынға ие болған. Аталық және аналық бастау туралы мифологиялық танымда табиғат пен қоғамның екіге бөліну қағидатын көрсететін түпкі архетип жатыр. Сондықтан да «Тәңір – Ұмай» мифологемдері аталық және аналық бастаудың символы ретінде түркі халықтарының танымындағы еркек – әйел оппозициясының ерекшелігін қарастыруда гендерлік лингвистикалық негіз болып табылады [7].

Бұл бөлімде түркі ғаламның мифологиялық бейнесіндегі аталық (маскулиндік), аналық (фемининдік) бастаумен ассоциацияланатын таным-түсініктер ерекшелігін анықтауда Л.Гумилев [79], С.Малов [80], Қ.Жұбанов [81], Р.Сыздық [82], М.Жолдасбеков [83], М.Орынбеков [76], С.Қондыбай [74], М.Ескеева [84] т.б. ғалымдардың және гендерлік зерттеулер теориясы мен гендерлік оппозиция, гендерлік концептосфераға (гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар) қатысты Б. Хасанұлы [9, 36], Г. Шоқым [2, 37, 38], Э. Буранкулова [34], К. Жумашева [44] т.б. ғалымдардың пікір-байламдары мен ғылыми еңбектерін негізге ала отырып талдау жүргіздік.

Түркі дәстүрлі дүниетанымының гендерлік қырының эволюциясын зерттей келе ғалымдар жыныс өкілдерінің әлеуметтік қатынастары ешқашан тартыс және иерархиялық бағынушылық жағдайында

болмаған деген тұжырым жасауға болатындығын айтады және оған келесі дәлелдер келтіреді:

Ежелгі дүниетаным бойынша, әлемнің құрылымы, қоғамның дамуы, адамның арақатынасы бәрі-бәрі «екі негіздік» амал мен біліктен тұрады-мыс. Немесе аталық пен аналықтан тұрады. Бұл жөнінде М. Жолдасбековтің «*Орхон ескерткіштерінің толық Атласы*» еңбегінде кеңінен сөз болады:

«Түріктер IX ғасырда өздерінің дүниетанымын «*iki jylytz*» (екі негіз) деп атапты. «Екі негіз» ұғымы – байырғы түріктердің әлемді түсіну философиясы. Көне түріктер пайымында әлем аталық пен аналықтан тұрады. Аталықтың көктегі символы – күн, аналықтікі – ай, жердегі аталықтың символы – тау, аналықтың символы – су. Бұлардың үстіне «Тәңір» жаратушы күш біреу ғана, ол ұлы Тәңір деп түсінген.

Мұндай дүниетанымды зерттеушілер «аңыз» (миф) ретінде қабылдайды. Бұл жүйе қытай нұсқаларында *ашина*, *ашидэ* деп белгіленген. Байырғы қытай философиясындағы «инь» мен «ян» ұғымына ұқсас. Еуропа түсінігінде дуализмге келеді. Еуропа философиясы бойынша болмыс немесе құбылыс, зат қарама-қайшы бір-біріне бағынбайтын тең құқықты екі нәрседен тұрады және олар өзара бәсекелестікте, бірін-бірі жоққа шығару арқылы дамиды. Ал шығыс халықтарында соның ішінде байырғы түріктер дүниетанымында жоғарыдағы екі ұғым бір-біріне сүйеу, демеу болып, бірін-бірі толықтырады», – дейді М.Жолдасбеков [83, б. 27-28].

Бұл жүйе қытай нұсқаларында ашина, ашидэ деп белгіленген. Байырғы қытай философиясындағы «инь» мен «ян» ұғымына ұқсас. Еуропа түсінігінде дуализмге келеді. Еуропа философиясы бойынша болмыс немесе құбылыс, зат қарама-қайшы бір-біріне бағынбайтын тең құқықты екі нәрседен тұрады және олар өзара бәсекелестікте, бірін-бірі жоққа шығару арқылы дамиды. Ал шығыс халықтарында соның ішінде байырғы түріктер дүниетанымында жоғарыдағы екі ұғым бір-біріне сүйеу, демеу болып, бірін-бірі толықтырады», - деген пікірі дәлелдей түседі [83, б. 157].

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесін зерттеген Г.А. Адаеваның пайымдауынша: «Ерте заманда, дамыған көшпелілікке дейін, яғни шамамен б.з.д. 1 мыңжылдықтарға дейін, дей-түркілердің дүниетанымында дүниенің басты, белсенді бастамасы әйел жынысты болған. Жасаушы, тудырушы, қорышы, күзетші, жебеуші, қамқоршы, емдеуші, білім беруші, құпия білім, өнер иесі, қиратушы, жазалаушы, бәрі – әйел.

Ежелгі түркілердің дамыған көшпелілік сатысына өтуіне байланысты еркектік бастама айқындалып, белсенділігі күшейе бастайды. Ол түркілердің ғарыш үлгісі түріндегі баспанасы киіз үй кеңістігінің де, ішіндегі жасауының да қатаң түрде еркек – әйел болып бөлінуінен көрінеді. Және оң, яғни дұрыс жақ – еркектік, қарама-қарсы сол жақ әйелдік болып саналады. Кейінірек дала мәдениетінің дамуына байланысты кеңістікті қала-дала деп бөлгенде қала әйелмен сәйкестендіріле бастады. Бұл Ұлы Ананың мәдениетке қамқоршылық функциясы туралы түсінік көрінісі болып табылады. Көк түріктер заманында түркілердің патриархаттыққа өтуіне байланысты Тәңірдің әке-құдайлық белгісі

айқындалып, беделі жоғарылағаны көне түркі жазбаларында Тәңір сөзінің кейде жеке, кейде екі әйел құдай Жер-Су және Ұмайдың алдында аталатынынан байқалады. Бұл кезде дүниенің қос жыныстық бастамасы бірін-бірі толықтырушы түрінде көрінеді. Және түркі қоғамының гендерлік ерекшелігін көрсетіп, бір ер құдай мен екі әйел құдай туралы түсінік қалыптасқан. Қос жыныстық бастама арасында тартыстық қатынас байқалмайды.

Түркілердің ежелгі діні тәңіршілдік ашық жүйе болғандықтан, дамыған көшпелілік кезеңде дей-түркілер дүниетанымында митраизм, зороастризм сияқты діндер мен сенімдер орын алған. Және олардың көшпелі дей-түркілік түбірі туралы көптеген қисындар бар. VII–XIII ғасырлар арасында түркі халқының дүниетанымында көптеген діндер мен сенімдердің орын алғаны белгілі: манихейлік, буддизм, несториандық, христиандық. Бірақ бұлардың түркілердің, оның ішінде қыпшақ бұтағының гендерлік түсініктеріне қатты ықпал етпегені байқалады. Түркілердің патриархаттыққа өтуіне байланысты әке беделі күшейгенімен, әйелге ана, бала, жар ретінде жоғарыда аталған діндердің біразында әйелге құрмет төмендеген жоқ. Осы кезеңде көптеген дүниетанымдық түсініктер еркектік сипат ала бастады. Ер адаммен байланысты қасиетті «жеті» саны шықты. Бұрынғы әйел сипатты тоғыз, қырық сандары екі жынысқа бірдей қолданыла бастады» [85].

Түркі тілдес халықтар мифінде кездесетін жұптық баба-құдайлардың ең көне әрі әмбебап түрі - аспан-әке мен жер-ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ал екінші жағынан, неке мен отбасылық қатынастардың мифологиялық астарын көруге болады. Мелетинский пікіріне зер салсақ, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды — еркек, жерді — әйел деп түсінетін мифтік ұғым көркем фольклор мен классикалық әдебиетте поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған [86].

Жалпытүркілік мифологиялық аңыздарға үңілетін болсақ, Тәңір алдымен көк пен жерді жаратқан, одан соң жер бетіне ұрпақ әкелу мақсатында ер мен әйелді дүниеге әкелген, Құдай- әйелге Ұмай-Тәңір деген ат бере отырып, әйелді Сумер тауының ұшар шыңына, көлі сүтті (Сүткөл) Аспан тауының мұзарт шыңына алып барған. Ерекше құдыретті, ерекше қайраты күшті Тәңір иесінің демінен жел мен бұлт, дауысынан күннің күркіреуі, оң көзінен Күн, сол көзінен Ай жаратылған. Ендеше еркек пен әйел арасындағы сүйіспеншілік пен махаббатты да, болмысты, оның бір бөлшегі сұлу табиғатты да Құдай жаратқан болады. Өз бастауын ежелгі дәуірден алатын осындай мифологиялық түсініктер ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз әңгімелерде, халық ертегілерінде молынан сақталған [87, б. 188-189].

Түркі халықтарының әлемнің жаралуы, дүниені тану туралы мифтерінде аспанды – әке, жерді – ана деп тану сенімі бар. Бұл жерде әлем халықтары мифологиясымен ортақ сипатты айта кеткен жөн. Шумер мифологиясында алғашқы жаратушы Апсу мен жаратушы ана Тиамат делінеді; Ежелгі Грек мифологиясында аспан Уран, ал, жер Гея бейнесінде сипатталған; Ежелгі

Мысыр мифологиясында Атум құдайдан Шу мен Тэфнут жаралып, олардан Геб пен Нут дүниеге келеді. Геб – жер құдайы (еркек), ал Нут – аспан құдайы (әйел). Ежелгі үнділердің ведалық мифологиясындағы аспан құдайы Дьяус Питар пен жер құдайы Притхиви дүниенің жаралуы туралы алғашқы түсініктердің үндестігін танытады.

Ежелгі Қытай мифологиясында аспан-еркек Ян және жер-әйел Инь түрінде түрінде сипатталады, бұл екеуі қарама-қарсы болғанымен бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Ал, түркі халықтары мифологиясында бұл танымды көрсететін мифтік образдар – аспан-әке-Тәңір мен жер-ана Ұмай. Осы деректерге назар аударсақ, әлемнің жаралуы туралы мифтік дүниетанымдарда еркектік және әйелдік бастау тұрғаны мифологиялық түсініктердегі ұқсас сипаттардан байқалады.

«Күлтегін» жазуындағы «Тағдырды Тәңірі жасар» деген тіркестің астарында бүкіл адам баласының тағдыры, амандық-саулығы сол Тәңірінің қолында, ол өз билігін көк биігінен іске асырып отырады деген сенім жатыр. Басқа халықтар мифологиясында аспан мен жердің арасында белгілі дәрежеде қарама-қарсылық болып, күрес жүрсе, түркілердің мифологиялық танымында көк пен жер өзара бірлікте, тұтастықта сипатталады. Мифтік әңгімелерде, фольклордың басқа да жанрларынан орын алған мифологизм көріністерінде ондай күрес, қайшылық мүлде жоқ. Сонымен аспанға көз жіберген ежелгі түрік осы өмірге өзінің дүниетанымын кеңістік тұрғысынан қалыптастырған. Ол тік кеңістіктің үстіңгі бөлігін Тәңірі әлеміне (Аспан) және өзінің орталық әлеміне, Жер мен Суға бөлді, осылардың бәрінің жиынтығын тіршілік ету көзі деп қарады. Тәңір (Аспан-Әке) мен Жер-Судың (Ана) арасындағы байланыс ер адам мен әйелдің арасындағы байланысқа ұқсастырып қаралды, өйткені өсіргеннің өнімді болуы, астықтың бітік шығуы және баққан малдың көп өсім беруі сол жердің (Жер-Ананың) өнімділігінде, соның берекеттілігінде еді [76, б. 149-152].

С. Қасқабасовтың пікірі де осыны дәлелдей түседі: «Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды еркек, жерді әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен діни нанымында ғана сақталып қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде де көрініс тапқан» [88, б. 90]. Оған Абайдың «*Жазғытұрым*» өлеңіндегі мына жолдарды мысалға келтіреді.

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер

Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкендей үстіңе аспан төгер [89, б. 29-30].

Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізін зерттеген ғалым М.Қ. Ескеева: «жалпы көне түркі тіліндегі бинарлық жұптар лексика-семантикалық сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді, олардың негізгілері: сакралды – дерексіз – әмбебап оппозиция: Тәңрі – Ұмай, Құт – Ұмай; сакралды деректі – әмбебап оппозиция: Көк – Жер-су; уақытқа байланысты оппозиция: күн – түн, жаз – қыс т.б.; кеңістікке байланысты оппозиция: сол – оң, батыс – шығыс, т.б., түр-түстік гаммаларға байланысты оппозиция: ақ – қара, боз – бурыл, қызыл – қара т.б.; әлеуметтік сипаттағы оппозиция: әке – шеше, іні –

келін, ұл – қыз т.б.; қоғамдық сипаттағы оппозиция: қаған – қатын, қаған – халық, құл – күң т.б.; табиғатқа байланысты оппозиция: көл – шөл, от – су; көлемге байланысты оппозиция: аз – көп, үлкен – кіші т.б., сын-сапаға байланысты оппозиция: аш – оқ, арық – семіз, жақсы – жаман т.б.; іс-әрекетке байланысты оппозиция: ал – бер, бар – кел, ұш – қон т.б.», – деп көрсетеді [84, б. 18].

Ежелгі түріктер мифологиясында Ұлы Баба, содан кейін жасампаз Ұлы Әке (Танг>Тәңір) мен Ұлы Ана (Танг>Тана) гендерлектілерінің болғаны анық. Осы салада іргелі еңбектер жазған зерттеуші С. Қондыбай: «Ұлы Баба» бейнесінің кейбір есім нұсқаларын қалыптастыруға ұйытқы болған атаулардың бірі – «әже», яғни «белгілі бір әулеттің әйелдерінің ішіндегі ең үлкені», «әкесінің шешесі» дегенді білдіретін ұғым. Қазақта «әже» сөзінің басқа бір фонетикалық нұсқасы деуге болатын «ажа» деген сөз де бар («әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ»), соңғысының мағынасы «белгілі бір әулеттің, ауылдың, рудың беделді басшысы» дегенге саяды» [86, б. 24]. Әйелдің, ананың үлкеніне қатысты гендерлектілер:

- «Ажа», «әже», «ажын» (абысын-ажын), «ашына» сөздері.

- Мадияр тілі мен мифіндегі христиандық құдайды дүниеге келтіруші ана (богородица) да ежелгі түркілік атауды сақтаған, ол boldog-asszony делінеді, яғни атау «бақыт (байлық) анасы» дегенді білдіреді, мұндағы «асзони» («ажони») мен қазақша «ажын» – бір сөз, екеуі де "отбасындағы, рудағы ең үлкен әйел" дегенді білдіреді.

- Алтай тіліндегі «едже» (ейе) сөзі «үлкен апа» дегенді білдіреді.

- Моңғол тілдеріндегі «эхе», «аджи», «эджи» сөздері; моңғол тілді халықтар мифологиясында «Эхе-нур-хатун», «Эхе-Бурхан», «Эмегельджи-аджи», «Улгэн-эхе», «Эл-Галахан-Эхе», «Галэхе», «От эхе», «Од эхе», «Ут эхе» деген есімдердегі «ухе», «эджи» сөздері мен қазақша «әже» сөзі біртекті және бір мағынаға ие.

- Моңғол тіліндегі «охин» (окон, ухин) сөзі де әйелге қатысты «ару қыз», «бойжеткен» дегенді білдіреді.

«Еже» сөзі «ілкі уақыт», «уақыттың бастауы» дегенді білдіреді: «ежелгі» (еже-іл, еже-ілкі – древний, изначальный; еже йыл – древний, изначальный год), «ежелден», «ежеқабыл», «ереже»; бұл мағына «еже/әже» сөзімен туыс (бұл жерде «әже» – «үлкен, жасы үлкен әйел» мағынасы «үлкен», «жасы үлкен», «кәрі», «уақыты жағынан бұрынырақ», «баяғы уақыт», «ежелгі» деген мағына тізбегін туғызған).

- «Аналардың үлкені» деген мағына берген «ажа/еже» немесе «ажын/ежен» сөздері «үлкендік» мағынаны жалғастырып, «ғалам, дүние» деген ұғымды да туғызған: М. Қашқари сөздігінде «ажұн» (дүние) сөзі осындай жолмен пайда болған [74, б. 26].

«Еже» сөзі «ұлы бабалық» есімдер болып табылатын «ергежейлі» (ерг-еже-й-лі), «ұрғашы» (уруғ-ашы), «нағашы» (наға-ашы), «айдаһар /аждаһа / ажи / дахака», «эхидна», «ахи-будхня», «қалаш» (қал-ашы) т.б. сөздерде бар.

Міне, түркі тілдеріндегі «ажа», «еже» сөздері бір мезгілде «ана», «ерте заман», «дүние» деген үш мағынаға ие болып тұр. Өздерін жылан-анадан, жылан текті Бастапқы Әжеден бастау ежелгі дравид-дей-түркі өркениетінің негізгі антропогониялық гендерлектісі болған.

«**Ұрғашы**» гендерлектісінің бүгінгі мағынасы (кез келген тіршілік иесінің аналығы (самка)), ол да «ұрық» (род, зародыш, эмбрион, поколение) сөзіне «әже» (ажы, ашы) сөзінің жалғануынан шыққан (уруғ-ашы).

Дей-түркілік «урв» (урув) және «аши» сөздерінің қосылуынан шыққан «Урваши» сөзінің қазақ тіліндегі «ұрғашы» сөзіне ұқсастығын («урваши» < «ұрғашы») аңғаруға болады. «Ұрғашы» гендерлектісінің бастапқы нұсқасы – «ұрық» - «ажи», яғни рудың, ұрпақтың әжесі дегенді білдірсе керек» [74, б. 238].

М. Қашқари сөздігінде «ұрағат» (әйел), «ұры» (бала) сөздері де [90, б. 118; б. 168], осы қатарға бүгінгі қазақ тіліндегі «ұр-ық» (семья, сперма, род, потомство), «ұр-пақ» (поколение, потомство), «ұр-ім-бұтақ» (поколение, потомство), «өр-ен» (подросток, отрок), «ру» (ұр-у, ұр-уғ – род, племя), «ұр-ғашы» (самка, женщина) сияқты, бастауында ұр (ур) көне формасы жатқандығын байқауға болады. Тағы бір жайт – «ур» праформасы «жылан» деген де мағына береді.

«**Ұрғашы**» гендерлектісіне қатысты «ұр-ғашы», «ұрық-ашы», «уруғ-ашы» дегендегі «ашы» мен Махмұт Қашқари сөздігінде көрсетілген көне түркі тілдеріндегі «ешә» (үлкен апа), «ашы» (кексе қатын), «іші» (жасы үлкен апа, бастапқыда апа), «эге» (әпке, үлкен апа) сияқты сөздерді [90, б. 116-119] және жоғарыда келтірілген ежелгі шумер тіліндегі sal<шал (чуваш тіл.)<іші<ашы сөздері арасындағы тілдік байланыстың мазмұндық қатпарларын салыстыруға болады (сөз мағыналарының түп төркінін анықтауда ұсынылған этимологиялық мәліметтердің бірқатары мифтік-лингвистикалық (аталық-аналық бастау) талдауларда қарастырылды.

Матриархат заманындағы мифологиялық келтірімде Ұлы Баба бүкіл ғаламды қоныстанған тірі пенделердің барлығын да жасаушы, тудырушы деп түсінілген сыңайлы. Кейінірек бұл түсінік әлгіндей жасампаздық қызметке ие «бастапқы тәңір текті қосақ» – еркек пен ұрғашы тәңірлер гендерлектісіне (түсінігіне) ұласты. «Мысалы, үнді (үндіарий) мифологиясында Дьяус пен Притхиви; батыс семиттерде – Илу мен Асират; ежелгі майяларда – Кукуман мен Тепеу; енисейлік кеттерде – Есь пен Хоседэм; маорилерде – Ранги мен Папа; скифтерде – Папай мен Апи; гректерде – Зевс пен Гера (Демитра); көк түріктерде – Тәңір мен Ұмай т.б. бастапқы тәңірәуи қосақтар ретінде көрсетуге болады», – дей келіп, – С. Қондыбай – қазақ реалды мифологиясында Ұлы Бабаның нақты сипаты сақталған бейнесі жоқ, көне түркілік мифтік дәстүрде тек Тәңірдің қосағы ретінде қарастырылған Ұмайдың (Май-ененің) ғана есімін атауға болады», – дейді [74, б. 7-9].

Тәңір ұғымын, оның жаратушылық рөлін, Ұмай бейнесін ғалымдар түрліше сараптайды. Тәңір туралы сенім мен түсініктерді тиянақты зерттеген

Ш. Уәлиханов қазақтарда «тәңгірі»- «аспан» дегенді, ал «көк тәңгірі» – «көк аспан» деген сөздерді білдіреді дейді [91, б. 50-51].

Атап айту керек, «тенгри» ұғымын б.д.д. III ғасырда ғұндар кең пайдаланған (тарихи деректер бойынша ғұндар қазіргі Қазақстан, Орта Азия мен Шығыс Түркістанда біздің заманымыздан бұрынғы ғасырларда жасаған түркі тілдес тайпалардың арғы тегі болып табылады). «Тәңірі немесе «тенгри» ұғымының алғашқы қолданымдары шумерлерде «дингир», қытайларда «тянь» ұғымдары аспан дегенді білдірген, бірақ бұл жай ғана аспан емес, аспанның рух-иесі есебінде тіршілік ететін және көрінетін жері. Сол сияқты «тәңір» алтай тілінде тенгри, тенгери; шор тілінде тегри; хакастарда тигир; туваларда дээр; чуваштарда тура; якуттарда тангара; буряттарда тэнгэри, тэнгри түрінде кездеседі [92, б. 523].

Көне түркі жазба ескеркіштерінде түріктердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Оның рақымымен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген». Орхон жазуларында: «Аспан менің әкем Елтеріс қаған мен менің шешем Елбілге қатынға өзінің биік заңғар биігінен билік етіп, оларды халықтан жоғары көтерді» деп келтірілген [80, б. 37].

Әйел текті мифтік гендерлект *Ұмай* жөнінде көп айтылып та, жазылып та жүр. *Ұмай* – дейтүркілік мифологиядағы Ұлы-Ана есімдерінің бірі. «Ұмай» есіміндегі көне форма – «ум» < «йум» < «нум»/ «ңгум» оның шумерлік «*Намму*» мен самодилік «*Нум*» сияқты ұлы аналық есімдермен бір тектес деген дәлелдер бар [74, б. 17].

Ежелгі түріктер *Ұмайды* өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпірқосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек әйтпесе қыз ретінде таныған. Ол атамекенді, жанұяны балаларды қорғап, үлкенге де кішіге де қамқор болып, адамның ұрпақ жаюына, тайпалардың күшеюіне көмектеседі деп табынған. Қазақстанның Жамбыл облысындағы Билікөлден Құдырғы тасына ұқсаған тас қабырғаның қалдығы табылды. Сол таста Тәңір мен *Ұмайға* түрік әскерлерінің сиыну сәті бейнеленген, онда *Ұмай* үш мүйізді бас киім киген. Сол кезден бастап патша әйелдерді *Ұмаймен* салыстыру кең тарады: *Ұмайтег огим хатун (менің анам Ұмай сынды)* [76, б. 153-155].

Кейінгі қазақ, қырғыз тілдерінде *Ұмай* есімі «*Май-ене*» түрінде сақталған. Ол жас босанатын келіншектердің, жалпы әйелдер мен жас нәрестелердің қамқоршысы болып есептелген. Ал жас келіннің ата-енесінің үйіне кіргенде «*отқа май салуы*» – бұрыннан да, қазірде де белгілі салт-дәстүр. Оны «*Ұмай анаға*», яғни әйелдердің өз иесіне арнап салған. Бұл жас келіннің сол үйдің отының қасына келгендігін білдіруі, сол оттың басындағылардың бірі болатындығын көрсету болған. Мәселен, хакас тілінде *Ұмайды* «*Ымай идже*» деп атайды. Мұндағы «*ымай*» сөзі «жан» («жандық күш») деген мағынаны білдіреді. «*Ымай идже*» мен «*От идже*» апалы-сіңлілі болып есептеледі. Ал сағайлықтар *Ұмайды* «*Улуг ах ине*» («*Ұлы ақ ене*») десе, якут тілінде «*жану*» («*воспламениться*») сөзі «*умай*», «*умайан*» деп аталады [93, б. 93-94]. Сонымен

катар Ұмай үй шаруасының да (әйел қолөнерінің де) қамқоршысы болып есептелген. Тіліміздегі «Менің қолым емес, Бибатпаның (Бибі Фатиманың) қолы» тұрақты гендерлектісі бір кезеңдері «Менің қолым емес, Май-ененің қолы» деп қолданылған.

«Ұмай» сөзіне байланысты Қ. Жұбанов былай деді: «Мусульманская религия не оставила место чистому виду культа Умай у казахов. Но зато процедура почитания Умай сохранилась в довольно чистом виде. Во время родов женщины бросают в огонь масло или сало, обращаясь при этом к какому-то забытым божеством со словами: "От ана! Май-ана! Жарылқа!" Они не знают такого божества. Но ее имя произносится казахами иначе, чем в Сибири, как май без изначального гласного у. Название покровительницы матерей-кормилец могло стать и названием матери женщины и названием материнских ее органов...» [94, б. 418-41].

Жалпы алғанда, зерттеулердің көпшілігінде Ұмайдың «Аспан-әке – Жер-ана» қосағындағы Тәңірге «жұбай» болып шығуын нақты түркі дәуірімен (II-V ғ.ғ.) сабақтастырады. Олай болса, Орхон-Енисей және одан кейінгі ғасырлардағы жазба мәтіндерде сақталған Тәңір мен Ұмайға байланысты мифтік бейнелер нақты тарихи уақыт бөлігінде қалыптасқан түсініктер деуге болады.

С. Қондыбай зерттеулерінде «Тәңір» сөзі «таң/танг» көне формасы арқылы түсіндіріледі. «Таң /танг» – бастапқы тіршілікті, ғаламды яғни уақыт пен кеңістікті туғызатын, қозғалысқа келтіретін негіз. Демек,

- Танг – тіршілікті туғызушы құрсақ, бастау, яғни – ана («Тана», «Таз», «Дану», «Танар», «Эхидна», «Ажи-Дахака»);

- Танг – тотемдік ананың/әкенің атауы (айдаһар, жылан, құс, ит);

- Танг – алғашқы құрсақтан (анадан) туған алғашқы тіршілік иесі, алғашқы ұрпақ, алғашқы бала; ол адам болып та, мақұлық болып та көрсетіле алады. «Тан/танг» бір мезгілде тіршілікті жаратушы бастау, негіз (ана мен ата) де, сол бастаудан жаратылған бала да бола алады. Яғни бір есіммен бір-біріне қарама-қарсы мағыналы жұптар (әйел-еркек) қалыптаса алады [74, б. 29-30].

Ежелгі түріктер өздерінің шығу тегін көк бөріден деп түсінген. Түріктер үшін қасқыр тотем болған. Түрік байрақтарына бөрінің басы алтынмен әшекейленіп салынған. Көк бөріден тараған түріктер жайындағы аңыз-әңгімелерді Н.Я. Бичурин көне қытай жазбаларынан және «*Нибелунг туралы жыр*дан» алған. Л.Н. Гумилев өзінің «*Көне түріктер*» деп аталатын еңбегінде Н.Я. Бичурин еңбектеріне сілтеме жасайды [79, б. 23].

Көк бөрі жөнінде бізге жеткен мәтіндердің бірі «*Көк бөрі*» дастаны – Ұлы Түрік қағанатын құрған көк түріктердің ежелгі ататегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасуын түрлі аңыздар негізінде жыр еткен эпос. Алайда дастан түгел сақталмай, Қытай көне жазбаларындағы шағын прозалық үзінділер арқылы жеткен.

Дастанда Түрік мемлекетін басқарған Ашина көсем жайындағы хикая, ғұндар тайпасына енетін «*Ашина*» деп аталатын «бес жүз шаңырақ ру» туралы айтылады. *Ашина* сөзі «асыл текті қасқыр, бөрі» деген мағына береді. Мәселен,

аңыздағы «Тоғайда жортып жүрген бөрінің бір қаншығы саздақта қансырап жатқан баланы тауып, өз ініне апарып асырайды. Ақыры сол баладан қаншық бөрі буаз болады... Буаз болып қалған қаншық қасқыр алыстағы Алтай тауларына барып, сонда он бала табады. Бұлар бірте-бірте өсіп-өніп тұтас бір тайпаға, ұлысқа, халыққа айналады. Бұларды «*Ашина*» әулеті яғни «*бөрі тектілер*» деп атап кетіпті. «Көк түріктер осы әулеттен өрбіпті» деген сюжеттер сарыны қазақтың батырлар жырлары мен ертегілер мәтіндерінде жиі ұшырайды [95, б. 52-54].

Фольклорлық материалда Ұлы Баба тек адам (әйел, ұрғашы) кейпінде ғана емес, жануар не құбыжық кейпінде көріне алады. Оның «*жыландық, айдаһарлық, құстық*» (қаракұс, алып қара құс, самұрық, шыңырау құс, қарақара, тырна, аққу, дегелек, төлеқұс, бүркіт т.б.), «*жануарлық*» (бұғы, киік, марал, елік, бөкен, сиыр, бие т.б.), «*жыртқыштық*» (аю, қасқыр, ит т.б.) бейнелері бар. Ұлы Бабалардың өзі бейнелік дамудың әр түрлі кейіптену сатыларынан өткен [74, б. 10].

1. Жануарлар, құстар кейпі басым болады – зооморфизм, орнитоморфизм.
2. Аралас кейіптер (мысалы, айдаһар) шыға бастайды – тератоморфизм.
3. Адам бейнесінің кіре бастауы – антропоморфизм.
4. Адам (әйел) бейнесінің үстемдікке жетуі.
5. Андрогиндік (қызтекелік, гермафродиттік), яғни жартылай еркек, жартылай әйелдік тұрпат.
6. Патриархат дәуіріндегі Ұлы Ана бейнесі мен есімінің еркек құдай не еркек түп ата бейнесі мен есіміне айналып кетуі.

Ұлы Баба ылғалмен (сумен), сүтпен байланысты болып шығады. ...Танг көне формасынан өрбіген сөздерден суды, жылан / айдаһарды және ұрғашыны (*шеше, әйел, қыз* т.б.) білдіруі мифтерде бір мезгілде осы үш сипатты ұштастырған бейнелердің қалыптасуына ықпал етті: қазақ фольклорындағы су перісінің қыздары, пері қыздары т.б.

Сонымен ілгеріде талдау жүргізілген ғылыми деректерге сүйене отырып, төмендегідей тұжырым жасадық:

Тәңір – Ұмай – түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі, мифологиялық концепт – лингвомифология.

Тәңір – Ұмай – ежелгі түркілердің мифологиялық дүниетанымындағы аталық және аналық бастау.

Тәңір – Ұмай – түркі халықтарындағы «еркек – әйел» гендерлік оппозициясын білдіретін, табиғат дуализмін сипаттайтын базалық бинарлық жүйелердің бірегейі.

Тәңір – Ұмай – түркі әлемінің мифологиялық бейнесі мен мифологиялық ойлау жүйесінің көрінісі, жалпытүркілік мәдени және ұлттық ерекшеліктердің негізі.

Тәңір – Ұмай – түркі халықтары мифологиясында мифтік образдар, жұптық баба-құдайлардың ең көне әрі әмбебап түрі – аспан-әке-Тәңір мен жер-ана Ұмай.

Тәңір – Ұмай – бастапқы тәңірәуи қосақтар, Тәңірдің қосағы – Ұмай (Май-ене) аспан мен жердің өзара біртұтастық уәжі (мотиви) барлық ақиқат болмыстың арғы ата тегі, ежелгі ерлі-зайыпты жұп (С.Қондыбай).

Тәңір – Ұмай – тілдегі гендерлік қарама-қарсылықтарды сипаттауға негіз болатын маскулиндік пен фемининдік категориялармен байланысты ұғым-түсініктердің/белгілердің тілде құрылымдануын айқындайтын лингвомифологема.

Қорыта келгенде, түркі тілдеріндегі мифтік танымның көріністерін зерделеу арқылы гендерлік тіндердің онтологиялық бастауы аталық және аналық (Тәңір – Ұмай) жұптық қатынастары негізінде мифологиялық ғалам үлгісіндегі маскулиндік пен фемининдік рөлін айқындауды мақсат еттік.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Ғаламның гендерлік бейнесі дәстүрлік қалыпты сақтай отырып әлемнің мифологиялық, діни немесе философиялық бейнелерімен ұштасып келіп, заманауи интеграциялық рухани білімді өзектейді.

Гендерлік бейне әртүрлі мәдениеттерде екі бастаудың бар екендігі туралы ұғымға негізделеді: бір-бірімен тығыз байланысты және бір мезгілде өзара бәсекелес, өзара бірін бірі толықтыратын және бір-біріне оппозициялық сипатта болатын – ерлер мен әйелдер.

Гендерлік теорияның негізгі ережелерін қалыптастыру үдерісінде маскулиндік (еркектік) және фемининдік (әйелдік) ұғымдары ғаламның гендерлік бейнесінің негізгі категориялары ретінде қазіргі ғылымда мәдени метафора, гендерлік концепт түрінде зерттеліп келеді. Алайда бұл категориялар қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өзгерістердің әсерінен динамикалық түрде өзгереді, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік және тарихи жағдайларда қарым-қатынас үдерісінде модельденеді және тілде көрініс табады.

Гендерлік белгілердің тіл деңгейлеріндегі көрінісін сипаттау, ғаламның гендерлік тілдік бейнесінің (гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар) концептуалдануын сипаттайтын тілдік тәсілдерді анықтау және соларға сәйкес мәдениетаралық салыстырулар жүргізу гендерлік зерттеулерде өзекті мәселелер қатарында қарастырылады.

Гендерлік концепт санада танылу деңгейі мен ақиқат дүниенің болмысына, өзіндік ерекшелігіне қарай, метафизикалық (*аталық-аналық бастау*), адамзаттық (*еркек, әйел*), мәдени (*маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік)*) деп шартты түрде жіктеледі. Гендерлік концептосфера – халықтың дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» орын алған жыныс өкілдеріне негізделген кешенді білім жиынтығы.

Гендерлік концептілердің тілдік-әлеуметтік мәнін ашу, лингвомәдени сипатын зерделеу маскулиндік (еркектік) пен фемининдік (әйелдік) концептуалдандырудың ұлттық және мәдени ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Ғаламның гендерлік тілдік бейнесінде көрініс тапқан

гендерлік концептілерді динамикалық зерттеу – түркі тілдерінің заманауи идеяларын зерделеуге, диахрониядағы ұжымдық тәжірибенің нәтижелерін көрсететін мәдениеттің концептуалдық көзқарастарын вербализациялау тәсілдерін анықтауға көмектеседі.

Мифтің қалыптасуындағы аталық және аналық негіз - мифтік дүниетанымның мазмұндық-формалық негізін құрайтын, мифологиялық жүйеге тұтастық сипат беретін онтологиялық бастау. Аталық пен аналық бастау әлем жүйесіндегі рух пен материяны білдіретін «біртұтас негіздің екі жағы» болып табылады. Рух пен материяның және әке мен ананың біртұтастығы әлемнің негізгі заңдылығы, ғаламның жаратылуы, дамуы және өмір сүруі осы заңдылықтың негізінде жатыр.

Ғаламның гендерлік тілдік бейнесі, түркі әлемінің *гендерлік тілдік бейнесі*, оның ішінде *аталық/аналық бастау* ұғымдары мен олардың мәдени-символикалық корреляттары Тәңір – Ұмай мифологемдері аталық және аналық бастаудың символы ретінде түркі әлемінің гендерлік тілдік бейнесінің лингвомифологиялық моделін үлгілеуде басты ұстаным болып табылады.

Маскулиндік (еркектік), фемининдік (әйелдік) концептілері аталық-аналық бастаудың жұптық қатынастарын өн бойына жинақтаған, олардың күрделілігі мен әртүрлілігі метафоралы мағынада ұғынылуында бацланысты болса керек, себебі түп төркіні мифологиялық ойлаумен байланысып жатыр. Бұл ұғымдар барлық халықтардың космогониялық таным-түсініктерінде кездеседі. Оларда адамзат болмысының, яғни еркек пен әйелдің изоморфтық ипостасиясы көрінеді.

Гендерлік категориялаудың метафоралық табиғаты (аталық-аналық бастау) жансыз заттар мен құбылыстардың адам санасында еркектік, әйелдік белгілермен ассоциациялануы арқылы айқын көрінеді.

Түркі гендерлік концептілер жүйесінде концептуалдық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-гендерлік, оппозициялық таптаурындау қағидаттары маскулиндік және фемининдік гендерлік модельдерді түрлі коннотациялық және гендерлік концептілер тұрғысынан қалыптастырады.

Жыныстық негізде (еркек-әйел) қалыптасқан маскулиндік пен фемининдікті жұптық қатынастарда қарастыру дәстүрі, гендерлік оппозиция қазіргі мәдени-әлеуметтік өмірдің өзекті мәселесі болып отыр. Сол себепті, тілдік қазынамыздың гендерлік-мифтік (аталық-аналық бастау) төркінін зерделеу маңызды.

2 ТҮРКІ ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТОСФЕРАСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МОДЕЛІ

2.1 Гендерлік концептосфераның құрылымдық моделі

Бүгінгі таңда лингвистикалық зерттеулерде тіл мен адам, тіл мен әлеует, тіл мен мәдениет, тіл мен таным арасындағы байланыстарға және өзара ықпалдасу үрдістеріне терең назар аударылады. Тілдің әлеуметтік, когнитивтік және мәдени аспектілеріне зерттеулер жүргізген ғалымдар, соның ішінде, Е.В.Добровольская [96], С.Г.Воркачев [97], В.И.Карасик [59, 98, 99, 100, 101], В.А.Маслова [102, 103, 104], З.Д.Попова [105, 106], М.В.Пименова [107], В.Н.Телия [33] сынды шетелдік ғалымдар және Ә.Қайдар [108], Б.Хасанұлы [9, 36], З.К.Ахметжанова [109], Ж.Манкеева [110], Ә.Д.Сулейменова [111], Н.М.Жанпеисова [112], Г.Т.Шоқым [2, 37, 38], А.О.Тымболова [113], Қ.Б.Күдерінова [114], А.К.Бақытжанова [115], М.Т.Куштаева [116], А.Әмірбекова [117], А.М.Байғұтова [48], М.Е. Әділов [118] т.б. бүгінгі таңда тілдесушінің (коммуниканттың) жалпыадамзаттық, ұлттық-мәдени және жеке қасиеттері тілде қалай бейнеленетіні туралы мәселелер, тіл мен ұлттық мәдениет, ғаламның тілдегі бейнесі, оның тілдік құралдар арқылы көрініс табу жолдары басты назарға алынуы маңызды екенін зерделейді. В. А. Маслованың көрсетуінше [104, б. 15], тілдің күнделікті қарым-қатынастағы қызметі мен сипаттары және қоғамдық өмірдегі рөлі маңыздырақ болуы тиіс. Адамның өмірлік салаларындағы тәжірибесі (когнитивтік, әлеуметтік, гендерлік, әрекеттік, эмоционалдық, психологиялық т.б.) ғаламның бейнесі, яғни қоршаған дүниенің моделі түрінде қалыптасатын болса, ғаламның гендерлік бейнесі лингвомәдениеттану мен лингвоконцептология салалары тұрғысынан зерделеуді қажет етіп, бүгінгі таңда гендерлік лингвомәдениеттану мен гендерлік лингвоконцептология бағыттарының ғылыми дербестік алуына назар аудартады. Түркі гендерлік болмысының осы күнге дейін жүйелі сипатта зерттелмегені анық (бұл туралы I бөлімде қарастырылды); ғаламның гендерлік бейнесінің тілдік үлгіленуі түркі дүниетанымының ұлттық-мәдени және мәдени-әлеуметтік категориялануы мен концептуалдануына негіз болатыны сөзсіз. Осыған орай гендерлік концептосфераның құрылымдық жүйесі лингвоконцептуалдық саладағы теориялар мен типологияға және диссертациямыздың лексикографиялық, паремиологиялық, тәжірибелік деректеріне талдау жүргізу негізінде қалыптастырылып ұсынылады.

Лингвистикалық зерттеулерде *концептуализм* бағыты С. А. Аскольдовтің «Концепт және сөз» («Концепт и слово») атты белгілі еңбегінен бастау алады. Бұл ғылыми зерттеуінде автор *концептіні* тегі бір, ұқсас көптеген белгісіз заттарды ой барысында ауыстыратын *ойлау туындысы* ретінде анықтайды [119, б. 269]. Ғалымның көрсетуінше, *концепт* нақты бір ақиқат заттардың өзін *ауыстырушы* сипатында болумен қатар, заттардың нақты бір қызметін немесе тұстарын да қамти алады; мәселен, біздің зерттеу жағдайымызда *гендерлік концепт/концептосфера* «Адам» атты гиперконцептінің мәдени-әлеуметтік

сипаттағы *маскулиндік* немесе *фемининдік* тұстарын бейнелейді. Жалпы С. А. Аскольдовтің «Концепт және сөз» туралы теориялық тұжырымын әрі қарай дамытуға үлес қосқандар қатарында Д. С. Лихачев пен Ю. С. Степановтың ғылыми мектебі болды.

Д. С. Лихачев ізашары С. А. Аскольдовқа қарағанда, *концепт* сөздің өзі үшін ғана қызмет етпейді, ол, біріншіден, сөздің әр негізгі (сөздік) мағынасы үшін дербес, екіншіден, *концепт* жазба және ауызша сөйлеу тілінде қолданылатын мағынаның «алгебралық» сипаттағы көрінісі («алгебралық белгілеушісі») деп өз тұжырымын өрбітті. Көріп отырғандай, С. А. Аскольдовтің тұжырымымен сабақтасқанымен, кейбір пікірлерінде айырмашылықтары байқалады. Айталық, Д. С. Лихачевтің көрсетуінше, адам мағынаның күрделі ауқымын игеруі мүмкін емес немесе үлгермей де жатады, кейде оны өз бетінше түсіндіруге ұмтылады – білім деңгейіне, жеке тәжірибесіне, салалық бағытына, мамандығына, әлеуметтік мәртебесіне т.б. байланысты [120, б. 281].

Ғалымның *концепт* туралы тұжырымды ойлары, біздің байқауымызша, оны (концептіні) *лингвомәдениеттану* саласымен байланыстырады. Бұл пікірімізді Д. С. Лихачевтің келесі сипаттамаларымен дәлелдей аламыз. Ол *сөз, мағына және концептінің* қалай қабылданатындығын қарастыру барысында *адамды* жоққа шығармауымыз керектігіне баса назар аударды. Ғалымның көрсетуінше, адамның мәдени тәжірибесі неғұрлым кең әрі бай болуына байланысты *концептінің әлеуеті* де, соғұрлым кеңірек, әрі бай болады. *Сөз* де, оның *мағыналары* да және сол мағыналарының *концептілері* де өздігінен белгілі бір тәуелсіз болмыста «өмір сүрмейді», олар нақты адами «идеоболмыста» қалыптасып қызмет етеді.

Әр адамның жеке мәдени тәжірибесі, білім қоры мен тілдік байлығына қарай сөз мағынасының ауқымдылығы мен сол мағыналар концептілерінің ауқымдылығы немесе, керісінше, олардың біржақтылығы мен смантикалық тарлығы белгіленеді. Бұл тұста айтылған «*мәдени тәжірибе*» ұғымы ұлттық, әлеуметтік, таптық, кәсіби, отбасылық және жеке тәжірибе түрлерін қамтиды.

Ал «*концептосфера*» ұғымын Д. С. Лихачев жеке адамның және бүкіл тіл жүйесінің сөздік қорында ашылатын *мағыналық әлеуеттер жиынтығы* деп белгілейді.

Талдап келгенде, С. А. Аскольдов пен Д. С. Лихачевтің *концепт* туралы ізденістері қазіргі ТМД аймағындағы когнитивтік лингвистика ғылымы үшін басты тұжырым ретінде алынды.

Ю. С. Степанов *концептілерге* қатысты өз позициясын *мәдениеттану* тұрғысынан беруге ұмтылды. «Ұғым» және «концепт» терминдерін бөліп қарастырып, *ұғымды* қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың сипат-қасиеттерін және қатынастарын бекіту арқылы жалпылау түрінде бейнелейді деп анықтады [121, б. 383-384]. Ал, *концепт* адамның сана-сезімінде қалыптасатын мәдениет шоғыры, яғни адамның менталды дүниесіне кіретін мәдениеттің түрі. Екінші жағынан, *концепт* дегеніміз – қатардағы, қарапайым адамның (мәдени құндылықтарды жасаушы емес), өзі де мәдениетке кіріп,

кейбір жағдайларда мәдениетке әсер ете алатын категория (құрал) [62, б. 40-42]. Сонда «ұғым» мен «концепт» әр түрлі білім салаларына жатады. «Ұғым» – логика мен философияда қолданылса, «концепт» – басым түрде мәдениеттануда бекітілді. Сонымен қатар, *концепт* математикалық логиканың ұғымдары жүйесінде терминологиялық мағынаға ие болып, ұғымның мазмұнын белгілейді, яғни «мән, мағына» терминіне синонимдес келеді.

Бұл диссертациялық зерттеуде қарастырылып отырған *концептілер* ең маңызды, әрі мәдени-әлеуметтік және лингвомәдени мәні бар *гендерлік таным бірліктері* (құбылыс). Осыдан келіп, жалпы *концептіні* және *гендерлік концептіні* анықтауда біз лингвомәдени бағыттың жақтаушыларына (мысалы, Ю.С. Степанов [62, 121]; В.И. Карасик [59, 98, 99, 100, 101]; В.А. Маслова [102, 103, 104] т.б.) қосыламыз. Сонда *концепт* ол – көп өлшемді мәдени маңызы бар менталды категория; тұрақты тілдік құрылымдармен синхронды және диахронды сипатта байланысатын, белгілі бір этномәдениеттің өкілдерін бейнелейтін концептуалдық бірліктер. *Концептілер*, бұл тұрғыдан алғанда, *құндылықты*, *образды* және *ұғымдық* тұстарымен кешенді сипатқа ие болып келеді. Сондықтан, концептуалдық мағына және тілдік концептуалдау мәселелерімен байланысты зерттеулерде концептінің осы аталып отырған үш (*құндылықты*, *образды*, *ұғымдық*) саласы арнайы қарастырылып отырады. Концептіні зерттеген ғалым С. А. Зыкованың [122, б. 8] сөзімен айтқанда, концептілер ой елегінен өткізіліп қана қоймайды, олар адамның өмірлік тәжірибесінен өтіп, мағыналы да, маңызды деректерге айналады.

«*Концептосфера*» термині белгілі бір мәдени және тілдік орта шеңберіндегі өзара байланысты *концептілер* жүйесін қамтиды. Біздің зерттеуімізге қатысты ойымызды нақтылайтын болсақ, түркі тілдес халықтардың мәдени ортасы мен тілдік жүйесіндегі гендерді бейнелейтін, гендерлік болмыс, гендерлік қатынастар мен рөлдер, таптаурындар, нормалар аясындағы деректерді концептуалдандырып, оларды фразеология, мақал-мәтелдер, басқа да лексика-семантикалық, грамматикалық құбылыстар, тәсілдер мен бірліктер арқылы тұжырымдайтын концептілер жүйесін микрожүйеге жатқызсақ, гендерлік концептілердің микрожүйелері – маскулиндік және феминдік жалпы «*гендерлік концептосфера*» атты концептуалдық макрожүйені құрайды. Мұндай тұжырымды «концептосфера» мен «концепт» теориясына арналған еңбектерді (мысалы, М. В. Никитин [123]; В. И. Карасик, Г.Г. Слышкин [98, 99], С. А. Зыкова [122], М. В. Пименова [107], Д. В. Минец [124], М. А. Пащенко [125], Е. С. Кубрякова [126], Ю.С.Холод [127], Г. У. Арапова [128], З. Т. Таджибова [129] т.б.) зерделеу барысында және тілдік, этномәдени мен лингвомәдени деректерге эмпирикалық зерттеу жүргізу нәтижесінде қалыптастырдық.

Тілдік құрылымдау қағидатына сүйенсек, *концептосфера* мен *концепт* бірліктеріне жүйелік белгілер тән. Әсіресе, зерттеу материалдары анықтағандай, түркі гендерлік мәдениетіне ғана емес, түркі тілдерінде де – *гендерлік концептосфера* құрылымында *иерархиялық жүйелік* сипат басым болып келеді. Мысалдармен көрсететін болсақ, олар мынадай: әйел – қыз, беті

ашылған қыз – беті ашылмаған қыз, қыз – қайтып келген қыз, ана – ене, ана – өгей шеше, бәйбіше – тоқал, туған әпке – туыс әпке, ата – әке – ұл, қайын аға – аға, аға – іні, жезде – балдыз және т.б. Концептуалдық мағынасы жағынан да, гендерлік концептосфераның құрылымындағы алатын орны жағынан да иерархиялық байланыста тұратын, сонымен қатар, асимметриялық және коннотациялық сипаттағы лингвомәдени қатынастарды бейнелейді.

Концептосфера құрылымы жай ғана оқшауланған дербес концептілер жиынтығы емес, керісінше, ол этникалық қауымдастықтардың когнитивтік (танымдық) және мәдени аспектілерін бейнелейтін күрделі өзара байланыстар желісі; әсіресе, гендерлік концептосфера құрылымының концептілері (құраушы бөліктері) оның ажырамас бөліктері, әрі лингвомәдени және мәдени-әлеуметтік деректерді қамтып тұратын маңызды құраушылар. Гендерлік концептосфера құрылымында оқшауланған концептілер кездеспейді, олар гендерлік, лингвомәдени және ұлттық-мәдени маркерленген болғандықтан, осы аспектілер тұрғысынан алғанда өзара байлаулы сипатта көрініс табады (бұл тұжырымды толығырақ төменгі 3-кестедегі сегменттік құрылым немесе концептуалдық салалар моделі туралы көзқараспен ұштастыруға болады).

Иерархиялық жүйелік сипаттағы гендерлік концептілер арасындағы бұл байланыстың өзі коннотациялық мәндегі деректерді байқатып тұрады және мұндай концептуалдық құбылыстар түркі тілдерін үйренуде немесе аударма жасау үрдісінде өзге лингвомәдениет үшін *лакуналар* ретінде танылуы мүмкін (кейде беймәлім лингвомәдени ақпарат ретінде назарға алынбауы да ықтимал). Мысалы, еуропалық лингвомәдениетте «тәте» («тетя» мағынасындағы – туыс әйел адам) әке мен ана жағынан бірдей ұғымда, тең мәртебеде, қосымша коннотациясыз қабылданатын *туыс әйел*; ал түркі лингвомәдениеті үшін «тәте» ауқымды гендерлік концептуалдық мағынасы бар құбылыс – *өз тәтесі* (әкесі жағынан, отбасына өте жақын, кейде ана мәртебесінде, билігі жүретін көшбасшы, кеңесші, қамқоршы, шешім қабылдаушы, отбасының ішкі өміріне араласуға «құқығы» бар, одан отбасы мүшелері «қорқуға» болатын адам ретінде қабылданатын әйел т.б.), *нағашы тәте* (анасы жағынан, жанашыр, сыйлы туыс ретінде қабылданатын, бірақ «билігі» мен мәртебесі «өз тәтесіндегідей» емес, отбасының ішкі өміріне араласуға «рұқсат» берілмеген), *туыс тәте* (туыс ағайын жағынан, туыс әйел, сыйлы, осы мәртебесіне орай «рұқсат» етілген ғана отбасылық рәсімдерге қатыса алатын, бірақ отбасылық қарым-қатынаста алшақ тұратын, субординациялық позицияда қабылданатын әйел) т.б. Осы тәріздес мысалдардан «жақын – алыс», «туған – туыс» деген қатынастағы концептуалдық оппозицияның асимметриялық сипаттағы мағыналық өрісін байқаймыз.

Гендерлік концептосфера құрылымында антропологиялық және гендерлік концептуалдық оппозицияның симметриялық мағынасынан гөрі, асимметриялық сипаты басымырақ. Бұл деректер түркі лингвомәдени жүйесіндегі андрозектілік феноменінің басым рөлін бейнелейді және экстралингвистикалық деректермен дәлелденеді (мысалы, ердің шаңырағына келу (күйеуге шығу – ер әйелді алады, керісінше емес), ерді сыйлау, ерге

қызмет ету, ердің жағдайын жасау, ерімен кеңесу, ерден жоғары шығып отырмау т.б.).

Сонымен, концептосфера ұғымын білімнің жүйелік ұйымдастырылған түрі (жүйелік жиынтығы, күрделі жүйелік желісі) ретінде қарастыруға болады; оның ұйымдастырылуы мәдени контекстегі адамдардың когнитивтік (танымдық) үрдістері (әрекеттері) нәтижесінде қалыптасады.

Ғалым Е. Терниевска концептуалдауды былай түсіндіреді: «Бұл – білімді құрылымдау және белгілі бір ақпаратты ұғынып-тануды қамтитын менталды конструкция (құрылым); концептуалдау нәтижесі ауқымдырақ жүйедегі өзара байланысты концептілердің қалыптасуына алып келеді» [130].

Сонымен қатар, концептосфера өзінің динамикалық сипатымен ерекшеленеді, өйткені этникалық қауымдастықтың тарихи және мәдени тәжірибесімен қатар дамиды. Е. Терниевска зерттеулері *концептуалдаудың нәтижесі* қарапайым концептілер жиынтығы емес, осы концептілердің басын және олардың өзара байланыстарын біріктіретін тұтас жүйе деп түсіндірді [131].

Ғалымның бұл көзқарасы Н. Плотникованың тұжырымдарымен сабақтасады, оның пікірінше, нақты бір мәдени құбылыстардың микроконцептосфераның өзі, мысалы, рәсімдер және локалды концептілер де ауқымды концептосфераға өз үлесін қосады [132]. Жеке тәжірибе мен ұжымдық мәдени ұстанымдар концептосфераның көп қырлы сипатынан локалды және жалпылама концептілердің өзара ықпалынан да байқалады.

Концептосфераның құрылымы, сонымен қатар, қоғамның этикалық және моралдық аспектілері әсерінен де қалыптасады. Бұл туралы ғалым А. Королева этикалық концептосферадағы концептуалдық оппозицияларға арналған зерттеулері [133] *концептілерді* түсінуді және оларды категориялауды моралдық құндылықтар мен мәдени нормалар анықтайтынын көрсетеді. Бұл этикалық құрылым (этикалық, моралдық, мәдени ұстанымдар, нормалар, құндылықтар) адамдардың әлеуметтік орталарда бағытталуын және өз тәжірибесін ұғынуын түсіну үшін қажет деп көрсетеді. Сонда *концептосфераның этикалық аспектілері* когнитивтік (танымдық) үрдістер мен тілдік оралымдардың қалыптасуында *мәдени контекст* маңыздылығын алға тартады.

Этикалық өлшемдерден басқа концептосфера оны құрайтын бірліктердің лингвистикалық және мәдени әртүрлілігімен ерекшеленеді. Зерттеуші М.Салим бұл тұжырымға қатысты өз ойын былай өрбітеді: «Тілдің және онымен байланысты мәдениеттің байлығы концептосфераның күрделілігімен тікелей корреляциялық байланыста болады» [134]. Бұл пікірі Ю. Адаева мен А. Султанованың зерттеулерімен нақтыланады – олар концептуалдық өрісті әдеби мәтіндерде талдай келіп, әдебиеттің мәдени құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды қаншалықты бейнелейтінін дәлелдеген [135]. Тіл, мәдениет пен ойлау арасындағы байланыс концептосфераның мәдени тұрғыдан танылуы мен сәйкестілігінің (идентификацияның) қалыптасуы үшін кеңістік ретіндегі маңыздылығын өзектендіреді.

Концептосфераның тағы да бір маңызды аспектісі – *концептілер* және олардың *тілдік сипатталуы* арасындағы *байланыс*. Зерттеуші А. Фомин метафоралау тәсілдерін анықтай келе [136], күрделі концептілерді бейнелеу барысында тілдік құралдардың мәдени контекстегі коммуникация мен танымды жеңілдететініне назар аударады.

Ғалым Л. Кретованың әдеби шеңбердегі «happiness» («бақыт») концептосферасына арналған зерттеуінде [137] эмоциялар баяндау мен тұжырымдау (нарративтік) құрылымдары арқылы қалай концептуалданатынын анықтап, концептілердің тілдік көрінісі жеке когнитивтік (танымдық) үрдістерді бейнелеумен шектелмей, ұжымдық мәдени мән-мазмұнды да қамтитынына арнайы тоқталады.

Ұжымдық мәдени мән-мазмұн туралы ғылыми пікірлер, әсіресе, эмпирикалық зерттеулер барысында, тіл иелерімен жүргізілетін ассоциативтік тәжірибелер, сауалнамалар алу нәтижесінде дәлелденеді. Бұл тұста этникалық, ұлттық, мемлекеттік, жергілікті менталитет пен тілдік дүниетаным туралы айта кету орынды. Әйел мен ерге, фемининдік пен маскулиндікке қатысты гендерлік дүниетаным түркі лингвомәдениетінде славяндық немесе еуропалық менталитетке қарағанда, әлдеқайда өзгеше. Мысалы, Н.А.Некрасовтің [138, б. 5] «Мороз красный нос» атты поэмасында фемининдік концепт, яғни орыс әйеліне тән фемининдік концептуалдық моделін түркі гендерлік моделіне салыстырмалы түрде көрсетуге болар еді (поэмадан үзінді):

«Есть женщины в русских селеньях...» ...

«... В игре ее конный не словит,

В беде – не сробеет, – спасет;

Коня на скаку остановит,

В горящую избу войдет!...».

Көріп отырғанымыздай, фемининдік концептіге қатысты славяндық мәдени дүниетанымды көрсетуде автордың нарративтік тәсілі (баяндауы) орыс әйелінің *физикалық, мінез-құлықтық* тұстарын концептуалдық көрсеткіштер ретінде негізге алған (*түркі әйелі* концептуалдық сипатталуда, негізінен, *әлеуметтік, мәдени, этикалық* жағынан бейнеленеді). Қазіргі таңда бұл поэма жолдары халықтық қолданыстағы «мақалға» айналған – «Русская баба коня на скаку остановит, в горящую избу войдет» (Орыс әйел шабыс үстіндегі атты тоқтады, өртке оранған үйге де кіріп барады); ал әлеуметтік желілердегі психологиялық және т.б. подкастарда славян әйелдері бұл рөлді маскулиндік модельге жатқызып, мұндай «мықты» әйел болудан шаршағанын баяндап, мұндай үлгіден бас тартқысы келетіндігі туралы ойын білдіреді (мысалы, танымал М. Лабковский, Ю. Меньшова, Т. Мужичкая сияқты Ютуб арнасындағы подкастар).

Түркі лингвомәдениетінде әйелге қатысты фемининдік модель немесе гендерлік мәдени дүниетаным нәзіктік, үй мен отбасын келістіріп отыратын, тұрмыс, бала-шаға ортасындағы ақ жаулықты, ибалы, дана, сүйкімді әйел; түздің адамы – ер, үйдің адамы – әйел деген таптаурындық дүниетаным гендерлік «аксиома» ретінде дәстүрлі ұлттық мәдениетте қалыптасып келген,

яғни гендерлік рөлдер «қатаң» бекітілген (мысалы, түркі лингвомәдениетінде әйелдің отбасылық рөлі туралы мынадай концептуалдық модель қалыптасқан: «отымен кіріп, күлімен шығу» «үйдің тұрмыстық бейнетін арқалау» дегенді сипаттайды; «шәй-суын ала жүгіру» «қызмет қылу»; қыз – өріс, ұл – қоныс «әйел ұрпақ әкелуші, оның негізгі миссиясы – ана болу»; әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі «әйел үйді келістіруші, тұрмысты реттеуші, үйдің берекесі»; «ер – даланың, сырттың, қоғамның, туыстың, рудың, туған жердің адамы, сыртқы шаруаларды реттеуші» т.б.).

Гендерлік концептуалдық модель түркі тілдерінде мәдени-әлеуметтік қағидатқа негізделіп, рөлдік сипатта қалыптастырылатынын байқадық, яғни гендерлік рөлге қатысты болғандықтан, әйел мен ердің *гендерлік міндеттері* алға тартылады. Мұның қазіргі қалпы мен көрінісін, орын алатын өзгерістерді ассоциативтік зерттеу барысында (диссертациямыздың 3-бөлімінде) анықтайтын боламыз. Бұл тұжырымдарымыз зерттеу деректері негізінде келесі тараушаларда лингвомәдени талдау жүргізу арқылы кеңірек сипатталатын болады, себебі бұл тарауша гендерлік концептосфера мен концептілерге қатысты жалпы сипаттарды зерделеуге және соған сәйкес ғылыми ұстанымдарымызды анықтауға арналған.

Концептосфераға арналған зерттеулерді талдау барысында оның тағы да бір маңызды рөлін анықтадық, ол – ұлттық бірегейлік пен мәдени өзін-өзі тануды қалыптастыру үрдісіндегі басты рөлді атқаратындығы. Гендерлік концептосферада бұл көрсеткіштердің екеуі де орын алады. Түркі халықтарының тарихи тағдыры мен өткені және мәдени-әлеуметтік тәжірибелері этникалық қауымдастықтардың ортақ концептуалдық іргетасын дамытуға ықпал етті.

Бұл ретте Л. Максимованың [139, б. 87] тұжырымын келтіруге болады; оның пікірінше, концептосфера – мәдени жадыны сақтаушы қор және адамдардың осы қоғамдағы өз орны туралы түсінігін қалыптастырушы.

Адамның дүниетанымы арқылы сана-сезімінде қалыптасатын алуан түрлі ой түйіндерінің реңктері белгілі бір объективтік шындықты, оның сипаттарын белгілеуге ұмтылады. Гендерлік концептілер «Адам» атты объективтік шындықтың мәдени-әлеуметтік тұстарын оның әрекеті, сипаты, болмыс түрлері арқылы құрылымдайды. Бұл тұста жалпы тілдегі концептосфера мен концептінің, соның ішінде зерттеуге алынып отырған гендерлік концептосфера мен концептілердің құрылымын ашып, оларды құраушы концептуалдық бірліктерге сипаттама беріп, ғылыми тұрғыдан нақтылау қажет.

Гендердің тілдік құрылымдарын талдау бірқатар өзара байланысты бағыттарда жүзеге асырылады, олар – әлеуметтік лингвистика, гендерлік теория, психолингвистика, нейролингвистика т.б. Лингвомәдениеттану және мәдениетаралық зерттеулер гендердің мәдени ерекшеліктерін айқындай келе, оны құрылымдаудың жалпы және өзіндік тұстарын сол қоғамның тілі мен мәдениетіне қарай анықтап, әр түрлі лингвомәдениеттегі андроэсектілік (ерлерге тән) мен гиноэсектілік (әйелге тән) деңгейлерін белгілеп сипаттайды. Түркі тілдеріне қатысты болжамдар андроэсектілік басымдығын меңзейді,

бұған қатысты зерттеуімізде түркі дүниетанымының гендерлік бейнесін тілдік концептуалдау, олардың семантикалық белгілерін анықтау, концептуалдық үлгілеу тәсілдерін сипаттау, ассоциативтік зерттеу жүргізіп, өз кезегінде гендерлік концептосфераның тілдік деректерін талдай отырып, қорытынды жасайтын боламыз.

Е. В. Добровольская концептілердің типтік жіктелімін лингвокогнитивтік және лингвомәдени зерттеулер негізінде қарастырып [96], соңғы 30-35 жылда осы мәселеге қатысты жинақталған тұжырымдар аясында алғаш рет концептілер типологиясын ұсынды (1-кесте):

Кесте 1 - Концептілердің типологиялық жіктелімі (Е. В. Добровольскаяның тұжырымына орай құрастырылды)

Когнитивтік оперативтік-мазмұндық бірлік			Мәдениеттің базалық бірлігі	
Деректер құрылымы	Сезімтал-көрнекі бейнелер	Күрделілігі әр түрлі бірліктер	Әлеуметтік доминанттар	Құндылықты доминанттар
- фрейм (субфрейм) - сценарий - сызба	- гештальттар - түсінік-көріністер - ұғымдар	- қарапайым - күрделенген - абстракцияның ең жоғары дәрежесі	- жалпы адамзаттық (әмбебап) - этномәдени - диалектілік - жеке мәдени	- көзқарас-сенімдер - идеологемалар - таптаурындар (стереотип)

Концептілердің ұсынылған типологиялық жіктелімінен көріп отырғандай, концептілердің өзі функционалдық, аксиологиялық, мәдени-әлеуметтік, когнитивтік, лингвомәдени белгі-сипаттармен ерекшеленіп, өзара күрделі, ауқымды, сатылы байланыстарда «өмір сүреді». Біздің пікірімізше, бұл жіктелім концептілердің типологиялық моделі ретінде қабылдануы тиіс.

Аталмыш модель тілдік деректерді зерттеуде интегралды тәсілді жүзеге асырып (бұл тәсіл туралы, мысалы, келесі еңбекте танысуға болады – Е.Г.Белявская [140]), лингвоменталды бейнелеу жүйелерін реттеуге мүмкіндік береді. Ал бұл жүйелер белгілі бір деңгейде концептуалдау үрдістерін көрсетіп, тілдік емес шындықтың соңғы кезеңін – ойлау мазмұнын вербалдауды түсіндіреді.

Диссертациялық зерттеулерде бұл модель негізге алынып, тілдегі құбылыстар мен деректерге концептуалдық сипаттамалар жүргізуде концептілердің түрлері нақтылануы тиіс. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің диссертациямызда гендерлік концептілер мәдениеттің базалық бірліктері және әлеуметтік пен құндылықты доминанттар мәртебесіндегі бірліктер ретінде қарастырылады. Түркі гендерлік болмысының тілдік концептуалдану ерекшеліктерін анықтауда лингвомәдени қағидатқа сүйеніп, гендерлік концептілерге осы тараптан зерттеу жүргіземіз.

Сонымен, мұндай зерттеулер концептілердің өзара байланысты типологиясын қалыптастыра алады және дүниенің тілдік бейнесінде көрініс табатын белгілі бір өмірлік саланың концептілер жіктелімін жасаудың

негіздерін айқындауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, кестедегі типологиялық модель концептілер жіктелімінің негізін құрайтын категорияларды анықтап берді, олар: деректердің концептуалдық құрылымдары, сезімтал-көрнекі бейнелер, күрделілік деңгейіне қарай концептілер, әлеуметтік шартталған концептілер, құндылықты доминанттар.

Түйіндей келгенде, ұсынылған концептуалдық құрылымдар типологиясы концептуалдау сипат-белгілерді кешенді тұрғыдан зерделеу әдісі ретінде де қолданыла алады; басқаша айтқанда, тілдік емес шындықтың вербалды бейнеленуін интегралды тәсіл арқылы зерттеуді қамтамасыз ете алады.

Жалпы *концепт* туралы қалыптасқан тұжырымдарды топтастырып, келесідей негізгі анықтамаларын бөліп шығаруға болады. Бұл талдау нәтижелерін кестеге салып көрсетуді жөн көрдік (2-кесте):

Кесте 2 - Концепт туралы тұжырымдардың түрлері

Концептінің аталуы	Сипаттамасы	Авторлар
Ауыстырушы концепт	Логикалық операцияларды жүзеге асыруда шынайы дүниедегі затты ауыстырушы	С.А.Аскольдов, Д.С.Лихачев, К.Н. Чесноков
Бейнелеуші концепт	Мәдени және құндылықты көзқарас-ұстанымдарды қамтушы	Шетелдік және қазақстандық ғалымдар және А.Вежбицкая
Дәнекер-концепт	Белгілі бір өмірлік саладағы этнос тәжірибесін жалпылайтын және ол арқылы субъекті мен қоршаған дүние арасында қарым-қатынас орнатылатын әмбебап мәдени-әлеуметтік бірлік	Ю.С. Степанов, Н.Д.Арутюнова және қазақстандық ғалымдар
Квант-концепт	Әлеуметтің жинақталған білімін құрылымдаушы	Ю.Н. Караулов, З.Д. Попова, И.А. Стернин
Кешен-концепт	Интегративтік сипаттағы түсінік – құрамында ұғымдық, образдық және құндылықты компоненттер ажыратылады	С.Х. Ляпин, В.И. Карасик, С.Г. Воркачев, Г.Г. Слышкин

Біздің көзқарасымызға «кешен-концепт» қағидаты жақын келеді, себебі, ол кестедегі алдыңғы үш концепт (бейнелеуші концепт, дәнекер-концепт, квант-концепт) түріне қатысты белгілерді толық қамтиды; бұлар лингвомәдени сипаттағы зерттеулердің мақсат-міндеттерімен тікелей сабақтасады.

Концептосфераны құрайтын категориялық бірліктердің – концептілердің құрылымдық моделін И. А. Стерниннің теориялық тұжырымдарына сәйкестеп, зерттеу бағытымызға қарай келесі сурет арқылы бейнелеп түсіндіруді жөн көрдік (1-сурет):



Сурет 1 - Концептінің құрылымдық бейнесі

Суреттен көріп отырғанымыздай (1-сурет), И. А. Стерниннің іліміне сәйкес [105], концептінің «өзегі» белгіленеді, мұны концепт құрылымының іргелі деңгейі немесе «базалық қабаты» (Стерниннің көқарастарына негізделген) болып табылады, біз бұл құрылымдағы қабатты – тірек концептуалдық қабат және осыған сәйкес тірек концептілер қабаты деп қолданамыз. Сонымен, концептінің тірек қабатының өзі сенсуалды бейнеден құралады; яғни сезіну арқылы қалыптасатын бейне және жалпыға ортақ (әмбебап) заттық код жүйесінде концептіні ойлау бірлігі ретінде кодтайтын, сонымен қоса кейбір қосымша концептуалдық сипат-белгілерді бейнелейтін базалық қабат немесе іргелі деңгей. Сипатталған «базалық қабат» немесе тірек концептуалдық қабатты құрайтын концептілер, көріп отырғандай, жай, «қарапайым», ауқымды емес концептуалдық бірлікке жатады. Күрделі концептілерде қосымша когнитивтік сипат-белгілер базалық қабатқа «төселіп», концептуалдық құрылымдық қаңқаның «бұлшық етін» құрайды. Қосымша когнитивтік сипат-белгілер неғұрлым «өскен» сайын, концептінің құрылымы да соғұрлым күрделене береді. Базалық когнитивтік (танымдық) қабаты концептінің дамуын бейнелейтін қосымша когнитивтік қабаттармен толықтырылып, концептуалдық «салмақтың» күрделенуіне алып келеді. Ал, когнитивтік қабаттар концептуалдық сипат-белгілерден құралады. Базалық қабаттың және қосымша когнитивтік сипат-белгілер мен когнитивтік қабаттардың жиынтығы концептінің ауқымын құрап, оның құрылымын белгілейді.

Концептосфера құрылымын күрделі концепт құрылымына ұқсатуға болады, оны құрайтындар:

- 1) тірек (базалық) концептілер;
- 2) жақын концептуалдық өріс (жақын периферия), яғни тірек концептуалдық қабатқа жақын орналасқан;
- 3) алыс концептуалдық өріс (шеткі), яғни тірек концептуалдық қабатқа алшақтау орналасқан өріс.

Бұл көзқарас, әрине, концептосфера құрылымын когнитивтік сала тұрғысынан талдауға жатады; атап айтсақ, концептуалдық құрылым моделі ойлау үрдісінің аналогиясын сипаттайды, бірақ сөз мағынасына қарағанда, «қатаң» құрылымдық белгілермен сипатталмайды. Концептосфераның

құрылымдық моделін концептінің когнитивтік тұжырымы арқылы нақтыламайынша, әрі қарай оның лингвомәдени моделін ұғынып зерделеу жүйесіз білімге әкелуі мүмкін. Сондықтан, диссертациялық зерттеуіміздің II бөлімінде гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделі алдымен оның логикалық-ұғымдық аспектісі тұрғысынан сипатталады (себебі концепт үнемі өзгеріске ұшырап отыратын көп деңгейлі менталды бірлік).

Концептілерді когнитивтік бағытта қарастырушылар (мысалы, И. А. Стернин [105], Н. Н. Болдырев [141, 142], Г. В. Токарев [143] т.б.) оның үш құрылымдық түрі туралы тұжырымдарын ұсынады. Осы зерттеушілердің көзқарастарын талдай келе, өз тұжырымдарымызды ұсынуды жөн көріп, келесі құрылымдық типологияны белгілей аламыз және бұл типологияны келесі тараушалардың (2.2, 2.3) талдау әдістемесінде қолданатын боламыз (3-кесте):

Кесте 3 - Концептінің құрылымдық типологиясы

Концептінің құрылымдық түрі	Концептуалдық құрылымдық белгілері	Мысалдары
1	2	3
Бір деңгейлі	Бір қабатты, жай құрылымдық концептілер – сенсуалды бейнесіне (тірек қабатына, өзегіне) ғана негізделеді; негізінен, заттық бейне түріндегі және көбіне бейнелеуіш концептілер (2-кестеде) болып келеді. Қарапайым ойлау, бір жақты түсіну, төмен зияткерлік сипаттағы таным түріне жататын және балаларға тән концептуалдау түрі.	1-деңгей: «Ана – баланы дүниеге әкелетін адам»; 2-деңгей: «Хауа ана – күллі Адамзат атаулының анасы»; 3-деңгей: Адам Атаның зайыбы.
Көп деңгейлі	Абстракциялау деңгейімен ерекшеленетін және сол дерексіз ойларды белгілейтін бірнеше когнитивтік қабатты қамтиді; концептінің бұл когнитивтік қабаттары тірек қабаттың (базалық деңгейге) үстінен дәйекті ретімен бірінен соң бірі «төселе» береді.	4-деңгей: «Ұлы Ана» категориясына кіретін мифтік бейне; 5-деңгей: «Жер ана»; 6-деңгей: «Отан ана»; 7-деңгей: «Ана тілі» т.б.
Сегменттік (салалық)	Бірнеше салалық тармақтарымен (немесе концептуалдық өрістерімен) қоршалған сенсуалды тірек қабат және бұл салалық тармақтары абстракциялау деңгейі жағынан тең болып келеді.	Сегменттік (салалық) концептінің сенсуалды бейнесі – баласы үшін жанын беретін, қамқоршы, қолдаушы, бәрін келістіруші, тіл тигізіп ренжітуге болмайтын, өмір сыйлаған адам. Концептінің салалық тармақтары немесе концептуалдық салалары: 1) <i>туыстық</i> – өмір беретін адам, «Анасыз жетім – шерлі жетім», «Анаға баланың алалығы жоқ»;

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
		2) <i>педагогикалық</i> – қағып-бағатын, үйрететін, тәрбиелейтін, бағыт-бағдар көрсететін, қадағалап бақылайтын, түсініп кешіре алатын, адам; 3) <i>діни</i> – «Жұмақ ананың табанының астында», «Анаңды Меккеге үш рет апарсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың»; 4) <i>салт-дәстүр</i> – «Ананың сүтін ақта, жүрегіне күйе жақпа»; 5) <i>тұрмыстық</i> – үйдің берекесін келтіретін, үйлестіруші, реттеуші, жайлылықты қамтамасыз етуші, «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады»; 6) <i>әлеуметтік</i> – беделді рөлі, орны мен мәртебесі бар, онымен санасады, оны құрметтейді, «Алты ұл тапқан әйелді ханым десең болмас па!», «Асыл әйел – әрі еркек, әрі қатын» <i>т.б.</i>

Концептінің құрылымын сипаттаудағы күрделілік сезімдерді, сезіну тәжірибесін, қабылдаудағы эмоционалдылықты болжау қиындығымен түсіндіріледі. Себебі менталды бейнелеу үрдісін бақылауға алу мүмкін емес. Дегенмен, концептінің даму бағыты сөздің ішкі формасымен, яғни оның этимологиясымен алдын ала анықталады. Этимологияда бекітіліп, мәтіндер (көркем т.б.) мен дискурс «елегінен» өту барысында концепт дамиды және нәтижесінде аяқталған, ұғынылған, барлық формаларда толықтырылған болып табылады. Сөздің ішкі формасында (этимологиясында) бекітілген түпкі сипат-белгілері уақыт өте өзгеріске ұшырағанымен, концептінің қалыптасқан соңғы түрінде оның өзгертілген нұсқасы болса да қалады. Кестеден (3-кесте) көргендей, концептінің құрылымдық сипаты оның динамикалық категорияға жататындығын байқатты; нақтылап айтсақ, *концептуалдық құрылым* ілгері динамикалық үрдіспен сипатталады.


Ю. С. Степанов бойынша *концепт құрылымына*, бір жағынан, ұғымның құрылымына тән белгілердің барлығы жататын болса, екінші жағынан, концепт құрылымына оны мәдениет фактісі ретінде негіздейтіннің барлығы жатады және түпкі формасы (этимологиясы), қазіргі ассоциациялар, аксиологиялық деректер, берілетін баға т.б. Бұл зерттеушінің тұжырымы концептінің құрылымын 3 қабатқа ажыратып қарастыруға бағыт береді (4-кесте):

Кесте 4 - Концептінің құрылымы (Ю. С. Степановтың жіктеліміне сәйкес)

Концептуалдық қабаттар	Концептуалдық құрылымды құраушылар
1-қабат	Негізгі қабат – өзекті сипат-белгілер қамтылған басты қабат
2-қабат	Бұл таңда өзектілігі жойылған бір немесе бірнеше қосымша сипат-белгілер қамтылған қабат
3-қабат	Концептуалдық құрылымның ішкі формасы

Бұл кестеде (4-кесте) орай концептуалдық құрылымның өрістік типтегі моделі анықталады. Семантика саласындағы когнитивтік зерттеулерге зор үлес қосқан З. Д. Попова мен И. А. Стерниннің ұсынған моделі [105, б. 64] концептінің құрылымы да сөз мағынасының өрістік моделі тәрізді көп компонентті және көп қабатты құрылымдық сипатқа ие; оның құрылымын анықтау міндеті концептіні бейнелейтін (концептілер көрініс табатын) тілдік бірліктерді талдау арқылы жүзеге асырылады.

Концептосфераның құрылымдық моделі өрістік қағидатқа негізделетін болса, сонымен қатар, жоғарыда келтірілген және біздің тарапымыздан кестелерде (3, 4 және 1-суретте) бейнеленген концептуалдық құрылымдар түрлеріне сүйенсек, гендерлік концептосфераның құрылымдық графикалық көрінісін төмендегідей үлгіде ұсына аламыз (2-сурет):




Сурет 2 - Түркі гендерлік концептосфераның құрылымдық үлгісі

Берілген гендерлік концептосфераның құрылымдық үлгісін қалыптастыру үшін *концептіні* және *концептосфераны* түсіндіретін тұжырымдар (ілгеріде және осы тараушада көрсетілген), олардың құрамды бөліктері, әр құрамды бөліктің қызметі, орны мен рөлі зерделеніп анықталды. Сонымен бірге, гендерлік концептосфераны қамтитын паремиологиялық деректерден жинақталған жүйесі де негізге алынды.

Гендерлік концептосфера жалпы концептосфера құрылымында *топтастырылған* концептосфера түріне жатады (сол сияқты, мысалы, саяси, жас ерекшелігі немесе кәсіби концептосфера түрлері). Гендерлік

концептосфера өз құрылымдық моделінде екі басты концептосфераны қамтиды, олар – *маскулиндік* (еркектік) және *фемининдік* (әйелдік); яғни гендерлік концептосфера өз құрамына екі концептуалдық макроөрісті қамтып топтастырылады. Өз кезегінде *маскулиндік* және *фемининдік* концептуалдық макроөрістер көптеген концептуалдық микроөрістерден құралады, мысалы – «Ата», «Әке», «Күйеу»; «Ана», «Жеңге», «Бәйбіше» т.б. (келесі тараушаларда арнайы сипатталады). Бұл микроөрістерді концептінің *семантикалық өрісі* деп те белгілеуге болады, олар нақты бір концептіні бейнелеудегі гендерлік концептосфераның құрамды (сатылы) бөлігі. Маскулиндік және фемининдік концептуалдық макроөрістер құрамында *базалық* (негізгі) *гендерлік концептілер* айқындалуы мүмкін, мысалы – «Атамекен», «Ата-баба», «Ана тілі» т.б.

Сонымен, түркі гендерлік концептосферасының құрылымдық үлгісінде орын алатын басты құрамды бөлігі – концептінің *семантикалық өрісін* немесе *концептуалдық микроөріс* құрылымының графикалық бейнесін мынадай үлгіде құрастырып қарастыруды ұсынамыз (3-сурет):



Сурет 3 - Гендерлік концептуалдық микроөріс құрылымының үлгісі

Гендерлік концептіні өрістік қағидат негізінде сипаттау оның семантикалық өріс *өзегін* және *шеткі* семантикалық аймағын бейнелеуді қажет етеді (бұл тұжырымды жоғарыда 4-кестеге қатысты қарастырдық). Маскулиндік және фемининдік микроөрістерді дербес қарастырғанда (келесі тараушалар), олардың басты концептуалдық қабатына немесе семантикалық өзегін құрайтын концептілерге, сонымен қатар, концептуалдық шеткі қабаттарына (шеткі қабаттары бірнеше болуы мүмкін) талдау арқылы тоқталатын боламыз.

Гендерлік концептуалдық микроөріс үлгісінде көрсетілгендей (3-сурет), оның құрылымдық жүйесінде келесі құрамды бөліктерін ажыратуға болады, олар: 1) гендерлік концептінің *ақпараттық мазмұны* – концептуалданатын зат

немесе құбылысты ажырататын негізгі, аса маңызды белгілер; 2) гендерлік концептінің *интерпретациялық (түсіндіру) аймағы* – концептінің негізгі ақпараттық мазмұнын интерпретациялайтын когнитивтік сипат-белгілерді қамтиды; 3) гендерлік концептінің интерпретациялық (түсіндіру) аймағының *салалары* – энциклопедиялық, бағалау, әлеуметтік-мәдени, реттеу, паремиологиялық, утилитарлық (практикалық қолданысы) т.б. Көрсетіліп отырған құрамды бөліктер гендерлік концептуалдық жүйенің мазмұнын ашып қарастырғанда басшылыққа алынып, әр бөліктің қағидаты, семантикалық шектері, бөліктердің өзара байланыстары, анықталу тәсілдері көрініс табады (2.2, 2.3 тараушалары).

Гендерлік концептосфера мен концептілердің құрылымдық сипаттары оның мазмұндық тұрғыдан зерделенуімен тығыз байланысты және концептуалдық ерекшеліктерін анықтауға жол ашады. Сондықтан, келесі екі тараушада гендерлік концептосфераны құрылымдайтын маскулиндік және фемининдік микроөрістер біздің белгілеген өрістік құрылымға орай мазмұны жағынан талданатын болады; яғни лингвомәдени және лингвоконцептуалдық зерттеу әдістемелеріне негізделетін боламыз.

Сонымен, гендерлік концептосфераның құрылымдық моделіне қатысты зерттеуімізді қорытындай келе, төмендегідей тұжырым жасадық:

1) гендерлік концептосфера құрылымында мазмұны мен құрылымына қарай әр түрлі (типтік жағына қарай) болып келетін концептілер ажыратылады;

2) гендерлік концептосфераның құрылымын концептологиялық тұжырымдар негізінде анықталатын қағидаттар бойынша сипаттап, түркі тілдеріндегі маскулиндік және фемининдік концептологиялық жүйелердің құрылымдалуын, құрамды бөліктері мен қабаттарының ұйымдастырылуын, гендерлік концептологиялық жүйеге тән когнитивтік аймақтардың, олардың салаларын, концептуалдық сипат-белгілерін зерделеуді жүзеге асыруға мүмкіндік алуға болады;

3) гендерлік концептосфераның формалды құрылымдық жүйесі келесі сипатта анықталады – гендерлік концептосфераның өзі суперконцепт жүйесі ретінде белгіленіп («Адам» концептосферасы құрамы тұрғысынан алғанда – гендерлік суперконцепт, онда «Адам» концептісі – гиперконцепт ретінде сатылы мәнде белгіленеді), оның құрамында макроконцептілер (маскулиндік және фемининдік гендерлік макроөрістерге енетіндер), микроконцептілер (маскулиндік және фемининдік микроөрістерге енетіндер) ажыратылады; маскулиндік және фемининдік гендерлік макроөрістер құрамында базалық (негізгі) концептілер де орын алады;

4) гендерлік концептілер – гендерлік концептосфераның концептуалдық бірліктері, олардың құрамы, зерттеу деректері көрсеткендей, образдық (бейне), ұғымдық (концептуалдық), құндылықты (аксиологиялық) және әлеуметтік-мәдени-психологиялық құраушы бөліктерді қамтиды;

5) маскулиндік және фемининдік концептуалдық жүйелер құрамына енетін микроконцептілердің бірнеше қабаты ажыратылады және бұл концептуалдық қабаттары түркі гендерлік дүниетанымының қалыптасу тәжірибесі мен

әлеуметтік-мәдени өмірінің нәтижелері болып табылады; сондықтан, бұл концептілерді зерттеу әдістемесі де кешенді сипатта болуы орынды – лексика-семантикалық, лексикографиялық, компоненттік, лингвоконцептологиялық, лингвомәдени, үлгілеу, эксперименттік;

б) түркі гендерлік концептосфера құрылымын талдау оның семантикалық, лингвоконцептуалдық, лингвомәдени бірегей мазмұнын анықтауға негіз болып, адамзатқа ортақ гендерлік тілдік дүниетанымды және ұлттық гендерлік болмыс пен дүниетанымды салыстыруға, гендерлік концептологиялық жүйені қалыптастыруға негіз береді.

2.2 Түркі маскулиндік/еркектік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі

Бұл тараушаның мақсаты – маскулиндік гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделін қазақ және басқа да түркі тілдері (түрік, қырғыз, өзбек, татар) негізінде айқындап зерделеу. Соған сәйкес, бұл тараушаның мақсатына бірнеше зерттеудің кезеңдері мен міндеттері жүзеге асырылды, солардың негізгілерін атап көрсетсек:

– маскулиндік концептілер, маскулиндік концептосфера ұғымдары 2.1 тараушада зерделенген концептологиялық тұжырымдар негізінде нақтыланды, сонымен қатар, маскулиндік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени моделін зерделеуге қажет категорияларын бейнелейтін терминдік ұғымдар анықталды;

– маскулиндік гендерлік концептосфераны талдау категориялары белгіленіп, олардың сипаты анықталды;

– маскулиндік концептілердің екі тілдегі семантикалық типологиясы зерделеніп, 5 типологиялық деңгейі ажыратылып, концептілердің түрлері сипатталды;

– маскулиндік гендерлік концептосфераның құрылымы мен жүйелік сипаттары, құрамды бірліктері анықталып сипатталды;

– маскулиндік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени моделін құрылымдаудың әдістемелік тәсілдері белгіленді.

Зерттеу материалдарын талдауға бағытталған лингвоконцептологиялық, лингвокогнитивтік, лингвомәдени, гендерлік лингвистикалық әдіснама мен тұжырымдар басшылыққа алынды. Бұл тараушаның зерттеу материалдары ретінде маскулиндік гендерлік концептуалдық семантиканы бейнелейтін лексемалар [144-158], фразеологизмдер [159-168], мақал-мәтелдер [169-184] қарастырылды. Назар аударатын мәселе – маскулиндік гендерлік концептуалдық семантика тек қана *ерге* (гендер өкілі ретіндегі) қатысты деген сөз емес, *маскулиндік мінез-құлық моделі* гендер өкілі ретіндегі әйелге, яғни *әйел* бейнесін сипаттауға қатысты қолданылуы мүмкін. Нақтырақ айтсақ, «маскулиндік» гендерлік мағына түркі лингвомәдениетінде қалыптасқан концептуалдық модельдің сипаттарын анықтауға ықпал етеді, мысалы,

асимметриялық немесе таптаурындық, сонда *маскулиндік мағына* ортақ гендерлік категория ретінде танылып отыр.

Сонымен қатар, семантикалық типология маскулиндік концептілердің көп аспектілі категория екенін бейнелейді; семантикалық мазмұндық құрамында – биологиялық, мінез-құлықтық, моральдық, эмоционалдық және сөйлеу тілінің сипаттары көрініс табады. Бұл факторлар мынадай тілдік деректермен дәлелденеді, мысалы: еркекшора (әйел), еркек сияқты мінезді, еркекше бетке айтады Еркек дауысты қатында ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас, Қыз емес, қылыш туған, Қайсар қыз – ел тірегі; Батыр ана (**қазақ тілінде**); Erkek gibi kadın ‘еркек сияқты әйел’, Aslan yürekli kadın ‘арыстан жүректі әйел’ (**түрік тілінде**); Эркек сымал аял ‘еркекке ұқсайтын, қайсар мінезді әйел’, Эр жүрек кыз ‘батыр, қайсар қыз’ (**қырғыз тілінде**); Qahramon ona ‘батыр ана’, Erkakdek matonatli ayol ‘еркек секілді төзімді әйел’, Erkak kabi qiz ‘еркек мінезді қыз’ (**өзбек тілінде**); Ир-ат кебек хатын-кыз ‘еркек сияқты әйел’, Кыю кыз ‘батыл, қайсар қыз’ (**татар тілінде**).

Көрсетілген мысалдар түркі тілдеріндегі гендерлік концептосфераның құрылымдық ортақтығы мен ұлттық-мәдени семантикалық ерекшеліктерін айқындайды. Маскулиндік қасиеттердің әйел бейнесіне телінуі гендерлік семантиканың дәстүрлі (немесе таптаурындық) бинарлық шекараларынан тыс шығып, гендерлік рөлдердің мәдени бейімделуі мен концептуалдық динамикасын көрсетеді. Мұндай тілдік бірліктер маскулиндік мәндердің көпқырлылығын, фемининдік тұлғадағы батырлық пен жауапкершілік секілді ұғымдардың семантикалық-когнитивтік бейнеленуін және гендерлік концепт үлгілерінің кеңеюін айғақтайды.

Маскулиндік концептосфера – белгілі бір лингвомәдени кеңістікте ер адамға тән деп саналатын әлеуметтік-мәдени, моральдық және этностық рөлдерді, атрибуттар мен құндылықтарды бейнелейтін күрделі иерархиялық концепт жүйесі. Қазақ және түрік мәдениеттерінде бұл концептуалдық құрылым терең сипатта ұлттық дәстүрге негізделіп, қасиетті, қастерленетін дүниетаным деңгейлерімен ерекшеленеді.

Маскулиндік концептілер – бұл белгілі бір лингвомәдени кеңістікте ер адамға тән еркектік қасиеттерді, әлеуметтік және рөлдік функцияларды, моральдық нормаларды, эмоциялық-психологиялық сипаттамалар мен мінез-құлықтық күтулерді бейнелейтін менталды-тілдік бірліктер. Олар маскулиндік концептосфераның мазмұндық құрамдас бөліктері болып табылады және негізгі лексемалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен мәдени сценарийлер арқылы тілдік тұрғыда көрініс табады.

Зерттеу материалдарын талдау барысында маскулиндік семантикалық мән деген терминдік ұғымды қалыптастыруды жөн көрдік, себебі гендерлік концептосфераның маскулиндік моделін анықтауда, концептілердің маскулиндік концептуалдық мәні де ажыратылды. Сонда зерттеуіміз үшін екі категорияның да маңыздылығы тең: бірі (маскулиндік семантикалық мән) – лингвоконцептологиялық талдау және лингвокогнитивтік модельдеу

тұрғысынан, екіншісі (маскулиндік концептуалдық мән) – лингвомәдени модельдеу үшін.

Маскулиндік семантикалық мән – бұл ер адамға тән мінез-құлық, қасиеттер мен қоғамдық рөлдерге қатысты тілдік және сөйлеу бірліктерінде қалыптасқан тұрақты мағыналар. Мұндай семантикалық мән лексика мен фразеологияда, мақал-мәтелдерде, тұрақты теңеулерде көрініс табады. «Ер» деп танылатын тұлғаға қойылатын әлеуметтік-моральдық талаптарды білдіреді. Маскулиндік концептілердің семантикалық мәні тілдік деңгейде көрініс табады. Маскулиндік семантикалық мән концептілердің тілдік деңгейде бейнелуін сипаттауға негіз болады.

Маскулиндік концептуалдық мән – бұл тілдік және сөйлеу бірліктері арқылы берілетін ер адам бейнесінің танымдық моделі, яғни мәдениет пен сананың деңгейінде қалыптасқан ер азамат бейнесі. Маскулиндік концептілердің концептуалдық мәні қоғамдық санада, ұлттық дүниетанымда орын алып бейнеленген, тек сөз ғана емес – жинақталған ұғым, концептосфераның құрамындағы категория (концептілер беретін мән-мазмұн) немесе концептуалдық категориялық бірлік деп танымыз. Маскулиндік концептуалдық мән сананың, мәдениеттің құрылымында өмір сүреді, концептілер арқылы қалыптастырылып жинақталған ұғымды білдіреді.

Жоғарыда анықталып отырған тұжырымдарымызды келесі кестеде бейнелеп көрсеттік (5-кесте):

Кесте 5 - Маскулиндік семантикалық және концептуалдық мәннің сипатталу қағидаттары

Сипаттау қағидаты	Маскулиндік семантикалық мән	Маскулиндік концептуалдық мән
Көрініс табатын деңгейі	Тілдік жүйе (сөздерде, фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде)	Сана, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным
Бейнелеу нысаны	Сөздер мен сөз оралымдарының мағынасы – ерге тән қасиеттердің тілдік көрінісі	Концептінің мән-мазмұны, менталды құрылым – ерге қатысты ұжымдық таным, ұғымдар, таптаурындар
Нысан «тасымалдаушысы»	Тілдік бірлік (сөз, фразеологизм т.б.)	Концепт (менталды құрылым)

Маскулиндік концептосфера мен концептілер, маскулиндік семантикалық және концептуалдық мән сияқты ұғымдарды толықтыратын – маскулиндік концептосфераның лингвомәдени моделі. Осы тараушаның басты зерттеу міндеттерінің бірі маскулиндік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени моделін анықтап зерделеу болғандықтан, бұл ұғымды зерттеу нәтижелері негізінде келесі мазмұнда сипаттай аламыз.

Маскулиндік концептосфераның лингвомәдени моделі – бұл ер адамға қатысты менталдық, мінез-құлықтық және құндылықты ұғымдардың тіл мен мәдениетте бейнеленуінің жүйелі репрезентациясы. Бұл модель рөлдер,

функциялар, семантикалық домендер иерархиясы негізінде құрылымдалып, осы лингвомәдениетке тән вербалды және бейвербалды формалар арқылы көрініс табады. Басқаша айтқанда, бұл – мәдениеттің тілді қолдана отырып, ер адамның бейнесін, мінезін, ерекшеліктерін және әлеуметтік күтулерін қалай суреттейтінін көрсететін модель; ол тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен дискурстық үлгілерде көрініс табады.

Осыған байланысты жалпы лингвомәдени модель, анықталып отырғанындай, концептілердің тілдік және мәдени репрезентацияларын құрылымдық-мағыналық тұрғыдан ұйымдастыратын жүйе ретінде сипатталады. Лингвомәдени модель түркі тілдеріндегі маскулиндік бейненің концептуалдық негіздерін, семантикалық өрісін, эмоционалды реңін және мәдени коннотацияларын сипаттау үшін тиімді; басқаша айтқанда, бұл модель концептосфера құрылымын когнитивтік, аксиологиялық және дискурсивтік тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік беретін әдістемелік құрылым.

1. Динамикалылық (өзгермелілік) сипаты: маскулиндік концептілер тарихи және әлеуметтік жағдайлардың ықпалымен үнемі трансформацияға ұшырап отырады – идеалдардың, таптаурындық дүниетаным қағидаттарының, әлеуметтік нормалардың өзгеруі т.с.с. Мысалы, дәстүрлі түркі лингвомәдениетіндегі «батырлық» пен «ерлік» түсінігі қазіргі кезеңде «әлеуметтік табыстылық» немесе «көшбасшылық» ұғымдарымен алмастырылып, жаңа мазмұнмен толығыда.

2. Этномәдени ерекшелік: әрбір ұлттық мәдениет ер адам бейнесіне қатысты өзіне тән концептуалдық басымдықтарды (өзіндік мағыналық бағдарларды) қалыптастырады. Қазақ лингвомәдениетінде ар-намыс пен абырой сакралдық деңгейде бейнеленсе, түрік лингвомәдениетінде – ер азаматтық қадір-қасиет пен отбасылық жауапкершілік басты орынды иеленеді, татар лингвомәдениетінде – әдеп, ұят, намыс ұғымдары алға тартылады, қырғыз және өзбек лингвомәдениеттерінде жауапкершілік пен ердің сөзіне беріктігі ерекше бағаланады.

3. Полимодалдылық (көпарналық көрініс): маскулиндік концептілер тек тілдік құралдарда емес, сонымен қатар бейвербалды мәдени кодтарда да көрініс табады. Олар – киім стилінде (бас киім, шапан, белдік), дене қимылдарында (төзімділік, өзін-өзі ұстау), дәстүрлі рәсімдерде (сәлем салу мен сәлем беру, беташар, асату, бата беру, сүндетке отырғызу) т.б. мәдени-гендерлік семиотикалық көрсеткіштер (маркерлер) ретінде қызмет етеді.

4. Құрылымдылық (жүйелілік): маскулиндік концептілер өзара семантикалық және мәдени байланыста болады. Бұл концептілер желілік ұйымдасу түрінде бірігеді, мұнда бір концепт екінші бір концептінің маңызын арттырады (белсендіреді), мысалы: «Ерлік» → «Қорғаушы болу» → «Ар-намыс»; «Жауапкершілік» → «Отбасын асырау» → «Әке рөлі»; «Отағасы» → «Үйлі болу» → «Қамқорлық ету» → «Отбасының асыраушысы» т.б. Мысалы, қазақ халқы *ер адам түзде* – деп, түзде жүріп мал табумен болған, отбасының қамын ойлаған нағыз азаматтың ерлігі пен батырлығын көрсетеді [185, б. 1375].

Маскулиндік гендерлік концептосфера категориясына кешенді қарау қағидатын көздеу барысында, оны тіл, әлеумет, гендер, дүниетаным, мәдениет тоғысында қалыптасатын, еркектік пен ерге тән мінез-құлық, әлеуметтік рөл, құндылықтық бағдарлар мен бейнелі (символдық) сипаттамаларды біріктіретін күрделі семиотикалық құрылым ретінде таныдық. Түркі тілдеріндегі «ер» концептісі осы концептосфераның орталық өзегін (базалық деңгейін немесе тірек қабатын) құрай отырып, әрбір ұлттың тарихи-мәдени тәжірибесін, дүниетанымдық көзқарастарын және мінез бен мінез-құлықтық нормаларын бейнелейді.

Төменде ұсынылып отырған типологиялық кесте концептінің құрылымдық деңгейлерін сипаттауға бағытталған және «ер» ұғымының әртүрлі функционалдық, моральдық, әлеуметтік, мифологиялық және символдық қабаттарын қамтиды. Сонымен қатар, түркі тілдерінің (қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар) тұрақты тіркестері мен мақал-мәтелдері арқылы концептінің когнитивтік және лингвомәдени көріністері (репрезентациялануы) де қамтылып бейнеленеді (6-кесте).

Кесте 6 - «Ер» маскулиндік концептісінің құрылымдық сипаты

Құрылымдық түрі	Концептуалдық сипаттама	Тілдегі көрінісі
1	2	3
Бір деңгейлі құрылым (биологиялық деңгей)	Ер-жыныстық идентификациямен сипатталатын адам; физикалық тіршілік иесі ретінде тану	Қазақ: Ер туған жеріне, Ер жігіт ел үшін туады Қырғыз: Эркек төрдө отурат, Эркек төргө чыгат Татар: Ир кешен эшеннән беленә, Ир буларак туган
Көп деңгейлі құрылым (әлеуметтік-моральдық)	Ер – батыр, қорғаушы, қоғам алдындағы борышын атқаратын тұлға; ар-намыс, ерлік, уәдеге беріктік мәнге ие	Қазақ: Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені Түрік: Söz namustur, erkek sözünden dönmez Қырғыз: Эркектин сөзү – өлгөнчө турат Өзбек: Yigit kishi so‘zida turadi Татар: Егет сүзен сүздә тотә, сүзсез егет сүзсез кала
Сегменттік құрылым (салалық деңгейлер)	Ер – бірнеше функционалдық роль атқарады: - Отбасылық: қамқор, асыраушы - Моральдық: арлы, намысты - Әлеуметтік: көшбасшы, тірек - Эмоциялық: сабырлы, байсалды	Қазақ: Еркек тірі тұрса – үй түзейді Түрік: Baba evin direğidir, Erkek ağlamaz Қырғыз: Эркек үйдүн ээси Өзбек: Ota oila boshlig‘i Татар: Ир булсаң – ил тот, кыз бала – ата йөзе
Мифологиялық және символдық қабат	Ер – қаһарман, мифтік батыр, тылсым күш иесі ретінде бейнеленеді; оның образы – идеалдандырылған және аңыздық	Қазақ: Батыр туса – ел ырысы Түрік: Alp erenler Қырғыз: Манас – элдин баатыры Өзбек: Rustam kabi yigitlar Татар: Батыр үлгә, ире юлдашы

Түркі тілдеріндегі «ер» концептісі тек биологиялық ұғым емес, ол мәдениетаралық концептуалдық құрылым ретінде өзіндік – когнитивтік, әлеуметтік және аксиологиялық қабаттарымен ерекшеленеді. Жоғарыда берілген мақал-мәтелдер мен тіркестер әр тілде «ер» концептісінің қалай тілдік көрініс табатынын, қандай құндылықтық (аксиологиялық) жүктемеге ие екенін, қандай әлеуметтік модельдерге негізделетінін айқын көрсете алады. Бұл типология түркі халықтарындағы маскулиндік мәндердің жүйелілігін, ұлттық ерекшеліктерін және фольклор арқылы бекітілген рөлдік үлгілерін (мысалы, әлеуметтік, гендерлік, отбасылық) сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысы көрсеткендей, «ер» концептісінің құрылымдық типологиясын анықтау – гендерлік концептосфераның ішкі ұйымдасу логикасын, мәндік деңгейлерін және мәдени-мағыналық қабаттарын түсінуге жол ашатыны сөзсіз. Бұл типология маскулиндік мәндердің қандай когнитивтік, әлеуметтік және аксиологиялық құрылымдар арқылы тілде көрініс табатынын да айқындайды. Аталған концептінің базалық рөлі оны гендерлік жүйенің тірек бөлігі ретінде қарастыруға негіз береді, ал оның типологиялық жіктелуі – түркі лингвомәдениетінде ер азамат бейнесінің қалай қалыптасатынын жүйелі талдауға жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар ұсынамыз:

- «ер» концептісі – түркі лингвомәдениетінде биологиялық жыныстан тыс, кең әлеуметтік-этикалық мағынаға ие, тұлғалық мәртебе мен мінез-құлық сипатты нормаларын бейнелейтін базалық құрылым;

- «еркектік» семантикасы тек физикалық сипаттармен шектелмей, ар-намыс, жауапкершілік, батырлық секілді құндылықтар арқылы құрылымдалады және бұл құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа тілдік құралдармен вербалдану арқылы беріліп отырады;

- «ер» концептісінің әртүрлі құрылымдық деңгейлерде (құндылықтық, мінез-құлықтық, символдық) көрініс табуы оның көпқабатты мағыналық табиғатын дәлелдейді және гендерлік рөлдердің мәдени бейнелену тәсілдерін көрсетеді;

- «еркектік» ұғымы лингвомәдени кодтардың бір бөлігі ретінде қоғамдағы гендерлік иерархияны, әлеуметтік рөлдер жүйесін және мәдени нормаларды тануда маңызды талдау бірлігі болып табылады;

- түркі тілдеріндегі «ер» концептісінің салыстырмалы типологиясы ұлттар арасындағы ортақ мәдени-гендерлік модельдерді анықтауға және әрбір тілдің өзіне тән лексикалық-когнитивтік бейнелеу тәсілдерін ашуға негіз бола алады.

Маскулиндік/еркектік гендерлік концептосфера түркі тілдерінде өзіндік лингвомәдени модель арқылы құрылымдалатыны келесі базалық (негізгі) концептілерді зерттеу негізінде анықталды. Төмендегі кестеде концептосфераның когнитивтік теорияларына негізделетін (Р.Лэнекер [186], В.Крофт, А.Круз [187], Н.Н.Болдырев [141, 142], И. В. Арнольд [188]) кейбір базалық немесе тірек (негізгі) маскулиндік концептілердің *когнитивтік матрицасы* беріледі (7-кесте).

Осыған байланысты «домен» ұғымы алғаш рет американдық зерттеуші Р.Лэнгакердің еңбектерінде қолданылғанын атап өтеміз: domain (домен) – «кез келген таным нысаны немесе тәжірибе саласы» [186, б. 44]. Р. Лэнкекердің домендер теориясы (Ч. Дж. Филлмордың фреймдер теориясы сияқты) мағынаның энциклопедиялық сипатта белгіленетініне және концептілердің кеңірек білім құрылымдары ретінде, яғни домендер аясында ғана ұғынылатынына негізделеді. Оның теориясы бойынша, домендер – «когнитивтік тұтастықтар: менталдық тәжірибе, репрезентативтік кеңістіктер, концептілер немесе концептуалдық кешендер» болып анықталады. Басқаша айтқанда, домендер – түрлі деңгейдегі күрделілік пен ұйымдасуға бейім (ие) болатын концептуалдық тұтастықтар. Білім құрылымының домен ретінде танылуы үшін қажетті бір ғана шарт – ол тілдік концептіні ұғынып, оны тілде қолдануға негіз болатын аялық ақпаратты қамтамасыз етуі тиіс. Домендік құрылым ұғымы когнитивтік матрица түсінігімен тығыз байланысты. Когнитивтік лингвистикада «матрица» (domain matrix) терминін де алғаш рет Р.Лэнкекер енгізген. Оның пайымдауынша, матрица – концептуалдық домендердің қарапайым жиынтығы болып табылады, ал домен – сөздің мағынасын өзектендіруге мүмкіндік беретін когнитивтік контекст ретіндегі концептуалдық аймақ. Матрицаның құрамында шектеу жоқ, ол кез келген сандағы концептуалдық домендерді қамти алады. «Тіпті ең қарапайым матрицаның өзі бір құбылыстың әртүрлі қырларына қатысты білімдерді біріктіре отырып, тілдік емес білімдердің өзара байланысын, сондай-ақ тілдік және тілдік емес білімдердің тоғысуын қамтамасыз ететін механизм болып саналады» [189, б. 3].

Матрица компоненттері түрлі деңгейдегі концептуалдық аймақтарға қолжетімділікті қамтамасыз ете алады: қарапайым деңгейдегі кеңістіктік, визуалды, тактильді қабылдауға негізделген домендерден бастап, күрделі құрылымдарға ие – қоршаған шындықтағы объектілер арасындағы өзара байланыстар мен қатынастарды, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік құрылымы жөніндегі білімдерді қамтитын жоғары деңгейлі домендерге дейін. Мәселен, мына кестеде (7-кесте) берілгендей, «жігіт» концептісінің «жас ерекшелігі», «жыныс» немесе «сыртқы келбет» семантикалық категориясынан бастап – әлеуметтік, моральдық немесе мифологиялық концептуалдық аймағының категорияларына дейін [147].

Кесте 7 - «Жігіт» концептісінің дәстүрлі когнитивтік матрицасы

№	Семантикалық домен	Мазмұндық сипаттама	Типтік лексикалық-мәдени маркерлер
1	Жас және жыныс категориясы	Ер азаматтың бозбалалықтан есейгенге дейінгі аралық жас кезеңі	бозбала, жас жігіт, жігіт шағы
2	Дене қуаты мен шапшаңдық	Атқа міну, күш сынасу, жауынгерлік машық, физикалық ептілік	күшті, шымыр, күрескер, ат үстінде
3	Ерлік пен батырлық	Ержүректік, жауға қарсы тұру, елді қорғау	батыр, найзагер, намысшыл, жауынгер

7 – кестенің жалғасы

4	Моралдық-этикалық құндылықтар	Ар-намыс, адалдық, сенімділік, жауапкершілік, ар	намысқой, адал, сертке берік, арлы жігіт
5	Әлеуметтік және отбасылық рөлдер	Болашақ күйеу, әулеттің тірегі, қауымдастықтағы ер рөлі	күйеу жігіт, ел ағасы, қамқор ұл
6	Дәстүрлі жарыс пен салттар	Көкпар, бәйге, күрес, жамбы ату, айтыс сияқты жарыс-сындар арқылы танылуы	көкпаршы, шабандоз, айтыскер, палуан
7	Сыртқы келбет пен атрибутика	Киім үлгісі, қамшы, тұлпар, ер жігітке тән заттық белгілер	шапан, қамшы, тұлпар, белбеу
8	Ауыспалы және метафоралық мән	«Нағыз жігіт» – ерлік пен адамгершіліктің үлгісі, символдық бейне	«нағыз жігіт», «жігіттік сөзінде тұру»
9	Мінез-құлық нормалары	Үлкенге құрмет, сөзге тоқтау, сабыр мен салмақтылық	төрге шығару, сәлем беру, сабыр сақтау
10	Көңіл-күй және сезімдік қасиеттер	Кең пейілділік, тәуекелшілдік, мейірімділік, сезімге берілу	кеңпейіл, асау жүрек, от жүрек, тәуекелге бару
11	Мифологиялық мәндегі келбет	«Жігіт» бейнесі халық ауыз әдебиеті мен мифологиялық дискурста күдірет иесі, ерлік пен бастаманың символы ретінде көрінеді; ол табиғаттан тыс күшпен, тылсым даналықпен немесе ерекше тағдырмен байланыстырылатын кейіпкер	батыр, тұлпар мінген жігіт, сері жігіт, Ер Төстік, Алпамыс, «Жігіттің сұлтаны»

Әрбір компонент концептінің өзегін тиісті білім аймағымен байланыстырып отырады, сонда матрица – бұл белгілі бір концептімен біздің тәжірибеміз бен біліміміз негізінде байланысты болатын концептуалдық аймақтар жиынтығын бейнелейді [189, б. 3].

Р. Лэнекердің [186] пікірінше, матрица құрамындағы домендер өзара қиылысып немесе бір домен екіншісінің ішіне толықтай ене алуы мүмкін. Доменнің релеванттылығы оның орталықтандырылған деңгейімен, яғни белгілі бір коммуникативтік жағдаятта лексеманың қолданылуы кезінде сол доменнің белсендірілетін ықтималдығымен анықталады. Мысалы, «жігіт» концептісімен байланысты жоғарыдағы кестеде алғашқы *жеті домен* сегізіншісіне қарағанда, *семантикалық орталықтылық* деңгейі тұрғысынан жоғары болып келеді, яғни көрсетілген алғашқы жеті доменнің семантикалық басымдылығы жоғарылау.

Маскулиндік концептосфераның базалық (тірек) концептілерінің бірі ретінде танылған, басты концептуалдық позициялардың қатарында орын алатын гендерлік категория «жігіт, жігіттік».

«Жігіт» концептісінің дәстүрлі когнитивтік матрицасы қамтитын концептуалдық семантикалық көрсеткіштер компоненттік талдау негізінде анықталды, сонымен олардың тілдік бейнеленуін төмендегі мысалдар арқылы сипаттай аламыз. Бұл көрсеткіштер «жігіт» ұғымының тек *жастық* сипатымен шектелмей, *ерлік, шешендік, өнерпаздық, әлеуметтік бедел, адамгершілік* сияқты мағыналық қабаттарымен терең байланыста екенін дәлелдейді.

Когнитивтік матрицада «жігіт» концептісі тұлғалық дамудың идеалы ретінде қарастырылады, ал тілдік деректер – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер – осы идеалдың лингвомәдени модельге айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл концепт арқылы түркі лингвомәдениетінде мінез-құлық нормалары, қоғамдық жауапкершілік пен тұлғалық қасиеттердің мәдени коды берік орныққанын байқатады:

1. Жас және жыныс категориясына қатысты – Жігітте де жігіт бар – азаматы бір бөлек, жылқыда да жылқы бар – қазанаты бір бөлек; Жасында жігітшілік қылмаған, өмір қызығынан құр қалады; Бойдақ жігіт – жұрт күйеу.

2. Дене қуаты мен шапшаңдық сипатына қатысты – Жігіт жанған шоқ болсын, шоқ болмаса, жоқ болсын; Жігітті жігері танытар, ісмерді өнері танытар; Етікті нәл сақтайды, жігітті әл сақтайды.

3. Ерлік пен батырлық болмысына қатысты – Арғымақ атқа оқ тисе, жабыларша туламас, ер жігітке оқ тисе, жамандарша жыламас; Батыр жігіт, жау жеңер, шешен жігіт дау шешер; Ер жігіт өзі үшін туады, ел үшін өледі.

4. Моральдық-этикалық құндылықтарына қатысты – Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы; Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені; Ары таза жігіттің жаны таза.

5. Әлеуметтік және отбасылық рөлдерімен байланысты – Бақа көлінде патша, жігіт елінде патша; Жақсы жігіт елін қорғайды, жаман жігіт басын қорғайды; Бойдақ жігіт – жұрт күйеу.

6. Дәстүрлі жарыс пен салттарға қатысты – Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан; Шешенсіген жігітті дау келгенде көрерміз; Жалғыз шапқан ат жүйрік, жалғыз сөйлеген жігіт шешен; Жігіттің сорлысын аттың жалдысы жеңеді.

7. Сыртқы келбет пен атрибуткаға қатысты – Ел басқарар жігіттің етек-жеңі кең болар; Бөрі соғар жігіт бөркінен танылар.

8. Ауыспалы және метафоралық мәнде – Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын; Қыз – ауылдың көркі, жігіт – ауылдың серті; Ұятсыз қатын – тұзсыз ас, әдепсіз жігіт – жүгенсіз ат; Ақылсыз жігіт – ауыздықсыз ат.

9. Мінез-құлық нормаларына қатысты – Жалғыз аттың пайдасы көп, Жалғыз жігіттің айласы көп; Өз айыбын өзі білген жігіт би болуға жарайды; Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.

10. Көңіл-күй және сезімдік қасиеттеріне қатысты – Ер жігіт не көрмейді, ер көңіл не бермейді; Ер жігітке серуен де – серуен, сергелдең де – серуен; Түйе тұз деп қартаяды, жігіт қыз деп қартаяды.

11. Мифологиялық мәндегі келбетін бейнелейтін – Балам өсті дегенше, батыр өсті десейші, Батыр өнер білмесе, қапыл өсті десейші; Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, батырмын деп баптанба, барып қайтпай; Батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз.

Төмендегі кестеде зерттеудің үзіндісі ретінде «жігіттің» түркі гендерлік концептосферасындағы «мифологиялық мәндегі келбеті» атты семантикалық доменге қатысты түркі тілдерінен іріктелген тілдік (паремиялық) деректер мен олардың семантикалық түсіндірмесін беруді жөн көрдік, себебі бұл мысалдар

«жігіт» концептісінің батырлық, тектілік, киелілік, ерлік миссиясы сияқты мифологиялық-архетиптік қырларын айқын көрсетеді (8-кесте):

Кесте 8 - Семантикалық домен: жігіттің мифологиялық келбеті

Түркі тілдері	Паремиялық деректер	Семантикалық мазмұны (мифологиялық аспект)
1	2	3
Қазақ тілі	Жігітке жеті өнер де аз	Жігітке табиғатынан дарындылық берілген, ол өнер мен даналықты меңгеріп, халыққа қызмет етуге тиіс. Бұл – қаһармандық миссиямен жүктелген тұлғаның көрінісі
	Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі	Жаратылысы елге қызмет етуге арналған батыр тұлға. Мифологиялық қаһармандық миссиясына меңзейді
	Тұлпар мініп, ту алған	Жігіт бейнесі мифтік эпостағы батырмен теңестіріледі (тұлпар – киелі төрт түліктің бірі және «жолсерігі», «көлік», ту – елдік рәміз)
	Жігіттің жақсысы жауға жолыққанда білінер	Батыр жігіт жау алдында сыналады – күрес пен қауіп мифологиялық сынақ ретінде қарастырылады
Қырғыз тілі	Эр жигит эл четинде сыналат	Ел шетін күзеткен, сыртқы қауіптен қорғайтын батыр – архетиптік қорған тұлға
	Жигит кырк жерден сыналат	Жігітке тағдырлы сынақтар беріледі – бұл мифтік жолға түскен кейіпкердің бейнесі
	Жигитке жетим муундун уулу дешет	Жігіт – жеті атадан келе жатқан тектіліктің иесі. «Ата-баба» құндылықты дәстүрімен байланысқан бейне
Өзбек тілі	Йигит киши тоғдек қатъий, денгездек бағри кенг бўлиши керак	Жігіт – мызғымас тау мен шексіз теңіздей – тылсым күш пен рух символы
	Эр йигитга юк оғир бўлмайди	Мифологиялық батыр секілді ауыр жүктен қорықпайтын, тандалған тұлға бейнесі
Түрік тілі	Yiğit düştüğü yerden kalkar	Нағыз жігіт – ауыртпалыққа қарсы тұра алатын текті рух иесі. Батырлық – ішкі күшпен ұштасады
	Yiğidin harmanı darda belli olur	Батыр жігіт қиындықта танылады – бұл эпикалық дәстүрдегі сынақ-сахна концептісі
	Aslan yürekli adam	Арыстан жүректі – батырлық архетип. Арыстан – мифтік күш пен қорғанның символы
Татар тілі	Ир булсаң – ил тот	Ер жігіт – елді ұстаушы, сакралды миссия иесі. «Ил» – «халық, ел, мемлекет» ұғымдарымен ұштасқан
	Ир егет сүздә торыкмый, батырлыгы – эштә	Ерлік – тек сөзбен емес, іспен дәлелденетін қасиет. Бұл батырлықтың ұғымдық шындығы

Түркі паремиясында «жігіт» концептісі жаратылысынан ерекше, табиғат пен қоғам алдындағы миссиясы бар батыр тұлға ретінде мифологиялық тұрғыда бейнеленеді. Мифологиялық семантикалық аспектідегі бұл гендерлік концепт қаһармандық архетиппен, тектілікпен, тағдырлы сынақтармен және рухани күшпен ұштасқан. Осындай бейнелер арқылы түркі мәдениетінде маскулиндік тұлғаның киелілік және эпикалық сипаттары бекітілген.

Жалпы маскулиндік және фемининдік концептосфераны лингвомәдени тұрғыдан зерттеу барысында олардың когнитивтік әлеуеті лингвистикалық моделін теориялық құрылымдауға мүмкіндік беретінін байқадық. Осыған байланысты маскулиндік концептосфераның лингвомәдени моделін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік нұсқауын дайындауды жөн көрдік – лингвомәдени модельді құрастыру үлгісі келесі мазмұнда ұсынылады:

1. Маскулиндік концептілердің негізгілерін (базалық – біріктіруші деңгейге жататындары) анықтау. Бұл кезеңде ерлік, билік, ар-намыс, борыш, күш, агрессия, көшбасшылық сияқты ұғымдар компоненттік талдау жолымен анықталды. Аталған концептілер маскулиндік сана мен рөлдік мінез-құлықтың мәдени-тілдік көріністерін сипаттайтын негізгі бірліктер болып табылады.

2. Концептілерді бейнелейтін тілдік құралдарды жинақтау. Мұнда фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, метафоралар, сөйлеу клишелері мен таптаурындық құрылымдар сияқты тілдік деректер талданады. Бұл тілдік құралдар концептілердің когнитивтік және аксиологиялық мазмұнын ашуға мүмкіндік беретіні анықталады.

3. Мәдени-құндылықты мағыналарды идентификациялау. Бұл кезеңде тілдік құралдарда кодталған (яғни концептінің бейнеленуінде көрініс тапқан) мәдени мазмұндар мен бағалаушылық компоненттер талданады. Концептілердің белгілі бір ұлттық немесе мәдени құндылықтармен, идеалдармен, таптаурындармен, нормалармен байланысатыны анықталып түсіндіріледі.

4. Этникалық мәдениеттен алынған тілдік деректерді салыстыру. Мысалы, осы зерттеуде қарастырылып отырған түркі мәдениетіндегі маскулиндік концептілердің бейнеленуіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырмалы және типологиялық тұрғыдан талданады.

5. Әмбебап және этникалық өзіндік (бірегей) белгілерді айқындау. Концептілердің барлық зерттеуге алынып отырған мәдениеттерге ортақ, яғни әмбебап сипаттары мен тек белгілі бір этникалық мәдениеттің өзіне ғана тән этникалық ерекшеліктері жүйеленеді.

6. Концептосфера құрылымы мен оның ішкі байланыстарын модельдеу. Маскулиндік концептілердің иерархиялық ұйымдасуы, өзара мағыналық байланыстары, мәдени сценарийлердегі орны визуалды және когнитивтік тұрғыда модель түрінде үлгіленеді. Бұл кезең лингвомәдени модельдің тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Сонымен, бұл ғылыми-әдістемелік үлгілеу лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика және концептология салаларындағы теориялық тұжырымдамаларға сүйеніп құрастырылады және маскулиндік лингвомәдени

болмысты ұлттық мәдени контексте кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Төменде ұсынылып отырған маскулиндік гендерлік концептосфераның *деңгейлік моделі* жоғарыдан төменге қарай ұйымдастырылған құрылымдық жүйені бейнелейді. Бұл модель маскулиндік концептосфераның ішкі логикасы мен мағыналық деңгейлерін анықтауға бағытталып, келесі негізгі құрамдас бөліктерімен мынадай сипатта көрініс табады:

- концептосфераның орталық бөлігі (тірек, базалық концептілер қамтылатын) – концептуалдық жүйенің өзегін құрайтын іргелі әмбебап концептілер (мысалы: күш, ерлік, билік, жауапкершілік);

- негізгі категориялар – мазмұндық сипаттарына қарай топтастырылған концептуалдық қабаттар (мысалы: базалық, когнитивтік, аксиологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік-мәдени деңгейлер);

- деңгейаралық визуалды байланыстар – концептілер арасындағы семантикалық бағыныштылықты және логикалық жақындықты бейнелейтін құрылымдық-деңгейлік сызықтар (иерархияны сипаттаушы).

Аталған деңгейлік құрылым (иерархия) маскулиндік дүниетаным жүйесін түсіндіруде және оны тілдік, мәдени, әлеуметтік дискурста концептуалдауда маңызды танымдық құрал ретіндегі қызметімен қолданыла алады. Сонымен қатар бұл құрылым гендерлік лингвомәдени модельдерді жүйелі түрде сипаттауға, салыстырмалы-типологиялық талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда құрастырылған маскулиндік гендерлік концептосфераның деңгейлік моделі келесі құрамдас бөліктерді қамтитыны анықталды:

- когнитивтік компоненттер – ерлердің рөлдері мен функциялары туралы концептуалдық түсініктер;


- құндылықты немесе аксиологиялық компоненттер – ерлік, жауапкершілік, қорған болу сынды моральдық бағдарлар;

- эмоциялық компоненттер – эмоцияны тежей білу, өзіндік сенімділік, ашу сияқты сезімдік реакциялар;

- әлеуметтік компоненттер – көшбасшылық, мәртебе, бедел секілді әлеуметтік рөлдер мен позициялар.

Бұл құрылымдық модель маскулиндік концептосфераның тек лингвистикалық емес, сонымен қатар лингвомәдени, әлеуметтік және психологиялық деңгейлерде де бейнеленетінін көрсетеді. Түркі тілдеріндегі тілдік деректер осы компоненттердің әрқайсысын тікелей немесе жанама түрде вербалдайды. Мысалы, когнитивтік компоненттер «ер жігіт» туралы мәдени сценарийлерде, құндылықты бағдарлар «ар-намыс», «жауапкершілік» сияқты мәдениеттегі сакралды ұғымдарда көрініс тапса, эмоциялық өлшемдер ер адамның ашуын бақылауы, сабырлылық көрсетуі сынды риторикалық талаптармен бейнеленеді. Ал әлеуметтік рөлдік мазмұндар – «аға», «басшы», «қорғаушы», «азамат» сияқты ұғымдармен тілде орныққан. Мұндай көпдеңгейлі модель маскулиндік концептосфераны тек жыныс категориясымен шектелмей, кең әлеуметтік-когнитивтік кеңістікте зерттеуге мүмкіндік береді және бұл құрылым гендерлік таптаурындар мен олардың тілдегі сипатталуы,

тарихи-мәдени контекст аясындағы трансформациясы және қоғамдағы рөлдік күтулер тұрғысынан талдау жүргізуге теориялық негіз бола алады. Сонымен, маскулиндік гендерлік концептосфераның деңгейлік моделі төменде 4-суретте беріледі (4-сурет):



Сурет 4 - Маскулиндік гендерлік концептосфераның деңгейлік моделі

Маскулиндік гендерлік концептосфераның деңгейлік моделінің компоненттеріне енетін концептілерді жоғарыда берілген тұжырымдарымызға сәйкес талдап, оларды келесі жүйеде көрсетуді жөн көрдік (9-кесте):

Кесте 9 - Маскулиндік концептосфераның деңгейлік моделінің концептуалдық сипаты

Мағыналық аспект	Тілдік көрінісі				
	Қазақ	Түрік	Қырғыз	Өзбек	Татар
Батырлық	Батырлық	Kahramanlık / Alplik	Баатырлык	Botirlik / Qahramonlik	Батырлык
Батылдық	Батылдық	Cesaret / Yiğitlik	Эрдик / Тайманбастык	Jasorat	Кыюлык
Қайсарлық	Қайсарлық	Azim / Kararlılık	Өжөрлүк	Matonat	Үжәтлек / Ныклык
Жігіттік мінез	Жігіттік	Delikanlılık / Mertlik	Чыныгы жигиттик	Mardlik	Егетлек / Мәртлек
Рухани күш / Жігер	Жігер / Рух	İrade gücü	Кайрат	Iroda kuchi	Журьәт / Сабыр
Ар-намыс	Ар / Намыс	Onur / Şeref	Намыс	G'urur / Or / Sharaf	Намус / Абруй

Осы ретте түркі тілдеріндегі маскулиндік гендерлік концептосфераның деңгейлік моделінің «базалық немесе іргелі қабатына» жататын базалық компоненттерді жүйелі түрде салыстыруға арналған кестені беруді жөн көрдік (10-кесте). Бұл кестеде аталған маскулиндік базалық концептілер – Ер / Erkek, Жігіт / Yiğit, Әке / Baba, Аға / Ağabey, Ата / Ata – әрбір тілдік жүйеде мәдени-тарихи маңызға ие, гендерлік рөлдік құрылымның тірек ұғымдары болып табылады. Олар тек тілдік таңбалар емес, сонымен қатар маскулиндік тұлғаның әлеуметтік, психологиялық және аксиологиялық келбетін бейнелейтін базалық мәдени көрсеткіштер қызметін атқарады.

Кесте 10 - Түркі гендерлік концептосферасының маскулиндік базалық концептілері

Қазақ	Түрік	Қырғыз	Өзбек	Татар
Ер	Erkek	Эркек	Erkak	Ир-ат
Жігіт	Yiğit	Жигит	Yigit	Егет
Әке	Baba	Ата	Ota	Әти / Ата
Аға	Ağabey	Ага	Aka	Абий
Ата / Ата-баба	Ata / Dede	Ата / Баба	Ota / Bobokalon	Ата / Баба

Кестедегі тілдік бірліктердің ұқсастығы мен айырмашылығы түркі халықтарының ортақ когнитивтік мәдени кодын және сонымен қатар әр ұлттың өзіндік лингвоменталдық ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы: «Жігіт» / «Yiğit» / «Жигит» / «Yigit» / «Егет» концептісі — барлық тілде батырлық, жігер, ерлік сияқты қасиеттермен астасып, қаһармандық архетипке негізделеді; «Ата», «Ака», «Әти» сынды атау формалары – генеалогиялық сабақтастықты, ұрпақаралық байланыс пен абыройлы орын иесін білдіреді; «Аға» концептісі – иерархиялық құрылымдағы үлкендік, жол көрсету, қамқорлық сияқты рөлдермен байланысты.

Маскулиндік концептосфераның жүйелік-семантикалық иерархиясы *ерлікке* қатысты ұғымдардың мәдени-тілдік жүйедегі орналасуын көрсетеді. Бұл құрылымда базалық (тірек) өзек ер адам бейнесінің ұлттан тыс (әмбебап) сипаттарын қамтиды. Оларға мыналар жатады:

- ер – физикалық және әлеуметтік жынысты білдіретін базалық атау;
- күш – ер адаммен ассоциативтік түрде байланысты болатын күш-қайрат, батырлық;
- батылдық – қауіпке қарсы тұру, шешім қабылдау қабілеті;
- жауапкершілік – отбасы мен қоғам алдындағы міндетті сезіну.

Бұл концептілер мәдениеттер арасында бірқатар ортақтықтарға ие болғанымен, олардың тілдік бейнеленуі мен семантикалық кеңістігі әр халықтың дүниетанымдық жүйесімен тығыз байланысты.

Маскулиндік концептілердің жүйелік-семантикалық иерархиясын мысал ретінде қазақ және түркі тілдері негізінде [144, 145, 149, 150] көрсетуге болады (11-кесте) – базалық өзек деңгейі (әмбебап концептілер, тірек позиция) – жақын

концептуалдық өріс деңгейі (жақын периферия) – алыс концептуалдық өріс деңгейі (шеткі периферия):

Кесте 11 - Маскулиндік концептілердің жүйелік-семантикалық деңгейлері (қазақ және түркі тілдері мысалында)

Концепт	Қазақ	Түрік	Мағынасы
1	2	3	4
Базалық өзек деңгейі (әмбебап, тірек концептілер)			
Ер / Erkek	ер	erkek	Ер адам – биоәлеуметтік және мәдени категория ретінде
Әке / Baba	әке	baba	Ата-ана, асыраушы, тірек
Ата / Ata	ата / ата-баба	ata / dede	Шығу тегі, дәстүр бастауы
Намыс / Onur	ар, намыс	namus, onur	Ар, абырой, ердің беделі
Жақын концептуалдық өріс деңгейі (әлеуметтік-рөлдік және мінез-құлықтық рөлдері)			
Аға / Ağabey	аға	ağabey	Мінез-құлықтың үлгісі ретінде
Жігіт / Yiğit	жігіт	yiğit	Жас ер адам, белсенді, ержүрек
Күйеу / Koca	күйеу	koca	Жұбай, отағасы, жаңа отбасының отағасы
Басшы / Reis	басшы	reis	Басшы, жауапкершілігі жоғары ер адам
Батыр / Cesur	батыр	cesur	Ержүрек, батыл жауынгер, қайсар
Алыс концептуалдық өріс деңгейі (бағалауыштық және эмоционалдық сипаттар)			
Сенім / Güven	сенім	güven	Тұрақтылық, сенім
Ұстамдылық / Sabır	ұстамдылық	sabır	Өзін-өзі ұстай білу, сабырлылық
Ашулану / Öfke	ашу, ашулану	öfke	Ашу, қызбалық (бақыланатын эмоция ретінде)
Қамқорлық / Koruma	қамқорлық	koruma	Қорғау, қамқорлық
Намыссыз / Namussuz	намыссыз	namussuz	Маскулиндік абыройды жоққа шығару

Түркі тілдеріндегі маскулиндік концептосфера – ер адамға тән әлеуметтік, мәдени, моральдық және этностық рөлдер мен қасиеттерді бейнелейтін күрделі иерархиялық жүйе ретінде көрініс табады. Бұл концептосфера әр тілде өзіндік реңкімен көрінгенімен, ортақ мәдени-тарихи негіздер мен құндылықтық бағдарлар сақталады. Қазақ, түрік, қырғыз, өзбек және татар лингвомәдени кеңістіктерінде маскулиндік концептілер көбіне дәстүрлі дүниетаныммен астасқан, киелі (сакралды) деңгейдегі ұғымдармен сипатталады. Атап айтқанда, «ер», «жігіт», «әке», «аға», «батыр», «намыс» сынды базалық концептілер – батырлық, жауапкершілік, қорғаушы болмыс, ар-ұят пен рухани беріктік сияқты *мәндік өзектерге* (концептуалдық семантикалық тіректерге) негізделеді.

Бұл жүйе мәдени жады, ұлттық болмыс пен тарихи дүниетанымды тілдік құралдар арқылы кодтаудың ерекше үлгісі ретінде танылып, түркі

халықтарының гендерлік концептуализациясына тән тұрақты модельдерді айғақтайды. Сонымен қатар, маскулиндік бейненің құрылымы мен бейнелену сипаты тек биологиялық белгіге емес, мәдениетаралық құндылықтарға, моральдық нормаларға және ұжымдық тілдік сананың когнитивтік категорияларына негізделетінін байқатады.

Гендерлік концептосфераны зерттеудің әдістемелік тәсілдерінің бірі ретінде кластерлік жіктелімді қолдануды жөн көрдік, біздің жұмысымызда ол дербес әдіс емес, қолданбалы жіктелім құралы (әдістемелік тәсіл) болып алынды. Кластерлік жіктелім тәсіліне сүйену арқылы талдау нәтижесінде ұқсас немесе семантикалық жағынан байланысты концептілерді мағыналық, когнитивтік немесе функционалдық топтарға (кластерлерге) біріктіру мүмкіндігі туындады. Ол гендерлік концептосфераны жүйелеу мен сипаттау үшін қолданылады, себебі:

- концептосферада көп деңгейлі құрылымдар бар (базалық өзегі – жақын және алыс концептуалдық өрісі (периферия));

- гендерлік рөлдер әртүрлі – әлеуметтік, этикалық, мәдени, эмоционалдық және символдық қырларымен тілде көрініс табады;

- түркі тілдерінде концептілердің семантикалық өрісі мен құндылықты бейнесі ұқсас болғанымен, ұлттық ерекшеліктерге – ұлттық-мәдени детерминацияланған гендерлік концептуалдық мәнге ие болып келеді.

Сондықтан, гендерлік концептілерді құрылымдық тұрғыда жүйелеу, әрбір концептінің мәдени және тілдік рөлін нақтылау, түркі тілдеріндегі гендерлік концептуалдық мәнді, ұлттық ерекшеліктер мен жалпы ұқсастықтарды көрсету үшін кластерлік жіктелім нәтижелерінің бір бөлігін келесі кестеде ұсынамыз (12-кесте):

Кесте 12 - Кластерлік жіктелімге негізделген концептуалдық талдау үзіндісі

Кластерлік категория	Қазақ тілі	Түрік тілі	Қырғыз тілі	Өзбек тілі	Татар тілі
Архетиптер	ата-баба, әке	ata, dede, baba	ата-баба, ата, әке	ota, bobo, ota-bobolar	бабай, әти, ата-баба
Этикалық концептілер	ар, намыс, жауапкершілік	onur, namus, sorumluluk	ар-намыс, парз, жообкерчилик	or, nomus, mas'uliyat	намус, әхлак, жаваплылык
Әлеуметтік рөлдер	аға, жезде, басшы	ağabey, enişte, reis	аға, кайынага, башчы	aka, kuyov, boshliq	абый, жизнэй, житәкче
Эмоционалдық үлгілер	ұстамдылық, сенім	sabır, güven	сабыр, ишеним	sabr, ishonch	сабыр, ышаныч
Физикалық бейне	батыр, жігер	yigit, cesur	баатыр, кайрат	mard, jasoratli	батыр, көчле
Дискурсивтік формалар	«жігітке жеті өнер де аз», «ер жігіт ел қорғаны»	«adam gibi adam», «delikanlı gibi davran»	«Жигит сөзүнө бек туруш керек»	«Yigit kishiga yarashgan», «Nomusli bo'l»	«Ир кеше сүзендә торырга тиеш»

Бұл кесте маскулиндік концептосфераны кластерлік жіктелім негізінде жүйелеуді көздеді (кешенді талдау шеңберіндегі). Түркі тілдерінің (қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар) деректерінде ұсынылған мысалдар гендерлік концептілердің тілдік көрінісін (репрезентациялық ерекшеліктерін) салыстыра отырып, олардың ұлттық-мәдени сипаттарын, мағыналық құрылымын және символдық рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Кластерлеу концептосфераны архетиптік, этикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, физикалық және дискурсивтік деңгейлерде қарастыруға жол ашады. Бұл тәсіл түркі лингвомәдени кеңістігінде *ер адам* бейнесінің гендерлік концептуалдық мәнін, семантикалық көпқырлылығын, тұрақты мәдени кодтарын және ұжымдық тілдік санадағы орнын сипаттауға бағытталды. Кластерлеуді когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану тұрғысынан алғанда, гендерлік концептосфераны модельдеуге, салыстыруға және семантикалық-когнитивтік құрылымын типологиялық сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен, түркі маскулиндік концептосферасын мұндай сипатта кешенді талдау келесі нәтижелерді алуға жол ашты:

- Маскулиндік концептосфераның көпдеңгейлі құрылымы түркі тілдерінде ортақ архетиптерге негізделіп отырып, әрбір тілдің лингвомәдени ерекшеліктеріне сәйкес түрленеді. Бұл әр тілдегі *ер адам* бейнесінің мәдени-когнитивтік сипатының ұлттық гендерлік концептуалдық мәнге ие екенін дәлелдейді.

- Кластерлік жүйелеу концептілердің семантикалық бағыттылығын нақтылауға мүмкіндік беріп, оларды архетиптік, этикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, физикалық және дискурсивтік деңгейлер бойынша саралауға жол ашты. Бұл гендерлік сана құрылымының кешенді сипатта ұйымдасқанын көрсетеді.

- Ар-намыс, жауапкершілік, батырлық, ұстамдылық сияқты концептілердің барлығы түркі мәдениеттерінде *ер адам* бейнесінің ішкі мәндік өзегін құрайды, алайда олардың тілдік репрезентациясы мен бейнелі мазмұны стильдік, прагматикалық және тарихи факторларға байланысты ерекшеленеді.

- Фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер арқылы берілетін дискурсивтік формалар әрбір тілде *ер адамнан* күтілетін рөлдер мен мінез-құлық нормаларын бейнелейді, бұл концептосфераның прагматикалық аспектісін ашады.

- Кластерлік жіктелім когнитивтік модельдеуге негіз болады, яғни гендерлік концептілердің семантикалық құрылымын визуалды, жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік береді және түркі халықтарының ортақ дүниетанымдық қабаттарын сипаттайтын тиімді аналитикалық құрал ретінде қарастырылады.

Жүргізілген талдаудың нәтижесінде маскулиндік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени кеңістігіндегі көрініс табу жолдары жүйелі түрде сипатталып, оның құрылымдық-мазмұндық қағидаттары айқындалды. Түркі тілдеріндегі концептологиялық бірліктер мен олардың семантикалық типологиясы негізінде маскулиндік ұғымдардың ортақ мәдени кодтармен қатар, этносаралық ерекшеліктері де айқындалды.

Бұл зерттеу түркі халықтарының лингвомәдени дүниетанымындағы ер адам бейнесінің көпқырлы сипатын көрсетіп, гендерлік концептосфераны типологиялық, лингвомәдени және когнитивтік тұрғыда сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модельдеу тәсілі арқылы концептілердің жүйелі ұйымдасуы мен олардың мәдени семантикадағы орны сараланып, гендерлік мазмұнның динамикасы мен тарихи-мәдени бейімделуі анықталды.

Қолданылған ғылыми әдістердің маңыздылығы, ең алдымен, маскулиндік гендерлік концептосфераны жүйелі, құрылымдық және кешенді тұрғыда талдауға мүмкіндік бергенінде. Когнитивтік, компоненттік талдау, лексико-семантикалық, фразеологиялық, салыстырмалы және лингвомәдени әдістерінің үйлесімді түрде қолданылуы зерттеу нысанының терең мазмұндық қабаттарын ашуға ықпал етті. Атап айтқанда, когнитивтік модельдеу арқылы концептілердің менталдық құрылымы мен мәдени кодтағы орны, ал лексико-семантикалық талдау арқылы олардың тілдік репрезентациясының нақты көріністері айқындалды. Қолданылған әдістер зерттеудің теориялық негізін нығайтып қана қоймай, гендерлік мазмұнды жүйелеудің, мәдени детерминацияланған семантиканы ашудың, концептуалдық мәннің және кластерлік жіктелімдердің топтастырылуы мен өзара байланыстарының ғылыми қағидаттарын қамтамасыз етті.

Сонымен, жүргізілген зерттеу түркі тілдеріндегі маскулиндік гендерлік концептосфераның күрделі де көпдеңгейлі жүйе екенін көрсетті және бұл концептосфера – тек лингвистикалық категориялар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар әрбір түркі халқының мәдени жадында орныққан, тарихи тәжірибемен және әлеуметтік рөлдермен сабақтасқан құндылықты-символдық жүйе болып табылатынын байқатты. Түркі тілдеріндегі «ер», «жігіт», «аға», «ата», «батыр» тәрізді базалық концептілердің мағыналық өрісі мен құрылымы гендерлік рөлдердің дәстүрлі және заманауи үлгілерін бейнелеп, ер адам бейнесінің лингвомәдени модельдерін айқын сипаттайды. Маскулиндік концептосфера түркі дүниетанымындағы еркектік болмыстың когнитивтік, аксиологиялық және дискурсивтік бейнеленуін танып-білуге кең мүмкіндік береді әрі гендерлік лингвомәдениеттің даму заңдылықтарын зерделеуде маңызды теориялық және практикалық мәнге ие.

2.3 Түркі фемининдік/әйелдік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі

Тараушаның зерттеу мақсаты – фемининдік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени моделін қазақ және басқа да түркі тілдері (түрік, қырғыз, өзбек, татар) негізінде сипаттап зерделеу, маскулиндік концептосферамен (негізгі аспектілері бойынша) салыстырмалы талдау жүргізу. Бұл тараушаның мақсатына қарай келесі зерттеу кезеңдері мен міндеттер жүзеге асырылды, атап айтсақ:

- фемининдік концептілер, фемининдік концептосфера ұғымдары 2.1; 2.2 тараушаларда зерделенген концептологиялық тұжырымдар негізінде

нақтыланды, сонымен қатар, фемининдік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени моделін зерделеуге қажет категорияларын бейнелейтін терминдік ұғымдар анықталды;

- фемининдік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени ерекшеліктерінің мазмұны мен сипаты анықталды;

- фемининдік концептілердің түркі тілдеріндегі семантикалық типологиясы зерделеніп, концептілердің когнитивтік және семантикалық өрістерінің құрамы белгіленіп сипатталды;

- фемининдік гендерлік концептосфераның құрылымы мен жүйелік сипаттары, құрамды бірліктері анықталып сипатталды;

- фемининдік және маскулиндік гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдени моделінің аксиологиялық, ұлттық-мәдени мәні және коннотациялық мазмұндары салыстырмалы тұрғыда зерделенді.

Бұл тараушадағы кілт идея – *фемининдік гендерлік концептосфера* ұғымын нақтылау, оның түркі лингвомәдени моделін қалыптастыратын құрамдас бөліктері мен құрылымын, жалпы концептологиялық сипаттары мен тілдік көріністегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау, салыстырмалы тұрғыдан сипаттап зерделеу.

Фемининдік гендерлік концептосфера ұғымы белгілі бір лингвомәдени кеңістікте (біздің зерттеуде – түркі) әйелге тән деп саналатын әлеуметтік-мәдени, моральдық және этностық рөлдер мен құндылықтарды бейнелейтін күрделі иерархиялық гендерлік концептілер жүйесі. Бұл концептосфера әр тілде өзіндік реңкке ие болғанымен, оның негізінде ортақ дәстүрлі дүниетаным мен мәдени-символдық мазмұн сақталады. Қазақ және жалпы түркі мәдениетінде фемининдік концептосфера құрылымы терең ұлттық-мәдени салт-дәстүрлерге, әлеуметтік және гендерлік нормалар мен таптаурындық дүниетанымға негізделген, ал кейбір тұстары киелі концептуалдық ұғымдар дәрежесіне көтерілген. Мысалы, «**ана**» фемининдік базалық концептісінің түркі лингвомәдениетінде қасиетті, қастерлі концептуалдық түсінікке балануы – осының айғағы.

Фемининдік концептосфераның құрамдас бөліктері ретінде **фемининдік концептілер жүйесі** танылса, олар (фемининдік концептілер) – әйелге тән қасиеттерді, рөлдік функцияларды, моральдық нормалар мен мәдени-әлеуметтік күтілімдерді бейнелейтін менталды-тілдік бірліктер ретінде сипатталады. Фемининдік концептілер түркі тілдерінде негізгі лексемалар (номинативтік атаулар) [144-158], фразеологизмдер [159-168], мақал-мәтелдер [169-184], жағдаяттық мәнмәтіндер сияқты тілдік құралдар арқылы көрініс табады.

Бұл ретте гендерлік концептосфера құрылымының деңгейлік (иерархиялық) сипатқа ие екендігін ескере кеткен жөн. Фемининдік концептосферада әйелдің өмір кезеңдері мен отбасылық мәртебесіне қатысты бірнеше деңгейдегі гендерлік концептілер ажыратылады, олар – қыз бала, бойжеткен, келін, әйел (жар), әйел (әйел адам), ана, ене, әже т.б. (13-кесте):

Кесте 13 - Түркі тілдеріндегі фемининдік концептосфераны құрайтын базалық гендерлік концептілер

Қазақ тілі	Түрік тілі	Қырғыз тілі	Өзбек тілі	Татар тілі
1	2	3	4	5
қыз бала	kız (kız çocuğu)	кыз (кыз бала)	qiz (qiz bola)	кыз (кызчык)
бойжеткен	genç kız (yetişkin kız)	бой жеткен кыз (өспүрүм кыз)	voyaga yetgan qiz (balog'atga yetgan qiz)	буй житкән кыз (буйга житкән кыз)
келін	gelin (yeni gelin)	келин (келинчек)	kelin (kelinchak)	килен (кәләш)
әйел (жар)	kadın (eş)	аял (жар)	ayol (xotin)	хатын-кыз (яр)
әйел («әйел адам» мәнінде)	kadın (hanım)	аял (айым)	ayol (ayol kishi)	хатын-кыз (ханым) – «әйел»
ана	anne (ana)	эне (апа)	ona (onajon)	эни
ене	kaınvalide (kaynana)	кайнене (кайын эне)	qaynona (qaynana)	кайнана
эже	nine (anneanne / babaanne)	чоң эне (тай эне)	buvi (katta ona)	эби (дәү эни)

Кестеде берілген базалық фемининдік гендерлік концептілер (қыз бала → бойжеткен → келін → әйел-жар → әйел адам → ана → ене → эже) түркі фемининдік дүниетанымының лингвомәдени моделінде біртұтас онтологиялық-мәдени тізбекті құрайды. Бұл тізбек жас-жыныстық статустың табиғи кезеңдік ауысымын ғана емес, фемининдік концептосфераның гендерлік, мәдени-әлеуметтік сипаттарын айқындайтын, қоғамда орныққан рөлдер мен құндылықтардың сабақтастығын да бейнелейді. Әрбір концептінің семантикасы мен қолданылу өрісі түркі тілдеріне ортақ лингвомәдени ерекшеліктермен қатар, жеке ұлттық-мәдени реңктерді де қамтып, тұтас фемининдік құндылықтар жүйесінің құрылымдық элементтері ретінде қызмет атқарады.

Осы орайда түркі тілдеріндегі гендерлік лингвомәдениетті зерделеу барысында анықталған фемининдік концептосфераның деңгейлік құрылымының типологиялық ерекшеліктерін айқындап көрсетуді жөн көрдік (14-кесте):

Кесте 14 - Түркі фемининдік концептосферасының деңгейлік құрылымының типологиялық кестесі

Құрылымдық түрі	Концептуалдық сипаттама	Тілдегі көрінісі
1	2	3
Бір деңгейлі құрылым (биологиялық / генетикалық)	Әйел – өмір қайнары, тектің жалғастырушысы, «ана» архетипі арқылы қасиеттеледі.	Қазақ: «Алып анадан туады»; Түрік: «Ana gibi yar olmaz, Bağdat gibi diyar olmaz» (Анаға тең жан жоқ);

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Түркі тілдерінде ол перзенттің ғана емес, батырдың, ұрпақтың, тіпті ұлттың дүниеге келуін қамтамасыз ететін бастапқы бастау ретінде бейнеленеді.	Татар: «Жәннәт – әниләрнең аяк астында» (жаннат – аналардың аяк астында); Қырғыз: «Уулду төрөйт, уятын кошо төрөбөйт; кызды төрөйт, кыялын кошо төрөбөйт» (Ұлды туады, бірақ ұятымен бірге тумайды; кызды туады, бірақ мінезімен бірге тумайды; ата-ана балаға өмір сыйлағанымен, оның ар-ұятын, мінез-құлқын тікелей бере алмайды); Өзбек: «Jannat onalar oyog‘i ostidadir» (жаннат – аналардың аяк астында)
Көп деңгейлі құрылым (әлеуметтік-моральдық)	Әйел – үйдің берекесі, ұрпақ тәрбиесінің өзегі және ұлт намысының өлшемі. Концепт моральдық шектеулер (ұят, нәзіктік) мен әлеуметтік жауапкершілікті (отау ұйыту, ел мен жерді ұйыту) тоғыстырады.	Қазақ: «Қыздың жолы жіңішке»; Түрік: «Yuvaı diři kuř uarađ» (Ұяны ұрғашы құс жасайды); Татар: «Йорт тоткан да хатын, йорт бетергән дә хатын» (Үйді ұстайтын да – әйел, үйді құртатын да – әйел); Қырғыз: «Үйдү кырк эркек толтуралбайт, бир аял толтурат» (Үйді қырық еркек болса да толтыра алмайды, бір әйел толтырады; отбасының шынайы жылуы мен бүтіндігін, ішкі үйлесімін тек әйел ғана қамтамасыз ете алады); Өзбек: «Xotinli ro‘zg‘or guldır, хотинсиз ro‘zg‘or cho‘ldır» (Әйелі бар шаңырақ – гүлстан, әйелі жоқ шаңырақ – шөлстан; отбасының сәні мен берекесі әйелдің бар болуымен келеді, ал әйелсіз үй бос әрі қуанышсыз болады)
Сегменттік құрылым (функционалды қ рөлдер)	Отбасылық: қорған, асыраушының рухани тірегі. Моральдық: ар-ұяттың күзетшісі. Әлеуметтік: қауымшілік дәнекер, «ақылшы-кеңесші». Эмоциялық: мейірім, сабыр, психологиялық тұрақтылық көзі.	Қазақ: «Анасын көріп – қызын ал»; Түрік: «Beřiđi sallayan el dünaya hükmeder» (Бесікті тербеткен қол әлемді билейді); Татар: «Хатын кеше – өй фәрештәсе» (Әйел – үйдің періште-қамқоршысы); Қырғыз: «Үйдүн көркү – аялда» (Үйдің көркі – әйелде); Өзбек: «Xotin – ernaling vaziri» (Әйел – ердің уәзірі)

1	2	3
Мифологиялық -символдық қабат	Архаикалық қабатта әйел бейнесі құт-берекенің, жер-судың, ұяның және құдіреттің символы. Ұмай Ана (қазақ-қырғыз), dişi kuş (түрік), фәрештә-ана (татар), опа-замін (өзбек) сынды менталді образдарда ол идеалдандырылған қорғаушы, жарылқаушы сипатта көрінеді.	Қазақ: «Қыз өссе елдің көркі»; Түрік: «Cennet annelerin ayakları altındadır» (Жұмақ аналардың аяғы астында); Татар: «Изге хатын – ожмах хуры» (Жақсы әйел – жәннат хор қызы); Қырғыз: «Өскөн жер – өз эне, өзгө жер – өгөй эне» (Туған жер – ана, жат жер – өгей ана); Өзбек: «Yaxshi хотин uyda davlat» (Жақсы әйел – үйдің қазынасы)

Төменде кешенді зерттеу үлгісі ретінде қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар тілдеріндегі фемининдік концептілердің салыстырмалы талдауы ұсынылады. Жалпы бұл тараушада (маскулиндік концептосфераны зерттеу әдістеріне қарағанда – 2.2 тараушасындағы) ғылыми сипаттау мен талдау әдістерін басқа үлгіде қолдануға ұмтылды, мақсатымыз – гендерлік концептосфераны зерттеу әдіснамасын барынша кеңірек қалыптастыру және әр түрлі деңгей талдаулары мен ғылыми ізденіс мүмкіндіктерінің тиімділігін көрсетіп таныстыру.

Түркі тілдеріндегі фемининдік концептілердің салыстырмалы талдауы келесі ғылыми-әдіснамалық және теориялық негіздерге сүйенеді:

1. Гендерлік лингвомәдениеттану қағидаттарына – фемининдік концептосфераны гендерлік, мәдени және әлеуметтік кодтардың тоғысында қарастыру, әйел бейнесін тілдік бірліктер мен мәдени мәтіндер арқылы қайта құрылымдау (яғни реконструкциялау).

2. Базалық фемининдік гендерлік концептілердің типологиясына – түркі тілдерінде тұрақты қолданылатын және мәдени-әлеуметтік рөлдерге негізделген базалық (кілт) концептілердің (қыз бала, бойжеткен, келін, әйел-жар, әйел адам, ана, ене, әже) онтологиялық және құндылықтық құрылымын айқындау.

3. Лингвомәдени модельдеу әдісіне – әр тілдегі концептілердің семантикалық өрісін, бағалау бағдарларын (аксиологиялық компоненттерін), символдық мәнін және мәдени-функционалдық қызметін салыстыра отырып, ортақ және этностық белгілерін анықтау.

4. Мәдени-әлеуметтік концептуалдауға – фемининдік концептілердің тарихи-мәдени қалыптасуын, олардың дәстүрлі дүниетанымдағы, отбасылық-әлеуметтік құрылымдағы орны мен функциясын сипаттау.

5. Түркі фемининдік дүниетанымының құрылымдық ерекшеліктеріне – зерттелетін концептілердің түркі халықтарының ортақ дүниетанымындағы иерархиялық тізбектегі орнын және ұрпақаралық сабақтастықтағы рөлін ашу.

6. Тілдік дереккөздерге – талдауда фольклор үлгілері, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, тұрақты теңеулер және лексикографиялық деректер қамтылып, олардың семантикалық және бағалаушылық қырлары айқындалды.

Сонымен, зерттеу үлгісі ретінде келесі фемининдік базалық концептілерді қарастырамыз.

Жастық шақ: қыз бала және бойжеткен.

Түркі халықтарында қыз баланы «**қыз**» деп атау кеңінен тараған (түрікше: *kız (kız çociğı)* [150, б. 347], қырғызша: *кыз (кыз бала)* [151, б. 476], өзбекше: *qiz (qiz bola)* [155], татарша: *кыз (кызчык)* [157, б. 2932]. Бұл атау *әйел жынысты* жас перзенттің **балалық шағын** білдіреді. Мысалы, қазақ мәдениетінде *қыз бала* ата-ана үшін «үйдің берекесі», «қыз – елдің көркі», «қыз – қонақ», «қыз – келешек ана» деп бағаланғанын көреміз. Кәмелетке толып, бой жеткен соң, оны «**бойжеткен**» деп атайды. *Бойжеткен* сөзі «бойы жету, есейіп өсу» мағынасында – «кәмелетке толған, балиғат жасына келген жас қыз» деген ұғымды білдіреді [145, б. 426]. Мұндай ұғым қырғыз тілінде «*бойго жеткен қыз*» (бойы жеткен қыз) [151, б. 139], татарша «*жытқан қыз*» түрінде сипатталады [157, б. 1022], ал түрік, өзбек тілдерінде тікелей балама жеке сөз жоқ, көбіне *genç kız* (түр. «жас қыз») [149, б. 98], *bo'у yetgan qiz* (өзб. «бойы жеткен қыз») [154, б. 237] сияқты сөз тіркестері қолданылады. Бұл кезеңдегі қыз балаға ортақ мәдени ерекшелік – бойжеткен қыздың отбасы мен қоғамдағы жаңа рөліне дайындалуы, оның ибалы, өнерлі болуының маңызы. Қазақ дәстүрінде *бойжеткеннің* нәзіктігі мен ар-намысы қатаң қадағаланып, үлкендер оған келешек келін, болашақ ана ретінде қарайды.

Некелесу және отбасы: келін мен әйел.

Ер жеткен қыз тұрмысқа шыққанда, жаңа әулетке «**келін**» болып түседі. «Келін» сөзі барлық аталған түркі тілдерінде ұқсас аталады: қазақша *келін* [144, б. 380], қырғызша *келин* [151, б. 370], өзбекше *kelin* [154, б. 635], татарша *килен/килен* [157, б. 2371], ал түрікше *gelin* [150, б. 204]. Бұл атаудың түпкі мәні – «келу» етістігінен, яғни келін күйеуінің үйіне «келген» адамды білдіреді. Қазақ тілінде *келін* сөзі екі негізгі мағынаны қамтиды: біріншісі – ата-ене үшін ұлының жұбайы (яғни келіні) және жұбайының жақын-алыс туыстары үшін де *келіні*, екіншісі – жаңа түскен жас жұбай [144, б. 380]. Келіннің мәдени-функционалдық қызметі – келін болып түскен шаңырақта әулеттің тәрбиесін қабылдап, үлкендерді сыйлау, жаңа үйдің берекесін кіргізу. Мәселен, қазақ дәстүрінде үлкендерге сәлем салу, үй шаруасын алып кету сияқты міндеттер *келінге жүктелген*; қырғыз, өзбек халқында да жас келінді отбасының қызметіне баулу рәсімдері ұқсас кездеседі. Түрік мәдениетінде *gelin* сөзі негізінен «қалыңдық, жаңа түскен жұбай» мағынасында қолданылып, қазіргі заманғы қала мәдениетінде *келін* мен *ене* қарым-қатынасы қазақ, қырғыздардағыдай терең этнографиялық рөл атқара бермейді. Дегенмен барлық түркі халықтарында *жаңа түскен келін* – өсіп-өрбитін әулеттің ұрпақ жалғастырушы маңызды мүшесі болып саналады.

Некеге тұрған соң, *әйел адам* отбасы ішінде «**әйел**» деп аталады. Қазақ тілінде *әйел* сөзі жалпы «жынысы әйел адам» дегенді білдірсе, тар мағынада «жұбай» (яғни әйелі) деген ұғымда қолданылады [144, б. 84]. Қырғыз тілінде дыбыстық өзгеріспен *аял* [151, б. 87], өзбекте *ayol* [153, б. 380; 154, б. 292] деген сөздер осы мағынада бар, түбі ортақ. Ал түрік тілінде араб-парсы

әсерімен *kadın* («қатын») сөзі орныққан [150, б. 297], татар тілінде тарихи *хатын* сөзі «әйел, жұбай» дегенді білдіреді [157, б. 5443]. Қазақ қоғамында «қатын» сөзі бұрын бейтарап *әйел* мағынасында қолданылса, қазір тұрпайы реңк алған, сондықтан ресми стильде *әйел* атауы қолданылады. *Әйелдің мәдени рөлі* – отбасының ұйытқысы, ерінің өмірлік серігі және бала тәрбиелеуші. «Әйел – ана» концептісі түркі дәстүрінде ерекше мәртебелі мәнде көрініс табады: әйел бір жағынан отбасының берекесі болса, екінші жағынан өмірге ұрпақ әкелуші қасиетті тұлға ретінде танылады, мысалы, *қазақ тілінде* «Әкесіз жетім – жартылай жетім, шешесіз жетім – бүтін жетім», «Анасыз өмір – сөнген көмір»; *түрік тілінде* «*Ana hakkı, Allah hakkı*» (ана хақысы – Алла хақысы), «*Güzeli kızken görme, beşik ardında gör*» (сұлуды қыз жасында көрме, бесік қасында көр); *қырғыз тілінде* «Атаң орақ кармап калғанча, энең оймок кармап калсын» (орақ ұстап әкең қалғанша, оймақ ұстап шешең қалсын); *өзбек тілінде* «*Ona bilan bola – gul bilan lola*» (ана мен баласы гүл мен қызғалдақтай), «*Jannat onalar oyog‘i ostida*» (жұмақ ананың аяқ астында), *татар тілінде* «Әни – ул йортның бәхете» (ана – үйдің берекесі мен бақыты) және т.б.

Ана және әулеттегі орын: ана, ене, әже.

Балалы болған соң, әрбір әйел **«ана»** мәртебесіне ие болады. «Ана» сөзінің түркі тілдеріндегі аталуы: түрікше *anne* [150, б. 297], өзбекше *ona* [150, б. 297], түбі бір көне түркілік атау [158]. Қырғыз тілінде *ана* баламасы ретінде *эне* сөзі қолданылады (мысалы, *эне тили* – ана тілі) [152, б. 454]. Тіліміздегі *ана*, *шеше* синонимдері арқылы бұл ұғымның биологиялық және әлеуметтік қырлары көрсетіледі. Барлық мәдениеттерде *ана образы* мейірім мен қамқорлықтың нышаны, сондықтан түркі халықтарының тілдік қорында «ана» сөзі өте жылы, қадірлі ұғым болып саналады.

Ал енді *ана* болған әйелдің баласы үйленсе, өзі **«ене»** атанады – яғни келінге қатысты *қайын ене*, күйеу балаға *қайын ене*. Қазақ тілінде *ене* сөзі тек қайын анаға айтылады [144, б. 226]; бұл – тілдің ерекшелігі, өйткені қырғызда *эне* жалпы ана мағынасын берсе [152 б. 454], қазақта *ана* негізгі сөзге айналып, *ене* келінге қатысты арнаулы атау болып қалған. Түрік және өзбек халықтарында *ене* сөзі қолданылмайды, оның орнына араб тәрізді құрылым *kaınvalide* (түр.) [150, б. 327] немесе *qaynona* (өзб.) [155, б. 388] айтылады, күнделікті тілде түріктер *kaınana* дейді (қайын ана баламасы) [150, б. 328]. Татар тілінде де қайын ене ұғымы үшін қазаққа жақын *кәйнә/кайнана* [156, б. 126] атауы бар. Әлеуметтік тұрғыда **ене** мен **келін** арасындағы байланыс – түскен келінді жаңа ортаға бейімдеп, отбасы дәстүріне үйретудің тетігі. Халық танымында ене ақылшы, кейде сыншы ретінде көрініс табады («келін қайын ененің топырағынан» деген қазақ мәтелі осыны аңғартады).

Әйел жасының ең соңғы құрметті сатысы – **«әже»**, яғни немере-шөбере сүйген **әже болу** кезеңі. Қазақ тілінде *әже* деп әдетте әкенің шешесін атайды [144, б. 83], (дегенмен жалпы барлық әжелерді атай береді), мұнда да үлкендікті құрметтеу мәні бар. Түрік тілінде дәл балама сөз – *nine* («нәне») [150, б. 421] кездеседі, бірақ көбінесе *әже* жағын *ана тарап/әке тарап* деп бөлек атайды (*anneanne, babaanne*) [150, б. 28, 51]. Қырғыздарда өз атаулары: көп жағдайда

чоң эне (үлкен шеше) – әкенің шешесі [152, б. 368], *тай эне* – шешесінің анасы деп жіктеледі [152, б. 189]. Өзбек тілінде парсы тілінен енген *buvı* сөзі әже мағынасында орныққан [154, б. 45]. Татар халқында әжені *әби* деп атайды, сондай-ақ *дәү әни* («үлкен ана») деген тіркес те бар [157, б. 596]. **Әже** ұғымы түркі мәдениетінде жылулық пен даналыққа толы: әжелердің немере тәрбиесінде үлкен рөлі бар, сонымен қатар халықтың тілдік мұрасы – ертегі, өсиет сөздерін, фольклор үлгілерін кейінгі ұрпаққа жеткізуші болып келеді. **Әже** фемининдік концептісі жоғарыда келтірілген лингвомәдени концептуалдық мәнге ие.

Түркі тілдеріндегі бұл *фемининдік концептілердің атаулары* көбіне ортақ түбірден тарайтыны байқалады (мысалы, *қыз, келін, ана* сөздері барлық түркі тілінде ұқсас). Бұл жалпытүркілік тілдік үндестікті көрсетсе, кейбір атаулардағы айырмашылықтар әр халықтың мәдени даму ерекшеліктерінен туындайды. Мәселен, қазақ тілінде *бойжеткен* сияқты дербес сөздің болуы немесе *ене* сөзінің мағынасының тарылуы – жеке тілдің дамуының нәтижесі. Ал өзбек тілінде *әже* үшін *buvı* секілді өзге тілден енген сөздің қолданылуы тарихи байланыстар әсерін аңғартады. Бірақ барша түркі мәдениетінде *қыз баланың* бойжетіп, *келін* болып түсіп, *әйел-анаға* айналып, ақырында әулеттің *ақ жаулықты әжесі* болуы – ортақ әлеуметтік-мәдени цикл. Тілдегі осындай *семантикалық тізбек* арқылы әр кезеңнің құндылығы мен міндеті көрсетіледі, бұл түркі халықтарының *әйелге* қатысты дүниетанымдық көзқарасының тілдік көрінісі болып табылады.

Фемининдік концептосфераны салыстырмалы тұрғыда лингвомәдени талдау нәтижесінде келесі тұжырымдарды алты деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік алдық:

1) Онтологиялық құрылым және мәртебелік-рөлдік сабақтастық.

Қыз бала мен **бойжеткен** – әлеуметтенудің бастапқы сатылары; бұл концептуалдық бағалау деңгейі «ұят», «ибалылық», «әдеп» нормаларымен шектеледі. **Келін** – өтпелі (лиминал) мәртебе: жаңа әулетке ену, туыстық жүйедегі міндеттерді игеру. **Әйел** (жалпы «әйел адам») – гендерлік субъект ретінде қоғамдық-тұрмыстық кеңістікте танылатын тұлға; **әйел (жар)** – жұбайлық рөлдің құқық-моральдық басымдығы күшейген атау. **Ана** – тектің жалғастырушысы әрі тәрбиелік құндылықтардың тасымалдаушысы; **ене** – үй ішілік иерархиядағы бақылау-реттеу субъектісі; **әже** – дәстүр, әулеттік-мәдени жады, рулық-отбасылық нарративтердің сақтаушысы. Осы сатылар тізбегі барлық қарастырылған тілдерде (қаз., түр., қырғ., өзб., тат.) семиотикалық тұрғыдан тұрақты болып келеді.

2) Аксиологиялық өлшемдер (құндылықтық бағалау бағдарлары).

Жас ерекшелігі сатылары жоғарылаған сайын құндылықтық бағалау бағдарлары өзгеріске ұшырайды: *қыз бала/бойжеткен* деңгейінде – «ұят/инабат» (нормативтік тежеу), *келін* деңгейінде – «еңбек/береке/ұйымшылдық» (үй ішін ұйыту, үй шаруашылығы мен отбасылық мәселелерді келістіру), *әйел (әйел адам)* деңгейінде – «қауымдық бедел, парасат», *әйел (жар)* деңгейінде – «адалдық/жұбайлық серіктестік», *ана*

деңгейінде – «қасиет/қамқорлық/ұрпақ», ене деңгейінде – «тәртіп/реттеу/отау істерін үйлестіру/жаңа отау өмір салтының қалыптасуына көмектесу», әже деңгейінде – «даналық/мейірім/мәдени-әулеттік жады (шежіре, салт-дәстүрді сақтау)». Бұл аксиологиялық ығысу әйелдің ішкі тұрақтандырушы күш ретіндегі лингвомәдени моделін қалыптастырып, оны құндылықтық деңгейде гендерлік концептосферада бекітеді.

3) Лингвомәдени сценарийлер мен ұлттық-мәдени кодтар.

Келін концептісі қазақ, қырғыз, өзбек мәдениеттерінде салт-дәстүрлік сөйлеу үлгілерімен (коммуникативтік актілерімен) бекітіледі, мысалы – сәлем салу/*kelin salom*; бұлар – тілдік этикет, қаратпа сөздер құрылымы, туыстық атауларды дұрыс қолдану сияқты құндылықтық норма арқылы көрініс табады. Ене концептісінің дискурсында «тәртіп пен берекені ұстау, қадағалау» сценарийі, ал әже бейнесінде «ақыл-өсиет, ертегі-аңыз айту, бата беру» сценарийі айқын көрініс табады. Әйел (жар) – серіктестік пен жауапкершілік дискурсын іске қосады (үй шаруасын ұйымдастыру, шешім қабылдауға ықпал ету). Ана – сакралданған қамқорлық пен өнегенің эталоны сияқты концептуалдық мәнге ие базалық концепт.

4) Тілдік-номинациялық ерекшеліктер (типологиялық шолу).

Қазақ тіліндегі әйел (әйел адам), түрік тіліндегі *kadın* – бейтарап-әдеби атау, *hanım* – ілтипат формасы; қырғыз лингвомәдениетінде аял/айым валенттілігі жағымды, өзбек тілінде *ayol* бейтарап, *hotin* көбіне жұбайлық-тұрмыстық сөйлеу өрісінде қолданылады; татар тілінде хатын-кыз – «әйелдер қауымы» деген жинақтаушы номинация.

Келін атауы (қаз. Келін [144, б. 380], түр. *Gelin* [150, б. 204], қырғ. Келин [151, б. 370], өзб. *Kelin* [154, б. 635], тат. килен) [157, б. 2371] барлық түркі тілінде «жас келін» (отау құрған әйел адам) мағынасының әрі жұбайлық-туыстық интеграция рөлінің тасымалдаушысы. Ене түрікше *kaınvalide/kaınana* [150, б. 327], өзбек тілінде *qaınona* [155, б. 388], қырғыз тілінде кайнене [151, б. 324], татар тілінде кайнана [156, б. 126] – туыстық иерархиядағы мәртебені тілдік жүйеде бекітетін гендерлік номинативтік атаулар. Әже ұғымы эмоционалдық-мейірім стилін күшейтеді: түрікше *nine* [150, б. 421], өзбекше *buvı* [154, б. 45], қырғызша чоң эне [152, б. 368], татарша эби [157, б. 596] – бәрі де жылы ұстаныммен байланысты.

5) Символдық-метафоралық өріс.

Фемининдік концептілер «ұя/ошақ», «береке/ырыс», «ана-жер» метафораларымен байланысады. Түрік тіліндегі «ұя» (*yuva*) образы, қазақ-қырғыздағы «береке» өрісі, өзбектегі «үй – бак/гүлстан» оппозициялары әйелдің тұрақтандырушы, үйлестіруші, өнімділік пен жарасым дарытушы ретіндегі символдық бағасын арттырады. Ана – сакралданған архетип (өмірді жалғау, тәрбиелік код), әже – мәдени жадының «тірі шежіресі», ене – мәдени-әлеуметтік, отбасылық норманы сақтаушы-реттеуші бейне ретінде символданады.

6) Гендерлік-құндылықтық теңгерім және өзгеріс әлеуеті.

Тілдік деректер фемининдік ұғымдардың «ішкі тәртіп пен берекені қамтамасыз етуші» концептуалдық өзегін тұрақты көрсетеді; сонымен қатар қазіргі урбанизация мен білімді әйел бейнесінің күшеюі әйел адам және әйел-жар концептілерінде кәсіби, зияткерлік, қоғамдық қатысу қырларын кеңейтуде. Дегенмен базалық аксиологиялық өзек – ұят/ибалық, береке, қамқорлық, даналық – мәдени-тілдік жүйеде сақталып, қамтылу сипаты көрініс тауып отыр (мысалы, ассоциативтік зерттеу көрсеткендей).

Түркі тілдеріндегі фемининдік базалық концептілер онтогенетикалық және туыстық-әлеуметтік иерархияға сәйкес ұйымдасқан, ал олардың аксиологиялық мазмұны «ішкі тұрақтандыру – береке – ұрпақ – мәдени жады – әулеттік сабақтастық» тізбегімен сипатталады. Номинативтік атаулар арасындағы ұсақ айырмашылықтарға қарамастан, ортақ лингвомәдени модель – әйелдің әлеуметтік кеңістікті үйлестіретін субъект (әлеуметтік-мәдени, гендерлік өкіл) ретіндегі мәртебесін, ал «ана/әже/ене» үштігі отбасы мен қауымның құндылықтық тұтастығын қамтамасыз ететін жоғарғы символдық рөлін көрсетеді.

Төменде түркі тілдеріндегі фемининдік концептосфераның базалық концептілері – ана, әйел, қыз, келін, жеңге, бәйбіше, абысын – бойынша семантикалық-мағыналық талдау, олардың лингвокогнитивтік және аксиологиялық компоненттері қарастырылады. Әрбір концепт мазмұны мақал-мәтелдер, фразеологизмдер мен тұрақты теңеулер арқылы ашылып, қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар тілдеріндегі мысалдар үлгі ретінде талдауға алынды. Осы концептілердің бірқатарына тоқталып, талдауымызды төмендегі үлгіде бейнелесек.

«Ана» концептісі.

Концептінің мәні және мәдени рөлі. «Ана» концептісі түркі мәдениетінде тек отбасының емес, бүтіндей ұлттың ұйытқысы, тірегі ретінде өте жоғары құндылық дәрежесінде қарастырылады. Ана – дүниеге өмір сыйлаушы, ұрпақ тәрбиелеуші ғана емес, мәдени жадыдағы қасиетті тұлға. Қазақ тілінде «Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген образды тұрақты сөз тіркесі «ананың ақ сүтін өтей алмастай қарыздар екенімізді» білдіреді. Түркі халықтары тілдік санасында «ана» сөзі мейірім, қамқорлық, жанашырлық ұғымдарымен тікелей ассоциацияланады. Мәселен, қазақ тіліндегі «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз» деген мақалдың «Анасыз үй – панасыз» бөлігінде ана – мейірім мен жылулықтың, тұрмыстық үйлесім мен қамқорлықтың негізгі қайнары ретінде бейнеленеді; анасыз үй қорғансыз, жылусыз, бос қалады деген мәнде; татар халқында «Ана сөте белән кермәс, тана сөте белән кермәс» деген мақал бар – «Ана сүтімен кірмеген (нәрсе), бұзау сүтімен кірмейді». Бұл балаға ана сүтімен даритын тәрбие мен қасиет кейін өзге жолмен берілмейтінін меңзейді. Сол сияқты, қырғыз тілінде «Эне сүтүн акта» (Ананың ақ сүтін акта) деген тұрақты тіркесі баланың перзенттік борышын, ана еңбегін өтеу міндетін еске салады, яғни барлық түркі мәдениетінде ана образы – ізгілік пен мейірімнің, отбасылық береке мен руханияттың символы.

Семантикалық құрылымы: Ана концептісінің өзегі – туып-баптап өсіруші рөлі. Зерттеу материалдары бойынша түркі танымында идеал ана келесі рөлдерді атқарады: Ұрпақты дүниеге әкеліп, өсіріп-тәрбиелеу – балаларына өмір беріп, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу, жақсы тәрбие беру; Қорғау және қолдау – ана баласын жамандықтан қорғаушы, желеп-жебеуші тұлға ретінде көрініс табады – анасыз бала қорғау-қолдаусыз қалады деген мәнде; «Баланың білегі ауырса, ананың жүрегі ауырады» – мұнда «баланың білегі» – баланың басына түскен кез келген қиындықтың символдық бейнесі, ал «ананың жүрегі» – ананың сезімдік орталығы мен жан дүниесі; мағынасы – ана баласының әрбір күйзелісі мен қиналысын өз жүрегімен сезінеді, баланың ауырсынуы ананың жанын жаралайды. Бұл фраза түркі дүниетанымындағы ананың мейірімі мен шексіз қамқорлығын аксиологиялық тұрғыда айқындайды.; «Бала – ананың бауыр еті, көз нұры»).

Лингвокогнитивтік және аксиологиялық компоненттері: Анаға қатысты ұғымдар кешені негізінен оң аксиологиялық бояуға ие. Түркі фольклорында анаға құрмет пен махаббат басты орын алады. Мақал-мәтелдерде ананың мәртебесі әкемен тең әрі кейде одан да жоғары қойылады: қазақта «Ана хақысы – Алла хақысы» (Ананың ақысы – Алланың ақысы) делінеді, ал түріктерде «Cennet annenin ауағи altinda» (Жұмақ – ананың табанының астында) деген нақыл кең таралған. Сондай-ақ, барлық түркі тілдерінде «ақ сүт», «алтын құрсақ» сияқты метафоралар анаға қатысты қолданылады – ана баласын ақ сүтімен асырайды, құрсағынан алтын ұрпақ таратады деп бейнелейді. Ананың жағымды бейнесі – ақылшы, қамқор, қорған, үлгі тұтар жан. Мысалы, көптеген елдерде «Ана» сөзі «Отан» (Ана жұрт, Ана тілі) ұғымдарымен қатар киелі мәнге ие: қазақта туған жер – «Ана» мен «жер» сөздері арқылы беріледі («Анаңдай туған жерің бар»). Бұл – анаға теңеу арқылы жерді қастерлеу.

Ана концептісі бойынша теріс таптаурындар мәдени мәтінде айтарлықтай кездеспейді. Дегенмен, кейбір мақалдарда ана өз міндетін дұрыс атқармаған жағдайда сыналады. Мысалы, «Шешесі қубас – қызы домбақ» деген қазақ мақалы шеше тәрбиесі нашар болса, қызы да оңбайтынын аңғартады. Түркі халықтарында анаға қатысты қатты негативті баға берілмейді, тек «тасбауыр ана» образы бар – мейірімсіз анаға айтылатын астарлы сөз (қазақ: «Тасбауыр ұл туған анасын жамандайды» – тасжүрек анадан тасбауыр ұл туады деген мағынада). Жалпы, фемининдік концептосферада «ана» ең жоғары дәрежедегі, көбіне тек жағымды мағынадағы лингвомәдени концепт екені анық байқалды.

Концептуалдық талдау барысында фемининдік концептосфераның аксиологиялық (құндылықтық) компоненттерін зерттеу назарға алынды – себебі фемининдік бейнеге қатысты мәдени-тілдік бірліктер тек әлеуметтік рөлдер мен мінез-құлық үлгілерін ғана емес, сонымен қатар қоғамда орныққан құндылықтар жүйесін де айқындайды (15-кесте):

Кесте 15 - Түркі гендерлік концептосферасындағы «Ана» концептісін аксиологиялық компоненттері бойынша талдау үлгісі

Тіл	Мысал	Аксиологиялық компонент	Концептологиялық лингвомәдени мәні
1	2	3	4
Қазақ	«Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ	Қорған (әке), мейірім (ана)	Әке – қорған, ана – жан нәрі: табиғи символдармен рөлдік дуализмді береді
	Ананың аялы алақаны – балаға айдынды қоныс	Пана, мейірім	Ананың алақаны – қауіпсіздік пен тыныштықтың символы
	Әке – босаға, ана – шаңырақ	Құрылым, береке	Үйдің тұтастығын ұстайтын рөлдік-кеңістік метафорасы
	Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада	Мейірім	Ананың үздіксіз қамқорлығы мен балаға деген шексіз мейірімін көрсетеді
	Әке – арқа, ана – пана	Қорған, пана	Әке – тірек, ана – қамқорлық; әлеуметтік рөлдер симметриясы
Түрік	Anasız ev ıssız geceye benzer	Пана, береке	Ана жоқ үй – жылусыз: үйшілік қауіпсіздік пен берекенің негізгі көзі ана екендігін бекітеді.
	Baba ocağı, ana kusağı	Қорған (әке), мейірім (ана), тұтастық	Әке – тірек/ошақ, ана – мейірім аясы; гендерлік рөлдердің біріккен тұтастығын үлгі етеді.
	Babasız çocuk yarım öksüzdür, anasız çocuk bütün öksüzdür	Қорған, пана	Әке/ана жоқтығының салмағын салыстырып, отбасылық қорғау мен паналау функциясын нормалайды
Қырғыз	Атаңдан бата, энеңден алакан	Тәртіп, мейірім/пана	Әкеден – моральдық санкция (бата), анадан – эмоциялық қорған (алақан).
	Эне ырысы – үйдүн ырысы	Береке	Ананың несібесі үй берекесіне айналады.
	Ата – тоо, эне – суу	Қорған, мейірім	Әке – беріктік, ана – жан нәрі.
Өзбек	«Xotin – uyning chirog‘i.»	Береке, пана	Әйел/ана – үйдің шырағы.
	Ota – bilak, ona –yurak	Қорған, мейірім	Әке – күш-қуат, ана – жүрек.
	Xotin — uyning ziynati, er — mehnati	Тәртіп, береке	Гендерлік еңбектің үйлесімі.
Татар	Ата – йортның матчасы, ана – йортның өрлеге, балалар – стенасы	Құрылым, тәртіп	Үй құрылымындағы рөлдер иерархиясы
	Ата – беләк, ана – йөрәк	Қорған, мейірім	Әке – күш, ана – жүрек
	Аналы-аталы – алтын канатлы	Тұтастық, пана	Екі ата-аналы болудың артықшылығы

Фемининдік концептосфераның аксиологиялық компоненттерін талдау арқылы:

- түркі лингвомәдениетінде әйел тұлғасына жүктелетін қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп сияқты құндылықтық рөлдер (функциялар) анықталады;

- әйел бейнесінің рухани, этикалық және әлеуметтік беделін қалыптастыратын мәдени кодтар ашылады;

- ұрпақаралық трансляцияда құндылықтардың қалай берілуі және қоғамдағы гендерлік таптаурындардың қандай тәсілдермен орнығуы айқындалады.

Осылайша, аксиологиялық компонентті зерттеу фемининдік концептосфераны тек тілдік феномен ретінде емес, ұлттық мәдениеттегі құндылықтар жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, «ана» концептісі түркі лингвомәдениетінде фемининдік концептосфераның жүрегі іспеттес. Ол семантикалық жағынан – ұрпақ жалғастырушы, тәрбие беруші рөлдерімен ұштасып, аксиологиялық тұрғыдан – тек оң сипатта бағаланатын, қастерлі тұлға ретінде қабылданады. Ана бейнесі арқылы қоғам идеалды әйелдің үлгісін қалыптастырады: басқа барлық әйелдік рөлдер (қыз, келін, жеңге, абысын т.б.) «жақсы» болса – анаға ұқсас болуымен бағаланады.

«Әйел» концептісі.

Негізгі мәні мен қолданысы. Түркі тілдеріндегі «әйел» сөзі кең мағынада ересек әйел адам, жұбай (зайыпты) мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде «әйел» сөзі жанұялы контексте «әйелім» (менің әйелім – жұбайым) түрінде «жұбай» ұғымын береді [144, б. 84]. Басқа жағдайларда «қатын» сөзінің тарихи ұғымы да осы мағынада жұмсалады (қазіргі қазақ тілінде «қатын» көбінесе тұрпайы реңкті, бірақ мақал-мәтелдерде жиі кездеседі: «Жақсы қатын – жарың, жаман қатын – жауың»). Түрік тілінде «kadın» (әйел) жалпы атау болса, «avrat» сөзі кейбір диалектілерде тарихи тұрмыстық қолданыста кездеседі. Қырғыз және өзбек тілдерінде аял/айол терминдері қолданылады, татар тілінде «хатын-кыз» тіркесі жиі ұшырасады, яғни «әйел» концептісі – жалпы әйел атаулыны, соның ішінде жұбайлық рөлді де қамтитын ауқымды ұғым.

Мәдени-әлеуметтік мазмұны: «Әйел» концептісі дәстүрлі түркі қоғамында ең алдымен отбасының ұйытқысы, үй шаруасын ұстайтын тұлға ретінде түсіндіріледі. Мақал-мәтелдерде әйелдің басты міндеті – үй ішінің берекесін кіргізу, бала тәрбиелеу, ерін сыйлау және тұрмыс тіршілігін жөнге келтіру. Қазақ мәдениетінде «үйдің құты әйелден» деп есептеледі, өйткені жарының жағдайын жасап, балаларын өсіретін – ана, әйел [35, б. 1376]. Тиісінше, жақсы әйел бүкіл үйді бақытты етеді: «Жақсы әйел – үйдің тірегі» (қазақ мақалы). Түрік тілінде: “Yuvayı dişi kuş uyarar” – «Ұясын ұрғашы құс (яғни аналық) жасайды» – отбасының ұйыса тұзуі әйелге байланысты деген мақал кең тараған. Бұл паремиялардың астары – гендерлік рөлдердің дәстүрлі бөлінісі: ер – түздің адамы (сыртқы шаруа), әйел – үйдің қазығы (ішкі шаруа).

Концептуалдық құрылымы: негізгі рөлдері – үй шаруасын жүргізуші, бала тәрбиелеуші, ерінің сенімді серігі болу. Әлеуметтік мәртебесі – үй иесі, от

анасы (ошақ иесі). Кейбір түркі тілдерінде әйелдің әлеуметтік беделі күйеуінің мәртебесімен өлшенген: мысалы, қазақта бұрын «отау иесі» (жеке үй болудың нышаны) ретінде әйелге де мән берілсе, қазіргі кезде әйелдер қоғамдық қызметтерде де көрінеді, бірақ дәстүрлі лингвомәдени бейнесі үймен шектеледі.

Лингвокогнитивтік және аксиологиялық аспект: «Әйел» концептісіне қатысты көзқарас екіұшты: бір жағынан, әйел – отбасының берекесі деген жоғары баға бар; екінші жағынан, «әйел қырық жанды», «қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады», «жаман әйелден гөрі, бойдағым жақсы» деп, әйелдің тағдыры қиын, осал жағы көп деп санайтын түсінік тағы бар; яғни аксиологиялық шкалада «әйел» концептісі бірдей дәрежеде жағымды және жағымсыз таптаурындарға ие.

Жағымды таптаурындар мен мәдени идеал: Жақсы әйел – ақылды, адал, еңбекқор, күйеуіне қолқанат сипаттарымен бейнеленеді. Түркі халықтық фольклорлық дүниетанымда келесі жағымды/жағымсыз фемининдік концептуалдық бейнелер қалыптасқан: «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Бұлттан шыққан күн ащы, жаман әйелдің тілі ащы»; яғни «ұрысқақ, тілі ащы әйел – жаман әйел» деген таптаурындық жағымсыз лингвомәдени модель. Сондай-ақ бұған қайшы тұратын жағымды таптаурындық модель: «Жақсы әйел – ердің бағы», «Жақсы әйел – отбасының алтын діңгегі» т.б. Мақалдарда жақсы әйелдің қасиеттері санамаланып отырады: қазақ тілінде «Қатын – үй дәулеті», «Жақсы қатын – жолдас» делінсе, татар тілінде «Яхшы хатын ирнең жан жәфасын түгел, мал кадерен белер» (Жақсы әйел ерінің жан азабын емес, мал-пұлдың қадірін біледі – яғни еріне жағдай жасайды) деген де бар. Түркі лингвомәдениетінде әйелдің сыртқы сұлулығы ғана емес, сонымен қатар, ішкі сұлулығы, яғни *ақылды әйел образы* да маңызды: «*Әйел көркі – ақыл*» (қаз.), «*Ақыллы хатын – гаиләнең алтын бағана*» (татар: Ақылды әйел – отбасының алтын тірегі) [190, б. 162]. Сонымен бірге әйелдің нәзіктігі, кешірімділігі, сабырлығы бағаланады: қырғыздар «Жакшы аял эрдин мактанычы» дейді (Жақсы әйел ердің мактанышы).

Жағымсыз таптаурындар: Халық ауыз әдебиетінде жағымсыз әйел бейнесі де көрініс тапқан. Әсіресе, ақымақ әйел, өсекші, ұрысқақ әйел, олақ, салақ, өсекші, жалқау, қыдырмашыл (жүргіш) әйел сияқты концептуалдық фемининдік сипаттамалар жиі айтылады. Мысалы, қазақта: «Жаман қатын – түбіңе жетер» немесе «Қатын қырсық болса, қыдыр жоламас» дейді (жаман әйел болса, қыдыр дарымас, яғни бақ кетеді), «Әйел ақылсыз, бақа көріксіз» (әйелде ақыл жоқ, бақада көрік жоқ) – бұл некедегі әйелді кінәлайтын сарказм. Түрікше: “Kadının saçı uzun, akli kısa” (Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа) деген мәтел де кездеседі. Тіпті әйелдің мінезіне қатысты «долы қатын», «теңселме қатын» (тұрақсыз), «қыдырымпаз әйел» деген тұрақты образды тіркестер қалыптасқан. Жоғарыдағы жағымсыз таптаурындар, әрине, патриархалды көзқарастың тілдегі таңбасы деп және мәдени-әлеуметтік реттеуші нормалардың ықпалы деп айтуға болады. Мұндай тілдік көрініс арқылы қоғам әйелге қандай қасиеттер жараспайтынын меңзеген, мысалы:

дөрекілік, салақтық, жалқаулық, қомағайлық, жеңіл мінез – айыпталғаны бейнеленеді.

Қорыта келгенде, әйел концептісі түркі мәдениетінде дәстүрлі гендерлік рөлдердің шоғырланған көрінісі. Оның құрамында қарама-қайшы құндылықтар мен бағалау бағдары болғанымен (идеалды үй иесі және мінсіз жар vs. жағымсыз мінезді әйел образы), тұтас алғанда бұл концепт қоғамда әйелге жүктелген нормалар мен күтулердің айнасы қызметін атқарады. Әйел болмысының ең жоғары мақсаты – «ана болу» және «жарға адал болу» деген концептуалдық модель барлық қарастырылған лингвомәдениеттерге ортақ болып келетінін анықтадық.

«Қыз» концептісі.

Концептінің қысқаша сипаттамасы: «Қыз» – түркі тілдерінде жасы бойжеткенге жетпеген немесе әлі тұрмыс құрмаған жас әйелді білдіретін ұғым. Сондай-ақ «қыз» сөзі «бойжеткен», «бикеш» мағынасында, ал кейде жалпы «әйел жынысы» [144, б. 550] ұғымында (еркекке қарсы) қолданылуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде «қыз-келіншек» тіркесі жас әйелдерді жинақтап атайды. Түрік тілінде «kız» сөзі қыз балаға қатысты айтылса [150, б. 347], өзбекше «қиз» [153, б. 362], қырғызша «қыз» – мағынасы бір [151, б. 476], ортақ болып келеді. Татар тілінде де «қыз» сөзі бар, ресми стильде «қыз» деп жазылады [157, б. 2932]; «қыз» концептісі – фемининдік концептосфераның бастапқы кезеңін, қоғамдағы бойжеткеннің орнын сипаттайды.

Мәдени мазмұны: түркі дәстүрінде қыз бала – жеті қырлы гауһар, өскенде бір әулеттің өрісін кеңейтетін қонақ. Қазақ мәдениетінде «Қыз – өріс, ұл – қоныс» немесе «Қыз – жат жұрттық» деген концептологиялық тұрақты түсінік орын алады. Бұл – қыз бала ертең бір әулеттің келіні болып, өз үйінен кетеді дегенді білдіреді; ата-ана қызын өсіріп, қанаттандырып, басқа отбасыға («жат жұртқа») береді. Осыдан барып, қызға қатысты тәрбие, қыздың абыройын сақтау мәселесі дәстүрлі мәдени дүниетанымда өте маңызды орын алған. «Қыз» концептісімен байланысты намыс, пәктік, әдеп сияқты аксиологиялық концептуалдық ұғымдар қатар жүреді. Мәселен, қырғыздар: «Қыздың жолы қылыштың жүзінде» (қыздың жолы қылыштың жүзінде) деп, қыз тағдырының қиындығын сипаттайды: «абыройын сақтаса – аман, сәл жаңылса – опат» деген мәдени-әлеуметтік таптаурындық түсінік орныққан. Қазақта осыған ұқсас «Қыздың жолы жіңішке» деген мақалдың мағынасы: «қыз тағдыры әрі нәзік, әрі сын көтермес, оны сақтап алып өту қиын іс» гендерлік дискурста дәстүрлі түрде қалыптасқан.

Семантикалық құрылымы мен компоненттері:

- Әлеуметтік рөлі: қыз бала – ата-ананың қызы, ертең біреуге жар болады. Қыздың негізгі міндеті – өнегелі тәрбие алып, болашақ отбасына лайықты келін болуға дайындалу; демек, қыз концептісінің құрамында «әлеуметтену» және «тәрбие мазмұны» басым болып келеді;

- Жеке қасиеттері: дәстүрлі дүниетаным қыз баланы ибалы, әдепті, сыпайы, сүйкімді болуға үндейді. Түркі елдерінде «Қыз өссе – елдің көркі»

деген ортақ мақал тараған, бұл қыз баланың ажары тек өз отбасының ғана емес, бүкіл елдің мерейі саналатынын көрсетеді.

Лингвокогнитивтік, аксиологиялық қырлары: қызға қатысты халық көзқарасы амбивалентті: бір жағынан, қыз – қуаныш, бақ, гүл ретінде мадақталады; екінші жағынан, қыз – бөтен елдің баласы, уайым, жауапкершілік көзі ретінде қаралып, тілдік көрінісі де осы концептуалдық мазмұнды бейнелейді. Қыздың оң образы: «Қыз – елдің көркі, үйдің қуанышы». Қазақта: «Гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі», «Қыз – халықтың гүлі» делінген; өзбек лингвомәдениетінде: «Қиз болса – хонадонга файз» (қыз болса – шаңыраққа шуақ); қызды гүлге теңеп, оның әсемдік жаршы екенін дәріптейді. Сонымен бірге қыз бала ата-анаға қамқор да бола алады: татарлар «Қызы бардың – назы бар» дейді – қызы бардың назы бар, яғни қыз – еркелетіп, жанын жадыратар тұлымшақ.

Қыздың теріс образы: «Қыз өсіру – ата-анаға сын, қиын іс». Көптеген мақалдарда қыздың шырайын сақтау (пәктігі) – басты мәселе. Мысалы, қазақта: «Он үште отау иесі» (қыз бала 13 жасында-ақ тұрмысқа дайын деп ескерткен), «Қызға қырық үйден тыю» (қыз бөтен атқа қалмас үшін барша ауыл көз салып, тыйым-тәрбие беру керек). Қырғызда: «Қызың болсо, көз-қулағың төрт болсун» (қызың болса, құлақ-көзің төрт болсын – яғни сақ бол) деген мазмұнды білдіреді.

Қыз жаман атқа қалса, ата-ана беделіне нұқсан келеді: осыған орай «Шешесі міншіл болса, қызы ұрыншақ» немесе «Шешесі өсекші болса, қызы өтірікші» деген («өнеге көрмеген қыз жаман болады» мағынасында) қалыптасқан концептуалдық модельдің «теріс» мазмұндағы компонентін айқындаймыз. Сол сияқты, «Қыз күнінде бәрі жақсы...» деген мақалда қыздың бойжеткенге дейін барынша тәртіпті жүретіні, бірақ тұрмыс құрған соң мінезінің жаман болуы мүмкін екені таңданыспен айтылады – қыз бейнесінің идеалдануы тұрмысқа шыққан соң жоғалуы мүмкін деген концептологиялық мазмұнды аңғартады.

Концептінің паремиологиялық айғақтары (тілдік көрінісі): қыз туралы түркі халықтарында көптеген мақал-мәтел қалыптасқан. Бірнешеуіне тоқталайық:

– Қазақ тілінде: «Қыздың қырық жаны бар» – қыз бала көп қиындыққа шыдамды, өміршең келеді дегенді білдіреді. Тағы бірінде: «Қыз жақсы болса – елдің көркі, қыз жаман болса – үйдің көркі». Мұнда егер қыз тәрбиелі, парасатты болса, бүкіл елдің мақтанышы; ал нашар болса, тұрмысқа шыға алмаған күйі үйде отыра береді (яғни күйеуге бара алмай, ата-анаға масыл болатынын түспалдайды).

– Түрік тілінде: «Kızını seven, dizini döver» – «Қызын еркелеткен – тізесін соғады» (шолжың өсірген қыз түбі қарабет етеді деген ескерту). Екінші бір концептуалданған өсиет: «Kız evi naz evi» – «Қыз үйі – наз үйі», яғни қалыңдық болатын үйде еркелік пен нәзіктік болады, қыз – назды. Бұл сөз қазақта да бар, салыстырыңыз: «Қыздың үйі – қызғалдақ».

– Қырғыз тілінде: «Қыздың жолы – жіңішке» – жоғарыда аталғандай, қыз тағдыры қыл үстінде; «Қыздуу үйдүн күлөөгөчү көп» – «Қызды үйдің күйеуқұмар (күйеулерге көз тігуші) көп» – яғни сұқ көз де көп дегені, қызы бар отбасы сырт көзге әрқашан абай болуы керек.

– Өзбек тілінде: «Қиз ostonadan tashqari qadam qo‘ymasin» – «Қыз босағадан сыртқа қадам баспасын» – өзбектерде де қызды тым еркін жібермеу қажеттігіне меңзейтін тыйым бар. Тағы бір өзбек нақылы: «Қиз uyalganidan chiqmas» – «Қыз ұялғанынан үйден шықпайды» – тәрбиелі қыз ұяң болады деген таптаурындық түсінік.

– Татар тілінде: «Қыз – йорт күркеһе, егет – ил күркеһе» – «Қыз – үйдің сәні, ұл – елдің сәні», сондай-ақ, «Қыз – кунак» – «Қыз – қонақ» деген де татар лингвомәдениетінде анықталды (қазақ тіліндегі «қыз – қонақтың» баламасы).

Бұл паремиялардан байқалатыны – қыз баланың абыройын сақтау, тәрбиелілігі, басқа отбасына кететіні тұрақты мотив ретінде көрінеді. Қызға тән жағымды қасиеттер – көріктілік, ибалылық, ал жағымсыз кемшіліктер – ұятсыздық, тілазарлық өте қатты сынға алынады. Мысалы, қазақ лингвомәдениетінде «Қыздың мінезі – төркінге қарап, қылығы – көргеніне қарап», яғни қыз тәрбиесі шыққан тегіне байланысты делінеді. Ал «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген мақал ана өз қызы арқылы келінге (болашақ әйелге) өнеге береді деген концептуалдық мазмұнның педагогикалық (тәрбиелік) деңгейін (сипатын) көрсетеді. Бұл мәтел түрік және қырғыз тілдерінде де дәл баламасымен кездеседі. Демек, қыз бала – тек өзінің отбасы емес, бүкіл болашақ шаңырақтың болашағы, ұлттың анасы ретінде қарастырылатын ерекше әлеуметтік категория және лингвомәдени концепт.

Қыз vs. ұл концептісі: гендерлік концептосфераны толықтыру үшін қыз ұғымы көбінесе ұл ұғымымен салыстырылады. Мысалы, қазақта: «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» – қыз тәрбиесіне бақылау ұлдан да қатаң болу керек десе; «Ұл өссе – үйге құт, қыз өссе – үйге жұт» деген жағымсыз образды бейнелейтін таптаурындық ұғым орын алады – бұл дәстүрлі қоғамда ұл ұрпақ жалғастырушы, асыраушы, ал қыз жат жұртқа кететіндіктен туындаған концептуалдық мағына. Қазіргі қоғамда мұндай көзқарастар әлсірегенімен, мақал-мәтел түрінде сақталғаны тілдік санадан толық жойылмағанын көрсетеді.

«Қыз» концептісі түркі халықтарының танымында жоғары әлеуетті бірақ осал сипаттағы мәдени-гендерлік категория. Қыз бала – әсемдік пен қуаныштың символы болумен қатар, жауапкершілік пен тәрбие нысаны. Оған қатысты мәдени талаптар өте қатал (пәктік, ар-намыс), сонымен бірге оның болашағына үлкен үмітпен қарайды (ана болады, әулет өрбітеді). Осы екіұшты көзқарас тілдегі сан алуан мақалдардан айқын көрінеді. Қорытып айтқанда, «қыз» концептісі – фемининдік концептосфераның болашақ ана ретіндегі әлеуетін көрсететін, тәрбиелік-аксиологиялық салмағы зор фемининдік концептуалдық ұғым (16-кесте):

Кесте 16 - Фемининдік концептосферадағы «Қыз» концептісінің аксиологиялық домендер бойынша жіктелуі

Аксиологиялық домен	Құндылық мәні	Тілдік-мәдени бейнеленуі	Семантикалық түсініктеме
Қорған	Әке-шеше, ағайынның қорғауы, ар-намыс күзеті	«Қыз – үйдің көркі, ұл – түздің көркі»	Қыздың абыройын сақтау, оны қорғау – отбасы мен рудың міндеті
Пана	Қыз – отбасының жан тыныштығы, әулет мақтанышы	«Қыз – ата-анаға бақ, елге сән»	Қыздың рухани пана ретіндегі рөлі
Мейірім	Жан жылуы, нәзіктік, қайырымдылық	«Қыздың мінезі – гүлдің нәзігі»	Қыз – мейірім мен ізгіліктің символы
Береке	Үйдің сәні, берекесі	«Қыз жүрген үй – көрікті»	Қыздың болуы үйдің сәнін арттырады, береке береді
Тәртіп	Әдептілік, инабаттылық, тәрбие	«Қыздың жолы – жіңішке»	Қызға арналған мінез-құлық нормалары мен әдеп қағидалары
Тұтастық	Әулет бірлігінің нышаны	«Қыз жат жұрттық»	Қыз – әулеттің жалғастырушысы әрі екі әулетті байланыстырушы тұлға

«Қыз» концептісі түркі лингвомәдениетінде көпқабатты аксиологиялық өріске ие. Ол тек жыныстық-әлеуметтік категория емес, сонымен бірге *ұлттық-мәдени код* ретінде әлеуметтік қатынастардың, моралдық нормалардың және рухани құндылықтардың тоғысын бейнелейді. Жіктелген домендер концептінің гендерлік, құндылықтық және әлеуметтік-функционалдық қырларын айқындайды. Қазақ тілінде бұл концепт орталық концептуалдық өзек рөлін атқарады, себебі «қыз» бейнесі – отбасы, ру, қоғам деңгейінде қорған, пана, береке және тәртіп идеяларымен семантикалық жағынан тығыз байланыста (5-сурет).



Сурет 5 - «Қыз» концептісінің түркі лингвомәдениетіндегі аксиологиялық өрісі

Суретте фемининдік «қыз» концептісінің алты аксиологиялық домендік өрісі бейнеленді:

- Қорған – отбасы абыройы
- Пана – рухани тыныштық пен сүйеніш
- Мейірім – жан жылуы
- Береке – үйге сән, игілік
- Тәртіп – әдеп, инабат
- Тұтастық – әулетаралық, ел арасын байланыстырушы күш.

«Жеңге» концептісі.

Түсіндірмелік мәні: «Жеңге» – түркі тілдеріндегі туыстық атау, мәні: аға немесе ағайынның әйелі [144, б. 295], нақтырақ айтсақ, Его (бастаушы адам) тұрғысынан ағасының немесе немере ағаның жұбайы. Қазақ салтында жеңге – өзінен кіші қайындары (күйеуінің бауырлары, сіңлі-қарындастары) үшін «кеңесші апа» іспеттес рөлде. Түрік тілінде «уенге» сөзі де осындай мағына береді [150, б. 650], қырғызда «жеңе/жеңги» [151, б. 248], өзбекше «янга» (yanga) түрінде айтылады [154, б. 635]; атау түрленсе де, концептуалдық мазмұн бір: жеңге – отбасыда делдал, араағайын, ақылшы әйел бейнесі.

Мәдени рөлі: жеңгенің отбасындағы орны ерекше болып келеді. Ол бір жағынан сол әулетке келін болып түскен адам (өз күйеуінің ата-анасы, жасы үлкен бауырлары мен туысына келін болады), екінші жағынан, өзінен жасы кіші қайын іні-сіңлілерге бейресми тәрбиеші, сырласы ретінде көрінеді. Қазақ дәстүрінде жеңгетайлық дейтін концептуалдық ұғым қалыптасқан – жеңге бойжеткен қайын сіңлісіне немесе бозбала қайнысына жар таңдау ісінде делдалдық жүргізеді. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген мәтел дәл осыны меңзейді: үйленгелі жүрген жігітке алдымен жеңгесі көмектеседі, қызбен табыстырады, жолын ашады; демек, жеңге – отбасылық қолдаушы, арашашы тұлға. Қайындары үшін ол әрі туған апа/әпке орнына жүреді, әрі достық пейілдегі жанашыр. Мысалы, қазақы ортада жас жігіттердің өз жеңгелерімен қалжыңдасып, еркін сөйлесуі құпталған, ал басқа үлкен әйелдерге әдеп сақтаған; жеңге – жартылай «бөтен», жартылай «өз» ерекше мәртебеге ие туыс әйел адам. Түрік мәдениетінде де «уенге» сөзі жай ғана туыстық атау емес, бейресми ортада бөтен әйелге (досының әйелі т.б.) құрметпен әзіл-қалжың аралас қолданылатын номинативтік атау.

Семантикалық құрылымы:

- Негізгі рөлдері – жеңге келесі қызмет-міндеттерімен сипатталады: қайын іні-сіңлілерге қамқор болу, ақыл айтып бағыт беру, оларды қолдау, әсіресе, «жеңге тәрбиесі» деген ұғым бар – қыз балаға ашық айтылмайтын кейбір мәселелерді жеңге үйреткен, ұл баланың кейбір сырларын (ғашықтық, т.б.) жеңге арқылы ата-ана түсінген [191, б. 240]. Жеңге концептісінің осы мәдени-әлеуметтік рөлі паремияларда көрініс тапқан: «Қызды үйдің жеңгесі сүйкімді» – бойжеткен қызға үйде ең жақын адам жеңгесі, ол оны еркелетіп, сәңдейді деген мағынада.

- Әлеуметтік контекст – жеңгеаралық буын іспетті. Ол өзіндік әдептілікті де сақтайды (қайнаға, қайны сіңлілерге тиісінше), бірақ көбіне еркін қимылдайды. Мысалы, қазақы ортада жеңгелер қайындарының құда түсу, үйлену рәсімдерінде белсенді (үкі тағып, қыз көруге бірге бару т.б.), сондықтан

оларды «*дәстүр бастаушы*» деген концептуалдық мазмұнда сипаттау айқындалды.

Аксиологиялық және когнитивтік қыр: Жеңге бейнесі негізінен жағымды реңкте. Жақсы жеңге – қайынінілері мен қайынсіңлілеріне шынайы жанашыр, жақын дос. «Жеңге» сөзінің халық жадындағы коннотациясы – жылы, әзілқой, кеңпейіл әйел. Мысалы, қазақта: «Жеңгесі бардың теңгесі бар» дейді – бұл жеңген болса, қалтаң тесік емес (ол саған көмектеседі) деген әзіл. Кейде: «Жақсы жеңге шешенің орнын жоқтатпайды» деп те айтылады, яғни жеңгесі тәрбиелеген балалар ана мейірімін сезінеді деген сөз. Жағымсыз образ жеңгеге қатысты сирек кездеседі, бірақ «жаман жеңге – қайынылары мен қайынсіңлілеріне жала жауып, араздық тудыратын» жанжал дискурсында көрініс табады. Мысалы, егер жеңге шынымен қатыгез не өсекші болса, ол қайындарын жолынан тосып, отбасы татулығына сызат түсіруі мүмкін. Мұны бейнелейтін өзбек арасында сирек айтылатын: «Yomon yenga – boshqatdan teng» (жаман жеңге бөтенге тең) деген ұғым қалыптасқан (яғни бөтен жаудан жаман). Дегенмен, түркі дүниесінде жеңгенің жағымсыз сипатынан гөрі, жағымды бейнесі көбірек дәріптелгені байқалады – жеңге көбіне жақсы адам контекстінде, ал егер нашар болса, оның орнын басқа туыс немесе ана алмастырады деп қарайды.

«Жеңге» фемининдік концептісінің лингвомәдени моделі.

- Қазақ: жоғарыда айтылған «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» – жеңгенің қолдауын көрсетсе, «Ағама жеңгем сай», «Апама жездем сай» деген әжуәлі тіркестер бар. Бұл соңғысы – «апама өз теңі жездем лайық, ағама өз теңі жеңгем лайық» деген мағынада, көбіне екі жақты мінездеме (әркім өзіне лайық жар тапқан) ретінде айтылады.

- Түрік: «Yenge, geline okur, gelin yerden bakar» – «Жеңге оқиды, келін жерден қарайды», яғни жеңге келінге ақыл үйретеді, бірақ келін әлі оны толық ұқпайды дегендей (тәжірибелі жеңгелер жас келіндерге тәлімгер болғанын бейнелейді).

- Қырғыз: «Жеңең барда теңең бар» – жеңген болса, теңің (сырласарың) бар, бұл қазақтағы теңге ұғымымен орайлас айтылған. Тағы: «Жеңгең жаман болса, жеңгетайыңнан айрылдың» деп күледі – егер жеңге нашар болса, сүйіспеншілік ісін алға баспайды (жеңгетайлық жасамайды) деген.

- Өзбек: Өзбектерде жеңге образынан гөрі «янға» образы, яғни отбасындағы әзілкеш үлкен келіншек образы жиі кездеседі. Мысалы, жас бала бұзықтық жасаса, «янға сені уруши мумкин» (жеңген сені ұруы мүмкін) деп қорқытады, мұнда жеңгелер – тәртіп сақшысы ролінде.

- Татар: Татар тілінде жеңгені көбіне «жиңгине» деп атайды (башқұрт тіліне жақын атау). Онда: «Жиңгинең барда – телеаңа бар» – жеңген болса, тіліңді сапта деген әзіл сөзі бар (яғни жеңгеннен үйренерің көп).

Жеңге мен қайны, қайын сіңлі қатынасы: Бір ескертетін жайт – кейбір халықта жеңге мен қайының әзіл-қалжыңы шектен асса сыналған. Сондықтан: «Жеңге – жарым жең, жезде – жарым қол» деген қазақ мәтелі бар – жеңгемен жақсы қатынас та керек, бірақ оның жартылай ғана туыс екенін ұмытпа (шектен

шықпа) деген ескерту. Бұл да жеңге мәртебесіндегі қосақылықты білдіреді: жеңге – бір есептен бөтен, әйтсе де өз отбасының мүшесі.

Сонымен, «жеңге» концептісі фемининдік концептосферада делдалдық, біріктіруші қызметімен ерекшеленеді (17-кесте). Ол гендерлік рөлдердің бір-бірімен ықпалдасу нүктесін көрсетеді: мысалы, жеңге жас жігітті қызбен таныстырады (әйел адамның ер ісіне араласуы), немесе қыздың сырын анасына емес, жеңгесіне айтуы (әйелдің ана рөлінен гөрі достық рөлде болуы). Осы тұрғыдан алғанда жеңгенің концептуалдық образы гендерлік таптаурындардың кейбір шектерін кеңейтеді. Жеңгеге кейде еркекше батылдық та телінуі мүмкін: мәселен, түрік тілінде «erkek yengeler» («еркек жеңгелер») деген тіркес – ер мінезді, әзілқой жеңгелерге қатысты айтылады – мұнда әйелге маскулиндік қасиет таңылып тұр. Бұл құбылыс гендерлік семантиканың дәстүрлі бинарлық шекарасынан шығып, рөлдердің мәдени бейімделетінін байқатады; яғни жеңге концептісі – фемининдік тұлғада маскулиндік мәндердің де кездесетінін бейнелейтін гендерлік болмыстың ерекше көрінісі.

Кесте 17 - Түркі тілдеріндегі «жеңге» концептісінің аксиологиялық (құндылықтық) компоненттерін салыстырмалы талдау

Тіл	Тілдік көрінісі	Концептуалдық мағынасы	Аксиологиялық компонент
Қазақ	«Жеңге – жарасым, жеңге – жарасу»	Жеңге отбасының бірлігін, жарасымын сақтаушы	Береке, тұтастық
	«Жеңге – сырлас, жеңге – мұңдас»	Жеңге – жас келіндер мен қыздарға кеңесші, сырлас	Мейірім, қамқорлық
Түрік (yenge)	«Yenge evin direğidir» (Жеңге – үйдің тірегі)	Жеңге – отбасылық құрылымның тұрақтандырушы тұлғасы	Қорған, тұрақтылық
Қырғыз (жеңе)	«Жеңе – жеңил сөздүн эгеси» (Жеңге – әдепті сөздің иесі)	Жеңге – сыпайылық, әдеп үлгісі	Тәртіп, әдеп
Өзбек (yanga)	«Yanga oila ko'zgusi» (Жеңге – отбасының айнасы)	Жеңге отбасы абыройын көрсетеді	Абырой, береке
Татар (жингә)	«Жингә сүзне йомшарта» (Жеңге сөзді жұмсартарды)	Жеңге – жанжалдарды жұмсартушы, мәмілегер	Бітім, бейбітшілік
	«Жингә – өйнең күркеһе» (Жеңге – үйдің көркі)	Жеңге – үйдің көркі, сәні	Эстетика, үйлесім

Түркі фемининдік концептосферасында «жеңге» бейнесі әлеуметтік-мәдени құрылымдағы ерекше аралық (аралық буын) рөл атқаратын *әйел* тұлғасын бейнелейді. Ол гендерлік, туыстық және этикалық жүйелердің қиылысында орналасқан, сондықтан аксиологиялық тұрғыдан бірнеше құндылықтық домендерді тоғыстырады.

1. Құндылықтық орны:

Жеңге – отбасы иерархиясында *құрметті ене* деңгейінен төмен, бірақ *келін* деңгейінен жоғары тұрған, екі буын арасын байланыстырушы тұлға. Бұл позиция оған делдалдық, бітімгерлік және кеңесшілік қызметтерді жүктейді.

2. Аксиологиялық домендер:

– Береке және тұтастық – жеңге үй ішіндегі жарасым мен татулықты сақтайды, ұрпақаралық түсіністікті қалыптастырады.

– Мейірім және қамқорлық – жас келіндер мен қыздарға тәлім беріп, туыстық ортада эмоционалды қолдау көрсетеді.

– Тәртіп және әдеп – сөз мәдениетін, тұрмыстық этикетті сақтауда үлгі болады.

– Бітім және бейбітшілік – отбасындағы немесе туыстар арасындағы түсініспеушіліктерді жұмсартады.

– Эстетика және үйлесім – отбасының сыртқы келбеті мен ішкі ахуалының үйлесімді болуына үлес қосады.

3. Әлеуметтік-мәдени рөлі:

Жеңге тұлғасы түркі қоғамдарында *«әлеуметтік тұрақтандырушы»* қызметін атқарады. Ол формалды және бейформалды коммуникация арналарын теңгеріп, отбасы мүшелерінің арасындағы психологиялық қашықтықты қысқартады. Бұл қызмет түркі мәдениеттерінде әйелдің *ішкі тұрақтандырушы күш* ретіндегі дәстүрлі моделін айқын көрсетеді.

4. Концептосферадағы орны:

Жеңге бейнесі фемининдік концептосфераның *делдалдық-үйлестіруші* қабатын құрайды. Ол *аналық, әпкелік және достық* рөлдерінің синтезі ретінде мәдени-әулеттік жадыда сақталады. Мұндай интегративті рөл арқылы *жеңге* әлеуметтік нормаларды тасымалдаушы және құндылықтарды қайта өндіруші ретінде көрініс табады. *Жеңге* концептісі түркі фемининдік концептосферасында отбасының эмоционалды, этикалық және коммуникативтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін мәдени архетип болып табылады. Оның рөлі тек тұрмыстық шеңбермен шектелмей, туыстық этика, ұрпақаралық сабақтастық және құндылықтар жүйесінің беріктігін сақтауға бағытталған.

Түркі фемининдік концептосферасы – *ана, қыз, әйел-жар, келін, жеңге* т.б. сияқты базалық концептілер арқылы мәдени-әлеуметтік құрылымның, дәстүрлі гендерлік рөлдердің және аксиологиялық құндылықтардың тұтас жүйесін бейнелейтін күрделі лингвомәдени феномен ретінде анықталды. Ол тілдік деректерде – мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, тұрақты теңеулерде – көрініс тауып, әйел бейнесін отбасының ұйытқысы, ұрпақ жалғастырушы, моральдық-этикалық тұрақтандырушы күш ретінде қалыптастырады. Фемининдік концептосфераның құрылымдық және семантикалық талдауы түркі халықтарының ортақ мәдени кодтарын, сондай-ақ этностық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік беріп, гендерлік лингвомәдени модельдерді кешенді түсіну үшін ғылыми негізін қалыптастырады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Гендерлік концептосфераны құрылымдайтын *маскулиндік* және *фемининдік* микроөрістер зерттеуде белгілеген өрістік құрылымға орай мазмұны жағынан талданып, лингвомәдени және лингвоконцептуалдық зерттеу әдістемелеріне негізделген кешенді талдау жүзеге асырылды.

Семантикалық типологиялық талдау маскулиндік және фемининдік концептілердің көп аспектілі категория екенін байқатты; семантикалық мазмұндық құрамында – биологиялық, мінез-құлықтық, моральдық, эмоционалдық және сөйлеу тілінің сипаттары көрініс табатыны айқындалып, лингвомәдени тұрғыдан концептуалдану тәсілдері басты назарға алынды.

Кластерлік жүйелеу концептілердің семантикалық бағыттылығын нақтылауға мүмкіндік беріп, оларды *архетиптік*, *этикалық*, *әлеуметтік*, *эмоционалдық*, *физикалық* және *дискурсивтік* деңгейлер бойынша саралауға жол ашты. Бұл гендерлік сана құрылымының кешенді сипатта ұйымдасқанын көрсетеді.

Маскулиндік және фемининдік концептосфераның көпдеңгейлі құрылымы түркі тілдерінде ортақ архетиптерге негізделі отырып, әрбір тілдің лингвомәдени ерекшеліктеріне сәйкес түрленетіндігі сипатталды.

Маскулиндік және фемининдік гендерлік концептосфераның деңгейлік моделі – когнитивтік компоненттер; аксиологиялық немесе құндылықты компоненттер (ерлерге қатысты – ерлік, жауапкершілік, қорған болу сынды моральдық бағдарлар; әйелдерге қатысты – қорған, пана, береке, мейірім, тәртіп); эмоциялық компоненттер; әлеуметтік компоненттерді (ерлерге қатысты – көшбасшылық, мәртебе, бедел секілді әлеуметтік рөлдер мен позициялар; әйелдерге қатысты – баланы күтіп-бағу, ошақ иесі, үйдің берекесі, ерінің серіктесі, әулетті біріктіруші) қамтитыны анықталды.

Фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер арқылы берілетін дискурсивтік формалар әрбір тілде ер мен әйелден күтілетін рөлдер мен мінез-құлық нормаларын бейнелегендіктен, түркі гендерлік концептосферасының прагматикалық аспектісін ашуға мүмкіндік берді.

Маскулиндік және фемининдік концептосфераларда ер мен әйелдің өмір кезеңдері және отбасылық мәртебесіне қатысты бірнеше деңгейдегі гендерлік концептілер ажыратылды, олар – ұл, бозбала, жігіт, күйеу бала, күйеу, әке, ер адам, ата; қыз бала, бойжеткен, келін, әйел (жар), әйел (әйел адам), ана, ене, әже т.б.;

Маскулиндік және фемининдік гендерлік лингвомәдени модельдің сипаттамалық белгілері ретінде динамикалылық (өзгермелілік) сипаты, этномәдени ерекшелігі, полимодалдылығы (көпарналық көрінісі), құрылымдылық (жүйелілік) сипаты анықталды.

Түркі тілдеріндегі концептологиялық бірліктер мен олардың семантикалық типологиясы негізінде маскулиндік және фемининдік ұғымдардың ортақ мәдени кодтарымен қатар, этносаралық ерекшеліктері де көрсетілді.

Гендерлік концептосфераның құрылымдық моделіне қатысты мынадай тұжырымдар ұсынылды:

1) гендерлік концептосфера құрылымында мазмұны мен құрылымына қарай әр түрлі (типтік жағына қарай) болып келетін концептілер ажыратылады;

2) гендерлік концептосфераның құрылымын концептологиялық тұжырымдар негізінде анықталатын қағидаттар бойынша сипаттап, түркі тілдеріндегі маскулиндік және фемининдік концептологиялық жүйелердің

құрылымдалуын, құрамды бөліктері мен қабаттарының ұйымдастырылуын, гендерлік концептологиялық жүйеге тән когнитивтік аймақтардың, олардың салаларын, концептуалдық сипат-белгілерін зерделеуді жүзеге асыруға мүмкіндік алуға болады;

3) гендерлік концептосфераның формалды құрылымдық жүйесі келесі сипатта анықталады – гендерлік концептосфераның өзі суперконцепт жүйесі ретінде белгіленіп («Адам» концептосферасы құрамы тұрғысынан алғанда – гендерлік суперконцепт, онда «Адам» концептісі – гиперконцепт ретінде сатылы мәнде белгіленеді), оның құрамында макроконцептілер (маскулиндік және фемининдік гендерлік макроөрістерге енетіндер), микроконцептілер (маскулиндік және фемининдік микроөрістерге енетіндер) ажыратылады; маскулиндік және фемининдік гендерлік макроөрістер құрамында базалық (негізгі) концептілер де орын алады;

4) гендерлік концептілер – гендерлік концептосфераның концептуалдық бірліктері, олардың құрамы, зерттеу деректері көрсеткендей, образдық (бейне), ұғымдық (концептуалдық), құндылықты (аксиологиялық) және әлеуметтік-мәдени-психологиялық құраушы бөліктерді қамтиды;

5) маскулиндік және фемининдік концептуалдық жүйелер құрамына енетін микроконцептілердің бірнеше қабаты ажыратылады және бұл концептуалдық қабаттары түркі гендерлік дүниетанымының қалыптасу тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени өмірінің нәтижелері болып табылады; сондықтан, бұл концептілерді зерттеу әдістемесі де кешенді сипатта болуы орынды – лексика-семантикалық, лексикографиялық, компоненттік, лингвоконцептологиялық, лингвомәдени, модельдеу, эксперименттік;

6) түркі гендерлік концептосферасының құрылымын талдау оның семантикалық, лингвоконцептуалдық, лингвомәдени бірегей мазмұнын анықтауға негіз болып, адамзатқа ортақ гендерлік тілдік дүниетанымды және ұлттық гендерлік болмыс пен дүниетанымды салыстыруға, гендерлік концептологиялық жүйені қалыптастыруға негіз береді.

Бұл тараудағы зерттеу үшін келесі кілт ұғымдарды белгілеу, оларды нақтылау мен негіздеу маңызды болды – түркі маскулиндік және фемининдік гендерлік концептосферасы, маскулиндік және фемининдік гендерлік концептілер, маскулиндік/фемининдік концептілердің құрылымдық белгілері мен сипаттары, маскулиндік/фемининдік семантикалық мән және маскулиндік/фемининдік концептуалдық мән, маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық домендері, маскулиндік/фемининдік концептілердің когнитивтік матрицасы, түркі маскулиндік/фемининдік гендерлік концептосферасының лингвомәдени моделі.

3.1 Ассоциативтік зерттеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістемесі

Бұл бөлімнің басты мақсаты – түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераның заманауи вербалдану ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатта *ассоциативтік эксперимент* әдісі қолданылды. Ассоциативтік зерттеу адамның тілдік санасында белгілі бір сөз немесе ұғым тыңдалғанда пайда болатын алғашқы вербалды реакцияны, яғни еркін ассоциацияны тіркеуге негізделеді. Мұндай әдіс арқылы біз гендерлік мазмұндағы базалық ұғымдар туғызатын концептуалдық өрісті, мәдени таптаурындарды және олардағы ұлттық ерекшеліктерді айқындай аламыз.

Ассоциативтік зерттеуді ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі диссертацияның алғашқы екі бөлімінде тұжырымдалған теориялық қағидалармен тығыз байланысты. Гендерлік концептосфераның теориялық моделін әзірлеумен қатар, оның тілдік санада қалыптасу және орнығу тетіктерін эмпирикалық деректер негізінде айқындау маңызды ғылыми міндет болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында психолингвистикалық ассоциативтік эксперимент әдісі қолданылды. Алғашында ассоциативтік эксперимент адам санасын зерделеу мақсатында психология ғылымы аясында қалыптасқанымен, қазіргі уақытта ол ұжымдық тілдік санадағы ұғымдық құрылымды айқындаудың тиімді құралы ретінде тіл білімінде кеңінен қолданылып келеді.

Қазіргі заманғы білім мен ғылым жүйесінде тілдік сана мен этномәдени ерекшеліктерді психолінгвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы артып келеді. Тіл – белгілі бір этностың болмысын, дүниетанымын және құндылықтар жүйесін бейнелейтін негізгі құрал. Тілдік сананың қалыптасуы, дамуы және өзгеруі этностың рухани-мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысты [192, б. 33].

Ғалымдар тілдік ұғымдардың семантикалық ерекшеліктері тек лингвистикалық емес, сонымен қатар мәдениеттанулық сипатқа ие екендігімен келіседі [193, 194]. Бүгінгі психолінгвистикалық зерттеулерде ассоциативтік эксперимент арқылы ұлттық мәдени концептілерді анықтау маңызды әдістердің біріне айналып отыр [195].

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде Қазақстандағы және шетелдегі қазақ жастарының этномәдени санасын зерттеу мақсатында жаппай ассоциативті эксперименттер жүргізіліп келеді [196]. Алайда қазақ жастарының тілдік санасындағы дәстүр мен жаңашылдықтың өзара ықпалдастығын кешенді түрде қарастыру жеткілікті деңгейде зерттелмеген мәселе болып қала береді.

Тілдік сана – белгілі бір мәдени дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін механизмдердің бірі. Тіл арқылы этностың *рухани коды* сақталады, ал этнолингвистикалық зерттеулер оның қалай өзгеріп, бейімделетінін анықтауға

мүмкіндік береді. Этнолингвистика этностың болмысын оның тілі арқылы зерделейтін ғылым саласы ретінде, халықтың дүниетанымын, құндылықтық бағдарларын және когнитивтік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған [197].

Ассоциативтік эксперимент қазіргі тіл білімінде антропоэектілік бағыттағы зерттеулердің маңызды нысандарының бірі болып табылады. «Ассоциация» ұғымы алғашында философия мен психология ғылымдарында қалыптасып, кейіннен лингвистика саласында кең қолданыс тапты. Қазақ тіл білімінде мұндай тәжірибелер 1960–1970 жылдары қазақ және орыс тілдері материалдары негізінде жүргізіле бастады [198, б. 4].

Бүгінде «ассоциация» тек психологиялық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар әлемнің концептуалдық бейнесін танытудың бір тәсілі ретінде қарастырылады. Қазіргі зерттеу парадигмалары бұл ұғымды тек жеке тұлғаның санасындағы менталдық процестермен ғана байланыстырып қоймай, сонымен бірге жадыдағы түйсік пен қиялды белсендірудің тиімді құралы ретінде таниды. В.П. Абрамов [199] пен Ю.А. Борисова [200] ассоциативтік эксперимент әдісі антропоэектілік ғылыми көзқарас шеңберінде зерттеулер жүргізуде айрықша рөл атқаратынын атап көрсетеді. Мұндай тәсіл этностық сананы зерделеуге де жол ашады.

Этностық сананы ассоциативтік тәжірибе арқылы зерттеу белгілі бір этнос өкілдеріне тән әлем бейнесін тануға мүмкіндік береді. К.А. Бурнаева мұндай тәжірибені тілдік сананы субъективті бейнелеудің ең қолайлы әдістерінің бірі деп санайды [201, б. 51]. Әлемнің тілдік бейнесі этнос мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. «Этникалық мәдениет өкілінің тілдік санасы өзіндік ерекшеліктерге ие. Белгілі бір мәдениеттің тасымалдаушысы сол мәдениеттегі бейнелер мен идеялар жүйесін иеленеді және бұл жүйе әр мәдениетте әртүрлі сипат алады» [202, б. 2].

Жалпы, тіл мен этнос арасындағы байланыс күрделі әрі көпқырлы. Оның ұлттық-мәдени, тарихи және танымдық аспектілерін зерделеуде *ассоциативтік эксперимент* тиімді әдіс ретінде бағаланады. Бұл тәжірибелер этностық сананы, вербалды жадыны, менталдық лексиконды, ұлттық-мәдени таптаурындарды және әлемнің тілдік бейнесін айқындауға мүмкіндік береді. Г.Т. Мұхамеджанова ассоциативтік экспериментті жадыны, лексикон мен сөйлеу тетіктерін, сондай-ақ әртүрлі тіл тұтынушыларының тілдік санасындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді зерттеуде қолдануға болатын нәтижелі құралдардың бірі деп атайды [203, б. 92].

Сонымен қатар, мұндай тәжірибе тілдік тұлғаның қоршаған ортамен байланысын, өмірлік оқиғалармен қарым-қатынасын, белгілі бір зат немесе құбылысты қабылдау деңгейін және жеке ерекшеліктерін айқындауға жағдай жасайды. Бұл үдеріс стимул сөз бен оған берілген реакциялар негізінде талданады. «*Стимул сөздер* – зерттеуші тәжірибеге қатысушыларға ұсынатын бірліктер, ал реакциялар – информанттардың сол стимулға байланысты жазған ассоциациялары» [204, б. 46]. Осылайша, тәжірибе барысында сөздер арасындағы семантикалық жақындық айқындалады. Х. Поллио жоғары жиілікте қолданылатын стимул сөздердің кең ауқымды ассоциациялық өріс

калыптастыруға бейім екенін атап өтеді [205]. Зерттеушілер бұл құбылысты сөздердің «қиылысу коэффициенті» ұғымымен байланыстырады.

Мәтіндегі теориялық тұжырымдарды нақтылай түсу және «ассоциация» ұғымына берілген әртүрлі ғылыми түсіндірмелерді салыстырмалы түрде көрсету мақсатында төменде шетелдік ғалымдардың еңбектерінен жинақталған анықтамалар ұсынылады (18-кесте).

Кесте 18 – «Ассоциация» және «ассоциативтік эксперимент» ұғымдарының мәнін сипаттау

№	Автор	Анықтама
1	Аристотель	Ассоциация – елестетулердің байланысуы; оның үш түрі бар: ұқсастық, іргелестік (уақыт/кеңістік жағынан жанасу) және қарама-қарсылық.
2	Дж. Локк	Белгілі жағдайларда психикалық құрылымдар арасында қалыптасатын тұрақты байланыс.
3	И.М. Сеченов	Ассоциациялар рефлекторлық теория аясында түсіндірілетін психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады.
4	И.П. Павлов	Ассоциация – шартты рефлекстің психикалық баламасы; жүйке жүйесіндегі уақытша байланыс.
5	С.Л.Рубинштейн	Ассоциация мен шартты рефлекс өзара астасады, бірақ ассоциация сананың психологиялық мазмұны ретінде көрінеді.
6	Л.Б.,Сзалай Диз Дж.	Ассоциация ассоциативтік эксперименттің екі түрін ажыратады: еркін (шектеусіз жауап) және бағытталған (алдын ала шектеуі бар жауап).
7	Ю.Н. Караулов	Ассоциативтік өріс – сөз-стимулға берілген реакциялар жиынтығы.
8	Н.С. Болотнова	Ассоциативтік мағына – сөздің санамызда қалыптасқан инвариантты ассоциативті-мағыналық кешені.
9	Е.И. Горошко	Ассоциациялар – сана мазмұнын зерттеудің тиімді құралы; еркін эксперимент ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді.
10	С. Де Дейн, Г. Стормс	Ассоциативтік эксперимент – жад, лексикон, сөйлеуді тудыру/қабылдау және тілдік сананың мәдени ерекшеліктерін зерттеудің ықпалды әдісі.

Кестеде көрсетілген эволюция ассоциация ұғымының философиялық бастауын (Аристотель, Дж. Локк) психофизиологиялық түсіндірмемен (И.М. Сеченов, И.П. Павлов, С.Л. Рубинштейн) жалғап, психолінгвистикалық әдіснамаға (Л.Б.Сзалай, Дж. Диз, Ю.Н. Караулов, Н.С. Болотнова, Е.И. Горошко, С. Де Дейн, С. Стормс) ұластыратынын көрсетеді.

Ассоциативтік эксперимент нәтижелерін талдау барысында этнолінгвистикалық әдістерді негізге аламыз, өйткені еркін ассоциациялар тілдегі символдар, құндылықтар және рөлдік сценарийлер сияқты тұрақты мәдени мазмұнды айқын көрсетеді.

Осы ғылыми контексте мәдени-тілдік сананы, оның ішінде гендерлік концептосфераның құрылымын тереңірек ашуға мүмкіндік беретін тиімді тәсіл ретінде ассоциативтік эксперимент таңдалғаны жоғарыда айтылды. Бұл әдіс

белгілі бір сөз немесе ұғымға қатысты қатысушылардың санасында бірден пайда болатын ассоциацияларды тіркеу арқылы олардың мәдени және гендерлік мазмұнын айқындауға жағдай жасайды. Ассоциациялар жүйесі респонденттің жеке тәжірибесінен бөлек, оның тілдік ортасы мен ұлттық мәдениетінің ықпалын бейнелейді. Сондықтан осы экспериментті кезең-кезеңімен жүйелі ұйымдастыру зерттеуіміздің негізгі мақсатына жетудің маңызды шарты болып табылады. Біздің зерттеуімізде бұл эксперимент *Н.В. Дмитриук* құрастырған қазақ ассоциативтік сөздігінің тәжірибесіне сүйене отырып жоспарланды.

Төменде аталған экспериментті ұйымдастыру және өткізу үдерісінде қамтылатын негізгі кезеңдер қысқаша сипаттамасымен бірге ұсынылған (19-кесте).

Кесте 19 – Ассоциативтік экспериментті жоспарлау, орындау және талдау сатылары

№	Кезең атауы	Қысқаша сипаттама
1	Зерттеу мақсаты мен дизайнды анықтау	Алдымен зерттеудің мақсаты мен болжамдары анықталады. Ассоциация түрі (еркін немесе бағытталған), жауап саны және уақыт шектеуі белгіленеді.
2	Этика талаптарын орындау және келісім алу	Қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алынады, анонимділік сақталады, зерттеуден кез келген сәтте бас тарту құқығы беріледі.
3	Мақсатты аудиторияны (іріктемені) айқындау	Жас, жыныс, тілдік профиль бойынша іріктеу жасалады.
4	Материалдар мен стимул-сөздерді іріктеу	Стимул-сөздер таңдалады, таңдау барысында жиілік, мағына айқындығы және мәдени таңбалануы ескеріледі. Демографиялық сауалнама және сынама блогы дайындалады.
5	Құралдарды анықтау және қолдану	Онлайн форма (<i>Google Forms</i>) немесе қағаз бланкілер, таймер, нұсқаулық мәтіні, қажет болса реакция уақытын тіркейтін бағдарлама қолданылады.
6	Тәжірибені пилоттық тексерістен өткізу	5-10 адаммен сынақ өткізіліп, нұсқаулықтың түсініктілігі, уақыт жеткіліктілігі және стимулдардың қолайлылығы тексеріледі.
7	Экспериментті өткізу тәртібін сақтау	Барлық қатысушыларға бірдей стандартталған нұсқау беріледі, 2-3 сынама стимулдан кейін негізгі тізім ұсынылады.
8	Деректер жинау және сапаны бақылау	Жауаптар бір базаға енгізіледі, қайталанған және жарамсыз реакциялар алынып тасталады.
9	Алдын ала өңдеу	Жауаптар алдын ала өңделеді, емле қателері түзетіледі, орфография біріздендіріледі, мағынасы бірдей сөздер біріктіріледі.
10	Реакцияларды кодтау	Байланыс түріне (<i>парадигматикалық, синтагматикалық, фонетикалық</i>), семантикалық өрістерге және эмоциялық реңкіне қарай кодтау жасалады.
11	Көрсеткіштерді есептеу	Жиілік, таптаурындық индексі, энтропия, ассоциативтік күш, реакция уақыты есептеледі.


19 – кестенің жалғасы

12	Статистикалық талдау және визуализация жасау	χ^2 , t-тест, ANOVA сияқты әдістер қолданылады, нәтижелер диаграмма, кесте, желілік карта түрінде ұсынылады.
13	Нәтижелерді түсіндіру және есебін шығару	Нәтижелер гипотезалармен салыстырылады, мәдени-этнолингвистикалық түсіндірме беріледі, шектеулер мен қосымша материалдар тіркеледі.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдер біздің зерттеудің әдістемелік негізін құрайды және деректерді жинау мен өңдеудің дәйектілігін қамтамасыз етеді. Ассоциативтік эксперименттің әрбір қадамы – бастапқы дайындықтан бастап деректерді талдауға дейін зерттеу мақсатына сай нақтыланған. Мұндай жүйелі тәсіл нәтижелердің сенімділігін арттырады.

Бұл әдістеме түркі халықтарының мәдениетінде қалыптасқан гендерлік ұғымдардың тілдік санадағы көрінісін кешенді талдауға мүмкіндік береді. Эксперимент нәтижелері гипотезаларды тексеріп қана қоймай, гендерлік концептосфераның құрылымы мен мазмұнына қатысты жаңа ғылыми деректер ұсынады. Диссертацияның келесі 3.2 бөлімінде осы эксперименттен алынған деректерді талдау және салыстырмалы зерттеу нәтижелері беріледі.

Ассоциативтік эксперименттің ұйымдастырылуы екі елде – Қазақстан мен Түркиядағы респонденттер арасында кезең-кезеңімен жүргізілді. Экспериментке барлығы 1197 респондент қамтылды (6-сурет), оның ішінде Қазақстаннан – 724 адам ($\approx 60.5\%$), Түркиядан – 473 адам ($\approx 39.5\%$). Респонденттердің барлығы сауалнамаға ерікті түрде және анонимді қатысып, жеке деректерінің құпиялығы сақталды. Зерттеу құралы ретінде *Google Forms* онлайн-платформасында дайындалған электронды сауалнама қолданылды. Сауалнама келесі сілтемеде орналасқан: <https://docs.google.com/forms/d/19-riSiHYne93EnNhKiO8M0eykEPkzCHLqMh2cjaNF3E/preview> Сауалнамада әр респондент туралы жалпы мәліметтер (елі, оқу немесе жұмыс орны, жасы, мамандығы, жынысы) және негізгі ассоциативтік тапсырмаға арналған сөз-стимулдар жиынтығы қамтылды.



Сурет 6 - Қазақстан мен Түркия елдерінен қатысқан респонденттер саны


Қазақстанда ассоциативтік эксперимент 2024 жылы үш кезеңде, үш түрлі жоғары оқу орнында өткізіліп, барлығы 724 респонденттің жауабы жиналды (оның 446-сы әйел, 278-і ер адам). Алғашқы эксперимент 15.01.2024-12.02.2024 уақыт аралығында Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылды. Бұл кезеңге негізінен аталған университеттің студент жастары (бакалавриат) тартылып, сонымен бірге магистранттар мен докторанттар және оқытушы-профессорлар құрамы да қамтылды. Екінші кезеңде тәжірибе Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде (Ақтөбе қаласы) жалғасып, оған осы университеттің әртүрлі факультеттерінен ерікті қатысушылар қатысты. Үшінші кезең Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде (Орал қаласы) жүргізілді. Осылайша Қазақстанда үш түрлі аймақтық жоғары оқу орнында ассоциативтік сауалнама өткізу қазақтілді респонденттердің анағұрлым кең географиялық және әлеуметтік ортасын қамтуға мүмкіндік берді.

Қазақстандық 724 респонденттің құрамын талдайтын болсақ, олар жынысы, жасы және әлеуметтік мәртебесі бойынша алуан түрлі топтарды құрады (7-сурет). Респонденттердің 52,4%-ын әйелдер, 47,6%-ын ерлер құрады (әйелдер саны сәл басым болғанымен, ерлер мен әйелдер санының айырмасы үлкен емес, $\approx 10\%$). Жас мөлшері бойынша қатысушылар үш негізгі санатқа бөлінді:

– 17–21 жас: негізінен университет бакалавриат студенттері, жалпы қатысушылардың шамамен 55%-ын құрады (397 адам; оның ішінде 243 қыздар, 154 жігіттер). Бұл топтағы респонденттер – жоғарғы курс колледж және университет студенттері, орта есеппен 18-20 жас аралығы; көпшілігі бойдақ, әлі отбасын құрмаған жастар;

– 22–35 жас: бұл санатқа магистранттар мен докторанттар және жас мамандар енгізілді, жалпы үлесі $\sim 28\%$ (203 адам; оның ішінде 123-і әйел, 80-і ер). Орта жасы 25-30 шамасындағы бұл топ мүшелері жоғары білімнен кейінгі оқу сатыларында, жаңа еңбек жолын бастағандар, кейбірі отбасылы, енді бір бөлігі бойдақ жастар;

– 45 және одан жоғары жас: бұл негізінен оқытушылар, профессорлар және белгілі бір жұмыс өтілі бар тәжірибелі мамандар, жалпы қатысушылардың $\sim 17\%$ -ын құрады (124 адам; оның ішінде 76 әйел, 48 ер). Орта жасы 50-55 аралығындағы бұл қатысушылар көп жағдайда отбасылы, балалы-шағалы, өмірлік және кәсіби тәжірибесі мол буын өкілдері.



Сурет 7 - Қазақстандық респонденттердің жасы мен жынысы бойынша қатысу үлесі


Қазақстандық респонденттердің аталған жас және әлеуметтік топтар бойынша теңгерімді қатысуы гендерлік ассоциацияларға ықпал ететін түрлі факторларды ескере талдауға мүмкіндік береді. Мәселен, жас айырмашылықтары дәстүрлі көзқарас пен жаңа ұрпақ санасы арасындағы өзгерістерді байқауға көмектессе, ерлер мен әйелдердің жауаптарын салыстыру арқылы гендерлік дүниетаным ерекшеліктерін анықтауға болады. Сондай-ақ студенттер мен оқытушылар жауаптарын салыстыру білім деңгейі мен өмірлік тәжірибенің әсерін көрсетуі мүмкін.

Түркияда ассоциативтік эксперимент 27.11.2024 – 27.12.2024 аралығында Анкара қаласында ғылыми тағылымдамадан өту барысында жүзеге асырылды. Эксперимент Анкара Хажы Байрам Вели университетінде ұйымдастырылып, жалпы 473 түркиялық респонденттің деректері жинақталды (8-сурет). Оның 285-і әйелдер (60,3%), 188-і ерлер (39,7%). Түркиялық аудитория да құрамы жағынан әртүрлі: Анкара университетінің бакалавриат студенттері (шамамен 17–21 жас), магистранттары мен докторанттары (22–35 жас) және оқытушы-зерттеуші қызметкерлері (50 жастан жоғары) қамтылды. Жас ерекшеліктері бойынша түркиялық қатысушыларды да шартты түрде үш топқа жіктедік:

– 17–21 жас аралығы – университеттің жас білімгерлері, жалпы қатысушылардың ~60%-ын құрайды (284 студент; оның ішінде әйел саны 172, ер 112). Бұл топқа Түркия жастарының көзқарасын көрсету үшін түрлі факультет және бөлім студенттері тартылды;

– 22–35 жас аралығы – жас мамандар мен магистратура/докторантурада оқып жатқан ізденушілер (~25%/118 адам). Бұлардың басым бөлігі – білім деңгейі жоғары, кейбірі еңбек нарығында тәжірибе жинап үлгерген, бір бөлігі отбасы құрған жандар;

– 50 және одан үлкен жас – тәжірибелі оқытушылар, профессорлар және басқа сала өкілдері (~15% немесе 71 адам). Орта жасы 50-55 шамасындағы бұл топ мүшелері өмірлік тәжірибесімен ерекшеленеді.



Сурет 8 - Түркиялық респонденттердің жасы мен жынысы бойынша қатысу үлесі

Түркияның ірі қаласы – Анкарадағы респонденттер көбіне астана мәдениеті мен қазіргі түрік қоғамының көзқарасын білдіреді деп санауға болады. Сонымен бірге олардың жауаптары арқылы біз түрік тілінде және мәдениетінде орныққан гендерлік ұғымдардың ассоциациялық өрісін байқаймыз. Қазақстандық деректермен салыстыру Түркия мен Қазақстан мәдениеттеріндегі ортақтық пен айырмашылықты айқындауға мүмкіндік береді.

Біздің пікірімізше, тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру алдындағы дайындық, ақпараттандыру және түсіндіру кезеңдері зерттеудің жүйелі жүргізілуіне өз ықпалын тигізіп, респонденттердің сұрақтарға сапалы әрі шынайы жауап беруіне оң әсер етеді. Сондықтан эксперименттік зерттеу тек сауалнама мәтінін әзірлеумен шектелген жоқ – оның алдында бірқатар алдын-ала дайындық шаралары жоспарланып, іске асырылды. Біздің диссертациялық зерттеуімізде бұл кезеңдердің алгоритмі төмендегідей сипатта болды:

1. Тәжірибелік зерттеудің мақсаты мен міндеттерін осы тараушаның нәтижелеріне сәйкес нақтылау;
2. Респонденттердің құрамын және санын анықтау;
3. Ғылыми ынтымақтастық негізінде шетелдік әріптестерді (атап айтқанда, түркиялық мамандарды) экспериментке тарту мақсатында келіссөздер жүргізу;
4. Диссертацияның 1 және 2-бөлімдерінде баяндалған тұжырымдар мен ғылыми тезистерді басшылыққа алып, сауалнаманың мазмұндық қағидаттарын айқындау;
5. Сауалнаманың түрі мен сұрақтарын талқылау және құрастыру;
6. Сауалнама мәтінін өзге түркі тілдеріне (ең алдымен түрік тіліне) аударуды қамтамасыз ету;
7. Респонденттерге берілуге тиісті нұсқаулық ақпаратты (сауалнаманы толтыру тәртібі мен шарттарын) дайындау және ресімдеу;

8. Сауалнаманың оффлайн және онлайн форматтағы нұсқаларын әзірлеп, ретке келтіру;

9. Респонденттерді сауалнамамен қамтамасыз ету, олармен байланыс орнатып, кері байланыс алу;

10. Тәжірибелік зерттеуді тікелей ұйымдастырып, алға қойылған міндеттерді іске асыру.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің әлеуметтік категориялары өте алуан түрлі болды. Атап айтқанда, олардың қатарында бакалавр студенттері, магистранттар, докторанттар, жас мамандар мен оқытушылар кездесті. Респонденттерді кәсіби салалары тұрғысынан жіктейтін болсақ, зерттеуге педагогтер, оқытушылар, зерттеушілер, лаборанттар, менеджерлер, басқарушы қызметкерлер сияқты әртүрлі лауазым иелері тартылды. Тәжірибелік жұмысты жүргізу барысында гендерлік теңдік қағидатын ұстанумен қатар, респонденттердің әлеуметтік және кәсіби топтары жағынан теңгерімді қамтылуы да назарда ұсталды. Бұл фактор әртүрлі әлеуметтік топтар мен кәсіби салалар өкілдерінің дүниетанымындағы гендерлік таптаурындардың көріністерін айқындап, оларды салыстырмалы тұрғыда саралап талдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сонымен бірге, мұндай кең қамтылған құрам алынған нәтижелер негізінде келешекте қарастыруға болатын жаңа ғылыми мәселелерге түрткі болары да айқын.

Сауалнамаға жалпы 1197 респондент қатысты (Қазақстаннан – 724 адам $\approx 60,5\%$, Түркиядан – 473 адам $\approx 39,5\%$). Қатысушылар зерттеуге ерікті түрде және анонимді негізде жұмылдырылып, олардың жеке мәліметтерінің құпиялығы толық сақталды. Респонденттерді іріктеу барысында олардың ана тілі сәйкесінше қазақ немесе түрік тілі болуы басты шарт ретінде қарастырылды.

Онлайн сауалнаманың мазмұны екі негізгі бөліктен тұрды. Бірінші бөлімі – әр респондент туралы жалпы ақпарат жинауға арналған сұрақтар блогы, ал екінші бөлімі – негізгі ассоциативтік тапсырма (сөздер тізіміне жауап жазу). Алдымен қатысушылар өздері туралы қысқаша мәлімет берді, оның ішінде:

1. Респонденттің елі: «Қай елдің азаматысыз?» – жауап нұсқалары: Қазақстан / Түркия.

2. Жасы – респондент жасының сандық мәнін көрсетіледі.

3. Жынысы: «Жынысыңыз: Ер / Әйел» – екі мәnnің бірі таңдалады.

4. Оқу орны немесе жұмыс орны: «Қай оқу орнында оқисыз немесе қай мекемеде жұмыс істейсіз?» – респондент оқу орны немесе қызмет ететін ұйымын көрсетеді (ашық сұрақ).

5. Білімі / мәртебесі: «Қазіргі оқу деңгейіңіз немесе қызмет мәртебеңіз: бакалавриат студенті / магистрант немесе докторант / оқытушы» – респондент өз әлеуметтік статусын көрсетеді.

6. Отбасылық жағдайы: «Отбасылық жағдайыңыз: үйленбеген/тұрмыс құрмаған (бойдақ) / үйленген/тұрмыс құрған (отбасылы)» – респонденттің үйленген-үйленбегені туралы мәлімет.

Бұл сұрақтар респонденттер туралы демографиялық және әлеуметтік деректерді алуға бағытталды. Жоғарыдағы 1-6 сұрақтар барлық қатысушылар үшін бірдей болды және олардың нәтижелері зерттеуге қатысушылар контингентінің сандық сипаттамасын жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қазақстан және Түркия аудиторияларының негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көру үшін осы жалпы мәліметтер бөлек талданды. 7, 8 суреттерде екі ел респонденттерінің жыныстық және жас шамасы бойынша құрамы жинақтап көрсетілген.

Кестеде көрсетілгендей, Қазақстан және Түркия іріктемелерінің құрамы ұқсас параметрлерге ие. Екі елде де сауалнамаға қатысқан адамдардың басым көпшілігін жастар құрайды (Қазақстанда 17–21 жас аралығы ~55%, Түркияда ~60%). Бұл көрсеткіш зерттеу үшін айрықша маңызды, себебі жастардың ассоциациялары мен қабылдау ерекшеліктері болашақтағы әлеуметтік-мәдени модельдің бейнесін алдын ала айқындауға мүмкіндік береді. Орта жас санатына (22–35 жас) екі жақтан да шамамен төрттен бірі жатады. Ең үлкен тәжірибелі буын (Қазақстанда 45 жастан жоғары, Түркияда 50 жастан жоғары) әр іріктеменің шамамен алтыдан бір бөлігін құрайды. Респонденттердің жыныстық бөлінуі де екі елде салыстырмалы түрде теңгерімді: Қазақстандық үлгіде әйелдер ~61,6%, ерлер ~38,4%; түркиялық үлгіде әйелдер ~60,3%, ерлер ~39,7%. Яғни, әйелдердің саны сәл басым болғанымен, жалпы алғанда екі топта да гендерлік тепе-теңдікке жақын үлес қамтамасыз етілген.

Мұндай әртүрлі демографиялық қамту зерттеу нәтижелерін жан-жақты сараптауға мүмкіндік береді. Жастар және ересектер топтарының бірдей қатысуы түрлі жастағы буындардың көзқарастарын салыстыруға жағдай жасайды: дәстүрлі ұстанымдар мен жаңа ұрпақ санасындағы өзгерістерді байқауға болады. Ерлер мен әйелдердің санының үйлесімді болуы гендерлік дүниетаным ерекшеліктерін салыстыра талдауға жол ашады. Сондай-ақ респонденттердің білім деңгейі мен әлеуметтік мәртебесінің алуан болуы (студенттер, магистрант-докторанттар, оқытушылар мен түрлі сала мамандары) олардың жауаптарындағы айырмашылықтарды айқындауға септігін тигізеді. Мысалы, студент жастар көбіне бойдақ болғандықтан, отбасылық өмір тәжірибесі бар респонденттердің (отбасылы, балалы жандардың) ассоциацияларын салыстыру арқылы гендерлік құндылықтар қабылдауындағы ықтимал өзгешеліктерді байқай аламыз. Қорыта айтқанда, қатысушылар құрамының кең диапазоны гендерлік концептосфераны әр қырынан зерттеуге негіз болады.

Респонденттердің сауалнама туралы пікірлері, яғни кері байланыс мәліметтері де назарға алынды. Тәжірибелік жұмыста маңызды деп есептелген кейбір кері байланыс нәтижелерін төмендегі жинақталған түрде келтірейік. Мысалы, көптеген қатысушылар сауалнама өздерін біраз ойландырғанын және жалпы өзіңді тереңірек тану үшін мұндай зерттеу эксперименттердің қажет екендігін атап өтті; сондай-ақ сауалнама бағытының орынды екенін, зерттеу нәтижелерін білудің артық болмайтынын білдірген. Мұндай мазмұндағы пікірді қазақстандық респонденттердің шамамен 62%-ы, түркиялықтардың 52%-ы

ұстанған. Респонденттердің тағы бір бөлігі «ер мен әйелге қатысты сауалнама қызықты әрі керек, жастарды дұрыс тәрбиелеу үшін қажет; қоғам өзгеріп жатыр, әйелдер мен ерлердің мінезі, әрекеті де өзгерді» деген сияқты ойларын білдірген. Бұл пікірді қазақстандық қатысушылардың ~35%-ы және түркиялықтардың ~45%-ы қолдаған.

Талдаудан байқағанымыздай, эксперимент барысында қолданылған сауалнама респонденттердің қызығушылығын тудырып, зерттеу тақырыбына тартты.

3.2 Гендерлік концептосфераның ассоциативтік зерттеу нәтижелерін талдау

Гендерлік мәселе қазіргі қоғам үшін танымдық қызығушылық туғызатын маңызды фактор екені көрінеді. Зерттеуші ретінде біз бұл деректі тәжірибелік жұмысымыздың өзектілігін айқындай түсетін фактор деп түйіндейміз. Сонымен қатар, гендерлік тақырыптардың қоғамдағы жалпы өзектілігін де анық байқауға болады, оның себептері бірқатар маңызды жайттармен түсіндіріледі – ең алдымен этникалық және дәстүрлі (бинарлық) гендерлік тәрбиені сақтау, сондай-ақ әлеуметтік және ұлттық-мәдени қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Біздіңше, дәл осы аталған факторлар тұрғысынан алғанда зерттеу тақырыбының өзектілігі айқын көрінеді. Шынында да, гендерлік қатынастар кез келген қоғамды, ұлтты немесе этносты мазалайтын түбегейлі проблемалардың бірі саналады. Мәдениетіміз, тәрбие мәселелері, салт-дәстүрдің сақталуы секілді стратегиялық құндылықтар, келешек ұлттық келбетіміз бен әлеуметтік-гендерлік әлеуетіміз – мұның барлығы өркениетті қоғамды алаңдататыны белгілі. Сондықтан гендерлік мәселелерге арналған мұндай лингвистикалық зерттеулер аталмыш салалардың дамуына және олардағы проблемалық сұрақтардың шешілуіне өз үлесі мен пайдасын қосары сөзсіз.

Сауалнаманың екінші бөлімі – негізгі ассоциативтік тапсырма – тікелей зерттеу мақсатына бағытталды. Бұл бөлімде гендерлік концептосфераның базалық ұғымдарын білдіретін *20 сөз-стимул* ұсынылды. Әрбір сөз-стимулды оқыған бойда респондент өз ойына бірінші түскен сөзді немесе сөз тіркесін кідірместен жазуы керек деген нұсқаулық берілді. Әр сөзге қатысты тек бір ғана алғашқы ассоциация алынуы тиіс болды, яғни қатысушы әр стимул-сөзге ең бірінші келген ойындағы сөзді жазып, келесі сұраққа көшіп отырды. Респонденттер барлық жауапты өз ана тілінде еркін түрде жазды (қазақстандықтар жауаптарды қазақ тілінде, түркиялықтар түрік тілінде енгізді). Жауаптардың орфографиялық сауаттылығына немесе тыныс белгілеріне қатаң талап қойылған жоқ, ең бастысы – жазылған ассоциацияның шынайы, еш бүкпесіз алғашқы ойды көрсетуі.

Осы әдістемелік амал әрбір сөздің тілдік санадағы прототиптік байланыстарын тіркеп, сол арқылы ұлттық-мәдени таптаурындар мен қоғамдағы гендерлік ұғымдарға қатысты көзқарастарды анықтауға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, сөз-стимулдарға берілген еркін ассоциациялар

жинағы белгілі бір этностың гендерлік концептосферасын құрайтын ұғымдардың мазмұнын, олардың актуалдық мәдени коннотацияларын пайымдауға жағдай жасайды. Алынған ассоциациялық деректер кейін Қазақстан мен Түркия қоғамдарының гендерлік танымындағы ортақ әрі ерекше тұстарды салыстыра талдауға негіз болды. Келесі бөлімдерде осы 20 сөз-стимул бойынша жиналған ассоциациялар нәтижесі талданып, екі елдің лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфера ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Стимулдық сөздер жиынтығы гендерлік концептосфераның негізгі мазмұндық өрістерін қамтитын лексемаларды таңдау арқылы жасалды (20-кесте). Атап айтқанда, экспериментте маскулиндік концептосфера бойынша келесі 8 сөз-стимул пайдаланылды: «ата», «әке», «ер», «жігіт», «аға», «іні», «күйеу», «бойдақ». Ал фемининдік концептосфераны сипаттайтын 12 сөз-стимул алынды: «әже», «ана», «әйел», «қыз», «жеңге», «келін», «қарындас», «әпке», «сіңлі», «абысын», «бәйбіше», «тоқал». Бұл сөздердің барлығы қазақ тілінде кең қолданыстағы туыстық атаулар мен гендерлік мәнге ие әлеуметтік рөл атаулары. Түрік тілінде сауалнама жүргізген кезде мағыналас баламалары пайдаланылды (мысалы, «әке» – baba, «ана» – anne, «ата» – dede, «әже» – nine, «ер» – erkek, «әйел» – kadın, «аға» – ağabey, «іні» – erkek kardeş, «әпке» – abla, «сіңлі/қарындас» – kız kardeş, «жеңге» – yenge, «абысын» – elti, «күйеу (жұбай)» – koca, «келін» – gelin, «бойдақ» – bekâr, «бәйбіше» – baş kadın (немесе birinci eş), «тоқал» – kuma). Көріп отырғанымыздай, бұл атаулар гендерлік дихотомияны және отбасылық иерархияны көрсететін негізгі ұғымдарды қамтиды: ата-әже (үлкен әулет басылары), әке-ана (ата-ана), ер-әйел (жұбайлар, жалпы жыныс атаулары), аға-әпке (бір отбасындағы үлкен аға-жеңге), іні-қарындас/сіңлі (кіші бауырлар), жеңге-абысын (нағашы туыстық байланыстар), күйеу-келін (отбасына некемен кірген ер мен әйел), бәйбіше-тоқал (көп әйел алуға қатысты дәстүрлі ұғымдар).

Кесте 20 – Ассоциациялық экспериментте қолданылған стимул сөздер (қазақ және түрік тілдерінде)

№	Қазақша	Түрікше	№	Қазақша	Түрікше
1	Ата	Dede	11	Әйел	Kadın
2	Әке	Baba	12	Қыз	Kız
3	Ер	Erkek	13	Жеңге	Yenge
4	Жігіт	Delikanlı / genç erkek	14	Келін	Gelin
5	Аға	Ağabey	15	Қарындас	Kız kardeş
6	Іні	Erkek kardeş	16	Әпке	Abla
7	Күйеу	Koca	17	Сіңлі	Kız kardeş
8	Бойдақ	Bekâr	18	Абысын	Elti
9	Әже	Nine	19	Бәйбіше	Baş kadın / birinci eş
10	Ана	Anne	20	Тоқал	Kuma

Стимулдарды былайша таңдау зерттеуге бірнеше маңызды аспекті енгізді. Біріншіден, жас ерекшелігі және отбасылық рөл өлшемі: ата-әже – үлкен буын,

әке-ана – орта буын, аға-әпке – жастар (үлкендері), іні-сіңлі/қарындас – жастар (кіші буын) қамтылады. Екіншіден, әлеуметтік-гендерлік рөлдер: еркек/әйел жалпы гендерлік ұғымдары, отбасы ішіндегі күйеу (күйеу жұбай) мен әйел (жұбай) рөлдері, сондай-ақ жеңге, абысын, келін тәрізді қазақ және түрік мәдениеттеріне тән туыстық рөлдер. Үшіншіден, мәдени-тарихи қабаттар: бәйбіше мен тоқал ұғымдары арқылы дәстүрлі көп әйел алушылық мәдениетінің тілдік санадағы ізін байқау мақсаты болды. Осындай кең ауқымды лексикалық өрісті қамти отырып, біз гендерлік концептосфера элементтерінің қазіргі түркітілді халықтар санасында қалай вербалданатынын жан-жақты зерттей аламыз.

Эксперимент жүргізу тәртібі келесідей болды: респондент Google Form арқылы электронды сауалнама сілтемесіне кіріп, алдымен өз елін, оқу орны немесе жұмыс орнын, жасын, жынысын және мамандығын көрсететін қысқа сауалнаманы толтырды. Содан соң тізіммен берілген 20 сөз-стимулға бір-бірден өз ассоциацияларын жазды. Әр сөз жаңа жолдан немесе бөлек терезеде көрсетіліп отырды. Респондент барлық сөзге жауап бергеннен кейін ғана жұмысын аяқтап, форманы жіберді. Уақыт шектеуі қойылды, нұсқаулықта көп ойланбай, тез жауап беру қажеттігі ескертілді. Қазақстанда сауалнама қазақ тілінде ұсынылды, Түркияда түрік тілінде аударма нұсқасы пайдаланылды. Эксперименттік тапсырмаларды орындау орта есеппен 10-15 минут уақыт алды.

Жиналған деректер электронды түрде сақталып, кейін сандық және сапалық талдау әдістерімен өңделді. Ассоциация жауаптарын талдау үшін алдымен әр сөз-стимул бойынша барлық жауаптар тізбектеліп, мағыналық ұқсастықтарына қарай топтастырылды. Синонимдес не мәндес жауаптар бір концептуалдық категория ретінде есепке алынып, олардың жиілік көрсеткіштері (%) анықталды. Мысалы, «әке» сөзіне қатысты ассоциациялар ішінде «отағасы», «асыраушы» деген жауаптар жиі қайталанса, бұлар «отбасының тірегі» деген ортақ категорияға біріктірілді. Сол сияқты «мейірімді», «жанашыр», «шаңырақ иесі» тәрізді әртүрлі жауаптар болса да, мазмұны жақын ассоциациялар бір топқа жинақталды. Мұндай жүйелеу әрбір концепт бойынша респонденттердің ең жиі ойға алатын бейне-сипаттарын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, қажетті жағдайда жіктеу барысында ерлер мен әйелдер жауабы немесе жас ерекшеліктері бойынша айырмашылықтар бөлек атап көрсетілді.

Ассоциативтік зерттеу арқылы алынған ауқымды материалды лингвостатистикалық талдау және лингвомәдени интерпретация жасауға негіз қаланды. Енді сол нәтижелерді мазмұндық тұрғыдан қарастырып, Қазақстан мен Түркия респонденттерінің жауаптарын салыстыра отырып, гендерлік концептосфера компоненттерінің қазіргі түркі дүниесіндегі вербалдану сипатын талдаймыз.

Ассоциативтік эксперимент нәтижелері қазақ және түрік тіл иелерінің гендерлік ұғымдарға қатысты тілдік санасында қалыптасқан таптаурындар мен мәдени модельдерді айқын көрсетті. Талдауды жүйелі жүргізу мақсатында алдымен *маскулиндік* және *фемининдік концептосфераларға* қатысты әрбір сөз-

стимул бойынша алынған ассоциациялар жеке қарастырылады: алдымен маскулиндік топқа, кейін фемининдік топқа қатысты мәліметтер талданады. Осы бастапқы кезеңнен кейін екі концептосфера бойынша жинақталған деректер өзара салыстырылып, жалпы талдау жүргізіледі. Бұл кезеңде екі ел материалдарының ортақ көрсеткіштері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.

Маскулиндік концептосфераны сипаттайтын «ата», «әке», «ер», «жігіт», «аға», «іні», «күйеу», «бойдақ» деген 8 сөздің әрқайсысына респонденттер берген жауаптар саны айтарлықтай көбірек болды. Жауаптарды сапалық талдау нәтижесінде, қазақ және түрік лингвомәдениеттеріндегі ер адам бейнесінің негізгі таптаурындары мен құндылықтары айқындалды.

«Ата» (қазақша; түрікше баламасы – «dede») сөзі – қазақ үшін де, түрік үшін де «ер адам» концептосферасының ең үлкен ұрпақ өкілін, яғни атаны білдіреді. Ассоциациялар көрсеткендей, екі халықтың да танымында «ата» бейнесі ең алдымен даналық пен өмір тәжірибесін аңғартады. Қазақ респонденттерінің басым бөлігі «ата» сөзіне алғаш ойларына «ақылгөй», «дана», «ақсақал», «тәрбиеші» деген сияқты ассоциациялар жазған. Мысалы, көптеген қазақ қатысушылар «Ақсақал», «Ақ жаулықты әже қасында ақ сақалды ата», «бата береді» деген фразалар келтірген. Бұл – қазақ мәдениетінде ата образы көбіне ел ақылшысы, өнеге айтушы, батагөй ретінде қабылданатынын көрсетеді. Сондай-ақ «шаңырақ иесі», «отау басы», «әулет тірегі» деген ассоциациялар да кездесті, яғни ата – бүтін бір әулеттің негізін қалаушы, үлкен үйдің қожайыны деген түсінік бар.

Түрік респонденттері де «dede» сөзін естігенде ұқсас мәнде жауап берген: ең жиі кездескен ассоциациялар «bilge» (дана), «tecrübeli» (тәжірибелі), «aile reisi» (әулет басшысы) болды. Бірқатар түрік жастары «Masal anlatan» (ертегі айтушы) деп жазған, бұл да түркі халықтарына ортақ ата-әженің немерелеріне ертегі, өсиет айтып беру рөлін еске түсіреді. Қазақ тілінде де аздаған респонденттер «әже-ата ертегі айтады» деп ассоциациялық жауап қалдырған. Жалпы, «ата/dede» концепті бойынша қазақ пен түрік қауымының сана-сезімінде көбіне «ғасыр жасаған ақылгөй қария», «үлкенді сыйлау керек тұлға» деген түсінік берік орын алғаны байқалды. Осылайша, ата ұғымы екі мәдениетте де құрмет пен даналықтың символы ретінде вербалданады.

«Әке» (түр. «baba») сөзі – орта буындағы ер адам, отбасы әкесінің образы. Ассоциациялар бұл ұғымның мазмұнында екі мәдениетте де өте ұқсас реңктер бар екенін көрсетті (21-кесте). Қазақ респонденттер ең жиі атаған ассоциациялар: «отағасы», «асыраушы», «қамқоршы», «қатал», «тәртіптің символы», «балалар үшін жауапты жан». Мәселен, көптеген ер респонденттер «әке – отбасының тірегі» деп жауап берген. Әйел респонденттер арасында «әке» дегенде «қорған», «қамқор әке», «шаңырақ иесі» деген сөздер жиі кездескен. Кейбір жастар «әке – жұмысбасты адам» немесе «ақша табушы» деп ассоциациялады, бұл қазіргі қоғамда әкенің бірінші кезекте материалдық қамтамасыз етуші рөлін көрсетеді. Сонымен қатар біршама жауаптарда «әке – қатал тәрбиеші» образы көрінді: мысалы, «әкем ұрысады», «әкемнің қабағы»,

«таяқ жеген кезім» деген жеке ассоциациялар болды. Бұл қазақ отбасында әкенің тәртіпке жауапты, талап қойғыш жағын көрсетеді. Дегенмен, қатар жүретін өзге пікір – «мейірімді әке», «қамқор әке» де жиі айтылған, әсіресе қыз балалар өз әкелерін осылай мейіріммен байланыстырған.

Кесте 21 – Қазақстандық респонденттердің «әке» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	2	3	4	5	6
1	Отағасы	35	15	20	4,80%
2	Асыраушы	33	11	22	4,60%
3	Қамқоршы	31	13	18	4,30%
4	Қатал	31	11	20	4,30%
5	Тәрбиеші	29	11	18	4,00%
6	Отбасы тірегі	29	9	20	4,00%
7	Шаңырақ иесі	27	13	14	3,70%
8	Қорған	27	10	17	3,70%
9	Мейірімді әке	27	9	18	3,70%
10	Жауапты	26	13	13	3,60%
11	Қатаң тәртіп	26	12	14	3,60%
12	Ақылшы	26	11	15	3,60%
13	Еңбекқор	26	9	17	3,60%
14	Үлгі	26	8	18	3,60%
15	Басшы	26	7	19	3,60%
16	Сабыр	25	7	18	3,50%
17	Әкенің мейірімі	24	8	16	3,30%
18	Құрмет	24	7	17	3,30%
19	Материалдық қамтамасыз етуші	24	6	18	3,30%
20	Мейірім	23	9	14	3,20%
21	Намыс қорғаушы	22	13	9	3,00%
22	Бауырмал	22	12	10	3,00%
23	Сенім	21	8	13	2,90%
24	Ақыл	20	9	11	2,80%
25	Береке	19	8	11	2,60%
26	Ынтымақ	19	7	12	2,60%
27	Жолбасшы	19	7	12	2,60%
28	Қорғаушы	17	5	12	2,30%
29-38	Әкенің қабағы, ұрыс, таяқ жеген кез, талап қою, қаталдық, ереже, жауапкершілік, отбасылық тәртіп, қадағалау	9	9		1,40%
39-48	Әкенің жылы жүзі, әкенің батасы, әкенің ақылы, әке мен қыз, баласын құшақтау, әкенің әзілі, әкенің қамқорлығы, баласын қорғау, үй тірегін ұстау, мейірімді сөз	10		10	1,40%
	Жалпы	724	278	446	100,00%

Түрік қатысушылардың **«baba»** сөзіне ең көп берген жауаптары (22-кесте): «aile reisi» (отбасы басшысы), «ekmek parası kazanan» (нан табушы, асыраушы),

«otoriter» (билік иесі, беделді), «koruyucu» (қорғаушы). Бұлар қазақ тіліндегі ассоциациялармен мәндес келеді. Түркияда да әке образы – отбасының басшысы және негізгі асыраушысы. Кейбір түрік жастары «korukı» (қорқыныш) деп жазған, бұл әкенің қаталдығы мен бала бойындағы тәртіптік үрей сезімін білдірсе керек. Сонымен бірге «şefkatli» (мейірімді) деген ассоциация да ұшырасты, әсіресе әйел респонденттер әкені мейірмен байланыстыруды ұмытпаған. Жалпы алғанда, «әке/baba» концепті бойынша әрі қазақтар, әрі түріктер санасында патриархал отбасы үлгісіндегі әкенің классикалық бейнесі анық көрінеді: ол – үйдің ырыс-берекесін кіргізуші, балаларын материалдық тұрғыда қамтамасыз етуші, отбасы мүшелерін сыртқы қауіптен қорғаушы, отбасы намысын сақтаушы, сонымен қатар қатал тәрбие беруші тұлға. Осы дәстүрлі рөл екі қоғамда да айтарлықтай өзгеріссіз, тұрақты маскулиндік таптаурын ретінде ұрпақ санасына сіңгені байқалады.

Кесте 22 – Түркиялық респонденттердің «әке» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	2	3	4	5	6
1	Aile reisi (отбасы басшысы)	56	28	28	11,84%
2	Ekmek parası kazanan (нан табушы, асыраушы)	51	26	25	10,78%
3	Otoriter (билік иесі, беделді)	48	24	24	10,15%
4	Koruyucu (қорғаушы)	44	21	23	9,30%
5	Şefkatli (мейірімді)	41	12	29	8,67%
6	Güvenilir (сенімді)	38	17	21	8,04%
7	Sert (қатал)	36	18	18	7,61%
8	Çalışkan (еңбекқор)	33	15	18	6,98%
9	Sorumlu (жауапты)	31	14	17	6,55%
10	Fedakâr (құрбаншыл, жанкешті)	29	12	17	6,13%
11	Disiplinli (тәртіпті)	27	13	14	5,71%
12	Koruyan (қорғайтын)	25	11	14	5,29%
13	Adil (әділ)	23	10	13	4,86%
14	Nazik (сыпайы)	21	8	13	4,44%
15	Sevgi dolu (сүйіспеншілікке толы)	19	7	12	4,02%
16	Çalışkan baba (еңбекқор әке)	17	8	9	3,59%
17	Öğretici (үйретуші)	15	6	9	3,17%
18	Kararlı (нық)	13	6	7	2,75%
19	Aile bağlarını koruyan (отбасы байланысын сақтаушы)	12	5	7	2,54%
20	Örnek (үлгі)	11	4	7	2,33%
21	Evin direği (үйдің тірегі)	10	5	5	2,11%
22	Çalışkan insan (еңбекқор адам)	10	5	5	2,11%
23	Sabırlı (сабырлы)	9	4	5	1,90%
24	Aile koruyucusu (отбасы қорғаушысы)	9	4	5	1,90%
25	Otorite figürü (беделді тұлға)	8	4	4	1,69%
26	Merhametli (қайырымды)	8	2	6	1,69%
27	Çalışkan işçi (еңбекқор жұмысшы)	7	4	3	1,48%
28	Ciddiyet (салмақтылық)	7	3	4	1,48%
29	Aile için uzaayan (отбасы үшін өмір сүретін)	6	3	3	1,27%

1	2	3	4	5	6
30–38	Sert mizaçlı (қатал мінезді), disiplin sağlayan (тәртіп орнатушы), koruma sağlayan (қорғаушы рөл атқарушы), adaletli (әділ), çalışan adam (еңбекқор ер), otoriter baba (беделді әке), güçlü (күшті), fedakâr adam (жанқияр ер), kararlı baba (нық әке)	9	9	0	1,90%
39–48	Sevgi veren (сүйіспеншілік сыйлайтын), şefkat gösteren (мейірім көрсететін), nazik baba (сыпайы әке), aileye destek olan (отбасыға қолдау көрсететін), hoşgörülü (кең пейілді), merhametli baba (қайырымды әке), sevgi dolu baba (сүйіспеншілікке толы әке), yumuşak huylu (жұмсақ мінезді), güler yüzlü (жылы жүзді), dostane (достық көңілді)	10	0	10	2,11%
	Жауабы жоқ	6	3	3	1,27%
	Жалпы	473	88	285	100,00%

«Ер» (түр. «erkek») сөзі эксперименттік тізімде «ер адам» деген жалпы атауды, сонымен қатар «ер» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасына сай «ерлік, батырлық» коннотациясын да қамтыды. Қазақ тілінде «ер» сөзі көбіне «ер азамат», «ер жігіт» тұлғаларында қолданылады және халық санасында бұл ұғыммен байланысты қаһармандық, батырлық, жауынгерлік рух қабаттары бар. Ассоциациялар нәтижесі осыны қуаттады: қазақ респонденттерінің «ер» сөзіне ең көп жазғандары – «батыр», «ержүрек», «күшті», «намыс», «қорғаушы». Көптеген жауаптарда «Ер Тарғын», «Ер Қобыланды», «Алпамыс» сынды эпостық батырлардың аттары кездеседі немесе «батырлар жыры», «ерлік» деген ұғымдар аталған. Сондай-ақ, ер – намыс концептісі айқын көрінді: «ер намысымен қадірлі», «ерді намыс өлтіреді», «намысшыл» деген тіркестер жазғандар бар. Бұдан қазақ мәдениетінде «ер азамат – елдің қорғаны, намыс символы» деген түсінік өте терең екені көрініп тұр. Тағы бір жиі ұшырасқан ассоциация – «ер – тірек», «ер – басшы», бұл да патриархал санада ер адамды отбасының ғана емес, тұтас елдің тірегі ретінде көру дәстүрінен туындаған.

Түрік респонденттері үшін «erkek» сөзі «ер адам, männik» жалпы ұғымын білдіреді. Олардың ассоциациялары арасынан ең жиі атап өткені – «güçlü» (күшті), «lider» (көсем, жетекші), «cesur» (батыл) және «sorumluluk sahibi» (жауапкершілікті). Бұл қатар қазақтың «күшті», «батыр», «жауапкершілік» сынды ассоциацияларымен үндес. Түркия жастарының біразы «erkek» дегенде «adam» (әйелге қарсы ұғымдағы “адам” сөзін пайдаланған) деп жауап берген, бұл ер адамды адамзаттың өлшемі ретінде көрсететін тілдік дәстүрге сай келеді (қазақтағы «Адам – ер, әйел болып екіге бөлінеді» дегендей). Сондай-ақ, кейбір түрік қыз-келіншектер «erkek – egemen» (ер адам – үстемдік етуші) немесе “erkekler şuanda değişiyor” (ерлер қазір өзгеріп барады) деген қызықты жауаптар қалдырған. Соңғысы қазіргі замандағы гендерлік рөлдердің трансформациясына ишара жасағаны байқалады. Дегенмен, жалпы жиынтықта

түрік мәдени санасы да «ер адам – мықты, батыл, қорған, отбасы басшысы» деген дәстүрлі маскулиндік таптаурынды ұстанатыны көрінеді. Екі елдің деректерінде «ер» концепті бойынша мейлінше жақын, ортақ ассоциациялық өріс қалыптасқан: ол – физикалық және рухани күш, батырлық, жауапкершілік, көшбасшылық.

«Жігіт» (түр. нақты баламасы толық сәйкес емес, мағынасы «*delikanlı*», «*genç erkek*»*) сөзі қазақ респонденттеріне көбірек түсінікті мәдени ұғым болса (23-кесте), түрік респонденттеріне арнап сауалнамада «*genç erkek (delikanlı)*» түрінде түсіндіріліп берілді. Қазақ тілінде «жігіт» сөзі жас ер азаматқа қатысты айтылатыны белгілі және халық мәдениетінде «жігіттік» деген ерекше қасиеттер жинағы бар (мысалы, «Нағыз жігіт қандай болу керек?» деген сұрақта көрінетін). Біздің қазақтілді қатысушылар осы ұғымды ассоциациялағанда көбіне адамгершілік және әлеуметтік қасиеттерге мән берді. Ең жиі кездескен жауаптар: «намысшыл», «жүректі» (батыл деген мағынада), «сабырлы», «қолындағысын қызғанбайтын жомарт», «сөзінде тұратын», «өнерлі». Бірқатар жастар «нағыз жігіт» деп бастап, ары қарай «жеті қырлы, бір сырлы» деп жалғастырған немесе «жігітке жеті өнер де аз» деген мақалмен жауап берген. Яғни «жігіт» сөзі қазақтардың санасында кемел адам, өнерлі әрі өнегелі жас азамат үлгісін елестетеді. Сонымен бірге, «жігіт» сөзі ер азаматтың жұбайлық мәртебесіне қатыссыз, жалпы жас адамды атағандықтан, кейде «бойдақ» ұғымымен де астасады. Бірақ біздің респонденттер «жігіт» дегенде көбіне идеал характерді сипаттауға тырысқан. Мәселен, әйел қатысушылар арасында «жігіт – қамқор, сенімді арқау» деген, «тәрбиелі жігіт» деген ассоциациялар жиі болды. Ал ерлер жағы «жігіт – сөздің адамы», «жігітке намыс керек» деген сияқты өздерінің гендерлік кодексін бейнелейтін жауаптар берді.

Кесте 23 – Қазақстандық респонденттердің «жігіт» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	Намысшыл	58	32	26	8,01%
2	Жүректі	55	30	25	7,60%
3	Қамқор	52	16	36	7,18%
4	Сенім	50	15	35	6,91%
5	Сөзінде тұратын	48	26	22	6,63%
6	Тәрбиелі	46	14	32	6,35%
7	Жомарт	44	13	31	6,08%
8	Сабырлы	42	13	29	5,80%
9	Тірек	40	12	28	5,52%
10	Өнерлі	24	7	17	3,31%
11	Батыр	23	13	10	3,18%
12	Ақылды	22	7	15	3,04%
13	Адал	21	6	15	2,90%
14	Сенімді	20	6	14	2,76%
15	Ер мінезді	19	10	9	2,62%
16	Жанашыр	18	5	13	2,49%

23 – кестенің жалғасы

17	Жігерлі	17	9	8	2,35%
18	Ұят	16	9	7	2,21%
19	Қайсар	15	8	7	2,07%
20	Қорғаушы	14	8	6	1,93%
21	Нағыз жігіт	7	1	6	0,97%
22	Жеті қырлы	6	1	5	0,83%
23	Жеті өнер	6	1	5	0,83%
24	Бойдақ	5	1	4	0,69%
25	Дос	5	1	4	0,69%
26	Әдепті	4	1	3	0,55%
27	Сындарлы	4	1	3	0,55%
28	Абырой	3	0	3	0,41%
29	Ынта	3	0	3	0,41%
30	Ақ жарқын	2	0	2	0,28%
31	Ілтипат	2	0	2	0,28%
32–41	Тәуекел, спорт, ер жүрек, батыл қадам, сақал, темірдей, тәртіп қояды, мәрт, әскери, ұстам	10	10	0	1,38%
42–56	Арқау, қамқор жан, жылы жүрек, сенім арқауы, үлгі болар, сабыр иесі, қолдаушы, тірек жан, жомарт жүрек, адал жар, ақ ниет, нәзік қамқор, жанға сая, байып, жауапты	15	0	15	2,07%
	Жауабы жоқ	8	2	6	1,10%
	Жалпы	724	278	446	100,00%

Түрік тілінде «**delikanlı**» немесе жай «**genç erkek**» жас жігітті білдіреді (24-кесте). Түрік респонденттері бұл стимулға (сауалнамада дәл осылай түсіндірілген соң) көптеген ұқсас жауабын берді. Ең жиі айтылған: «gözü kara» (батыл, көзсіз ерлікке баратын), «dürüst» (адал, шынайы), «enerjik» (энергиясы мол, жігерлі), «çalışkan» (еңбекқор). Бірнеше қыз-келіншектер «уакішклі» (сымбатты) деп жауап қалдырған, бұл да жас жігітке қатысты жиі қолданылатын эпитет. Сонымен бірге, ерекшелігі – кейбір түрік ерлері «delikanlı – sorumsuz olabilir» (жігіт – кейде жауапсыз болуы мүмкін) деп жазған, яғни қазіргі қоғамда (кездесетін жағдай) жастардың жеңілтектік мінезін меңзесе керек. Дегенмен, негізгі тренд түрік қауымында да жігітті «қажырлы да қайратты жас, адал және батыл азамат» деп танумен қабаттас. Осы ретте, қазақ және түрік қауымының «жігіт» ұғымына берген сипаттамалары негізінен шыншылдық, батылдық, белсенділік, күш-қайрат секілді ұғымдарда тоғысатынын байқаймыз. Бұл – жас буын ер азаматқа жүктелер үміттің екі мәдениетте де үлкен екенін, әрі ұқсас сипатта екенін білдіреді.

Кесте 24 – Түркиялық респонденттердің «жігіт» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	Gözü kara (батыл)	52	28	24	10,99%
2	Dürüst (адал)	48	19	29	10,15%

3	Enerjik (жігерлі)	45	16	29	9,51%
4	Çalışkan (еңбекқор)	42	15	27	8,88%
5	Yakışıklı (сымбатты)	39	9	30	8,24%
6	Güçlü (күшті)	36	17	19	7,61%
7	Cesur (ержүрек)	34	18	16	7,19%
8	Güvenilir (сенімді)	33	11	22	6,98%
9	Saygılı (құрметті)	30	10	20	6,34%
10	Yardımsever (көмекшіл)	28	9	19	5,92%
11	Disiplinli (тәртіпті)	26	12	14	5,50%
12	Neşeli (көңілді)	25	8	17	5,29%
13	Sorumlu (жауапты)	22	7	15	4,65%
14	Arkadaş canlısı (досшыл)	20	6	14	4,23%
15	Kültürlü (мәдениетті)	18	6	12	3,81%
16	Sabırlı (сабырлы)	17	5	12	3,59%
17	Kararlı (нық)	15	5	10	3,17%
18	Esprili (әзілқой)	14	6	8	2,96%
19	Çalışkan öğrenci (еңбекқор студент)	13	5	8	2,75%
20	Sportmen (спортшы)	12	7	5	2,54%
21	Şık giyimli (әшекейлі киінген)	12	3	9	2,54%
22	Dürüst arkadaş (адал дос)	11	4	7	2,33%
23	Açık sözlü (ашық айтатын)	10	6	4	2,11%
24	Nazik (сыпайы)	10	3	7	2,11%
25	Yardım eden (жәрдемдесуші)	9	4	5	1,90%
26	Romantik	8	2	6	1,69%
27	İyi kalpli (жақсы ниетті)	8	2	6	1,69%
28	Becerikli (шебер)	7	4	3	1,48%
29	Sadık (берік)	7	3	4	1,48%
30-38	Hızlı, lider, mert, dürtücü, cömert, iddialı, sakın, girişken, dikkatli	9	9	0	1,90%
39-48	Sevecen, hoşgörülü, duygusal, anlayışlı, nazik kalpli, şefkatli, cana yakın, fedakâr, neşeli ruhlu, iyi giyimli	10	0	10	2,11%
	Жауабы жоқ	6	3	3	1,27%
	Жалпы	473	188	285	100,00%

«Аға» және «іні» (түр. «*ağabey*» / «*erkek kardeş*») – ер адамның бір отбасы ішіндегі ағалық және інілік рөлін бейнелейтін туыстық атаулар. Қазақ тілінде де, түрік тілінде де ағасы бар, інісі бар отбасы моделі кең таралған және осы рөлдерге қатысты белгілі мәдени таптаурындар бар. Ассоциативтік сауалнама нәтижелері бұл түсініктерді нақтылауға мүмкіндік берді.

Қазақ респонденттері «аға» сөзіне көбінесе «қамқоршы», «қорған», «жанашыр», «кішіге үлгі болатын тұлға» деген мазмұнда жауап берді. Әпкелі-інілі не сіңлілі қыздар «аға» дегенде бір ауыздан «қамқор аға», «ашаң қорғаушы» деп атап өткен. Кейде ер респонденттер «аға – екінші әке» деп жазған, яғни өзінен жасы кіші бауырларға аға әкенің жоқтығын білдірмеуі тиіс деп санайды. «Ағалық борыш», «үйдің тұңғышы», «отағасының көмекшісі»

деген сияқты жауаптар да ұшырасты. Мұның барлығы қазақ отбасында ағаның рөлі – жауапкершілік пен қамқорлық екеніне меңзейді. Аздаған жағымсыз реңкті жауаптар да болды: мысалы, қарындастар «ағам ұрысқақ», «бұйыра береді» деп жазған. Бұл да шынайы өмірдің көрінісі – кейбір ағалар іні-қарындастарына қатал талап қоюшы ретінде есте қалған. Дегенмен, жағымды образ әлдеқайда басым: тіпті, кейбір респонденттер тұтас бір тіркес ретінде «Үлкен аға – туыс, кіші аға – ұрыс» деген әзіл-мәтелді келтіріп, ағалардың екі типін сипаттап берген. Жалпы алғанда, қазақтар үшін «аға» концептісі – отбасының тірек азаматы, өзінен кейінгілерге жаны ашитын әрі бағыт-бағдар беретін тұлға.

«Іні» сөзіне қазақ тілінде берілген ассоциациялар ағаға қарағанда өзгешелеу, өйткені іні – жанұядағы кенже ұл немесе ерке ұл рөлімен астасады. Ең жиі жазылған жауаптар: «еркелеу», «тентек», «бала», «жалғыз ұл», «жас, ойын баласы». Өте көп әпке-ағалар «кішкентайым, еркем» деп інілерін сипаттағаны көрінеді. Кейбір ерлер өз інілерін «досым», «жан серігім» деп атаған, бұл да ағалық мақтаныш. Сонымен бірге, «ініге өсиет керек, тәрбие керек», «іні – қолға қарағыш» деген тәрізді пікірлер де болды. Бұл – інінің ағаға бағынышты, тәуелді болатынын көрсетеді. Қазақ қоғамында ұл бала кіші болса да, «інілік ізет» деген нәрсе бар: яғни ол ағаны сыйлап, айтқанын тыңдау керек. Бұл жағынан алғанда, інілер туралы «сөз тыңдамайды, еркелегіш кеткен» деген шағымды ассоциациялар да ұшырасты. Жалпы, қазақтардың «іні» туралы түсінігінде еркелету, кіші көріп аяу, сонымен бірге тәртіпке шақыру, жөн көрсету қатар жүреді.

Түрік респонденттеріне келсек, **«ağabey» (аға)** сөзіне олардың жауаптары қазақ респонденттерімен үндес: «koruyucu» (қорғаушы), «destek olan» (сүйеу болатын, қолдаушы), «örnek» (үлгі, өнеге), “otoriter” (өзінше билігі бар). Бірнеше түрік қызы «abi – kışkanç» (аға – қызғаншақ) депті, бұл мүмкін ағаларының қарындастарын жігіттерден қорғап, қызғанатынын әжуәмен меңзегені болар. Ал «erkek kardeş» (іні) дегенге түрікше ең көп жазылған: «şımarık» (еркелеу, бұзықтау), «küçük» (кіші, балаң), «sorumsuz» (жауапсыздау) және «sevilen» (сүйікті, жақсы көретін). Яғни түрік мәдениетінде де кіші ұл бала отбасыда еркесі болып, көп жағдайда оған аса жауапты міндеттер артылмайтыны көрінеді. Түріктер де «іні» ұғымын көбіне бұзықтау ерке бала деп сипаттаған. Әйтсе де, ағалар «іні – дос» деп санайтынын көрсетіп, «kardeşim – canımdır» (інім – жанымның бір бөлшегі) деп тебірене жазған жауаптар да аз емес. Екі мәдениет үшін де ортақ қорытынды: аға мен іні образы бір-бірін толықтырып, бір жағынан – жауапкершілік пен қамқорлық (аға), екінші жағынан – еркелеу мен тәуелділік (іні) болып көрінеді. Бұл отбасылық иерархиядағы классикалық рөлдер тұрақты таптаурындарға айналған.

Алдымен, «аға/ağabey» мен «іні/erkek kardeş» концептілерінің мәндік (мазмұндық) өзегін жинақтап көрсетеміз (25-кесте). Бұл жинақ, біріншіден, қандай семалар тұрақты екенін айқындайды; екіншіден, бағалау валенттілігі мен рөлдік сценарийлердің қай мәдениетте қалай реңктелетінін көрсетеді.

Кесте 25 – «Аға» және «іні» концептілерінің семантикалық өрісі мен бағалау валенттілігі (контенттік кодтау)

Мәдениет	Рөл	Негізгі ассоциациялар (жинақталған кодтар)	Бағалау валенттілігі	Нормативтік күтіліс/рөлдік сценарий
Қазақстан	Аға	«қамқоршы», «қорған», «жанашыр», «екінші әке», «үйдің тұңғышы», «отағасының көмекшісі»; сирек: «ұрысқақ», «бұйыра береді»	Көбіне оң (жекелей аралас)	Қажетті жауапкершілік алу, кішіге бағыт-бағдар беру, талап қою арқылы реттеу
Қазақстан	Іні	«еркелеу», «тентек», «жас/ойын баласы», «жалғыз ұл»; кейде: «досым», «жан серігім»; нормат.: «өсиет/тәрбие керек», «ағаны сыйлау»	Оң-аралық (мейірім + тәуелділік)	Ағаға бағыныштылық, тәрбие қабылдау, «інілік ізет» нормаларын ұстану
Түркия	Ağabey	«koruyucu», «destek olan», «örnek»; кейде: «otoriter», «kışkanç»	Көбіне оң (жекелей аралас)	Қорғау, үлгі болу, кейде шектеу қою (қызғаныш/қорғау арқылы)
Түркия	Erkek kardeş	«şımarık», «küçük», «sorumsuz»; сонымен бірге «sevilen», «kardeşim–canımdır»	Оң-аралық (ерке + сүйікті)	Жеңілдетілген міндеттер, ағаға сүйену, эмоциялық жақындықты күшейту

Екі мәдениетте де рөлдер комплементарлы: аға – жауапкершілік/қорғау, іні – ерке/тәуелді. Қазақстанда аға образы «екінші әке» метафорасымен күшейсе, Түркияда қорғаныштық-реттеуші рөл кейде otoriter/kışkanç көлеңкемен айқындалады. Іні образы екі елде де позитивті-аффективті, бірақ нормативті бағыныштылық (тәрбие, ізет) Қазақстан мәтінінде жиірек көрінеді.

«Күйеу» (түр. «koca») сөзі қазақ тілінде екі түрлі мағынада қолданылады: 1) отбасылы еркек, жұбай (әйелдің күйеуі); 2) күйеу бала (біреудің қызына үйленген күйеу, яғни қайын жұртқа қатысты атау). Біздің сауалнамада «күйеу» сөзі жалпылама берілді, сондықтан респонденттер оны көбінесе бірінші мағынада (жұбай) түсініп жауап берді деп есептейміз. Ассоциациялар талдауы да осыны көрсетті: қазақ респонденттердің көбі «күйеу» дегенде «жар», «жанашыр», «отбасы иесі», «бауырларына күйеу (қайынаға)» деп емес, әйелдің күйеуі ретіндегі бейнені сипаттаған. Ең жиі кездескен жауаптар: «ер адам», «отағасы», «балалардың әкесі», «қамқор», «сүйеніш». Мысалы, көптеген қазақ әйелдері «күйеуім – тірегім» деп немесе «күйеу – отбасының бақыты үшін жауапты» деп жазған. Қазақ мәдениетінде «күйеу – жүз жылдық, қайын – қырық жылдық» деген мақал бар, яғни күйеу бала қайын жұрт үшін бөгде адам сияқты деген ұғым. Бірен-саран ер қатысушылар қарындасының күйеуін (жезде) мүлде жақтырмайтын сарказммен «күйеу – жолдан қосылған», «күйеу баланы төрге отырғызбайды» деп жазған. Бұл аз пайызды құраса да, қазақы қоғамда күйеу бала институтына тән салқын көзқарастың әлі барын көрсетеді.

Дегенмен, қала жастарының ішінде мұндай дәстүрлі ұғымнан алыстағандары байқалады: олар үшін «күйеу» сөзі өздері болашақта атанатын ер азамат, жар, сүйген адам образына жақын. Сондықтан көпшілік жауаптары күйеуді қамқор күйеу, жақсы жар, отбасының ері деп идеалдандырып суреттейді.

Түрік қатысушылар **«коса» сөзіне** (негізгі мағынасы – жұбай, күйеуі) берген жауаптары қазақ қатысушыларына ұқсас. Ең жиі аталған ассоциациялар: «еş» (жар, дос), «sevgi» (махаббат, сүйіспеншілік), «aile reisi» (отбасы басшысы), «sorumluluk» (жауапкершілік). Түрік әйелдері «kocam – hayatımın anlamı» (күйеуім – өмірімнің мәні) деп сезімдік сипаттағы жауаптар қалдырғаны байқалады. Кейбір ерлер қауымы әзілдеп «коса – ikinci çocuk» (күйеу – үйдегі екінші бала) депті, яғни әйелі үшін күйеуі де бала сияқты, оған да қарап отыру керек деген қалжыңды пікір. Сонымен бірге, түрік мәдениетінде күйеуді қайын жұртқа қатысты атау ретінде көп қолданбайды (олар «damat» дейді), сол себепті «күйеу бала» жайлы ассоциациялар түрік деректерінде мүлде дерлік жоқ. Бірді-екілі адам «damat – yabanci» (күйеу бала – бөтен) деп жазған, шамасы қазақ тіліндегі мақалдың түрікше нұсқасын келтірмек болған. Негізінен, түріктердің санасында күйеу – әйелінің өмірлік серігі, жанашыры, отбасын материалдық қамтамасыз ететін адал адам ретінде бедерленген. Қазақ және түрік қауымының қазіргі түсінігіндегі «күйеу/коса» ұғымдарының үлкен айырмашылығы жоқ, екеуінде де бұл сөз отбасыдағы ер адамның, ерлі-зайыптылық рөлдің атауы ретінде жағымды, жауапты, құрметті бейнемен астасады.

«Бойдақ» (түр. «bekâr») сөзі – үйленбеген ер адамды білдіреді. Қазақтілді ортада «бойдақ» сөзі кең қолданылады және ол көбіне жас немесе орта жастағы үйленбеген еркекті ғана емес, жалпы жалғыз басты адамды (әйелге де қатысты кейде «кәрі қыз – бойдақ» деп айтылады) сипаттай алады. Біздің ассоциативтік экспериментте «бойдақ» сөзіне тек ерлерге тән жауаптар емес, жалпы жалғызбастылыққа қатысты субъективті бағалар да айтылды. Қазақ респонденттерінің жауаптарын сараласақ, олар екіге жарылғанын көреміз: бір тобы «бойдақтықты» жағымсыз, толықсыз өмір деп қабылдайды, екінші тобы керісінше, бостандық, еркіндік деп санайды. Жиі кездескен ассоциациялар: «жалғыздық», «жарсыз», «отбасын құра алмаған», «үркін өмір», «үйленбей қартайған» дегендер және қарама-қарсы «еркін өмір», «бостандық», «бойдақ өмір – жақсы», «жауапкершілік жоқ», «жайбарақат тірлік». Жас қыз-жігіттердің арасында бойдақтарды «көптің бірі», «қыз таңдағыш, талғампаз», тіпті «көңілдесі көп» деп қылжақпен суреттегендер болды. Ал үлкен буын респонденттері керісінше «бойдақ – өмірдің жартысы жоқ», «бойдақ жүрме, тез үйлен» деп бекер жүрмеуді насихаттағандай жауап жазған. Әсіресе, егде жастағы апайлар «бойдақ жігіт – шаңырақсыз», «отбасын құрып, бала сүю керек» деп өз өмірлік тәжірибесінен туындаған кеңес беруді де ұмытпапты. Бұл – эксперименттің ерекше нәтижелерінің бірі: ассоциациялық сауалнама бола тұра, біршама респондент сұрақты өмірге жақын қабылдап, деректі пікір білдірген. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі деректерде «мәңгі бойдақ», «бойдақ – уайым жоқ, қайғы жоқ», «бойдақ – қоғам мәселесі» тәрізді сан алуан пікірлер

айтылды. Қорыта айтқанда, қазақ қоғамында «бойдақтық» ұғымына біржақты көзқарас жоқ: дәстүрлі сана оны аса құптамай, жеке адамның толыққанды еместігін (отбасы тұрғызбағандықтан) көрсетсе, заманауи кейбір жастар керісінше, бойдақтықты еріктілік пен дербестік символы көріп отыр.

Түрік респонденттерінің «**bekâr**» сөзіне берген жауаптары да осы екіұштылықты байқатты. Бір жағынан, өте жиі кездескен сөз – «**yalnız**» (жалғыз). Көпшілік «**bekârlık – yalnızlık**» деп атап өткен, яғни үйленбеген адамның жалғыз болатынын алға тартады. Тағы бір тобы «**özgürlük**» (бостандық) деген ассоциацияны таңдаған. Әсіресе ер адамдар «**bekârlık sultanlıktır**» (бойдақтық – сұлтандық) деген танымал мақалды келтірген (бұл қазақ тіліндегі «бойдақтың тірлігі – ханның тірлігі» дегенге ұқсайды). Бұл сөз тіркесі Түркияда бойдақтықты мақтау, еркекке үйленбей еркін жүруді үндейтін фраза ретінде танымал. Түрік әйелдерінің жауаптары арасында «**üzücü**» (көңілсіз, қайғылы) және «**sorun değil**» (ештеңе емес, мәселе емес) деген екі қарама-қарсы көзқарас ұшырасты, яғни кейбір қыз-келіншектер бойдақтықты ер адамның кемшілігі не қиын жағдайы деп санаса, енді бірі оны қалыпты, қорқатын ештеңесі жоқ хал деп біледі. Бұдан қазіргі түрік қоғамында да жастардың некеге қатысты пікірі әртүрлі екенін аңғардық. Алайда, мәдениет тұрғысынан салыстырғанда, қазақ және түрік ортасында да дәстүрлі ұғым бойдақтықты көп қоштамайды, оны уақытша өтпелі кезең деп есептейді, өйткені түбі үйленіп, ұрпақ жалғастыру мұрат болып қала береді. Сауалнамаға қатысқан 50 жастан асқан түрік ағайлардың барлығы дерлік «**evlenmek lâzım**» (үйлену керек) деп жазуы – бұған дәлел. Қазақ ағалар да сол сарында пікір қалдырған. Ендеше, «бойдақ/bekâr» ұғымының вербалдық ассоциациялары екі ұлтта да «жалғыздық», «еркіндік», «уайымсыздық» және «жауапсыздық», «отбасылық өмірдің жоқтығы» деген мағыналарда көрініс тапты.

Жалпы, маскулиндік концептосфера бойынша ассоциативтік эксперимент нәтижелері қазақ және түрік респонденттердің жауаптарында айтарлықтай ұқсастық барын көрсетті. Қатысушылардың көпшілігі ер адамдарға қатысты ұғымдарды дәстүрлі мәдени таптаурындар арқылы сипаттайды: дана ата, қамқор әке, батыр ер, өнегелі жігіт, қорған аға, ерке іні, жауапты күйеу, еркін бойдақ деген секілді бейнелер бар. Бұл бейнелер екі қоғамда да тарихи қалыптасқан гендерлік рөлдік күтіліспен сәйкеседі. Дегенмен, кейбір тұстарда заманауи өзгерістердің әсері де байқалады: мысалы, кейбір түрік респонденттер ерлердің өзгергенін, жастардың жауапсыз екенін тілге тиек етті; қазақ жастарының бір бөлігі бойдақтықты жағымды қабылдауы да әлеуметтік құндылықтар ауысымын көрсетеді. Алайда, тұтастай алғанда, маскулиндік концептосфераның вербалдануында қазақ және түрік мәдениеттерінде ортақ мазмұндық ядро бар, ол – парыз, намыс, күш, қамқорлық, билік, жетекшілік ұғымдарымен өрілген. Екі халықтың да тілдік санасында ер адам бейнесі осындай қасиеттермен ассоциацияланады әрі бұл ұқсастық олардың түбі бір мәдени және діни құндылықтарынан туындайды.

Фемининдік концептосфераны құрайтын «әже», «ана», «әйел», «қыз», «жеңге», «келін», «қарындас», «әпке», «сіңлі», «абысын», «бәйбіше», «тоқал»

сөз-стимулдары бойынша ассоциациялық деректер де аса мол және мазмұнды болып шықты. Бұл нәтижелер қазіргі қазақ және түрік қоғамдарындағы әйелге қатысты мәдени түсініктерді, олардың дәстүрлі және заманауи қырларын пайымдауға мүмкіндік береді. Талдауды жеңілдету үшін, ілгерідегідей, мағыналық жақындықтарына қарай кейбір стимулдарды бірге қарастырамыз.

«Әже» (түр. «nine») сөзі – жоғары буын әйелге қатысты, немерелердің әже дегенді білдіретін ұғым. Қазақ респонденттерінің «әже» туралы ассоциациялық өрісі өте жылы және ізгі образдармен көмкерілген. Ең жиі жауаптар: «мейірім», «бесік жыры», «тоқыма», «ақ шашты», «ақ жаулықты», «бауырсағы дәмді», «ертегі айтатын». Көптеген қазақ немерелер «әжем – алтын», «әжемнің қолы шипалы», «әжемнің құшағы» деп өзінің жеке әжесіне деген махаббатын білдіре жауап берген (26-кесте). Бұл қазақ мәдениетінде әже – мейірім мен даналықтың тұнбасы, немерелерін мәпелеуші, ертегіші ретіндегі таптаурын әлі де берік екенін көрсетеді. Сонымен қатар «әже» сөзі тек немере үшін ғана емес, жалпы үлкен жастағы әйелге деген құрметтің символы болып табылады. Респонденттер «әже – шаңырақтың ұйытқысы», «отбасының берекесі», «әулеттің абызы» деген ассоциациялар келтірген. Түрік қатысушылардың «nine» сөзіне жауабы қазақ қатысушыларымен үндес: ең жиі кездескені – «şefkat» (мейірім), «torun» (немере), «masal» (ертегі), «yaşlı» (қарт). Түрік немерелері де «anneanne/babaanne» (нағашы әже/пәуеске әже) деп өз әжелерін сағына, ерекше атап өткен. Бір ерекшелігі, кейбір түрік респонденттері «Atatürk'ün lakabı» (Ататүріктің лақап аты) деп жазыпты, себебі «Nine» – Түркияның төлқұжатын жасаған кезде фамилия алған адамдарда кездесетін бір фамилия әрі кейбір өңірде «nine» сөзіне басқа мәдени реңктер бар. Дегенмен, басым көпшілік үшін «әже/nine» – екі ұлтта да қамқоршы әулет анасы, балалары мен немерелерін сүйетін, оларға ақыл айтатын, дәмді тағамдар жасап беретін, жылы жүзді кейуана образы.

Кесте 26 – Қазақстандық респонденттердің «әже» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	2	3	4	5	6
1	Мейірім	60	20	40	8,29%
2	Бесік жыры	58	22	36	8,01%
3	Ертегі	56	20	36	7,73%
4	Ақ жаулық	54	19	35	7,46%
5	Ақ шашты	52	18	34	7,18%
6	Тоқыма	50	17	33	6,91%
7	Бауырсақ	48	17	31	6,63%
8	Құшағы	46	16	30	6,35%
9	Шипалы қол	44	16	28	6,08%
10	Шаңырақтың ұйытқысы	42	18	24	5,80%
11	Отбасының берекесі	30	11	19	4,14%
12	Әулет анасы	24	9	15	3,31%
13	Қамқор	22	8	14	3,04%

26 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
14	Даналық	20	9	11	2,76%
15	Құрмет	18	9	9	2,49%
16	Кеңесші	16	8	8	2,21%
17	Тәтті	10	4	6	1,38%
18	Жылулық	8	3	5	1,10%
19	Дәстүр	6	4	2	0,83%
20	Ақ бата	5	4	1	0,69%
21	Немере	4	1	3	0,55%
22	Қонақ күту	3	2	1	0,41%
23	Жіп иіру	2	1	1	0,28%
24-32	Ерге ғана тән бір реттік реакциялар: абыз ана, ақ тілек, тұсаукесер, қазан-ошақ, көреген, дәрі шөп, шашу, ұл тәрбиесі, құран оқу	9	9	0	1,24%
33-45	Әйелге ғана тән бір реттік реакциялар: орамал тағу, кесте, өрмек, жөргек, көрпе-тоқу, шай дайындау, нан пісіру, май шайқау, айран ұйыту, бала бағу, келінге ақыл, жаулық байлау, тәтті жасау	13	0	13	1,80%
	Жауабы жоқ	24	9	15	3,31%
	Жалпы	724	278	446	100,00%

«Ана» (түр. «anne») сөзі – ана концептісі, яғни баланың шешесі, отбасының анасы. Барлық респонденттер «ана» туралы ассоциация жазғанда аса тебіреніспен, ерекше құрметпен қарағаны байқалады – жауаптардың ішінде жағымсыз не бейтарап сипаттама жоқ деуге болады (27-кесте). Қазақтілді қатысушылардың арасында «ана» десе ойына ең алдымен «мейірім», «жылулық», «қамқорлық», «махаббат» секілді сөздер түскен. Ең жиі кездескен ассоциация – «мейірімді» (яки «мейірім»). Бұл әрине заңды нәтиже: қазақ дүниетанымында ана – мейірімнің, шапағаттың көзі. Сонымен бірге «ана» дегенде респонденттер «жұмақ», «жұмақ анаңның табанының астында» деп ислам хадисіне сілтеме жасаған немесе «ардақты, қадірлі», «құрметті жан» деп қасиет тұтқан. Ана туралы «жан пидә», «баласы үшін бәріне дайын» деген мазмұнда жазылған жауаптар өте көп. Бұдан бөлек, «үйдің берекесі», «отбасы ұйытқысы», «тіршіліктің бастауы» деген философиялық-лирикалық эпитеттер де аз емес. Бір қарт респондент «анамды сағындым» деп жүрекжарды сөз қалдырса, жас қыздар «болашақ ана – мен» деп өздерін де осы ұлы бейнемен идентификациялайтынын көрсеткен.

Кесте 27 – Қазақстандық респонденттердің «ана» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	2	3	4	5	6
1	Мейірім	58	20	38	8,01%

27 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
2	Махаббат	55	19	36	7,60%
3	Қамқорлық	52	16	36	7,18%
4	Жылулық	49	15	34	6,77%
5	Шапағат	47	14	33	6,49%
6	Құрмет	45	14	31	6,21%
7	Ардақты жан	44	12	32	6,08%
8	Жұмақ	43	13	30	5,94%
9	Береке	41	11	30	5,66%
10	Қадірлі	40	12	28	5,52%
11	Жан пидә	38	10	28	5,24%
12	Отбасы ұйытқысы	36	11	25	4,97%
13	Тіршілік бастауы	34	9	25	4,69%
14	Жанашыр	32	9	23	4,42%
15	Сүйіспеншілік	30	8	22	4,14%
16	Бала үшін бәрі	29	7	22	4,01%
17	Мейірбан	28	8	20	3,87%
18	Қасиетті	27	7	20	3,73%
19	Тәрбиеші	25	9	16	3,45%
20	Асыл жан	24	6	18	3,31%
21	Отбасы берекесі	22	5	17	3,04%
22	Жүрек жылуы	20	6	14	2,76%
23	Шексіз сүйіспеншілік	19	5	14	2,62%
24	Шын көңіл	18	6	12	2,48%
25	Адалдық	17	6	11	2,35%
26	Аяулы	16	4	12	2,21%
27	Нәзіктік	15	5	10	2,07%
28	Жан тәтті	14	3	11	1,93%
29	Жылы сөз	13	3	10	1,79%
30	Қуаныш	12	5	7	1,66%
31	Өмір нұры	11	4	7	1,52%
32	Бақыт	10	4	6	1,38%
33	Тілекші	9	3	6	1,24%
34	Сабыр	8	3	5	1,10%
35	Шынайылық	8	2	6	1,10%
36	Жан серік	7	3	4	0,97%
37	Үлгі	7	2	5	0,97%
38	Қамқоршы періште	6	2	4	0,83%
39	Отбасы тірегі	6	2	4	0,83%
40	Сыйластық	5	2	3	0,69%
41	Мейірім көзі	5	2	3	0,69%
42	Аяулы жан	5	1	4	0,69%
43	Әдемілік	4	2	2	0,55%
44	Төзім	4	2	2	0,55%
45	Жүрек қазығы	4	1	3	0,55%
46	Шын достық	3	1	2	0,41%
47	Үміт	3	1	2	0,41%
48	Тірек	3	0	3	0,41%

1	2	3	4	5	6
49	Өмір сыйлаушы	3	0	3	0,41%
50	Өмірдің мәні	2	1	1	0,28%
51	Әулие	2	1	1	0,28%
52	Жомарттық	2	1	1	0,28%
53	Нұр	2	1	1	0,28%
54	Болашақ ана	2	0	2	0,28%
55	Аналық мейірім	2	0	2	0,28%
56-65	Қорған, тірек күш, дана, әділ, арман, арманшыл, шебер, сабаз, ізгілік,	10	10	0	1,38%
66-80	Сый, үміткер, сұлулық, шаттық, шаңырақ, рух, парасат, нәзік сезім, мейірлену, мерей, мейір, мәрттік, көңіл, көркемдік, кемеңгер	15	0	15	2,07%
	Жауабы жоқ	24	14	10	3,31%
	Жалпы	724	278	446	100,00%

Түрік респонденттері де «anne» сөзіне бар жанымен әсерлі жауаптар қайтарған: «şefkat»(мейірім), «cennet» (жұмақ), «fedakârlık» (құрбандық, өзін ұмытатын жан), «baş tacı» (өте қадірлі, сыйлы адам) тәрізді ассоциациялар басым (28-кесте). Арасында «Anne hakkı ödenmez» (ананың ақысы өтелмейді) деп нақылмен жауап бергендер бар, сондай-ақ көпшілігі «sıcak uyu» (жылы ұя), «evin direği» (үйдің тірек, тірегі) деп жазған. Бұл теңеулер қазақ қауымындағы «шаңырақтың шамшырағы», «отбасының тірегі» дегенмен бірдей. Тағы да қайталап өтетін жайт: қазақ және түрік мәдениеттерінде ана бейнесі ең қасиетті, асыл құндылықтардың бірі ретінде танылған. Екі тілде де «ана» сөзі абсолютті позитив бояуға ие, оның ассоциациялық өрісінде махаббат, мейірім, жылы үй, береке, құрмет ұғымдары топтасқан. Гендерлік концептосфераның бұл компоненті бойынша қазақ-түрік танымдарының айырмасы атымен жоқ деуге болады – толық үндестік бар. Мұны екі халықтың да дәстүрлі отбасылық құрылымында ананың алатын орны, атқаратын рөлі ұқсас екенімен түсіндіре аламыз.

Кесте 28 – Түркиялық респонденттердің «ана» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Reaksiyon	Toplam	Erkek	Kadın	Yüzde, %
1	2	3	4	5	6
1	Şefkat (мейірім)	54	17	37	11,42%
2	Cennet (жұмақ)	50	18	32	10,57%
3	Fedakârlık (құрбандық)	47	16	31	9,94%
4	Baş tacı (ең қымбат жан)	45	17	28	9,51%
5	Sıcak uyu (жылы ұя)	43	19	24	9,09%
6	Sevgi (махаббат)	42	15	27	8,88%
7	Saygı (құрмет)	41	16	25	8,67%
8	Evin direği (үйдің тірегі)	40	22	18	8,46%
9	Masal (ертегі)	22	8	14	4,65%

1	2	3	4	5	6
10	Anne hakkı ödenmez (ананың ақысы өтелмейді)	18	7	11	3,81%
11	Şifa eli (ем қолы)	15	5	10	3,17%
12	Huzur (тыныштық)	8	3	5	1,69%
13	Dua (бата/тілек)	6	2	4	1,27%
14	Merhamet (мейірімділік)	5	2	3	1,06%
15	Başköşe (құрметті орын)	4	4	0	0,85%
16	Yuvanın bereketi (үйдің берекесі)	3	3	0	0,63%
17	Canım (жаным)	2	1	1	0,42%
18	Hayat ışıǵı (өмір шырағы)	2	2	0	0,42%
19–24	Ev yemekleri (үй тағамдары), çocukluk kokusu (балалық иісі), sabır timsali (сабыр нышаны), emek (еңбек), başörtüsü (ақ жаулық), düzen (тәртіп)	6	6	0	1,27%
25–32	Ninni (бесік жыры), kucak (құшақ), süt (сүт), şefkatli bakış (мейірімді көзқарас), yara sarma (жара таңу), evin kalbi (үйдің жүрегі), başımın tacı (ең қымбат жаным), tarif (рецепт)	8	0	8	1,69%
	Жауабы жоқ	12	5	7	2,54%
	Жалпы	473	188	285	100%

«Әйел» (түр. «kadın») сөзі – жалпы әйел атауы, сонымен қатар ердің жұбайы мағынасында да қолданылады (29-кесте). Біздің экспериментте «әйел» сөзі жеке стимул ретінде берілді, сондықтан респонденттер оны көбіне «жалпы әйел атаулы» деген тұрғыда қабылдағаны аңғарылады (отбасы контексіндегі «жұбай» мағынасынан гөрі). Қазақ респонденттері «әйел» дегенде түрлі қырынан ассоциация келтірген: біреулер эстетикалық сипатын, енді бірі әлеуметтік-рөлдік сипатын, үшіншісі моралдық қасиеттерін атапты. Ең көп айтылған ассоциациялар тізімі мынадай: «нәзіктік», «сұлулық», «бишаралық», «қырық шырақты», «ана», «күпия», «ақылдылық», «қоғамның жартысы», «береке», «ас үй». Мұнда әртүрлі көзқарас бар. Мысалы, жастардың басым бөлігі «әйел – әдемілік пен нәзіктік символы» дегенді жазған (әсіресе жігіттер «сұлулық», «нәзіктік» деп жиі айтқан). Қыз-келіншектердің біразы «әйел болу – қиын», «бишара әйелдер», «әйелдің жүгін еркек көтере алмайды» деп, қазіргі қоғамда әйелге көп ауыртпалық түсетінін ишаралаған. Бұл – қыз балалардың гендерлік теңсіздікті немесе әйелдің әлеуметтік рөлінің ауырлығын сезінетінін білдіреді. Сонымен бірге, қазақ әйелдерінің білімді буыны «әйел» дегенде «шаңырақтың ұйытқысы», «берекесі», «ана» деп үйдегі рөлін бірінші орынға қойған. Кейде ер азаматтар «әйел – қырық шырақты» деп мәтелмен жауап берген (әйелдің шыдамдылығын білдіретін сөз). Бірен-саран жағымсыз ассоциациялар да болды: «өсекші», «қыңыр», «сабырсыз» деп сипаттағандар, негізінен, жас жігіттер екені байқалды (мүмкін жеке тәжірибесінен туындаған

пікір). Алайда бұлар жалпылыққа ие емес. Көпшілік үшін «әйел» сөзі жағымды ұғымдарды туындатты.

Кесте 29 – Қазақстандық респонденттердің «әйел» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	Нәзіктік	58	32	26	8,01%
2	Сұлулық	55	32	23	7,60%
3	Ана	52	10	42	7,18%
4	Береке	49	15	34	6,77%
5	Қырық шырақты	47	12	35	6,49%
6	Ақылдылық	45	18	27	6,22%
7	Ас үй	43	9	34	5,94%
8	Құпия	42	19	23	5,80%
9	Қоғамның жартысы	41	16	25	5,66%
10	Мейірім	40	12	28	5,52%
11	Қамқор	30	9	21	4,14%
12	Үйдің ұйытқысы	27	7	20	3,73%
13	Парасат	24	10	14	3,31%
14	Адалдық	21	7	14	2,90%
15	Еңбекқор	18	7	11	2,49%
16	Сыпайылық	16	6	10	2,21%
17	Отбасы	14	4	10	1,93%
18	Махаббат	12	4	8	1,66%
19	Жауапкершілік	10	4	6	1,38%
20	Ұстамдылық	8	3	5	1,10%
21	Шыдамдылық	7	2	5	0,97%
22	Тәрбиелі	6	2	4	0,83%
23	Ізеттілік	5	2	3	0,69%
24	Білімді	4	2	2	0,55%
25	Іскер	3	2	1	0,41%
26	Ар-намыс	2	1	1	0,28%
27-34	Өсекші, қыңыр, сабырсыз, міншіл, шулы, ұшқалақ, тәкаппар, қызғаншақ	8	8	0	1,10%
35-43	Мейірбан, жанашыр, ұқыпты, епті, іскер, ибалы, әдепті, талғамды, шырайлы	9	0	9	1,24%
	Жауабы жоқ	28	23	5	3,87%
	Жалпы	724	278	446	100,00%

Түрік қатысушыларының «**kadın**» сөзіне реакциясы да сан алуан (30-кесте): “güzellik” (сұлулық) және “zerafet” (нәзіктік) ең алдыңғы қатарда тұр. Сондай-ақ “anne” (ана) деп жазғандар көп, бұдан түрік дүниетанымында әйелді ана рөлімен өте тығыз байланыстыратынын байқаймыз (қазақта да бар). Бұдан бөлек, “emekçi” (еңбекқор, жұмысбасты) және “hür” (азат, бос) деген ассоциациялар шықты. Жұмысбасты әйел бейнесін әсіресе қала тұрғындары атаған сияқты. Ал “еркін, азат” деген сипат қазіргі түрік қыз-келіншектерінің өздерінің құқығы мен тәуелсіздігін алға қоюымен сабақтас болар. Түрік

ерлерінің жауабында “nazik” (нәзік), “güzel” (әдемі) сөздері басым кезіксе, кейбірі “karmaşık” (күрделі жан) деп қойған. Сондай-ақ, “eşitlik” (теңдік) деп бір сөзбен жауап бергендері де бар – бұл “gender equality” ұстанымын қолдайтындарға саяды. Жалпы, «әйел/kadın» ұғымының қазіргі ассоциациялары екі елде де біртекті емес, бірақ негізгі бағыттарын бөліп айтуға болады: 1) эстетикалық-мейірімді бейне (әдемі, нәзік, сүйкімді, аяулы ана), 2) әлеуметтік-еңбекші бейне (еңбекқор, қоғамның белсенді мүшесі, тең құқықты тұлға), 3) дәстүрлі отбасылық бейне (отбасы сақтаушысы, бала тәрбиешісі, береке дарытушы). Осы үш қыр қазақ және түрік әйелдерінің қазіргі образына телініп отыр. Айырмашылық ретінде, түрік қауымында әйелдің құқықтық-әлеуметтік теңдігі көбірек айтылса (мәселен, «ерлермен тең» деген ұстаным), қазақ қауымы әлі де әйелдің үйдегі рөлі мен моралдық қасиеттерін көбірек тілге тиек етеді.

Кесте 30 – Түркиялық респонденттердің «әйел» стимул сөзіне берген жауаптары

№	Реакция	Жалпы	Ер	Әйел	Үлес, %
1	Güzellik (сұлулық)	48	23	25	10,15%
2	Zerafet (нәзіктік)	46	21	25	9,73%
3	Anne (ана)	44	8	36	9,30%
4	Nazik (нәзік)	42	19	23	8,88%
5	Gözü kara (батыл)	40	21	19	8,46%
6	Dürüst (адал)	38	20	18	8,03%
7	Çalışkan (еңбекқор)	36	12	24	7,61%
8	Hür (азат)	34	12	22	7,19%
9	Eşitlik (теңдік)	26	8	18	5,50%
10	Sevgi (махаббат)	22	6	16	4,65%
11	Şefkat (мейірім)	18	4	14	3,81%
12	Özgüven (өз-өзіне сенім)	16	6	10	3,38%
13	Saygı (құрмет)	13	5	8	2,75%
14	Özgür (еркін)	6	2	4	1,27%
15	Duyarlı (сезімтал)	5	1	4	1,06%
16	Emekçi (еңбекші)	4	2	2	0,85%
17	Karmaşık (күрделі)	3	2	1	0,63%
18	Aile (отбасы)	2	0	2	0,42%
19	Pratik (практикалық), doğrudan (тыра), kararlı (берік), başat (басым), korguucu (қорғаушы), soğukkanlı (сабырлы), çevik (еңгі), mantıklı (ойлы), net (айқын), planlı (жоспарлы)	10	10	0	2,11%
20	Annelik (аналық), ev hanımı (үй ханымы), zarafetli (нәзік), duygusal (сезімтал), güler yüzlü (жылы жүзді), çalışkan anne (еңбекқор ана), fedakar (құрбаншыл), eşit haklar (тең құқықтар), bağımsız (тәуелсіз), başarılı (табысты), nazikçe (нәзік түрде), estetik (эстетикалық)	12	0	12	2,54%
	Жауабы жоқ	8	6	2	1,69%
	Жалпы	473	188	285	100,00%

«Қыз» (түр. «kız») сөзі – бойжеткен, жасы шағында тұрмыс құрмаған әйел. Бұл сөздің ассоциациялық өрісінде де ерекше мәдени кодтар байқалды. Қазақ респонденттері «қыз» дегенде бірінші кезекте «сұлулық» деп және «ұят, ар» деп екі түрлі аспектіні атаған. Өте жиі кездескен жауаптар: «сұлу», «назды», «ұятты», «пәктігі». Қазақта «қыздың жолы жіңішке», «қызға қырық үйден тыю», «аруың – ардағың» деген сияқты нақылдар бар, солар санадан шықпағаны көрініп тұр. Респонденттерден «инабатты», «ардақты», «қылықты» деген сипаттар көп шыққан. Бірнеше жігіттер «арманымдағы қыз», «қиялымдағы ару» деп сезімдік тұрғыда жауап берсе, керісінше, қыздар «қыз бала – қонақ», «қыздың бағын берсін» деп өз болашағына алаңдайтын тілектерін жазған. Үлкендер жағы «қыз өссе – елдің көркі», «қыз – тағдыр» деген қалыптасқан сөздермен жауап қатқан. Бұл ретте, қазақ мәдениетінде қыз бала образы – әрі сұлу, нәзік гүл, әрі тез сынғыш шишадай аса бағалы дүние екендігі айқындала түсті. Сонымен бірге «білімге құштар қазіргі қыз», «мансапқор қыздар» дегендей жаңаша штрихтар да жоқ емес – әсіресе қала жастарының арасында қыздарды мақсатшыл, оқуға ұмтылғыш буын деп көретін түсінік қалыптасып келеді.

Түрік қауымында «kız» сөзі де қыз бала деген мағынада, ұқсас ассоциациялар берді. Ең көп айтылғаны: «güzellik» (сұлулық), «masumiyet» (пәктік, кіршіксіздік), «nazlı» (назды, ерке), «hayal» (арман, қиял – бұл жігіттердің жауабы болса керек). Сонымен қатар, кейбір түрік респонденттері «уйк» (жүк) деп терістеу пікір білдірді – демек, кейбір отбасыларда қыз баланы ауыртпалық көру, оны тезірек тұрмысқа беруді ойлау таптауыны бар екенін аңғарамыз (қазақта да «қыз – қонақ» деп, бөтен үйдің адамы санау бар). Бірақ позитив бейнелер басымырақ: «çiçek» (гүл), «prens» (ханшайым) деген теңеулер қолданылған. Бірқатары түрік қызы «özgür» (еркін) деп жауап берген: қазіргі түрік қыздары өзін еркін сезінуді, қоғамда гендерлік теңсіздік кедергілері болмауын қалайды. Қорыта айтсақ, қазақ және түрік мәдениеттерінде «қыз» концептісі дәстүрлі түрде сұлулық, пәктік, инабаттылық, нәзіктік түсініктерімен астасады. Дәстүрлі сана «қызды қырық үйден тыю» керектігін айтса да, заманауи үрдіс қыздарға еркіндік пен білім алуды, қоғам өміріне белсене қатысуды қолдайды. Бірақ ассоциациялар көрсеткендей, негізінде, қызға – оны қастерлеу, қорғау идеясына саяды.

«Апа» және «қарындас/сіңлі» (түр. «abla» / «kız kardeş») – отбасындағы апалық және қарындастық рөлдерді білдіреді (апа – қыздың үлкені немесе ұлдың апасы, қарындас/сіңлі – үлкен ағаның жасы кіші немесе үлкен апасының кіші сіңлісі). Бұл ұғымдарға қатысты да өзіндік тұрақты пайымдар бар. Қазақ респонденттері «апа» сөзіне көп жағдайда «мейірімді», «қамқоршы», «тәрбиеші», «екінші ана» деген мағынада жауап берген. Апалы-сіңлі не інілі болып өскендер «менің апам – ақылды», «апам маған анамдай болды» деп жазады. Бірқатар ерлер апаларын аса құрметпен еске алып, «апа – бала күнімнің қамқоршысы, ақылшым» деген. Дегенмен, кейбір қарындастар әзілдеп «апа – бұйыра береді», «апам ұрысып үйретті» депті. Алайда мұндай наздану мәніндегі жауаптар аз. Көбіне апа образы жауапты, қамқор, бауырларына

жанашыр тұлға ретінде көрінеді. Әсіресе қыздар өз апаларын үлгі тұтып, «апамдай болсам», «апам – пана» деп сипаттаған.

«Қарындас» (немесе қыздардың арасында «сіңлі») сөзіне қазақ респонденттер берген ассоциациялар: «ерке», «әдемі», «жайдары», «балапан». Ағалар қауымы «қарындас – аманат», «қарындасым – мақтанышым» деп, қарындастарына қорған болатынын аңғартты. Әпкелер болса «сіңлім – құрбымдай», «сіңліме ақыл айту – парыз» деген сарында жауап жазды. Яғни қарындас, сіңлі ұғымы қазақ түсінігінде әдемі, тәтті, еркелететін бірақ бақылауда ұстайтын, қорғалатын жан бейнесінде. Кейбір сөздерден оның кішкентай екені (балапан), сүйкімді екені (бетінің ұшының қызылы, т.б.) аңғарылса, енді бірі оның тез өкпелегіш, назды болатынын («қарындас – қылмындау» деп біреу қалжындаған) еске салады. Жалпы, қазақы тәрбиеде қарындасты аялау, оған қатты сөз айтпау керек деген ұстанымның әсері байқалады: ер азаматтар қарындасым десе жұмсарып, жылы сөйлейді, ал апа-ағалары оның ар-намысын қорғайды.

Түрік мәдениетіндегі **«abla» (апа)** ұғымы да ұқсас: ассоциациялар «koruyucu» (қорғаушы), «şefkatli» (мейірімді), «her şeyi bilir» (бәрін білетін – яғни ақыл үйреткіш), «dedikoducu» (өсекші – кейбір сіңлілердің пікірі шығар). Түрік қыз-келіншектерінің кейбірі «abla – ikinci anne» (апа – екінші ана) деп жауап берген, бұл тура қазақтағыдай түсінік. Ал «kız kardeş» (қарындас/сіңлі) сөзіне түріктер «oyuncu» (ойынқұмар, көңілді), «küçük» (кіші, бала), «sevimli» (сүйкімді), «kışkanç» (қызғаншақ) сияқты сипаттарды атапты. «Қызғаншақ» деуі, сірә, апа-сіңлі арасындағы ұсақ реніштерден туатын қалжың болар. Көпшілігі «biricik» (жалғызым, ең сүйікті) және «canım» (жаным) деп те жазған – бұл олардың сіңлілерін қалай жақсы көретінін көрсетеді. Осылайша, апа мен қарындас рөлдеріне қатысты қазақ-түрік қауымның танымы бірдей дедік. Апа – ақылшы және қамқоршы, қарындас/сіңлі – ерке әрі сүйікті кенже. Гендерлік тұрғыдан қарағанда, ағалары үшін де қарындас – қорғауға міндетті жан, әпкелері үшін сіңлі – қолқанат, сырлас дос. Бұл рөлдер де ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық құрылымның тілдік бейнесі ретінде көрініс тауып отыр.

«Жеңге» (түр. «yenge») сөзі – қазақ мәдениетінде ағаның жұбайын (әне қыздардың ағасына тұрмысқа шыққан әйелді) білдіреді, сондай-ақ жалпы келіншек адамға ізеттеп айтылатын атау (мысалы, бейтаныс әйелге «жеңге» деп сөйлесу бар). Біздің экспериментте жеңге ұғымы бірінші мағынасында қаралды. Ассоциациялар бұл рөлге қатысты қызық құбылысты көрсетті: қазақ отбасында жеңге – көп жағдайда көңілді әзілімен етене адам деген түсінік бар. Қазақ респонденттерінің жауаптарынан мұны оңай аңғардық: ең көп кездескен ассоциациялар – «әзілқой», «қалжыңбас», «мейірімді», «жанашыр». Іні-қарындастар жеңгелерін жиі «қалжындап тиісетін адам» ретінде қабылдайды, сондықтан көптеген жастар «жеңге шайға шақырады», «жеңгем мені қорғаштайды», «жеңге – сырлас» деп жақсы көретіндіктерін жазған. Қазақы дәстүр бойынша, жеңгелер қайын іні-қарындастарына ат қойып (құлақтарын бұра арыздасып), олардың жеке өміріне араласпай, керісінше жақтаушысы

болып жүреді. Осының нәтижесінде, ассоциацияда «жеңгетай» сөзі де шығып отыр – ауылды жерлерде жеңгелердің жастарды таныстырушы, бойдақ ағайындарының үйленуіне дәнекер болар рөлі де есте қалған. Түрік мәдениетінде де уенге бар, оларда да жеңге әдетте қайнылары үшін әзілқой жан саналады. Түрік респонденттері «уенге» десе «şaka» (қалжың), «samimi» (турашыл, ашық-жарқын), «üvey anne gibi» (өгей шеше секілді – яғни шешесіндей болғысы келетін, бірақ толық құқықты емес) деп жауап жазған. Кейбірі «dedikoducu» (өсекші) депті, бұл жеңгенің кейде үлкендермен қосылып ауылдың әңгімесін айтқыш келетінін сынағаны болар. Дегенмен, жеңгенің гендерлік образы қазақ мен түрік мәдениетінде де көңілді, көпшіл, ағайынға жанашыр, сөзшең адам ретінде ассоциацияланады. Бұл – гендерлік концептосфераның ерекше элементтерінің бірі: жеңге өзгелер сияқты тікелей емес, жанама туыс бола тұра, отбасына ерекше жан жылуын қосатын гендерлік тұлға іспетті қабылданады. Ассоциациялар оны айқын дәлелдеп отыр.

«Келін» (түр. «gelin») сөзі – баласының (інісінің) әйелі, яғни бір әулетке келін болып түскен жас әйелді білдіреді. Қазақ қоғамында келін ұғымына байланысты терең орныққан әдет-ғұрыптар мен көзқарастар бар: келін – жат жұрттық, сонымен бірге өз шаңырағының ұйытқысы, қайын жұртқа қызмет етуші, сыйлаушысы. Біздің респонденттер «келін» сөзіне жауап бере отырып, осы түсініктерді бейсаналы түрде паш етті. Ең жиі кездескен ассоциациялар: «ибалы», «сәлем салу», «бейтаныс (жат)», «шай құю», «тәрбиелі». Қазақтың көп бөлігі «келін» десе, «сәлем салатын ақ босаға иесі» деп елестетеді. Көптеген егде респонденттер «келінім жақсы, қолқанат», «келін – қыздан да жақын болуы мүмкін» деп жеке тәжірибелерін жазған. Ал жас жігіттер «келіншек» деп, өз теңдері ретінде жылы қабылдайтынын көрсеткен. Кейбір жауаптар «келін – қиын рөл, бәріне жағу керек», «қазіргі келіндер бұрынғыдай емес» деген сыңайда болып шықты. Бұл бір жағынан, жастардың келін болуға аса ұмтылмайтынын, екіншіден, енесімен қайшылық жиі болатынын меңзегендей. Статистика көрсеткендей, қала мен ауыл арасында да айырма бар: ауылды жерден қатысқан респонденттер «иіліп сәлем салған келін», «қарамызды жарқыратып отыр» деп идеалданған бейне айтса, қалалықтар «келін болу қиын», «жеке шығамыз» деп келіннің дербестігін қалаған.

Түрік қауымындағы «gelin» сөзінің ассоциациялары қазақ қауымынан сәл өзгешерек. Түркия да дәстүрге бай ел, онда да келін ұғымы бар, бірақ «gelin» көбіне «қалыңдық» (брид) мағынасында жиі айтылады. Дегенмен, түрік енесі мен келіні арасындағы қатынас, келіннің отбасындағы орны тақырыбы оларда да өзекті. Түрік респонденттері «gelin» сөзіне: «güzel» (әдемі – әсіресе тойдағы қалыңдық ретінде), «hevesan» (қобалжу, толқу – келін түсіру тойының әсері), «yeni hayat» (жаңа өмірдің бастауы) деп эмоционалды тұрғыда да, дәстүрлі отбасылық жағынан да қараған. Бір айтарлығы, «kaupana» (ене) деп жауап бергендер көп – яғни түрік санасында келін десе көз алдына бірден ене елестететіні көрсетеді. Шынында да, түрік телесериалдарында болсын, өмірде болсын, «ене мен келін» тақырыбы кеңінен қозғалады, біздің елге де таныс. Кейбір түрік келіндері өздері туралы “gelin – evin hizmetçisi” (келін – үйдің

қызметшісі) деп ащы әзіл айтқан. Тағы бір ортақ ұғым – “gelin kaynana kavgası” (ене мен келін арасындағы ұрыс-керіс) деп біреулер жаза салған. Бұл арқылы, өкінішке қарай, классикалық ене-келін қарама-қайшылығы екі халықта да кездесетініне куә боламыз. Әйтсе де, оң пікірлер де жоқ емес: түрікше «gelin – evin kızı» (келін – үйдің қызы) деп жазғандар бар, бұл қазақ танымындағы «келін – өз қызымыз» деген тілекпен бірдей. Сонымен, «келін/gelin» концептісі жөніндегі ассоциациялар дәстүрлі нормалар әсерімен екі ұлтта да ұқсас бағытта: келін – бөтен отбасына кірген жас әйел, сол үйдің бар шаруасын атқарушы, үлкендерге сый-құрмет көрсетуші, жаңа өмірге бейімделуші жан. Оның идеалы – ибалы, еңбекқор, тәрбиелі, ал кері образы – тіл таппас, үлкенді сыйламас. Заман талабына сай, жас келіндердің еркіндікке ұмтылысы бұл түсініктерді біртіндеп өзгерткенімен, тереңдегі мәдени қабатта келіннің дәстүрлі гендерлік бейнесі сақталып отыр.

«Абысын» (түр. «elti») сөзі – бір-біріне абысын болып келетін, яғни ағайынды жігіттердің әйелдерін білдіреді. Бұл ұғым да қазақ отбасылық қарым-қатынасында маңызды: «Абысын тату болса, ас көп» деген мәтел – соның дәлелі. Экспериментте «абысын» сөзіне келген жауаптар сан алуандығымен ерекшеленді, бірақ екі полюс айқын көрінді: абысындар тату, және абысындар араз. Қазақ респонденттердің бір бөлігі «тату», «шәй деспеу», «сырлас жеңгелер» деп жақсы жағынан сипаттаса, екінші бөлігі «бас араздық», «күндеу», «бәсеке» деп теріс қырынан ассоциациялады. Отбасында бірнеше келін бірге тұрған жағдайда (көбіне ауылдық кең отбасыларда) абысындар арасында үй шаруасын бөлісу, ата-енеге жақын болу, сыйға ие болу, балаларының сыйы секілді ұсақ нәрседен үлкен қарама-қайшылық тууы мүмкін. Бұл шындық тілдік санадан орын алған: мысалы, кейбір қазақ әйелдері «абысын – бәле», «абысынмен араласқым келмейді» деп шорт қайырған. Ал керісінше, «абысын – туысың», «абысынмен араз болма» деп, тіпті өз абысындарын туғанындай көретіндер де аз емес («менің абысыным әпкемдей» деп жазғандар бар). Түйіп айтсақ, қазақ арасындағы абысындар қарым-қатынасы екеуара байланысты реттеуге екі жақтың ниетіне қарай түрліше болатынын көріп отырмыз, ассоциациялар да соған сәйкес екіге жарылған. Дегенмен, ескеретін жайт: жастар арасында «абысын» ұғымы алыстап барады – көпшілік жас келіндер жеке шаңырақ болып тұрады немесе бір үйде екінші келін сирек кездеседі. Сондықтан кейбір жас қатысушылар бұл сөзге «білмеймін» деп жауапсыз қалдырған.

Түрік мәдениетінде де дәл осы құбылыс бар, оларда абысындарды **«elti»** дейді, және «eltiler» ұғымы бірден бәсекелестік, өсекпен байланыстырылады. Түрік респонденттер «elti» сөзіне: «çekişme» (таласу, текетірес), «kıskançlık» (қызғаныш), «dedikodu» (өсек) деп теріс ассоциациялар келтіріпті. Сирек болса да «dost» (дос), «yardımcı» (көмекші) деген оң жауаптар бар, бірақ басым көпшілігі «kaynana yüzünden kavga eden iki gelin» (ене үшін керісетін екі келін) деп сипаттаған. Демек, түрік қоғамында абысындар туралы фемининдік таптаурын – бір-бірін қызғанатын, бәсекеге түсетін әйелдер. Қазақта да дәл осындай таптаурын бар екені жоғарыда айтылды. Сондықтан бұл компонентте

де екі халықтың танымы қабысады. «Абысын/elti» концептісі – жағымсыз бояуы басым жалғыз гендерлік ұғым деуге болады: тілдік сана оны көбіне конфликт, үйлеспеушілікпен байланыстырады. Дегенмен, абысындар тату болса еңбектері өнімді болатыны туралы мақал-мәтелдің мәні басым.

«Бәйбіше» және «тоқал» (түр. баламасы – «baş kadın» және «kuma») – қазақтың дәстүрлі көп әйел алу мәдениетінен қалған атаулар. Бәйбіше – бірінші алған әйел, үйдің үлкен әйелі, ал тоқал – кейін алған жас әйел, екінші (немесе үшінші) жұбай. Бүгінгі күні Қазақстанда ресми түрде көп некелік заңды емес, бірақ бейресми түрде кейбір ауқатты адамдар тоқал алатыны жасырын емес. Түркияда заң бойынша да, қоғамда да полигамия қабылданбайды (тек Османлы тарихында болған). Сондықтан «бәйбіше-тоқал» тақырыбы екі халықта да бірдей өзекті емес: қазақтар үшін біршама жақын ұғым болса, түріктер үшін көбіне өткен заманның немесе көрші шығыс халықтарының белгісі. Ассоциативтік экспериментте бұл айырмашылық анық байқалды.

Қазақ респонденттері «бәйбіше» сөзіне бірнеше негізгі сипаттама берді: «үлкен (жасы үлкен әйел)», «бас әйел», «ақылшы», «құқықтары көп», «отбасын басқарады». Кейбір ер азаматтар әзілдеп «менің бәйбішем...» деп бастап, нақты есімдер жазып жіберген (өз жұбайын айтқаны), бірақ оларды есепке алмағанда, жалпы «бәйбіше» бейнесі оң да, теріс те бояуда көрінеді. Оны – бәйбіше үйдің құты, берекесі, кемеңгер анасы, кейінгі тоқалдарға жөн сілтеуші тәрізді. Терісі – бәйбіше қызғаншақ, тоқалын жақтырмайтын, күйеуіне билігін жүргізетіндей сипатта. Бірен-саран респондент «бәйбіше болғым келеді» деп те жазған, яғни бір еркектің алғашқы әйелі болу мәртебе санауға болады. Ал тоқал болуға ешкім ықылас танытпағаны анық (себебі жауаптарда «тоқал болу қиын» деген ойлар бар, ал «тоқал болсам» деуші жоқ).

«Тоқал» сөзіне қазақтардың реакциясы, болжанғандай, негізінен жағымсыз: ең жиі жазылған ассоциациялар – «екінші әйел», «көнген», «бақытсыз», «араға түскен», «жас қыз». Көптеген қазақ қыздары «тоқал алу – қорлау», «тоқалдық – трагедия» деп үзілді-кесілді қарсы пікірін білдірген. Кейде респонденттер «ата-бабамыз алса да, тоқал алуға қарсымын», «тоқалды тек қатыгез еркек алады» деп эмоциясын жазған. Бұл қазіргі қазақ қауымының басым көпшілігі полигамияны қолдамайтынын, оны ескілік сарқыншағы, әйелдің құқығын таптау деп түсінетінін көрсетеді. Дегенмен, 7-8% шамасындай қатысушы «тоқал» дегенде «еркелікте өмір сүретін әйел», «байлық үшін келісетіндер бар», «үй қызметшісі емес, ерінің көңілдесі» деп, кейбір әйелдердің тоқал болуға саналы түрде баратынын да ескерткен. Шынында да, белгілі дәрежеде бұл әлеуметтік құбылыс көрініс табады: материалдық қамтамасыз етілу үшін тоқал болуға келісетін жас қыздар кездеседі. Бірақ қазақ мәдениеті оларды қолдамайды, теріс қарайды – мұны эксперимент дәлелдеп отыр. Бәйбіше мен тоқалға байланысты бірқатар ерлер «қазақтың дәстүрі», «Алла рұқсат еткен» дегенді алға тартқанымен, көпшілік ойы тоқал алуды құптамайды.

Түрік қатысушылары үшін **«kuma» (тоқал)** сөзі таңсық, олар негізінен тарихи не сыртқы дерекке сүйеніп жауап берді. Ең жиі кездескен түрікше

ассоциациялар: «Harem» (гарем), «eski dönem» (көне заман), «çarpık ilişki» (бұрыс қарым-қатынас), “izin verilemez” (рұқсат етілмейді). Түркиялық әйелдердің көпшілігі «kuma» сөзін аса жағымсыз қабылдайды: кейбірі “zina” (неке адалдығын бұзу) деп теңеген. Түрік ерлері арасында «zor» (қиын жағдай), «olmaz» (болмайды) деп бірді-екілі айтқандар болды, бірақ жалпы түрік қоғамы үшін полигамия мүлдем бөтен, тыйым салынған құбылыс. Ал «бәйбіше» ұғымы оларда жоқтың қасы; баламасы ретінде «baş kadın» немесе «birinci eş» (бірінші әйел) деп түсіндірілгенде, түріктер оны «sultanın eşi» (сұлтанның бірінші ханымы) деген тарихи контексте қабылдады. Сондықтан «бәйбіше» сөзіне түрікше аса мәнді жауаптар болған жоқ, көбіне «тоқал» ұғымымен қабаттастырып жіберген. Мұнда қазақ-түрік арасында елеулі мәдени алшақтық бар: қазақтарда көп әйел алу өткен ғасырлар тәжірибесінде болған және оның тілде іздері қалған, әулет ішіндегі қарым-қатынас жүйесі ретінде таныс нәрсе. Ал Түркияда көп әйел алу шариғатта рұқсат етілгенімен, қоғамда сонау Ататүрік реформаларынан бері заңды түрде жойылған, әрі ілуде бір кездесе де, ашық әңгімеге жатпайды. Сондықтан, «тоқал» концептісінің ассоциациялық өрісі түріктерде негізінен теріс және сырттай пайымдауға негізделсе, қазақтарда ол белгілі дәрежеде өмірден алынған нақты тәжірибе ретінде кейде бейтарап не жақтырмау түрінде көрінеді. Алайда екі мәдениетке де ортақ таным – қазіргі жалпы түсінік бойынша бір еркектің екі әйел алуы әйелдерге ауыр, қоғамға жат және көптеген моральдық мәселеге соқтырады. Бұл пікірді біздің сауалнама тағы растады: қазақ әйелдерінің едәуір бөлігі тоқал алу дәстүрін қатаң сынаса, түрік әйелдері ондай жағдайды мүлде елестете де алмайды, елестетсе – тек тарихи драма, қайғы ретінде елестетеді.

Зерттеу жұмысының үшінші тарауында гендерлік концептосфераны анықтау мақсатында Қазақстан мен Түркияда жүргізілген ассоциативтік эксперименттің әдістемелік және тәжірибелік нәтижелері кешенді түрде қарастырылды. Алдымен экспериментті ұйымдастырудың барлық кезеңдері – мақсат қою, сауалнама құрылымын әзірлеу, респонденттерді іріктеу және зерттеу жағдайларын қамтамасыз ету – егжей-тегжейлі сипатталды. Мұндай тәсіл зерттеудің ғылыми дәлдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, алынған деректердің салыстырмалы талдауына негіз қалады. Эксперимент нәтижелерін өңдеу барысында респонденттердің тілдік санасындағы гендерлік ұғымдар жүйесі мен олардың мәдени-әлеуметтік астарлары анықталды. Осы тарауда келесі негізгі тұжырымдар жасалды:

1. Гендерлік концептосфераны ассоциативтік тұрғыдан зерделеу мақсатында кешенді эксперименттік зерттеу жүргізілді. Экспериментті ұйымдастыру алдында зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты айқындалып, сауалнама сұрақтары мен сөз-стимулдар мазмұны мұқият құрастырылды. Шетелдік әріптестермен ғылыми ынтымақтастық орнатылып, сауалнаманың қазақ және түрік тілдеріндегі балама нұсқалары дайындалды. Респонденттерге алдын ала түсіндіру және нұсқаулық берілуі зерттеудің жүйелі іске асуына және сұрақтарға шынайы жауаптардың алынуына оң ықпал етті. Нәтижесінде ассоциативтік эксперимент белгіленген жоспар бойынша сәтті жүзеге асырылды.

2. Зерттеу аясында ассоциативтік сауалнама Қазақстан мен Түркияда қатар өткізіліп, барлығы 1197 адамның жауаптары жинақталды (724 қазақтілді және 473 түріктілді респондент). Респонденттерді іріктеу барысында олардың ана тілі қазақ немесе түрік болуы басты шарт ретінде ескерілді. Сондай-ақ қатысушылар құрамында гендерлік үйлесім (ерлер мен әйелдердің шамалас үлесі) және жас ерекшеліктерінің алуан түрлі қамтылуы қамтамасыз етілді. Қазақстандық аудитория географиялық тұрғыдан үш өңірдің (Астана, Ақтөбе,

Орал) жоғары оқу орындарын қамтыса, түркиялық респонденттер Анкара қаласындағы университет базасында сұхбатталды. Қатысушылардың ~55–60%-ын 17–21 жастағы жастар, ~25–28%-ын 22–35 жастағы орта буын, ~15–17%-ын 45–50 жастан асқан тәжірибелі аға буын құрады. Мұндай кең демографиялық қамту түрлі әлеуметтік топтар мен буын өкілдерінің гендерлік дүниетанымын салыстыра талдауға мүмкіндік берді.

3. Қазақ және түрік деректерін салыстырмалы талдау нәтижелері екі қоғамның да тілдік санасында қалыптасқан гендерлік концептосфераның ортақ мазмұнды таптаурындары бар екенін көрсетті. Екі ұлттың респонденттері негізгі туыстық-жыныстық ұғымдарға ұқсас ассоциациялар айтып, дәстүрлі гендерлік рөлдер туралы түсініктерінің жақындығын дәлелдеді. Мәселен, ата-әже, әке-ана тәрізді отбасы иерархиясындағы тұлғалар қазақтар мен түріктер үшін де құрмет, ақыл-парасат және қамқорлық сияқты ұғымдармен тығыз байланыста вербалданған. Сондай-ақ «ер/erkek» сөзіне екі тілде де көбінесе күш-қайрат, батылдық, жауапкершілік сынды ассоциациялар берілсе, «әйел/kadın» сөзіне нәзіктік, сұлулық, мейірім тәрізді сипаттамалар жиі таңдалған; яғни, ер адамға тән қасиеттер мен әйел адамға тән қасиеттер туралы дәстүрлі көзқарастар қазақ және түрік жастарының санасында біршама ұқсас екені айқындалды.

4. Сонымен бірге кейбір гендерлік ұғымдардың ассоциациялануында ұлттық-мәдени ерекшеліктер бары байқалды. Белгілі бір туыстық атаулар мен әлеуметтік рөлдерге қазақ және түрік респонденттері әртүрлі реакция білдірді. Мысалы, қазақ қауымында жиі кездесетін «жеңге», «абысын» сияқты туыстық атауларға қатысты жауаптар нақты мәдени бейнемен байланыстырылды (қазақ респонденттері «жеңге» сөзін көбіне «ақылшы әпке», «қамқоршы туыс» ретінде сипаттаса, «абысын» ұғымына қатысты кейде бәсекелестік реңктегі ассоциациялар да кездесті). Ал түркиялық қатысушылар үшін балама «yenge», «elti» атаулары соншалық терең эмоционалдық немесе мәдени жүк артпайтыны аңғарылды. Сол сияқты қазақ тіліндегі көп әйел алу дәстүрінен қалған «бәйбіше» және «тоқал» ұғымдарына респонденттердің реакциясында айтарлықтай айырма болды: қазақ қатысушылар бұл сөздерді анық түсініп, көбіне бірінші және екінші әйелі деп нақтылап жатса, түрік қатысушылары арасында бұл көне ұғымдарға түсінбеушілік танытқандар да кездесті. Бұл нәтижелер екі халықтың тарихи-мәдени тәжірибесіндегі айырмашылықтардың тілдік санада көрініс табу ерекшеліктерін көрсетті.

5. Ассоциативтік эксперимент барысында жиналған деректер респонденттердің гендерлік тақырыпқа зор қызығушылық танытқанын да көрсетті. Сауалнама аяқталған соң көптеген қатысушылар мұндай зерттеудің өздерін ойландырғанын және өзіндік пайымдарын тудырғанын атап өтті. Бірқатар респонденттер ер мен әйел рөлі жөніндегі мұндай сауалнаманың қажеттілігін, қазіргі қоғамда гендерлік қатынастардың өзгеріске ұшырап жатқанын және жастарды гендерлік тәрбиелеуде мұндай білімнің маңызды екенін ерекше атап көрсеткен. Қатысушылар пікірлеріндегі бұл үрдіс зерттеу тақырыбының өзектілігін қоғамның өзі де мойындайтынын және гендерлік

құндылықтарды ғылыми тұрғыдан зерделеудің практикалық маңызы бар екенін дәлелдейді.

6. Жүргізілген ассоциативтік тәжірибе қазақ және түрік лингвомәдени қауымдастықтарындағы гендерлік концептосфераның қазіргі вербалдану ерекшеліктерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде екі халықтың гендерлік дүниетанымындағы ортақ таптаурындық түсініктер де, өзіндік ұлттық ерекшеліктер де ғылыми тұрғыдан сараланып, тілдік санада гендерлік ұғымдардың орнықты бейнелері бар екені айқындалды. Зерттеу нәтижелері түркі халықтарының тілінде көрініс тапқан гендерлік мәдени модельдердің мазмұнын ашып көрсетіп, гендерлік лингвистика мен мәдениеттану салаларында жаңа кешенді тұжырымдар жасауға негіз бола алады.

Осы зерттеу нәтижелері ассоциативтік әдістің түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны сипаттауда тиімді құрал екенін көрсетті. Әдістемелік бірізділік, тілдік сәйкестік және жүйелі талдау арқылы алынған деректер екі ел мәдениетіндегі ортақ мазмұндық өзекті және ұлттық-перифериялық айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік берді. Жиналған материал гендерлік ұғымдардың отбасы құрылымы мен рөлдік қатынастарда тұрақты көрініс табатынын дәлелдеп, оларды білім беру, медиа және лексикографиялық тәжірибеде қолдануға негіз қалайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеу түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны (маскулиндік және фемининдік концептілер жүйесін) антропоэзектілік, лингвоконцептологиялық, лингвокогнитивтік негізде теориялық үлгілеу мен эмпирикалық деректер арқылы кешенді түрде талдап сипаттады. Зерттеудің ғылыми-теориялық іргетасында гендерология, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, түркология, этнолингвистика және лингвомифологиялық ұстанымдар тоғыстырылып, *ғаламның гендерлік тілдік/концептуалдық бейнесі* ұғымы орталық өзекке айналдырылды. Бұл әдіснамалық тәсіл зерттеу нысанын тек тіл ішіндегі құрылыммен шектемей, мәдени-әлеуметтік факторлар, философиялық-танымдық қабаттар мен тілдік емес (экстралингвистикалық) болмысқа тікелей байланыста қарастыруға мүмкіндік берді; нәтижесінде гендерлік деректердің көрінісін түсіндіру (интерпретациялау) құралы ретінде пәнаралық әдістердің өзара интегративтік үйлесімі қалыптастырылды.

Лингвомифологиялық түсіндіру шеңбері ретінде «Тәңір–Ұмай» бинарлық қағидатының алынуы гендерлік категориялаудың мәдени-символдық өзегін ашуға жағдай жасады: аталық/аналық бастаулардың архетиптік мағынасы түркі мәдени-әлеуметтік қауымдастықтарында (лингвомәдениеттерінде) гендерлік рөлдік нормаларды реттейтін жоғары деңгейлі мәдени кодқа ұласады. Бұл шешім гендерлік мәндердің онтологиялық және аксиологиялық қабаттарын қабаттастыра зерделеуге мүмкіндік беріп, тілдік деректер мен мәдени жады арасындағы «көпірді» күшейтті. Осы ұстанымның негізінде зерттеу гендерлік концептілердің тек семантикалық емес, сондай-ақ концептуалдық дүниетаным, бағалау бағдарлары мен әлеуметтік реттелуін де қамтыды.

Зерттеу барысында ұғымдық-терминологиялық жүйе (гендерлік концептосфера; маскулиндік/фемининдік концепт; семантикалық домен; когнитивтік матрица; деңгейлік модель) бірыңғайланды және талдаудың критериалды-өлшемдік құралы ретінде орнықты. Бұл ұғымдық-терминологиялық жүйе салыстырмалы сипаттаманы бірізді жүргізуге, «өзек–шеткі өріс» қатынастары мен домендердің шекараларын дәл белгілеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде супер → гипер → макро → микро гендерлік концептуалдық сатыларынан тұратын деңгейлік лингвомәдени модель жасалып, оның когнитивтік, аксиологиялық, эмоциялық, әлеуметтік құрамды бөліктері жүйелік сипатта ашылды; визуалды үлгілеу арқылы әр деңгейдің қызметі мен өзара байланыстары нақтыланды.

Құрылымдық және семантикалық типология түркі тілдерінің (қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, татар) деректеріне негізделді. Маскулиндік/фемининдік концептілердің бір деңгейлі, көп деңгейлі және сегменттік типтері түркі лингвомәдениетінің шынайы ұйымдасу формаларын көрсетіп, бейнелік, семантикалық және прагматикалық көрсеткіштермен дәлелденді. «Лексема → фразеологизм → паремия» векторында өрістік-когнитивтік құрылым қалыптастырылып, таптаурындық сипат алатын мағыналық домендер

матрицаға жүйеленді; кластерлік үлгілеу гендерлік сананың ішкі ұйымдасуын бейнелеуге көмектесті; мұның барлығы салыстырмалы талдаудың тұрақты өлшемдерін беріп, тілдер арасындағы ортақ негіз бен этностық бірегейліктерді бір жүйеде көрсетуге мүмкіндік берді.

Жүзеге асырылған ғылыми талдау гендерлік маскулиндік–фемининдік категориясын (оппозициялық категориясын) тілдің әртүрлі қабаттарында өзектендіре сипаттады. Лексикалану, метафоралану, ассоциациялану және лексикографиялану деңгейлеріндегі гендерлік оппозициялық қатынастар асимметриялы құрылымды дәлелдеді: *маскулиндік регистрде* «әрекет–тәуекел–қоғамдық бағалау» тізбегі, *фемининдік регистрде* «ішкі тұрақтандыру–береке–моральдық тәртіп» шоғырлары басым болды. Бұл айырмашылықтар паремиологиялық және фразеологиялық кодтарда тұрақты бекітіліп, мәдени-әлеуметтік дискурстағы бағалау тетіктерін айқындады. Маскулиндік–фемининдік гендерлік концептосфера жүйесі пәнаралық тұрғыдан да дәйектеліп, оның әлеуметтік-гендерлік, лингвокогнитивтік және лингвомәдени көрсеткіштері тұтастандырылды.

Зерттеу дереккөздерінің екі арнасы – дәстүрлі тілдік қор (фразеология, мақал-мәтел) және қазіргі мәдени-әлеуметтік дискурс (тіл иелерімен жүргізілген ассоциативтік тәжірибе деректері) – өзара толықтырушы сипатта пайдаланылды. Паремиологиялық материал базалық гендерлік концептосферадағы тұрақты құрылымдар мен құндылық өзегін айқындауға қолайлы болса, қазіргі тіл иелерімен жүргізілген ассоциативтік зерттеу бүгінгі нормалар мен мағыналық-концептуалдық ығысу векторларын нақты көрсетті. Бұл қағидат гендерлік талдауда дәстүрлі дүниетанымның қазіргі лингвомәдени жағдайды толық сипаттай алмайтынын ескертіп дәлелдеді.

Эмпирикалық бөлік ретінде Қазақстан мен Түркияда өткізілген кең ауқымды ассоциативтік эксперимент ($N \approx 1197$) әдістемелік бірізділікпен сипатталды: тәжірибелік зерттеу мақсаты мен міндеттерін белгілеу, респонденттерді іріктеу, тілдік сәйкестік пен демографиялық қамтуды реттеу, сауалнама құрылымын әзірлеу, нәтижелерді талдау, ассоциативтік зерттеу кезеңдері нақты реттелді. Нәтижелер екі елдегі респонденттердің де тілдік санасында гендерлік таптаурындардың мазмұндық жақындығын, сонымен бірге кейбір туыстық атаулар мен әлеуметтік рөлдерге берілетін ассоциациядағы этностық бірегей айырмашылықтарды көрсетті. Бұл деректер жалпытүркілік тұрақты құрылымдардың этностық, ұлттық-мәдени реңктермен бірге көрініс беретінін және диахрониялық ығысу бағыттарын айқындайтынын дәлелдеді.

Жалпы алғанда, зерттеу мақсаты толық жүзеге асырылды: түркі тілдеріндегі гендерлік концептосфераның деңгейлік лингвомәдени моделі қалыптастырылып, аксиологиялық домендер жүйесі анықталып; маскулиндік және фемининдік регистрлердің семантикалық-прагматикалық өзектері тілдік деректер арқылы сарапталды; оппозициялық қатынастардың асимметриялы табиғаты интегративтік тұрғыда негізделді. Теориялық үлес ретінде лингвомифологиялық түсіндіру шеңбері мен ұғымдық-терминологиялық жүйенің орнығуы, өрістік-когнитивтік құрылымның қалыптасуы және тілдер

бойынша типологиялық үлгілерді нақтылау болып табылады. Практикалық тұрғыда ұсынылған модель білім беру модульдеріне, лексикографиялық маркерлеуге, аударма, дискурс пен коммуникация сараптамасына, сондай-ақ цифрлық лингвистикадағы қордың сипаттамасына тікелей енгізуге жарамды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми сенімділігі дереккөздердің көп арналы сипатымен, әдіснамалық синтезбен және зерттеу тәсілдерінің қайталанып тексерілуіне мүмкіндік беретін өлшемдік айқындықпен қамтамасыз етілді. Гендерлік маркерленген/маркерленбеген, ұлттық-мәдени сипатталған семантика қабаттарын бірге қарастыру гендерлік тілдік тұлғаның концептологиялық бейнесін толықтырып, бағалау мен норманы бекітетін прагматикалық кодтарды ашуға мүмкіндік берді. Осындай интегративтік тәсіл гендерлік зерттеулердің болашақ бағыттарын да көрсетеді, атап айтсақ: аймақаралық салыстыруды кеңейту, дискурс түрлерін (медиа, саяси, академиялық) қосу, аксиологиялық домендердің динамикасын уақыттық кесінділерде (диахрония) үлгілеу және цифрлық қорларға домендік/деңгейлік тегтеуді енгізу.

Қорытындылай келгенде, түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфераны сипаттайтын бұл диссертациялық жұмыс зерттеу нысанының күрделі құрылымын ашып, теориялық үлгілеу мен эмпирикалық дәлелдеуді ұштастырды: базалық құндылық өзектерін (ерлік–жауапкершілік–қорған; қорған–пана–береке–мейірім–тәртіп) тілдік жүйеде орнықтырып, заманауи лингвомәдени жағдайдағы өзгеріс бағыттарын анықтады. Осы нәтижелер түркі гендерлік лингвомәдени моделін әрі қарай нақтылауға және практикалық қолданбаларға (оқыту, сөздік жасау, коммуникация сараптамасы) сенімді негіз қалай алатындығын дәлелдеді.

Диссертациялық жұмыстың *болашақ бағдарын* мынадай зерттеу бағыттарынан көреміз:

1. Зерттеу дереккөздері кешенінің интеграциясы негізінде (түркі ғалымдарының ынтымақтастығындағы) *«Түркі гендерлік концептосферасының лингвомәдени антологиясы»* көп арналы базасын жасақтау;

2. Деңгейлік модель мен аксиологиялық домендерінің матрицасы негізінде түркі лингвомәдениеті бойынша гендерлік оқу модульдерін жобалау;

3. Аударма мен медиакоммуникацияда мәдени-концептуалдық лакуналарды қамтуға, символдық кодтар мен гендерлік этикет нормаларын дәл жеткізуге мүмкіндік беретін эталондық анықтамалық-өлшемдік база қалыптастыру;

4. Түркітанушылардың бірлескен жобаларына көп арналы зерттеу корпусы мен визуалды сызбалар (оқу контенті, лексикографиялық өнімдер, іргелі жинақтар) қамтитын платформа ұсыну, алынған нәтижелерді білім беру жүйесіне, лексикографияға және мәдениетаралық сараптама практикасына тікелей трансферлеу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Словарь гендерных терминов / Под ред. А.А. Денисовой / Региональная общественная организация «Восток-Запад: Женские Инновационные Проекты». – М.: Информация XXI век, 2002. – 256 с.
- 2 Шоқым Г.Т. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры: монография. – Алматы: Экономика, 2007. – 312 б.
- 3 Орионова В.В. Философские основания концептуализации гендерной картины мира: автореф. дис. ... канд. философ. наук: 09.00.01. – «Онтология и теория познания по философским наукам». Саратов. гос. ун-т им. Н.Г. Чернышевского. – Тамбов, 2003. – 18 с.
- 4 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 452 с.
- 5 Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка // Избранные труды, - М., 1995. – Т.2.
- 6 Қасымбекова А.Т. Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі: 6D021300 – «Лингвистика». док. PhD. ...дис. – Алматы, 2020. – 140 б.
- 7 Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
- 8 Рябов О.В. Гендерные аспекты межкультурной коммуникации: социальнофилософский анализ // Гендер как интрига познания: гендерные исследования в лингвистике, литературоведении и теории коммуникации. – М., 2002. – С. 37-47.
- 9 Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психоллингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары – Алматы, 2003. – Б. 284-288.
- 10 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімі. – Алматы: Бастау, 2009. – 120 б.
- 11 Лакофф Дж. Когнитивная семантика (из книги «Женщины, огонь и опасные предметы») // Язык и интеллект. – М., 1996. – С. 143-184.
- 12 Tannen D. Gender and Discourse. Oxford University Press, 1996. – 240 p.
- 13 Таннен Дж. Ты просто меня не понимаешь: Женщины и мужчины в диалоге (перевод О.А. Васьковой) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – С. 235-510.
- 14 Камерон Д. Теоретические дискуссии в феминистской лингвистике. Вопросы пола и гендера (перевод О.А. Васьковой) // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры. The Handbook of Language and Gender. – 2005. – С. 539-563.
- 15 Holmes J., Meyerhoff M. The Handbook of Language and Gender. Malden, Oxford: Blackwell, 2003. – 776 p.
- 16 Eckert P. The Good Woman. In Mary Bucholtz ed. Language and woman's place: Text and commentaries. – New York: Oxford University Press, 2004. – Pp. 165-170.

- 17 Eckert P., McConnell-Ginet S. *Language and Gender*. – Cambridge University Press, 2003. – 336 p.
- 18 Bourdieu P. *Masculine Domination*. – Stanford University Press, 2001. – 133 p.
- 19 Butler J. "Performative Acts and Gender Constitution: An Essay in Phenomenology and Feminist Theory". *Theatre Journal*. – 1988. – Vol. 40 (4). – Pp. 519-520.
- 20 Certeau M. de. *The Practice of Everyday life*. – Berkeley: University of California Press, 1984. – 232 p.
- 21 Bucholtz M. "The feminist foundations of language, gender, and sexuality research", in Ehrlich, Susan; Meyerhoff, Miriam; Holmes, Janet (eds.), *The handbook of language, gender, and sexuality* (2nd ed.). – Chichester, West Sussex: Wiley-Blackwell, 2014. – Pp. 23–47.
- 22 Holmes J. *Gendered Talk at Work: Constructing Gender Identity through Workplace Discourse*. – New Jersey: Wiley, 2008. – 264 p.
- 23 Talbot M. *Language and gender: an introduction*. – Cambridge, UK: Polity Press, 1998. – 272 p.
- 24 Hall K., Bucholtz M. *Gender articulated: language and the socially constructed self*. – New York: Routledge, 1995. – 522 p.
- 25 Гриценко Е.С. *Язык. Гендер. Дискурс*. – Нижний Новгород: Издательство ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2005. – 267 с.
- 26 Рябов О.В. *Женщина и женственность в философии серебряного века*. – Иваново: Ивановский гос. ун-т, 1997. – 159 с.
- 27 Кирилина А.В. *Гендер: лингвистические аспекты*. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 189 с.
- 28 Кирилина А.В. *Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах // Гендер и язык*. – М.: Языки славянской культуры. – 2005. – С. 7-33.
- 29 Горошко Е.И. *Интегративная модель свободного ассоциативного эксперимента: монография*. – М.: Харьков: РаКаравелла, 2001. – 320 с.
- 30 Горошко Е.И. *Функциональная асимметрия мозга, язык, пол: Аналитический обзор*. – М.: Харьков: ИД "ИНЖЭК", 2005. – 280 с.
- 31 Гриценко Е.С. *Язык как средство конструирования гендера: дис. ... док. филол. наук: 10.02.19 – «Теория языка»*. – Н-Новгород, 2005. – 405 с.
- 32 Вежицкая А. *Язык. Культура. Познание*. – М.: Русские словари, 1996. – 416 с.
- 33 Телия В.Н. *Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты*. – М.: Школа "Языки русской культуры", 1996. – 288 с.
- 34 Буранкулова Э.Т. *Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар: 6D02500 – «Филология»: док. PhD. ... дис.* – Ақтөбе, 2023. – 185 б.
- 35 Хасанов Б.Х., Аитова Н.Н., Сұлтан Ж.И., Садуақас Н.Ә., Шоқым Г.Т. Профессор Қ. Жұбанов және лингвистикадағы жаңашылдық: ұжымдық монография. – Орал: Гүлім, 2015. – 114 б.

- 36 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері. Монография – Алматы: Бастау, 2009. – 120 б.
- 37 Shokym G.T., Gender linguistics: Educational manual/. - Almaty: TechSmith, 2020. – 160 p.
- 38 Замалетдинов Р.Р. Татарская лингвокультурология: концепты духовного мира человека. - Казань: Бриг, 2012. – 299 с.
- 39 Ишкильдина Л.К. Репрезентация гендера в лексической системе башкирского языка // Статья. Журнал. Oriental Studies, 2020. - №3. – С. 766-788.
- 40 Yildiz N. “Altay Destanlarında “Eş” Olarak “Kadın” Tipolojisi”. Altay Toplulukları Sempozyumu, İstanbul, Turkey, 2017. – Pp. 61-62.
- 41 Yildiz N. Being a “bride” in anecdotes of the turkic world. Türk dünyası fıkralarında “gelin” olmak. Milli Folklor. – 2021. – Vol.17, №130. – Pp. 70-83.
- 42 Yildiz N. "Riyad'ın (Damgalanan) Kızları" In Kadın ve Damga, Ankara: Bilgin Kültür Sanat yayınları. - 2023. – pp. 42-60.
- 43 Райхан Б. Қытай және қазақ тілдерінің гендерлік айырмашылықтарын салғастырмалы зерттеу: монография. – Алматы: Мерей, 2024. –168 б.
- 44 Жумашева К.Б. Тілдегі гендерлік оппозиция: 6D02500 – «Филология»: док. PhD. ... дис. – Ақтөбе, 2023. – 136 б.
- 45 Қосыбаев М.М. Қашқаридың М. «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі әлемнің тілдік бейнесі: 6D021200 – «Түркітану»: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2011. – 120 б.
- 46 Самситова Л.Х. Культурные концепты в башкирской языковой картине мира: автореферат дис. ... док. филол. наук: 10.02.02 – «Языки народов Российской Федерации». Уфа, 2015. – 54 с.
- 47 Әбдімәулен Г.А. «Мәдениет: Тіл: Қоғам» контекстіндегі «Еркек – Әйел» бинарлық жұбы (қазақ және ағылшын тілдері материалдары негізінде): 8D02305 – «Филология»: док. PhD. ... дис. – Астана, 2023. – 158 б.
- 48 Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: 10.02.02. – «Языки народов РФ». филол.ғылым.канд.... дисс. – Алматы, 2008. – 143 б.
- 49 Турдалиева Р.С. Көркем мәтіннің гендерлік сипаттамасы: психолингвистикалық талдау: 10.02.02. – «Языки народов РФ». филол. ғылым. канд. ...дис. – Алматы, 2009. – 123 б.
- 50 Тажикеева А.Ш. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі гендерлік аспект (мақал-мәтелдер материалдары негізінде): 6D02500 – «Филология»: док. PhD. ... дис. – Қарағанды, 2011. – 128 б.
- 51 Хузина Э.С. Репрезентация гендерных стереотипов в татарском языке (на материале паремий и авторских афоризмов) // дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.02. – «Языки народов РФ (татарский язык)». – Казань, 2012. – 192 с.
- 52 Салеева Д.А. Этнические, возрастные и гендерные концепты в русских, английских, татарских паремиях: автореф. дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.20 –«Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание». – М., 2004. – 26 с.

53 Исмаилов Г.М. Лингвокультурологическое исследование гендерного стереотипа в тюркской фразеологии (на материале узбекского, казахского и каракалпакского языков) // Вестник РУДН. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. – 2017. – Т. 14, № 1. – С. 85-92.

54 Шахабиддинова Ш.Х., Мирзаахмедова Ю. Специфические черты отражения гендерных отношений в речи узбеков // Вестник ЧелГУ. – 2016. – №12. – С. 102-105.

55 Мегътэсимова Г.Р. «Хатын-кыз» һәм «ир-ат» компоненты мәкалльәрдә донъя картинасы // Фэнгә багышланган гомер / Тезуче Ф.Р. Сибгаева. – Казан: Казан дәүләт ун-ты нәшр. – 2008. – Б. 117 - 121.

56 Serkebayeva G.I., Boranbaev S.R. Binary Oppositions as a Method of Conceptualization: A Case of Codex Cumanicus. International Journal of Society, Culture & Language, 2023. – 11(3). – Pp. 159-170.
<https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.2003011.3038>

57 Сагынбаева Б. Концепт аял (женщина) в киргизском миропонимании // Мир человека в пространстве языка. Серия «Концептуальный и лингвальные миры». Сборник статей, Вып. 13. – СПб., 2017. – С. 83-88.

58 Aydyralieva G., Ibraimova G., Sagynbayeva B. et al. Gender Factor in Political Discourse (Based on Public Speeches of Kyrgyz and English Politicians). Int J Semiot Law. – 2025. – V.38. – Pp. 2243–2260.

59 Карасик В.И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: Культурные концепты. Волгоград – Архангельск, 1996. – 315 с.

60 Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Е.С. Кубряковой. - М.: Издательство МГУ, 1996. – 245 с.

61 Арутюнова Н.Д. Языки мир человека. - М.: Школа "Языки русской культуры", 1998. – 896 с.

62 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования. - М.: Языки русской культуры, 1997. – 824 с.

63 Добровольский Д.О. Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания. – 1997. – № 6. – С. 37-48.

64 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері: филол. ғылым. док... дисс. Алматы, 2009. – 250 б.

65 Мәдени-философиялық энциклопедия / құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанов. – Алматы, 2017. – 336 б.

66 Мәдениеттану: Оқулық (Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева). – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2003. – 408 б.

67 Фуко М. Воля к истине: по ту сторону знания, власти и сексуальности: Сборник / Сост., - пер. с фр. С. Табачниковой. - М.: Магистериум, 1996. – 448 с.

68 Түркі дүниетанымындағы гендерлік концептілердің лингвомәдени сипаты. “Yangi renessans istiqbolida filologik-pedagogik tadqiqotlarning nazariy va amaliy ahamiyati” тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Жинақ. Ташкент: “INNOVATSIYA-ZIYO”, 2024. – 1391 б.

69 Ильин Е.П. Дифференциальная психофизиология мужчины и женщины. – СПб.: Питер, 2003. – 544 с.

- 70 Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М.: Аспект-Пресс, 1996. – 205 с.
- 71 Леви-Стросс К. Мифологики: Сырое и приготовленное. – М.: ИД «Флюид», 2006. – 399 с.
- 72 Мифы народов мира. – М.: Советская энциклопедия, 1980. –Т.1. – 672 с.
- 73 Сохацкая О.Л. Индоевропейские и праславянские реликты в древнерусской оппозиции "мужское-женское": дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 – «Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание». – Алматы, 2002. – 119 с.
- 74 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк Пресс, 2004. – 418 б.
- 75 Юнг К.Г. Структура психики и архетипы / [пер. с нем.: Т. А. Ребеко]. — [3-е изд.]. – М.: Академический Проект, 2013. – 326 с.
- 76 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1984. –168 б.
- 77 Шеллинг Ф.Б. Философия мифологии. Пер. с нем. В.М. Линейкина; под ред. Т.Г. Сидаша, С.Д. Сапожниковой. СПб: Изд-во С.-Петербург. ун-та. – Т.1. – 480 с.
- 78 Питина С.А. Концепты мифологического мышления как составляющая концептосферы национальной картины мира: автореф.дис. ...док. филол.наук: 10.02.19 – «Теория языка». Башкир. гос. ун-т. – Уфа, 2002. – 40 с.
- 79 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 479 б.
- 80 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – МЛ: Издво Акад. наук СССР, 1951. – 452 с.
- 81 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 450 б.
- 82 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан), 2-басылуы. – Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
- 83 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.
- 84 Ескеева М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011. – 320 б.
- 85 Адаева Г.А. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі: тарихи философиялық талдау. Филос. ғыл. канд. ... дис.: 09.00.01. – «Онтология и теория познания». – Алматы, 2007. – 128 б.
- 86 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. 3-е изд., репринтное. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2000. – 407 с.
- 87 Тектіғұл Ж.О., Садирова К.К. Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті: Монография. - Ақтөбе: Литера-А, 2022. – 211 б.
- 88 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984. – 372 б.
- 89 Құнанбаев А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер / Құраст.: Г.Бельгер. Алматы «Мектеп», 2007. – 248 б. («Жетінші сөз» сериясы).

- 90 Қашқари М. Түрік сөздігі. / Аударған А. Егеубай. - Алматы: Арда+7, 2017. – Т.2. – 528 б.
- 91 Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. - Алма-Ата: Каз. сов. энциклоп., 1985. – Т. 4. – 460 с.
- 92 Мифологический словарь (А. Аншба и др.). – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 672 с.
- 93 Бутанов В.Я. Культ богини Умай у хакассов // Этнография народов Сибири. – Новосибирск, 1984. – С. 93-95.
- 94 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 450 б.
- 95 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
- 96 Добровольская Е. В. О типах концептов в когнитивных и лингвокультурологических исследованиях // Вестник Российского нового университета. Серия: Человек в современном мире. – 2020. – №1. – С. 69–75.
- 97 Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки, 2001. – № 1. – С. 64–72.
- 98 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы современной лингвистики. – Воронеж: ВГУ, 2001. – С. 75-80.
- 99 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Антология концептов. – Волгоград: Парадигма, 2005. – 352 с.
- 100 Карасик В.И. Лингвокультурные концепты: подходы к изучению // Социолингвистика вчера и сегодня: сборник научных трудов. – 2008. – С. 131-159.
- 101 Карасик В.И. Языковая спираль: ценности, знаки, мотивы. – М.: Гнозис, 2019. – 422 с.
- 102 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 103 Маслова В.А. Роль концептуальной картины мира в формировании языковой и поэтической картин мира // Проблемы контроптуализации действительности и моделирования языковой картины мира: Сборник научных трудов. – 2021 – Т.9. – С. 259–266. БИБКОМ. В книге Т.В. Семашко (ред.).
- 104 Маслова В.А. Концептуальные основы современной лингвистики. – М.: Флинта, 2019. – 332 с.
- 105 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: Истоки, 2003. – 191 с.
- 106 Попова З.Д. Когнитивная лингвистика: монография. – М.: АСТ, Восток-Запад, 2007. – 320 с.
- 107 Пименова М.В. Метод описания концептуальных структур (на примере концепта надежда) // Учёные зап. ЗабГГПУ. Сер.: Филология, история, востоковедение. – 2011. – № 2. – С. 85-93.
- 108 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998. –

304 б.

109 Ахметжанова З.Қ. Очерки по национальной концептологии. Алматы: Елтаным, 2012. – 146 с.

110 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени аталардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.

111 Сулейменова Э.Д. Макросоциоллингвистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.

112 Жанпеисова Н.М. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. - Алматы: Альманахъ, 2022. – 218 с.

113 Тымболова А.О., Ибраимова Л.Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы: Қыздар университеті, 2017. – 192 б.

114 K.Kuderinova, R.Shakhanova, G.Rizakhoyeva, Zh.Zhylytyrova. Lexical aspect in language and culture communication // XLinguae. – 2023. – Vol. 16, № 1. – P. 216 – 223. ISSN 1337-8384

115 Бақытжанова А.К., Қ. Жұбанов және аударманың лексико-семантикалық проблемалары / Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе университеті, 1998. – Б. 143-147.

116 Куштаева М.Т. Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны («тары» концептісі бойынша). Монография. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020 – 216 б.

117 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 122 б.

118 Құрманбайұлы Ш., Адилов М.Е. «Тәте» және өзге де туыстық атаулардың семантикасы // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №3. – 85-102 б.

119 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М.: Academia, 1997. – С. 276-379.

120 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: от теории словесности к структуре текста: антология / под. ред. В. П. Нерозняка. – М., 1997. – С. 280–287.

121 Степанов Ю.С. Понятие // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1990. – С. 383-385.

122 Зыкова С.А. Специфика реализации концепта «мужественность» в языковой картине мира (на материале русского и испанского языков): автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.20 - Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание. – Тюмень, 2009. – 22 с.

123 Никитин М.В. Развёрнутые тезисы о концептах // Вопросы когнитивной лингвистики, 2004. – № 1 (001). – С. 53-64.

124 Минец Д.В. Гендерная концептосфера женского мемуарно-автобиографического дискурса: дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.01. – «Русский язык». – Череповец, 2012. – 177 с.

125 Пашенко М.А. К вопросу о структуре и классификации лингвокультурных концептов // Гуманитарный вектор. Серия: Филология, востоковедение. – 2015. – №4 (44). – С. 91-97.

126 Кубрякова Е.С. О когнитивной лингвистике и семантике термина «когнитивный» // Вестник Воронежского государственного университета. Серия Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2016. – № 1. – С. 3-9.

127 Холод Ю.С. Концепт и концептуализация в зарубежной лингвистической парадигме // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2018. – № 6 (84). – Ч. 1. – С. 173-176.

128 Арапова Г.У. Концепт, понятие и значение слова // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 1-4. – С. 591-593.

129 Таджибова З.Т. К вопросу о понятии «Концепт» в современной лингвистике // Филологический аспект: международный научно-практический журнал. – 2023. – №02 (94). Режим доступа: <https://scipress.ru/philology/articles/k-voprosu-o-ponyatii-kontsept-v-sovremennoj-lingvistike.html>

130 Terniievska Y. The role of conceptualization in human cognitive activity. Cognitive Studies Études cognitives. – 2023. – №23.

131 Terniievska Y. The interaction of linguistic and conceptual pictures of the world. Scientific Journal of Polonia University, 2022. – 51(2). – Pp.176-186.

132 Plotnikova N.V. Holy ritual bypass “Pocivannya” as a front concept of the microconsep-tosphere “Sviatki”. Наукові записки Національного університету «Острозька академія»: серія «Філологія». Острог: Вид-во НаУОА, Вип., 2020. – № 9 (77). – С. 208–211.

133 Королева А.А. За пределами городской цивилизации. Концепт: философия, религия, культура. 2023. – №7(4). – С. 175-178.

134 Mammadzada S. Verbal and Non-Verbal Communication in Linguistics. // International Journal of Innovative Technologies in Social Science. – 2023. – № 2 (38).

135 Адаева Е., Султанова А. Көркем мәтіндегі концептілік өріс (Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романы негізінде). Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №1. – 2022. – Б. 49-60.

136 Fomin A.G., Karacheva N.S. Modern forms of a prophecy: From written word to audiovisual Internet product // Russian Journal of Linguistics. – 2024. – Vol. 28 (2). – pp. 321-337.

137 Kretova L.N., Chernobrov A.A. Representations of the concept sphere "happiness" in O. Wilde's fairy tale "The Happy Prince". Philology: scientific researches. – 2023. – № 12. – Pp. 1-19.

138 Некрасов Н. Мороз, красный нос. Поэзия, Литература 19 века. Россия: Public domain. 1863. – 44 с.

139 Максимова Л.А., Валиев Р.А., Руженцева Н.Б., Валиева Т.В. Региональная идентичность в юношеском возрасте как маркер личностной связи с территорией проживания. Психологическая наука и образование, 2019.

– № 24 (2). – С. 82–92.

140 Белявская Е.Г. Когнитивная лингвистика: параметры парадигмы // Язык, сознание, коммуникация. – 2017. – Вып. 57. – С. 13-23.

141 Болдырев Н.Н., Алпатов В.В. Когнитивно-матричный анализ английских христианских топонимов. // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2008. – № 4. – С. 5-14.

142 Болдырев Н.Н. Концептуальное пространство когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2004. – № 1. – С. 18-36.

143 Токарев Г. В. Концепт как объект лингвокультурологии (на материале репрезентаций концепта «Труд» в русском языке): монография. – Волгоград: Перемена, 2003. – 232 с.

144 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

145 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Жалпы ред. басқарған А.Ысқақов, Н. Уәли. – Алматы, 2011. – 750 б.

146 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі / Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 б.

147 Sozdikqor.kz порталы. https://sozdikqor.kz/all_word

148 Termincom.kz базасы. <https://termincom.kz/termins>

149 Большой русско-турецкий словарь / Сост. Богочанская Н.Н., Торгашова А.С. – М.: Дом славянской книги, 2009. – 608 с.

150 Рыбальченко Т.Е. Турецко-русский словарь. – М.: Просвещение, 2009. – 353 с.

151 Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Кн. 1. А-К. / Сост. К.К.Юдахин. – Ф: Главная редакция Киргизской Советской энциклопедии, 1985. – 504 с.

152 Киргизско-русский словарь. В двух книгах Кн. 2. Л-Я. / Сост. К.К. Юдахин. – Ф: Главная редакция Киргизской Советской энциклопедии, 1985. – 480 с.

153 Узбекча-Русча ва Русча-Узбекча Луғат / Сост. М.М. Абдурахимов. – Ташкент: Фан, 2008. – 648 с.

154 Акобиров С.Ф., Магруфов З.М., Маматов Н.М. и др. Русско-узбекский словарь. – Ташкент: Главная редакция Узбекской Советской Энциклопедии, 1983. Т.1. – 807 с.

155 Акобиров С.Ф., Магруфов З.М., Маматов Н.М. и др. Русско-узбекский словарь. – Ташкент: Главная редакция Узбекской Советской Энциклопедии, 1983. – Т.2. - 798 с.

156 Русско-татарский словарь: С предисл. о произношении и этимологических изменениях татарских слов / [Соч.] А. Воскресенского. – Казань: Типо-лит. Университета, 1894. – 491 с.

157 Татарско-русский словарь, 56000 слов, 7400 фразеологических выражений © Институт языка, литературы и искусства им. Г. Ибрагимова, 2007

- 158 Қашқари М. Түрік сөздігі. / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – Т.1. – 592 б.
- 159 Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі: он мыңнан аса фраза қамтылды [жауапты ред.: А. Ысқақов, Қ. Өмірәлиев]; ҚазССР Ғылым акад.; Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
- 160 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі / құраст. Ә. Нұрмағанбетов, С. Омарбеков. – Алматы: Ғылым, 1996. – 200 б.
- 161 Süer A. Rusça-Türkçe Deyimler Sözlüğü. Русско-турецкий фразеологический словарь. Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, 1999. – 324 с.
- 162 Ермакова Л., Üçgül S. (сост.) Краткий русско-турецкий фразеологический словарь. Kısa Rusça-Türkçe Deyimler Sözlüğü. Редактор переводов: Natali M. Şvets. İstanbul: Sahaf Kitabevi, 1998. – 167 с.
- 163 Мусаева В.И. Фразеологиялық сөздүк. Окуу-илимий басылма. Бишкек: Кыргыз энциклопедиясы, 2016. – 112 б.
- 164 Жапаров Ш., Конкобаев К., Осмонова Ж. Кыргыз тилинин фразеологиялық сөздүгү. Бишкек: Имак Офсет, 2015. – 800 б.
- 165 Азизова Ф.С. Инглизча-ўзбекча-русча фразеологизмлар-нинг қисқача луғати. Т.: «Fan va texnologiya», 2010. – 160 б.
- 166 Садыкова М. Краткий русско-узбекский словарь устойчивых выражений. Қисқача русча-ўзбекча барқарор иборалар луғати. Ташкент: Уқитувчи, 1994. – 96 с.
- 167 Байрамова Л.К. Учебный тематический русско-татарский фразеологический словарь. Казань: Татарское кн. изд-во, 1991. – 158 с.
- 168 Сафиуллина Ф.С. Татарча-русча фразеологик сүзлек. Казан: Мәғариф, 2001. – 335 с.
- 169 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: «Фолиант», 2010. – Т. 66. – 408 б.
- 170 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
- 171 Qazcorpus.kz қазақ тілінің ұлттық корпусы. Ақмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. <https://qazcorpus.kz/>
- 172 Maqal.kz қазақша мақал-мәтелдер жинағы. <https://maqal.kz/>
- 173 Aksoy Ö.A. Atasözleri Sözlüğü, «Турецко-русский словарь» под ред. Т.Е. Рыбальченко. 1988. – 324 с.
- 174 Eksi sozluk порталы. <https://eksisozluk.com/>
- 175 Atasözleri ve Deyimler. Açıklamalı Türkçe Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü порталы. <https://atasozlerivedeyimler.com.tr>
- 176 Әлем халықтарының мақал-мәтелдері. Пословицы и поговорки народов мира / ауд. каз. М. Әлімбаев. – Алматы: Arna-b, 2008. – 328 б.
- 177 Пословицы и поговорки кыргызского народа: из собрания академика К.К. Юдахина / сост. Д. Давлетбакова; вступ. ст. Ахматова Т.К., Рудова М.А. – Бишкек: Илим, 1997. – 232 с.
- 178 Киргизские пословицы, поговорки и изречения / сост. и пер. Шамбаев С. – Фрунзе: Мектеп, 1979. – 340 с.

- 179 Койчуманов, Ж.Ы. Макал-лакаптар, нуска сөздөр, накыл кептер, залкар ойлор / Койчуманов Ж.Ы., Кадыров Ы.; ред. Кадыров Э. – Бишкек: Бийиктик плюс, 2012. – 540 б.
- 180 Абдурахимов М. Узбекско-русский словарь афоризмов. Под ред. доктора филологических наук профессора Иванова С.Н. – Ташкент: Укитувчи, 1976. – 215 с.
- 181 Тень большого дерева. Узбекские пословицы и поговорки. В переводе Мадалиева С. Ташкент: "Юлдузча", 1990. – 37 с.
- 182 Галиуллин К.Р. Язык татарского фольклора: пословицы, крылатые выражения, присловья и поговорки: словарь. – Казан: ТӘһСИ, 2018. – 588 б.
- 183 Татарские народные пословицы и поговорки. Ред. Ялалова Ч.И. Татарское книжное издательство, 2020. – 303 с.
- 184 Татарские пословицы, поговорки, выражения. Ред. Таналин Ш.Л. Издательство: Типография Циркон, 2011. – 400 с.
- 185 Бакытжанова А.К., Шокым Г.Т., Буранкулова Э.Т., Муратбек Б.К., Есбергенова Г.И., Кушкарлова Г.К. Особенности фразеологического моделирования гендерных стереотипов в тюркских языках // *Oriental Studies*. 2023. – Т. 16, № 5. – С. 1367–1381. <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-69-5-1367-1381>
- 186 Langacker R. *Cognitive Grammar. A Basic Introduction*. Oxford University Press, 2008. – 562 p.
- 187 Croft W., Cruse D. A. *Cognitive Linguistics*. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 356 p.
- 188 Арнольд И.В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2010. – 448 с.
- 189 Куликов В.Г. Когнитивно-матричный анализ диалектных единиц. Принципы и методы когнитивных исследований языка. – Тамбов: 2008. – 308 с.
- 190 Bakytzhanova A., Yesbergenova G., Muratbek B. Intellectual Representation of Gender Concept ‘Ayel’ In Turkic Paremiological Picture of The World // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 155–166. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.200>
- 191 Shokym G.T., Yesbergenova G.I., Bakytzhanova A.K., Kismetova G.N., Tukeshova N.M., Gabdesheva A.Y. Linguo-Cultural Image of a Woman in the Turkic Gender Conceptosphere. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, – 2023. – № 9 (2). – Pp. 237-245. // <https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/578/176>
- 192 Kuzembayeva G., Zhumakhanova A., Kulinich M., Sinyachkin V., Maydangalieva Z. Nobility in the linguistic consciousness of Russians and Kazakhs // *XLinguae*. – 2019. – № 12 (4). – Pp. 30-40.
- 193 Soares A.P., Comesaña M., Pinheiro A.P., Simões A., Frade C.S. The adaptation of the Affective Norms for English Words (ANEW) for European Portuguese // *Behavior Research Methods*. – 2012. – № 44 (1). – Pp. 256–69.
- 194 Söderholm C., Häyry E., Laine M., Karrasch M. Valence and Arousal Ratings for 420 Finnish Nouns by Age and Gender // *PLoS ONE*. – 2013. – № 8 (8).

195 Тарасов Е.Ф. Предисловие. Базовые ценности носителей русской культуры / Вашунина И.В., Дронов В.В., Ильина В.А. и др.; под ред. Тарасова Е.Ф. – М.: РУДН, 2020. – 479 с.

196 Джамбаева Ж.А. Ассоциативный эксперимент: методологические основы // Вестник ЕНУ. – 2013. - № 1 (92). – С. 17–22.

197 Шорманбаева Д.Г. Адаптация личности в условиях социокультурной трансформации общества: дис. ...док.философ. (PhD): 6D020100 – «Философия». – Алматы, 2014. – 149 с.

198 Дмитриук Н.В., Молдалиева Д.А., Нарожная В.Д., Молданова Ж.И., Мезенцева Е.С., Сандыбаева Н.А., Абрамова Г.И. Қазақша ассоциациялық сөздік. Казахский ассоциативный словарь. – Алматы, М.: Медиа-ЛогоС, 2014. – 330 б.

199 Абрамов В.П. Теория ассоциативного поля. Сайт филологического факультета им. Ломоносова [Электронный ресурс]. – 2008. Режим доступа: http://www.philol.msu.ru/~rlc2001/abstract/files/lex_fraz.doc

200 Борисова Ю.А. Ассоциативный эксперимент в современных психолингвистических исследованиях // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. – 2019. – Т. 8, №1А. – С. 265-273.

201 Бурнаева К.А. Ассоциативное поле как способ моделирования фрагмента языкового сознания // Lingua mobilis. – 2011. – № 6 (32). – С. 51-58.

202 Коногорова А.В. Ассоциативный эксперимент как метод когнитивного исследования. Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук – 2010. – № 6. С. 146-148.

203 Мұхамеджанова Г.Т. Лингводидактикадағы ассоциативті эксперимент тәсілі // ҚазҰУ. Филология сериясы. – 2022. – №4 (188). – Б. 90-101.

204 Ахметова М.К., Еспекова Л.Ә. Тілдік санадағы сакралды лексика көріністері // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3 (148). – Б. 44-59.

205 Pollio H. The Structural Basis of Word Association Behaviour. Paris: Mouton & Co, 1966. – 243 p.